



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА

ХАБАРШЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 1 (53) - 2014

ВЕСТНИК

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск



Выпуск 1 (53) шығарылым

қантар — ақпан - наурыз/январь — февраль - март

ПЕДАГОГИКА, ФИЛОЛОГИЯ, ТАРИХ
ПЕДАГОГИКА, ФИЛОЛОГИЯ, ИСТОРИЯ



Бас редактор — Главный редактор:

А.С. ИМАНҒАЛИЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик/
доктор педагогических наук, профессор, академик

Бас редакторының орынбасары — Заместитель главного редактора

Ә.Қ. МҰҚТАР

т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры
д.и.н., профессор, проректор по НР и МС ЗКГУ им. М.Утемисова

Редакция алқасы — Редакционная коллегия:

Т. Вюнш —	философия докторы (PhD), профессор, Пассау университеті (Германия, Пассау қ.)	докторы философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, бірінші проректор	д.и.н., доцент, первый проректор ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Ұ.Т. Ахметова -	тарих ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
А.С. Қыдыршаев —	педаг.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.педаг.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Ж.И.Сардарова -	педагогика ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.педаг.н., ЗКГУ им. М.Утемисова
А.В. Скали —	педаг.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.педаг.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	филол.ғ.д., профессор, Йоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.филол.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	филол.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.филол.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
М.К. Бисемалиева -	филол.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.филол.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.К. Хасанов -	филол.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.филол.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	филол.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.филол.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.
Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012 ж. есепке алу туралы №13214-Ж куәлігі берілген.
Жинақ филология, педагогика, тарих ғылымдары бойынша ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми баспалар тізбесіне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.
Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999 г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №13214-Ж от 10.12.2012 г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации РК.
Журнал включен в Перечень изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов научной деятельности по филологическим, педагогическим и историческим наукам.

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2014.
ТІРКЕУ НӘМІРІ 1432-Ж



ПЕДАГОГИКА ПЕДАГОГИКА PEDAGOGICS

УДК 376.5-053.6

Сардарова Ж.И. - п.г.д., доцент
Курмангазиева Г.Е. – магистрант
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: sardar.Zh@mail.ru.

ТӘРБИЕСІ ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аннотация. Мақалада “қиын балалар” мәселесінің негізгі терминдеріне, түрлері мен себептеріне нақты талдау жасау негізінде олардың адамгершілік-құқықтық тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі бағыттарын анықтаған.

Тірек сөздер: қиын балалар, девиация, адамгершілік-құқықтық тәрбие.

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінің өзекті мәселесінің бірі-отбасының адамгершілік тәрбиесі. Соңғы жылдары отбастарында ажырасу сияқты келеңсіз жайттардың орын алуы, бала тәрбиесіне немқұралы қарау, тастанды балалар деп аталатын топтың пайда болуы және отбасында бала санының азаюы, жалғыз басты аналардың көбеюі, толық отбасының барған сайын азаюы, экономикалық тұрмыс-тіршілік күнелтудің қиындығы, отбасын асыраушылық табыстың азаюы барған сайын белең алуда. Мұның өзі ең алдымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген адамгершілік қарым-қатынастарының құлдырауы өз тарапынан балаға деген аналық-аталық мейірімділік көзқарастың және отбасының тәрбиелік мүмкіндігінің төмендеуіне ықпалын тигізуде. Сонымен қатар, қоғамда орын алып отырған экономикалық дағдарыс, рухани адамгершілік құндылықтардың жойылуы, отбасының әлеуметтік, материалдық жағдайының құлдырауы, отбасының өмірлік дүниетанымының өзгеруіне, ал отбасындағы жасөспірімнің өмірлік бағдарындағы өзінің мақсат-мүдделеріне деген сенімсіздіктің туындауына және адамдық қасиет-сапаларды бағаламаудың, өздерінің өміріне немқеттілікпен қарауы, адамгершілік тұрғыдан азғындыққа ұшырауы орын алуда.

Ғалым-зерттеуші Г.А.Уманов “қиын” балалар проблемасын зерттегенде, оның себептерінің бірі-әке-шешесінің маскүнемдігі, әкесіз, бақылаусыздық, орынсыз қаталдық, ұрып-соғу екендігін анықтаған [1].

Зерттеуші ғалым Ж.А.Қайырова: «Қиын бала» атанып, отбасында да, мектепте де қиындық тудырып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Әйтсе де, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуіне көптеген факторлар қажет. Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сыртқы әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына әсерін тигізеді [2, 3].

Құқықтық тәрбнені педагог ғалымдар «құқықтық сана қалыптастырудан бастау керек», - деп белгілейді. «Оның құрамды бөлігі заңды, сол мемлекеттің мәдениетін, ондағы демократиялық бастамаларға



құрмет және жауапкершілік пен белсенділік»-деп біледі. Ал заңның тәрбиелік қызметі жастардың құқық талаптарын және адамгершілік нормаларын саналы және белсенді орындауға баулу. Дәл осы жерде педагогика мен құқықтану ұштасады, айталық педагогика адамгершілік нормаларын орындауға үйретуден құқықтық мәдениетке қарай біртіндеп өтеді, одан соң заңтанудан құқық талаптарын орындауға, одан адамгершілік тәрбиеге қарай бағытталады. Бұл «екеуі де адамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталады», - дейді белгілі ғалым Б.Лихачев [4].

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі, жастардың нашакорлығы, адамзаттың басынан төніп тұрған әр түрлі дерттің қанат жаюы, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Баланың негізгі тәрбиешісі-өзінің туып өскен ортасы, ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе қате жолға түсуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы- жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын.

Қиын балаларды әлеуметтендіруге байланысты Отандық ғалымдардың еңбектері аса құнды. Соның ішінде мектеп оқушыларын қазақтың халық педагогикасы арқылы этикалық-адамгершілік тұрғыдан әлеуметтендіру мәселелері педагог-ғалымдар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ж.Наурызбай, Қ.Бөлесев, Қ.Қожахметова, Ж.Намазбаева, Ә.Қамақ, Н.Көшеров т.б. еңбектерінде ерекшеленген. Біздің проблемамыз тұрғысынан О.Нұсқабаевтың, Г.Аңламасованың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің мазмұны аса құнды.

Енді “қиын балалар” мәселесінің негізгі терминдеріне, түрлері мен себептеріне тоқталсақ.

Қиын балалар-тұлғалық дамуында көрінеу ауытқулары бар екенін көрсететін балалар санаты. Әдетте бұларды бұл санатқа қосқанда олардың оқу-тәрбие процесінің дұрыс өтуіне кедергі болатын даралық-психологиялық ерекшеліктерінің сыртқы көріністері негізге алынады. Баланың мінез-құлқындағы кінәраттардың себептері алуан түрлі болады, оның «қиын» деп бағалануы көбінесе психофизиологиялық сипаттамасын көрсетпейді, ол туралы ата-аналар мен педагогтардың пікірін білдіреді.

Қазіргі әдебиетте «қиын балалар» деп, әдетте, мінез-құлықтары жалпы қабылданған нормалардан көп ауытқитын және дұрыс тәрбиелеуге кедергі жасайтын балалар аталады. Сондықтан оларға қатысты, «тәрбиеленуі қиын балалар» деген термин синонимі қолданылады, осы арқылы олардың педагогикалық кағидалар бойынша тәрбиеленуге мүлдем бейімсіздігі және дәстүрлі педагогикалық ықпалдарды әсте қабылдамайтыны білдіріледі.

Тәрбие процесінде қиындық келтіретін негізгі себептердің бірі психикалық аурулар болуы мүмкін. Мысалы, психопатияға не жастайынан бала аутизміне душар болған баланы тәрбиелеу қиын болады. Алайда бұған қарап оны қиын балалар санатына жатқызу жөн бола қоймайды, өйткені мұндай ауытқушылықтармен көбіне медицина шұғылдануы тиіс. Егер балада жүйке-психикалық ауытқу бар деп, күмән келтіретіндей мінез-құлық болса, онда психоневрологтың, невропатологтың, балалар психиатрының консультациясы қажет, олар білікті диагноз қойып, тиісінше емдеу белгілейді.



Кейбір ауытқулар психикалық ауруларға жатпайтын туа не біткен психофизиологиялық ауытқулардан болады. Мұндай ауытқулардан зардап шегуші балалар олардың психофизиологиялық дамуының ерекшеліктері ескеріліп, жетелей тәрбиелік көзқарас тұрғысынан қарауды керек етеді. Педагогикалық ықпалдың жекелей бейімдендірілген шаралары емдік-коррекциялық шамалармен ұштастыра жүргізілетін болса, мұндай мінез-құлық ауытқушылықтары көбіне түзеуге келеді.

Қиын балаларды медициналық тексеруден өткізген жағдайлардың көпшілігінде олардың психикалық дамуының қалыпты деңгейде екендігі анықталады. Сондықтан олардың мінез-құлқындағы ауытқулардың сыртқы-элеуметтік және педагогикалық факторлардан болатыны анық. Мұндай уақытша ауытқулардың ең көп кездесетін себептернің бірі баланың дамуының жастық ерекшеліктерінің ата-аналармен педагогтар тарапынан жете ескерілмеуі болады. Отандық бала психологиясында баланың жекелей дамуында тұрақты және сыни жастар деп аталатын жастардың кезек келуі, соңғысында оның дамудың сапалық жаңа кезеңіне өту болатыны анықталған. Бұл орайда баланың өскелең қажетсінулері мен қабілеттері әр кезде бірдей әділетті бағамдала бермейді, сөйтіп педагогикалық ықпалдың бұрыннан бар, бірақ енді барабар болмай қалған шаралары қолданыла береді.

Баланың мінез-құлқында және оның тұлғалық қалыптасуында мектептегі үлгерімі үлкен рөл атқарады. Оқуда әртүрлі себептерден қатарынан артта қалу мектеп оқушысында сабаққа жеккөрушілікпен қарау және өзін сабақтан басқа дай ретте көрсету пиғылына негіз болуы мүмкін. Балаларды қиын балалар қатарына қосуға апарып соғатын әр алуан мінез-құлық ауытқулары не жүйке-психикалық ауытқулардың салдарынан, не тұлғалық дамудың қолайсыз жағдайлары мен факторларының салдарынан болады. Әрбір жеке жағдайда педагогтан ауытқулардың себептерін талдап, бағамдау және бұл себептерді жою жөнінде мұқият жұмыс жүргізу талап етіледі.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуі [5], қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» термині өте жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады да, қай терминді алсақ та, қиын бала мәселесі туралы ұғым екенін білеміз.

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық - элеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқарлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;



- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары,- деп көрсетсе, үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады.

Оларды жекеше қарастыратын болсақ:

1) биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

- психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

- физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады;

2) психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек.

Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционалық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады [6]. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.



3) әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;

- мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

- әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;

- криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды.

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

- дисгармонды стиль - бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;

- тұрақсыз, конфликті стиль – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;

- асоциалды стиль - ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, моральді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттығездік, зорлаушылық жатады.

4) әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б

5) моральді-этикалық факторлар. Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы.

Сөйтіп, біздің зерттеу проблемамыз бойынша келесі шарттар негізіндегі бағыттарға сүйену қажеттігі туынайды:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;

- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;

- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;

- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;

- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;



• девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру және бүгінгі күн талабына сәйкесті озық тренингтерді кеңінен қолдану.

Әдебиеттер:

1. Уманов Г.У. Бала бақыты. - Алматы, 1979. – 280 б
2. Қайырова Ж.А. Мінез-құлық ауытқушылығының себептері // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2005. - № 6. – 46-52 бб
3. Дайрабаева Г.М. Жалпы білім беретін мектептегі жеткіншектердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. дис. автореф: - Шымкент, 2006. – 26 б
4. Керімов Л.К. Қиын жасөспірімдерді жеке-дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы. - Алматы, 2003, - 123 б
5. Поливанова К.Н. Психологическое содержание подросткового возраста // Вопросы психологии. - 1996. - № 1.
6. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии // - М.,: АПН РСФСР, 1950.- Т.8. - 776 с

Сардарова Ж.И., Курмангазиева Г.Е.

Основные направления организации нравственно-правового воспитания с трудными подростками

В статье на основе теоретического анализа конкретизируется термин “трудные дети” и определены основные направления организации нравственно-правового воспитания с трудными подростками.

Ключевые слова: трудные подростки, девиация, нравственно-правовое воспитание.

Zh.I. Sardarova, G. Kurmangazieva

The basic directions of the organization of the moral-legal education with difficult teenagers

In article on the basis of the theoretical analysis the term "difficult children" is concretized and the basic directions of the organization of the moral-legal education with difficult teenagers are defined

Key words: difficult teenagers, the deviation, the moral-legal education

УДК 37.026

Сардарова Ж.И. - п.ғ.д., доцент;
Тленбергеннова Г.Е. – магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
*E-mail:*sardar.Zh@mail.ru.
*E-mail:*gauhar-1990@mail.ru.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Аннотация. Мақалада бастауыш мектептің оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тиімділігі талданып, бастауыш сынып оқушылары үшін орасан зор дидактикалық мүмкіндіктері ашылған.



Тірек сөздер: бастауыш мектеп, оқыту үдерісі, білім беру жүйесін ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технология, ақпараттық-коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктері.

Еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – білім беруді ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын зияткерлік әлеуетін дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде ... қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» – деп, ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамыту және оның мүмкіндіктерін әлемдік ақпараттық ортаға ену мақсатында қолдану ұсынылып отыр [1,3-бет].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесінде жеткілікті нысана – білім, білік, дағды жиынтығын меңгеру ғана емес, оқушылардың ақпаратты өздігімен табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру, ақпараттық үдерістерді түрлендіру арқылы оқушылардың сапалы білім алуына назар аударылған [2].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «бастауыш білім берудің мақсаты – білім алушылардың оқу іс-әрекетін меңгеруі және олардың жеке қасиеттерін ашу үшін жағдай жасау», – деп көрсетілген [3, 23-бет]. Осындай күрделі мақсат пен міндеттер бастауыш мектептің оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістемесін дайындау қажеттілігін айқындайды.

Білім беру мекемелеріндегі ақпараттық орта оқушылардың сапалы білім алудың қайнар көзі екендігін көптеген ғалымдар зерттеу нәтижелерінде және педагогикалық тәжірибелерінде дәлелдеген.

Педагогика классиктері Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, А.С.Макаренко және қазақ халқының біртуар агартушы-ғалымдары әл-Фараби, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және т.б. еңбектерінде оқыту және білім беру мәселесі басты орын алған. Олар оқу-білім арқылы қоршаған ортаны танудың негізгі құралы ретінде оқулықтың орнын жоғары бағалаған.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың психологиялық аспектілері және оған ақпараттың ықпал ету заңдылықтары Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, М.Мұқанов, А.Темірбеков, Қ.Б.Жарықбаев және т.б. психологтардың еңбектерінде зерттелген.

Педагогика ғылымындағы Л.В.Занков, Г.И.Щукина, Н.Ф.Талызина, Н.Д.Хмель, Л.Х.Мажитова, Қ.Қ.Қайым, Ж.М.Ақпарова, М.А.Оразалиева, және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты білім алу адамнан белсенділікті, шығармашылық әрекетті талап ететін танымдық іс-әрекет тұрғысынан қарастырылып, ондағы ақпараттың орны жоғары бағаланған.



Жоғарыдағы зерттеу жұмыстарын талдау бізге бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда дәстүрлі құралдармен шектелгендігі байқалады. Сондықтан қазіргі қоғамымыздың жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайындағы ақпараттандыру саясаты ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үдерісіне енгізуді қажет етеді. Аталған құралдарды оқу үдерісіне қолдану арқылы оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестік, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын танып, дүниетанымдық көзқарастары кеңейіп, танымдық белсенділігі арта түседі.

С.Пейперт, Р.Ви льямс, Б.С.Гершунский, А.П.Ершов, Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, Е.Ө.Медеуов, С.М.Кенесбаев және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технология туралы ой тұжырымдары аппараттық және программалық құралдарды оқу үдерісінде қолдану әдістемесін жетілдіруге негіз болады.

Бастауыш мектептің оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері және оқушының танымын дамытудағы рөлі П.Я.Гальперин, П.И.Пидкасистый, Ю.К.Бабанский, Е.И.Машбиц, О.К.Тихомиров, Ж.Ы.Сардарова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. О.В.Даниленко, А.П.Гришаева, А.Е.Сағымбаева, А.Б.Ибашова, Д.С.Байгожанова, А.Б.Медешова, және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде бастауыш мектепте информатика және ақпараттық технологияны оқыту әдістемесі зерттеліп, оқу үдерісінде оқушылардың оқу икемділігін қалыптастыру мүмкіндігі ішінара қамтылған.

Психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, арнайы зерттеулерді талдаудың нәтижесінен мектептің оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану туралы бірқатар зерттеу жұмыстарының жүргізілгендігі байқалды.

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, бастауыш мектепті ақпараттандыру деп бастауыш мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастыру, сонымен қатар біліми үрдісті басқару мен мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы есебінде оқу үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану болып түсініледі [4]. Әлемдік ғылым мен практикада ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және бейнелеуді қамтамасыз ететін бірыңғай технологиялық тізбекке біріктірілген әдістер, өндірістік үдерістер және программалық техникалық құралдар жиынтығы, ол өз кезегінде ақпараттық ресурстарды пайдалану үдерісінің оңтайландырады, сондай-ақ, оның



сенімділігі мен жылдамдығын арттыратын құралдар болып табылатындықтан, оған келесідей анықтама береміз: *ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған аппараттық және программалық құралдар*. Осы анықтаманың негізінде білім беру жүйесіндегі аппараттық және программалық құралдарды ұсынуды жөн көрдік (1-кесте).

1-кесте – Білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары

<i>Аппараттық құралдар:</i>	<i>Оқыту үдерісіндегі мүмкіндігі</i>
Компьютер	Кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал
Интерактивтік такта	Оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинарлар мен пікірталастар өткізуге ыңғайлы құрал.
Принтер	Мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпаратын қағазға шығаруға арналған құрылғы
Проектор	Сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал
Телекоммуникациялық блок	Ресейлік немесе әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа мектептермен хат алысуға көмектесетін құрал
Пернетақта және тышқан	Мәтіндік ақпаратты енгізуге және экрандағы нысандарды басқаруға арналған құралдар
Сыныптағы және мектептегі желі	Ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін ақпараттық, техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі.
Дыбыс-бейне құралдары	Сканер, фотоаппарат, видеокамера, магнитофон қоршаған әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді.
<i>Программалық құралдар:</i>	<i>Оқыту процесіндегі мүмкіндігі</i>
Ақпараттың өзегі - интернет	Ұйымдастырылған ақпараттық массивтер – компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және Интернет жүйесі.
Виртуалды конструкторлар	Көрнекілік, математикалық және физикалық нақтылықтың символдық үлгілерін құрастыруға, осы үлгілерге эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді.
Жаттықтырғыш-тар	Ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға – мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады.
Компьютерлік тест программалары	Оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды.
Оқытушы кешендік жиынтық (электрондық басылым)	Жоғарыда аталған программалық құралдардың сәйкестігіне қарай дәстүрлі түрде оқыту үдерісін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестендіреді.



Басқарудың ақпараттық жүйелері	Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен- оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді.
--------------------------------------	---

Аталған құралдарды өзінің ерекше қызметімен қатар, оқушылардың жан-жақты білім алуының құралы ретінде қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын бастауыш мектептің оқу үдерісіне қолдануды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді.

Сонымен, компьютердің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін оны оқу әрекетінің тұтастай құрылымының элементі динамикалық үлгісі ретінде оқытуды ұйымдастыру және нәтижені бақылау құралдары ретінде қарастыру қажет. Жоғарыда аталған педагог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ақпараттық-коммуникациялық құралдарын оқу үдерісіне қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері ретінде келесі қызметтерді алуға болады:

а) *тәрбиелік қызметі*, оқушыларды оқу тапсырмаларын жауапкершілікпен орындауға итермелейді, сондай-ақ аталған құралдар қате жіберуге жол бермейді, онда тапсырма дәл орындалуы тиіс, әйтпесе келесі жұмысты орындау мүмкін емес;

ә) *дербестендіру қызметі*, сыныптағы әрбір оқушымен жеке, дара жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

б) *ынталандыру қызметі*, оқудағы табыстары жөнінде ақпараттың жиі берілуі негізінде оқушыларда оқуға деген жағымды ынта қалыптасады, терең білім алуға ұмтылуға қажеттілік пайда болады;

в) *бейімдеуші қызметі*, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары оқушылардың аралық әрекетін бағалай отырып, оқылатын материалдың ерекшеліктеріне лайықтап көмектесіп, оқушыға өзінің әрекетінің келесі қадамын таңдауға мүмкіндік береді;

ғ) *білім алудағы ұйымдастырушылық қызметі*, баланың әрекетін белсенді тұрғыға бағыттауға және оқу әрекетінің нәтижесінде білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді;

д) *бағдарлаушы қызметі*, оқушының әрекетін бағалауда қарастырылып отырған мәселенің маңызы неде екендігіне, кез келген сұраққа жауап беруде өзінің ойларын қалай қорыту керектігіне, дұрыс шешім жасауға жол сілтеуге жағдай жасайды. «Нұсқау» ойлаудың дұрыс жолына бағыттау, ишара білдіру болып табылады. Бұлардың барлығы қарастырылып отырған идеяны ерекшелеуге, оның мазмұнын түсінуге және есте сақтауға көмектеседі;

е) *белсендіруші қызметі*: бірден кері байланыс жасауға мүмкіндік беруі оқушыларды ынталандырады және қызықтырады, бұдан оқушы өзінің орындайтын әрекетінің жоспарын шын көңілімен ойлап табуға талаптанады, талпынады;

ж) *нәтижелеу қызметі*, оқушы әрбір есепті, сұрақты кезеңмен шешетіндігінен тұрады;

з) *ізгілендіру қызметі*, мұғалім мен оқушы арасындағы түсінбеушіліктен туатын психологиялық тосқауылды болдырмауға мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмыс барысында оқушылар не істеу керектігін біледі, мұғалім оқу материалы қалай меңгерілгендігін қадағалап отырады.



к) *бақылау қызметі*, анық ақпаратты жеткілікті көлемде меңгерудегі оқушылардың білімі мен іскерліктеріне дәл баға қоюға жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарына негізделген оқыту - өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Сонымен қатар бұнда оқу әрекеттері қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көшеді және дәстүрлі оқыту кезінде оқушыға қалыптастыруға келмейтін арнайы іскерліктерді қалыптастыруға орасан зор мүмкіндіктер беріледі.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Заң.// Егемен Қазақстан.15 тамыз 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.// Егемен Қазақстан.10 желтоқсан 2010.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. Астана,2006.
4. Сардарова Ж.Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы мен практикасы. Пед.ғыл.докт.ғыл.дәр.алу үшін дайын. дисс. автореф. Алматы,2008.

Сардарова Ж.И., Тлепбергенова Г.Е.

Дидактические возможности информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе начальной школы

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы применения информационно-коммуникационных технологий в учебно-воспитательном процессе начальной школы. Выявлены их дидактические возможности для учащихся начальных классов.

Ключевые слова: начальная школа, учебный процесс, информатизация начальной школы, информационно-коммуникационная технология, дидактические возможности информационно-коммуникационных технологий.

Sardarova Zh.I., Tlepbergenova G. E

Didactical possibilities of information-communication technologies in elementary school learning process.

This article reviews actual problems of information-communication technologies. It reveals didactical possibilities of usage of information-communication technologies in elementary school learning process.

Key words: elementary school, learning process, informatization of elementary school, information-communication technologies, didactic possibilities of information-communication technologies.



УДК 37.04:629.78

Кузьмичева А.Е. - к.физ.-мат. н., профессор,
ЗКГУ им. М. Утемисова
Кабиева А.Н. - магистрант ЗКГУ им.М.Утемисова
E-mail: ati_42a@mail.ru

ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА В ШКОЛЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ВОПРОСОВ КОСМОНАВТИКИ

Аннотация. В статье рассматриваются возможные направления будущей профессиональной деятельности выпускников СОШ в области космонавтики. Обращается внимание на востребованность соответствующих специалистов в связи с реализацией космической программы Республики Казахстан.

Ключевые слова: Физика, космонавтика, космическая программа, Республика Казахстан, учебно-воспитательный процесс.

Вопросы космонавтики естественным образом входят в содержание интегрированного предмета «физика и астрономия»[1,2]. При этом можно выделить два основных направления, отражающих эти вопросы.

➤ Физические основы техники космических полетов, использование физических законов в конструкции космических аппаратов и расчете условий запуска и полета.

➤ Роль космонавтики в расширении и углублении знаний по предмету, понимании физической картины мира, уточнении знаний о Ближнем Космосе и получении дополнительной информации о процессах и глубинах Дальнего Космоса, которая может приблизить к пониманию происхождения Вселенной.

Изучение физики и астрономии дает учащимся знания, необходимые для понимания окружающего мира и жизни в этом мире. Включение вопросов космонавтики в содержание образования повышает интерес к изучаемому предмету, мотивацию к его изучению. Функции учителя многообразны. Они включают в себя не только обучение, но и воспитание. Изучение основ физической науки предполагает непосредственную связь с проведением профориентационной работы среди учащихся. Перед учителем находятся учащиеся с различными способностями и склонностями. Но все они, естественно, задумываются о выборе профессии, о том, чтобы эта профессия удовлетворяла их интересам и была востребована обществом, государством. Обратим внимание, на космическую отрасль, которая успешно развивается в нашей Республике Казахстан в последние десятилетия. Страна, на земле которой находится первый в истории человечества Космодром «Байконур», с которого запущен первый искусственный спутник Земли, первый космический корабль с человеком на борту и многое другое, о чем можно сказать «первый» или «впервые», не может не развивать космическую отрасль.

Деятельность РК в области космоса осуществляется по различным направлениям. Космические исследования в Казахстане развиваются в области космического природно-ресурсного мониторинга, дистанционного зондирования территории Казахстана: мониторинга песчано-солевых бурь



Приаралъя, оценки степени изменения территории на которых разрабатываются природные месторождения. Космические данные используются для картографирования территории Казахстана, в том числе ее растительного покрова с целью экологического мониторинга, получения информации об экологическом состоянии промышленных и сельскохозяйственных областей. Дистанционное зондирование Земли с космических аппаратов осуществляется на основе поступающей информации, источником которой является электромагнитное излучение, отражаемое или испускаемое поверхности Земли и ее атмосферы. Поэтому вопрос формирования электромагнитного сигнала, который регистрирует космический аппарат, роль атмосферных процессов, анализ составляющих этого сигнала занимает важное место в программе космического мониторинга Земли. Проводятся исследования в области материаловедения: влияние космического пространства, вакуума, микрогравитации на физико-химические свойства различных веществ. Биотехнология и биомедицина также водят в область космических исследований. Информация о космических исследованиях РК имеются в различных источниках в том числе, в материалах НАН РК, Института космических исследований [3,4].

Посмотрим, на что может обратить внимание учитель физики, помогая учащимся в выборе жизненного пути, в выборе того, где они могут приложить свои силы и удовлетворить свои интеллектуальные потребности. Современная космонавтика как область науки и техники охватывает различные направления. Среди них – творческие разработки, которые касаются как реализации космических полетов, так и исследований, проводимых с помощью оборудования, размещаемого на космических аппаратах. Сюда относятся и теоретические, и технические аспекты. Современный школьник, на наш взгляд, должен иметь четкое представление о том, что такое современная космическая отрасль науки, техники и производства, которой можно посвятить свою жизнь. Если рассмотреть космический полет от начала его разработки до результата, то можно выделить несколько направлений деятельности, в пределах каждого из которых есть своя дифференциация.

Учащихся, проявляющих интерес к теории и технике космических полетов, можно ознакомить со следующими направлениями космической деятельности, в которой они в будущем могут принять участие.

➤ **Научно-техническая подготовка полета.** На этом этапе ученые, конструкторы, инженеры и рабочие осуществляют следующую исследовательскую и практическую деятельность.

- **Теоретический расчет** динамики полета, расчет скорости космического аппарата, необходимой для вывода на заданную траекторию. Может показаться, что этот этап учеными и конструкторами пройден, так как космические аппараты запускаются уже более 60 лет. Однако, изменяются космические аппараты, условия запуска, необходимые траектории и т.п. Например, из сообщений СМИ, известно, что один из последних модулей пристыковался к МКС через 6 часов после запуска, хотя до сих пор на это требовалось около 50 часов. Это произошло вследствие новых теоретических разработок траектории полета и совершенствования механизма стыковки.



- **Учет условий полета:** космический аппарат, его корпус, отдельные узлы находятся в условиях, существенно отличающихся от условий на Земле, в том числе в условиях космического вакуума, что требует теоретических и лабораторных исследований специалистами различного профиля.

- **Конструкторские разработки** космических аппаратов и оборудования различного назначения: полеты вокруг Земли, в пределах Солнечной системы, выход в галактику; приборы для мониторинга атмосферы Земли и земной поверхности, а также атмосфер и поверхности планет, различные проявления солнечной активности, исследования межпланетного и межзвездного пространства и другие.

- **Теоретические разработки** энергетического обеспечения запуска, связанного с законами физики и химии, энергетического обеспечения работы космического аппарата и жизнедеятельности экипажа во время полета.

- **Работа** инженеров и квалифицированных рабочих по созданию, изготовлению отдельных деталей, узлов космических аппаратов, модулей, в соответствии с конструкторскими разработками.

- **Сборка** космического аппарата, требующая высокой квалификации рабочих. Известно, что последняя авария ракеты «Протон-М», десятилетиями проверенной в полетах, связана с ошибками сборщиков. Следовательно, эта профессия требует, что еще раз подчеркивает важность этого этапа создания космического аппарата.

- **Создание** наземного стартового технического комплекса, включающего:

- ✓ техническое оснащение космодрома, обеспечивающее запуск космического аппарата;

- ✓ систему, обеспечивающую контроль полета, корректировку траектории;

- ✓ систему связи.

Учащихся, имеющих склонность к научной исследовательской деятельности в области физики и астрономии, биологии и др., можно ориентировать на решение соответствующих научных задач.

➤ К космической отрасли относятся **научные задачи**, решаемые с помощью космических аппаратов. И здесь также можно выделить различные направления:

- исследование фундаментальных проблем физики, астрономии, космологии: проблемы квантовой физики и гравитации, физики элементарных частиц, рождения и эволюция Вселенной;

- исследование свойств материалов и получение новых в условиях космического вакуума, то есть в области конденсированных сред.

- биологические, медицинские исследования и другие.

➤ **Практическая направленность космонавтики.** Важное место в космической отрасли занимают направления, которые вошли в жизнь почти каждого человека: связь, телевидение, спутниковый навигатор. О роли последнего, например наш земляк, участвующий в путешествии на речной ладье в океане в районе Австралии и Тасмании. На вопрос о возможной опасности его путешествия по океану он сказал: «... к тому же спутниковый навигатор мог в любой момент зарегистрировать координаты «попавшего за



борт путешественника»». [5] Система связи, телевидение, навигации интересует многих школьников. Они могут реализовать свои стремления в соответствующих сферах космонавтики.

В мотивации учащихся на профессиональную деятельность в области космонавтики важное, значение имеет не только информация о направлениях космической отрасли, но и информация о непосредственном участии Республики Казахстан в космической деятельности. В таблице приведены исследования по программам, подготовка и разработка которых проводилось при тесном сотрудничестве ученых Казахстана со специалистами РК КК «Энергия», ЦПК, ЦУП и др. организации космической отрасли Российской Федерации. [3] В таблице 1 приведены даты полета, тип орбитального комплекса (ОК) и космического корабля (КК). Указан, также экипаж и направление исследование с участием казахстанских космонавтов.

Таблица 1.

Первые десятилетия реализации Казахстанской программы.

Дата	ОК	КК	Экипаж	Исследования, исполнители
1991 г	ОК «Мир»	Союз ТМ-13	Основной экипаж (ОЭ)	Т. Аубакиров: съемки пыльных бурь бассейна Аральского моря и эксперименты по космической биотехнологии.
1994 г	ОК «Мир»	Союз ТМ-19	ЭО-16	Т. Мусабаев: программа научных исследований медицинских и технических экспериментов по Российско-американской программе «Мир-НАССА» и научно-казахстанской программе «Полет - М».
1998 г	МКС	Союз ТМ-27	ЭО-25	Астрофизические, географические, биологические и др. исследования различных стран; эксперименты в рамках Программы «Мир-НАССА», и казахстанской Программы «Полет-М2».
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Диатомея»	Т. Мусабаев, Ю. Батулин: исследование акватории Мирового океана с целью выявления биопродуктивных районов. Отработка методов оперативного взаимодействия экипажа станции с судами научно-исследовательского и промыслового флотов при проведении совместных океанологических экспериментов.
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Льнер»	Т.Мусабаев: биотехнический эксперимент для изучения действия факторов



				космического полета на молекулярно-биологические, генетические и клеточные механизмы эукариотических клеток.
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Ариадна»	Т.Мусабаев: проведение молекулярно-биологического анализа крови космонавтов до и после полетов.
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Зондирование»	Разработка методов и технологий контроля и управления территориальными процессами с помощью данных дистанционного зондирования объектов Казахстана.
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Зондирование»	Т.Мусабаев: видеосъемки заданных специалистами Казахстана районов территории Казахстана.
31.12 2000 г	МКС	Союз ТМ-31	КЭ «Дастархан»	Опробование новых продуктов космического меню с направленными антиоксидантным, детоксицирующими, коррелирующим действием, повышающим адаптационные возможности организма в условиях космического полета.

Все научные космические программы Казахстана на ОК «Мир» и МКС, включали комплексные исследования по блокам, отражающим основные направления космических исследований в Казахстане. Программа космической деятельности включает материаловедение, природно-ресурсный мониторинг, геофизические исследования, биотехнология и др [4]. В программе подчеркивается, что развитие космической деятельности, имеет целью укрепление национальной и информационной безопасности, социально-экономическое и научно-техническое развитие Республики Казахстан путем эффективного использования космических технологий. Программа определяет задачи отечественной космонавтики, среди которых:

- разработка основ для создания и запуска отечественных космических аппаратов различного назначения;
- развитие наземной инфраструктуры для запуска и управления космическими аппаратами различного назначения;
- разработка программы научных исследований и экспериментов на борту Международной космической станции во время полета казахстанских космонавтов;
- развитие информационных космических технологий на основе спутниковых телекоммуникационных систем;



- развитие Национальной системы космического мониторинга территории Республики Казахстан;
- разработка системы экологической безопасности территории Республики Казахстан при эксплуатации космического ракетного комплекса;
- создание нормативной правовой базы и экономическое обеспечение развития космической деятельности.

Программа космической деятельности РК определяет основные направления деятельности АО «НК «Казкосмос»»:

- участие в разработке и реализации текущих, долгосрочных межотраслевых программ в сфере космической деятельности Республики Казахстан;
- создание высокоэффективных информационных и космических технологий, направленных на решение социально-экономических задач и обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан;
- проведение научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ по созданию наукоемких космических технологий и техники;
- использование пилотируемых космических полетов для выполнения фундаментальных и прикладных исследований на международной космической станции;
- участие в выполнении государственного заказа по обеспечению национальной безопасности, обороны, охраны окружающей среды, прогнозирования и мониторинга чрезвычайных ситуаций;

К числу основных задач Программа относит и создание системы профессионального образования и подготовки необходимых кадров для развития космической деятельности. Следовательно, учащиеся, ознакомившись с Государственной Программой в области космонавтики, могут видеть перспективы выбора своей будущей профессиональной деятельности, выбора профессии, которая будет востребована в стране. Профориентационную работу учитель физики и астрономии может проводить при изучении соответствующих тем в форме дополнительной информации, подготовке учащимися рефератов. Космонавтике, космическим исследованиям, развитию космической отрасли Республики Казахстан, могут быть посвящены отдельные тематические конференции. Многогранность космической отрасли, международный характер космических исследований открывает широкие возможности для удовлетворения интеллектуальных запросов выпускников школ Республики Казахстан, проявляющих интерес к астрономии, физике и технике.

Литература

1. ГОСО РК №1080 от 23.08.2012 «Государственные общеобязательные стандарты начального, основного среднего образования Республики Казахстан» - Алматы.
2. Учебная программа для средней школы, 7-11 классов «Физика и астрономия», - Алматы, №115 от 03.04.2013
3. Космические исследования в Казахстане. Под ред. академика У.М.Султангазина, изд. группа РОНД, - Алматы, 2002.



4. Космическая программа "Развитие космической деятельности в Республике Казахстан". Указ Президента Республики Казахстан от 25 января 2005-2014 года N 1513 - Астана.

5. Сканев В., Знакомьтесь, Виктор Строков. Газета «Талап» № 31 (822), - Уральск, 2013.

Кузьмичева А.Е., Кабиева А.Н.

Ғарыш саласын зерттейтін сурактардың оқыту бағыты бойынша мектептердегі кәсіптік бейімделу жұмыстары

Бұл мақалада ғарыш саласындағы ЖББОМ түлектерінің болашақ кәсіби қызметінің мүмкін бағыттары қарастырылды. Қазақстан Республикасы ғарыш бағдарламасының жүзеге асуына байланысты қажетті мамандардың талап етілуіне көңіл аударылған.

Тірек сөздер: Физика, ғарыш саласы, Қазақстан Республикасының ғарыш бағдарламасы.

Kuzmicheva A.E., Kabieva A.N.

Occupational guidance in comprehensive school while studying space science

This article regards some aspects of occupational guidance in space sphere. And great attention is paid for realization of Space Programme in the Republic of Kazakhstan.

Key words: Physics, Space Science, Space Programme in the Republic of Kazakhstan.

УДК 372.853

Кузьмичева А.Е. -к.ф.н., профессор

Серикова Р.М - магистрант

ЗКГУ им.М.Утемисова

E-mail: rada_130188@mail.ru

РОЛЬ ЗАДАЧ В РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 2004. 211-б.
3. Сатбекова А.А. Ермекова Т.Н. Студент пен оқытушының бірлескен өздік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы, 2012. – 159 б.
4. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Алматы, 2010. – 207 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. Алматы, 1995. 127-б.

Батыров М.Е., Жамитова А.С.

Сущность организации самостоятельной работы курсантов

Рассмотрены вопросы организации самостоятельной работы курсантов. А также представлены инновационные методы, используемые при кредитной технологии.

Ключевые слова: самостоятельная работа, кредитная технология, инновация, методы, образование, передовая технология, кредитная система, методика, творчество, проект.

Batyrov M. E., Zhamitova A.S.

The essence of the organisation of independent work of cadets

Questions of the organization of independent work of students are considered. And also the innovative methods used at credit technology are presented.

Key words: independent work, credit technology, innovation, methods, education, advanced technology, credit system, technique, creativity, project.

УДК: 376.5

Айтмаева Ж.Ж. -

педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Дарын» аймақтық орталық директоры,
Өскемен қ.

E-mail: Mukametkali 77@mail.ru

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Бұл мақалада дарынды балалардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілген: Отбасының психологиялық хал – ақуалы, ақпараттық ортаның қалыптасуы, біріккен практикалық шаралар, ата-аналардың қолдап, көтермелеуі қарастырылып, нақты ұсыныстар келтірілген.

Тірек сөздер: Ата-ана, бала, дарын, демалыс, ұйымдастыру, психолог.

Ата-аналармен жұмыс төрт бағытта жүргізілуі тиіс:

1. Отбасының дарынды балаға психологиялық қолдау көрсетуі
2. Ата-аналар үшін ақпараттық орталық құру
3. Дарынды бала мен оның ата-анасымен бірлескен жұмыс жүргізу
4. Ата-аналарды мектеп көлемінде қолдау және мадақтау.

Енді осылардың әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Отбасының дарынды балаға психологиялық қолдау көрсетуі.

Талантты балалардың ата-аналармен жұмысының мақсаты – олардың өз балаларымен тығыз қарым-қатынаста болуларын дамыту. Аталған жұмыс мыналарға бағытталған:



- дарынды баланы түсіну мүмкіндігін кеңейту;
- дарынды бала мен өздерінің қарым-қатынастарында рефлексияны жақсарту,
- баламен әрекеттесудегі жаңа дағдыларды тудыру,
- ата-аналардың баламен ынтымақтастығы мен серіктестігін қалыптастыру және дамыту.

Тұтасымен алғанда ата-аналарға өз баласын қандай болса солай етіп қабылдауды үйрету, дарынды баладан дарынды ересек шығатынын, мұның еш қорқынышы жоқ екенін түсіндіру.

Психология-педагогикалық көмектің басты мақсаты дарынды балалардың ата-аналарына оны баласының қаншалықты дарын, талант болса да ең алымен оның БАЛА екендігін ұғындыру.

Ақпараттық ортаны құру.

Арнайы ата-аналар үшін «Менің балам - әлемнің сегізінші кереметі» деген ата-аналар жнналысының циклі құрастырылып, өткізілуге болады. Жнналыстың өту түрі әртүрлі болуы мүмкін, атап айтсақ, дөңгелек үстел, конференциялар, практикумдар, «шығармашылық жннытық» т.б.

Ата-аналардың ой-өрісінің дамуы үшін «Дневник.ги» электронды күнделігінің де маңызы зор. «Күнделік» аясында «Оқуға үйрен» және «Жас зерттеушілер» деген екі топ құрылады.

«Оқуға үйрен» тобының қатысушылары үшін оқу дағдыларын жетілдіру үшін арнайы тапсырмалар мен тренажерлер таңдалынып алынады. Бала мен оның ата-анасы белгілі бір дағдыны жүзеге асыру үшін керекті тапсырманы орындайды.

«Жас зерттеушілер» тобының қатысушылары көбінесе сынып отбасылары, оларға зерттеулер жүргізу қызықты деп саналады. Оларға қызықты тәжірибелерді ұсынады, ата-аналармен балалар басқа да жас зерттеушілердің жұмыстарымен танысады. Ата-аналар өз балаларымен атқарған жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп береді, өз ойларымен бөліседі.

Дарынды балалардың ата-аналарына келесідей ұсыныстар беріледі:

1. Адал болыңдар. Барлық балалар өтірікке сезімтал келеді, ал дарынды балалар аса сезімтал келеді.

2. Баланың даму деңгейін бағалаңыз.

3. Ұзақ түсіндірулер мен әңгімелесуден аулақ болыңыз.

4. Балада болған өзгерісті уақытында анықтауға тырысыңыз. Олар белгілі бір сұрақтарда немесе кейбір мінез-құлықтан көрінуі мүмкін. Және дарындылықтың белгісі болуы да мүмкін. Баланың жеке тұлғасын сыйлаңыз. Оған өз қызығушылығыңызды аудармаңыз.

6. Өз балаларыңның бойында мынандай қасиеттерді дамытыңыз: сенімділік, өзінің кемшіліктері мен жетіспейтін жақтарын анықтай алу және мойындау, мейірімділікке құрмет, адалдық, шынайылық, шыдамдылық, өз күшіне сенім артуға және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы, барлық жастағы адамдармен тез тіл табыса алуы және т.б.

Дарынды бала мен оның ата-анасымен бірлескен жұмыс жүргізу

Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Балалардың шығармашылық және танымдық әлеуетін дамыту жұмыстары жаз мезгілінде бірінші сыныптың алдында



жүзеге асуы тиіс. Жаз – тәрбиелеу мен білім берудің міндеттерін шешуге қолайлы кезең. Жазда баланы қалай дамыту, онымен бірге жаңадан нені көріп, нені білуге болатынын, қандай жаңалықтар ашу керектігін әрбір отбасы білуі керек.

Ата-аналарды баламен бірге отбасылық демалыс ұйымдастыруға шақыру керек. Ата-аналармен әңгімелесе отырып, жаз айларының баланың танымдық қызығушылықтарын дамытуға қолайлы кезең екенін түсіндіру шарт. Мамыр айында өткен демалыста мұғалім ата-аналарды балаларымен жазды қалай өткізуге болатыны туралы әңгіме қозғауы керек. Ата-аналарға қыркүйек айында «Біздің ерекше жаз!» атты байқаудың өтетіні туралы хабарлау қажет.

Балалармен демалыс кезіне мынандай тақырыптар ұсынылады:

- Менің айналадағы қызықтар (фотосуретке түсіру, бірнәрсені салу, бақылау жүргізу).

- Бақшадағы сыйқыршы (бау-бақшада тәжірибелер жүргізу).

- Алыс елдерде (фоторепортаж).

- Кішкентай достарға саяхат (жәндіктерге бақылау жүргізу).

- Су асты құпиялары (бақылау, суреттер салу, фоторепортаждар).

- Менің алғашқы тәжірибелерім.

Ата-аналарды табиғат бөлшектері ауа, су, құм, күн, тас және т.б. қолдану тәжірибелерімен таныстыру. Олар демалысты түрлендіреді, мектеп оқушысының танымдық, көркем шығармашылық, эстетикалық және дене бітімінің дамуына үлкен ықпал етеді. Олардың өзіндік іс-әрекеттерін белсендендіреді.

Балалармен жазғы демалысты дұрыс өткізудің ережелері мен нұсқаулары жазғы демалыс айларының пайдалы, қызықты өтуіне көмегін тигізеді.

Оқу жылының көлемінде балалар ата-аналарымен бірлескен түрде түрлі жобалар ұйымдастырады, тақырыптық апталықтарда өз жобалары бойынша презентациялар жасайды, оны қорғайды. Шығармашылық және танымдық деңгейлерін дамыту үшін ата-аналары балаларының түрлі байқауларға, сайыстарға қатысуларына көмек жасайды.

Ата-аналарды мектеп көлемінде қолдау және мадақтау

Ата-аналардың жұмысы мектеп тарапынан еленіп, қолдау тауып, мадақталып отыруы абзал. «Бізді танымал еткендерді мадақтаймыз» атты мейрам ұйымдастыруды ұсынуға болады. Мектеп сахнасына оның Мәртебесі мен Атағын шығарған балалармен қоса, олардың ата-аналары да шығады. Ата-аналар үшін мектептің ғылым-тәжірипбелік конференциясында арнайы «Ата-ана университеттері» атты секция жұмыс істеуіне болады. Онда ата-аналар дарынды балалармен жұмыс жүргізуді тәжіриесімен бөліседі, ақыл-кеңес беріледі.

Баланың тұлғалық, интеллектуалдық дамуына ықпал ететін оның отбасы екені даусыз.

Арнайы ұйымдастырылған жұмыстар жүйесі ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыруға, сонымен қатар қабілетті, дарынды балалардың іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы принциптер, әңгімелесу.



Мектеп психологы мен ата-аналардың кеңесіп отыруы үлкен маңызға ие. Кеңесу барысында психолог ата-аналармен бірнеше рет қарым-қатынас жасайды: алдын-ала жазылу негізінде бірінші қысқа әңгімелесу болады, баланың даму тарихына қатысты әңгімелесу барысында, баланы тексеруде, ең соңында тексеру нәтижесі барысында кездеседі. Бұл кездесулердің әрқайсысы жалпы және арнайы міндеттеріне және өткізу белгілеріне ие. Психологтың ата-аналармен, баланың туыстарымен, мұғалімімен, тәрбиешісімен т.б. жақындарымен жұмысының өзіндік ерекшелігі бар. Психолог-кеңесшінің бала жайында хабарласқан тұлғалармен өзара қарым-қатынасының жалпы ұстанымдарына тоқталамыз.

Бірінші міндетті тиімді нәтижелі жолы – тексерілетін баланың ата-анасымен кеңесші - психолог өзінің іскерлігі арқылы сенімділік тудырып, ашық қарым-қатынас орната білу қажет. Сенімді қарым-қатынас негізінде сөз жоқ, сыйластық орнайды, ал қиындыққа түрткі болғанды жағдайларды мойындау сияқты жайттарға бала проблемасына қатысты келген адамдар кез болады. Аяқ астынан қарым-қатынасты орнату кеңесшінің іскерлігіне байланысты, ол баланың ана-анасына өзінің қарым-қатынасқа ынталығын, баладағы қиындықты жоюға деген ашық қызығушылығының жоғарылығын, терең білімін түсінуші ретінде көрсете алуы тиіс. Бұндай қарым-қатынас ата-ананың қандай да болмасын әрекетіне тура және жанама сынмен қарауына сай келмейді. Оның педагогикалық құзырлығына күдік тудырады. Қайта байланыс жасаудың барлық қажетті түрлері баланың тексерілгеннен кейінгі жиынтық мәліметтерінен кейін орынды болып табылады. Сонымен қатар оның тексерісінің нәтижесі емдеудің ерекше түрін талап етеді. Бірінші кездесуде немқұрайлық білдіру ата-аналарда кеңесшінің әрекетін мақұлдамай, қорғаныс реакциясын тудыруы мүмкін, проблеманы талқылауда ашық сөйлесу жолын жауып, қиындықтар тудырады. Сонымен қатар бірінші және екінші кездесуде ата-аналарға міндетті түрде арнайы ықылас білдіріліп және екі жақ та кеңестің мақсат пен міндеттерін ұғынулары тиіс. Біздің еліміздің мүмкіндігінде психологиялық қызмет жаңа ғана ұйымдастырылып жатқанын есепке алу қажет, тұрғындардың психологиялық көмек алу тәжірибелері жоқ, көп ата-аналарда ол туралы дұрыс емес тұжырымдар мен қорытындылар бар. Сол себепті ата-анамен екі бірінші кездесуде негізгі міндеттердің құрылымдары мен кеңестің мақсат - міндеттері, тексерудің нәтижесі негізінде түзету жұмыстарын тағайындау қажеттігін ұғындыру және бала проблемасының нәтижелерін бірігіп және жалғыз өзі ғана сараптаудың формаларын қалыптастыру қажет. Арнайы кеңестерде баланы басқа да мамандарға кеңес алу үшін жіберуге бағыттау да талап етіледі. Кез келген кеңес беру кезеңінде психолог өзінің қызығушылық ынтасымен және жан-жақты проблеманы қарастырып, міндетті түрде ата-анасын ауыр жүктен, сезімнен босатуы тиіс. Олардың назарын проблеманың позитивті жағына аударып, оны шешудің мүмкін белсенді жолын қарастыруға іздеуге аударғаны жөн.

Психолог міндетті түрде баланың ата-анасын түзету бағдарламасында кездейсоқ туатын кедергілер мен қиындықтар жайында ескертуі керек. Баланың ата-анасында проблеманы шешудің «жеңіл сиқырлы жолы» туралы ойдың тууына жол бермеу керек. Бұндай қатынас психолог көмегінің мүмкіндігінің алдын ала болжанып, орындалмай қалған жағдайда күйзеліске,



көңіл қалушылыққа әкелуі мүмкін. Баланың ата-анасына не мұғаліміне қажет болған жағдайда қайта кеңес беру психолог міндетіне кіреді. Тәжірибеде көп мөлшерде және ұзақ мерзімді психотерапевтикалық жұмыстар кездеседі.

Тексеру жұмыстары жағдайды жан-жақты анықтағаннан кейін психологпен жүргізілетін әңгімелесу бірнеше мақсаттарды алға қояды: 1) баланың жалпы психикалық дамуын жүйелі талқылау, сонымен қатар, мінезін, қиындықты тудыратын жағдайдың деңгейі мен себебі, міндетті-нұсқалық болжау;

2) Нақты көмек беруде шара қолданудың бірлескен жоспары не арнайы түзету бағдарламасы;

3) ата-ананың қиындықты өздерінің талқылауы, бала проблемасына олардың көзқарасы;

4) келесі кездесулерді жоспарлау (қажет болған жағдайда)

Американ авторларының бір қатары ата-ананың психологпен қорытынды әңгімелесуінің негізгі төрт кезеңді анықтайды және оны өткізудің ұйымдастырудың төмендегі жолдарын ұсынады. Ата - анасының екеуімен бірге бір уақытта әңгімелесуді өткізу, бұл бала өмірінен жан-жақты нақты объективті ақпарат алуға көмектеседі. Сонымен қатар бала тағдырына қатысты ата-анасының екеуіне де жауапкершілікті жүктейді.

Әңгімелесу басында бала проблемасын және оларды қызықтыратын сұрақтарды анықтауда ашық, еркін талқылаудың орнауына жағдай тудызу. Міндетті түрде бала қиындығының тууына себеп болған жағдай жайындағы ойларын және оларды шешу құралдары мен көмек беру жолдары, бала алдында қандай мақсат қою қажеттігі туралы, баланың назарын болашақта неге аудару қажет екендігі туралы көзқарастарын анықтау қажет. Әңгімелесудің екінші кезеңінде психологиялық тексерудің нәтижелерін хабарлау болжанады. Нақты деректер бала қиындығына қатысты қате тұжырымдарды жоюды. Баладағы қиындықтар туралы шынайы реалистік тұжырымдарды өңдеуге аса белсенділік қажет. Бұдан кейін (үшінші кезеңде) әрекеттің арнайы бағдарламасы талқыланады. Қорытынды әңгімелесуде бала проблемасына қатысты ата-анасының көзқарасы талқыланып, келесі кездесулердің жоспары құрылады. Әңгімелесу барысында сыйластық, түсіністік, жылылықты таныту қажет. Әңгімелесудің артықшылығы ата-аналар кеңесшіден алған ақпараттар мен нұсқаулықтар негізінде әрекет жасай алатындығымен бағаланады. Тәжірибе көрсеткендей оңтайлы бағалау кеңесшінің нақты тәрбиелік әрекеті мен ата-аналар өздерінің күштеріне деген сенімділіктеріне байланысты. Ата-аналардың әңгімелесуге дейінгі қате тұжырымдарынан, қызметкерлер тәртіп бойынша жағымсыз тұжырымдардан қорғану үшін бір әңгімелесудің жеткіліксіздігін ескеру керек. Ол үшін бірнеше кездесу қажет. Батыс елінің психологтары үйге баруды кең тәжірибелеуде, өйткені, ол шынайы орнатылған өзара қарым- қатынаста нақты жағдайды талқылауға мүмкіндік береді. Бірақ ата-аналардың тобымен әр түрлі формадағы сабақтар әрекеттегі әдістер болып саналады.

Ата-аналардың түсінігінде дарынды балалардың да бала екенін, қалыптастыру, бірақ олар да өз жасындағы балалардың талап ететін қажеттіліктерді талап етеді. Үлкен қатер дұрыс тәрбие бермеуден көрінеді. Осыған байланысты кеңес беруде барлық проблемаларға қатысты жасына сәйкес даму процесіне байланысты мазмұнды негізгі сұрақтарды міндетті



түрде қосу керек. Бар қиындықты жеңуге не орнын толтыруға арналған белсенділік баланың қажеттілігі мен жас ерекшелік қызығушылығының есебінде жүзеге аспауы керек. Бұл жағдайды түсіндіру ата - аналарға және балаға ауыр соққы, педагог кемшілігінің таралуына әкелуі мүмкін. Кеңес беру үрдісінде психолог жұмысы проблеманы талқылау шеңберінде тоқтап қалмауы керек. Кеңесшінің маңызды міндеті бала жақындарындағы қорқыныш сезімдерін, күдіктерін сейілтіп, ата-анасының белгілі бір уақытта балаға түсіністікпен қарап, шамадан тыс онымен айналысып, сезімталдыққа салынудың алдын алу. Психолог ата-аналардағы кінә, қорқыныш сезімдерінің мүмкіндіктерді анықтай білуі тиіс. Алдын ала психотерапевтикалық әңгімелесу кеңесшінің ата-аналарға баланың жалпы тұлғалық сипатын және оның проблемасын объективті қабылдау, түсінуге, нәтижеге жетудің кең және жан-жақты жақтарын қарастыру мақсатына ие. Осыған байланысты ата-аналармен жұмыс жасаудың төмендегі жолдары ұсынылады: баланы тексеруде алынған нақты нәтижені тыңғылықты талдау, бұл көп жағдайда кеңесші қорытындысына сендіруге үлкен назар аудартады; психологиялық сараптаманың ата-аналардың қолында болуы тиімді. Сараптама анық, түсінікті тілмен жазылған болу тиіс. Не ата-аналардың өздері қолмен қорытындылар мен нұсқауларды жазуы болашақта кеңестің нәтижелерін ойлануға, нақты көмек беру шараларын ұйымдастыруға, іздеуге, жазылған қорытындылар негізінде олардың дұрыстығын тексеруге, баланы бұдан кейінгі өмірінде қажетті болып табылады.

Психологтың дарынды балалардың ата-аналарымен жеке жұмысы.

Поллин Пепинский бірнеше пайдалы тәсілдерді нұсқау ретінде берген болатын, ата-аналар өз балаларына пайдалануға берулеріне болады:

1. Өз ойларыңды басқаларға түсінікті, олар білетін тілмен жеткіз, оны өзіңікіндей қызмет көрсететіндей етіп қабылдасын.
2. Сынды басқа адамдарға тек көмек көрсету мақсатында ғана қолдану.
3. Ұжымның басқа мүшелерінің принциптеріне, идеалдарына, құндылықтарына құрметпен қарайтыныңды көрсете біл.
4. Өзінді агрессор ретінде қабылдауға тырыс, басқаларға өз намыстарын сақтауға мүмкіндік бер, оларды мұқият тыңда.
5. Белгілі бір уақыт көлемінде өзіндік еркіндігің үшін несие жина, басында өктем талапты қабылдаудан қорықпа.
6. Тұлғаларға, мәртебе жетуге емес, тапсырмаларға зейін қой.
7. Жауабын өзгертуге, өзіңнің іс-әрекетіңнің тәсілін таңдап алу үшін уақыт факторын назарға ал.

Бұл тәсілдер дарынды бала тұлғасына болсын, ересек адамға болсын жеке тәуелсіздікті сақтау мен топқа тәуелденудің арасындағы кикілжің мен қарама-қайшылықты туғызбас үшін аса қажет.

Торранс өз жұмысында дарынды балаларды тәрбиелеуге байланысты мынандай мәліметтер келтіреді:

Интеллектуалдық және шығармашылық экспрессивті қабілеттерді көп уақыт бойы тұншықтырып келу эмоционалдық қайшылыққа әкеледі, тіпті невроз бен психоз да болуы мүмкін. Егер баланың айналасындағылар оның ынтасын дұрыс түсінбеген жағдайда, невроз ұзақ уақыт бойы болуы да мүмкін.



Оның шығармашылық энергиясына шектеу қойылғанда, ойлау мүгедектікке ұшырайды. Дарынды болу дегеніміз тек тауқымет тарту деген сөз емес. Осындайда отбасы балаға психологиялық қорғаныс бола алады.

Гауеннің кейінгі шыққан еңбектерінде ата-аналарға кеңесі былайша берілген:

1. Бала ізденістері арылы қорқыныш сезімі туындағанда қайтып оралатын ауызша түрде қауіпсіз психологиялық база құрыңыз.

2. Баланың шығармашылыққа қабілеттілігін қолдау көрсетіп отырыңыз, сәтсіздіктерге баламен бірге реніш көрсетіп отырыңыз, өкінетіндігіңізді білдіріңіз. Баланың шығармашылық еңбегін алдын ала бағалаудан қашыңыз («бұл жаман емес, алайда, бұдан да жақсырақ болар еді, егер сен...» балаға оның туындысын қалай етсе жақсаратыны туралы айтудың қажеті жоқ).

3. Баланың біртүрлі қызық ойларына шыдамды болыңыздар, олардың қызыққұмарлығын, білуге құмарлығын, сұрақтары мен ойларын құрметтеңіздер, қолпаштаңыздар және «шектен шыққан» сұрақтары болса да жауап беруге тырысып көріңіздер.

4. Баланы жалғыз қалдырып, өз ісімен айналысуға мұрша беріңіздер. Оған басшылық жасау шығармашылықты қиындатуы мүмкін. Балалардың тілегі мен мақсаты өздеріне ғана тиесілі, ата-аналар кеңесі баланың жеке өміріне ену болып есептеледі. Тіпті кішкентай дарынды балалардың өздері олардың шығармашылық ойлауларына дендеп еніп кеткен ата-аналарына қарсылық көрсетіп отырды.

5. Балаға өзінің құндылықтар жүйесін құруға көмектесіңіз.

6. Балаға адами қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесіңіздер (қауіпсіздік сезімі, махаббат, өзіне және басқаларға деген құрмет және т.б.).

7. Күдіктер мен көңіл қалушылықты жеңе білуге қол ұшын беріңіз. Ол өз-өзінен мадақтау алсын, құрдастарының пікірін елемесін, назарға алмасын. Сонымен қатар атақты адамдардың өмірбаянымен танысуға мүмкіндік беріңіз, ол өз күрес алаңында жалғыз емес екендігін ұқтырыңыз.

8. Балаға оның кез келген сұрағына жауап бар екенін түсіндіріңіз. Бірақ ол үшін уақыт, оған шыдам керек. Бала интеллектуалдық қысыммен өмір сүріп үйренуі тиіс.

9. Балаға өзіндегі шығармашылық тұлғаны бағалауға үйретіңіз. Бірақ оның мінез-құлқы белгілі бір шектен шықпауы керек.

10. Баланың өз-өзін тереңірек тануына көмектесіңіз, бір сәттік ойдан айырылып қалмайтындай болсын.

11. Балаға ақылды авантюрист болуға көмектесіңіз. Шығармашылық ізденісте ол өзінің сезімталдығы мен қатерге бас тіге отырып, шынайы жаналық ашуы мүмкін.

12. Баланың жаңа шығармашылық ізденісіне қолдау көрсетіңіз, ол қаншалықты сәтсіз болса да сынап-мінеуден аулақ болыңыз, оған мейірімділікпен қараңыз, бала ізденісті өзі үшін ғана емес, өзі жақсы көретіндер үшін де жасайды.

13. Шығармашылыққа қажетті атмосфера қалыптастырыңыз, баланы қоғамның қабылдауы, әлеуметтік келеңсіздік, құрдастарының негативті реакциясы сияқты жайттардан аластатуға себеп болыңыз. Оң шығармашылық танымынан айырылған бала мүлде қажетсіз басқа жолға түсіп кетуі мүмкін.



14. Балаңызға жасы да қабілеті де сай келетін компаньон тауып беріңіз. Мектеп жасындағы бала үшін өзімен жасты және жынысы бір баламен дос болуы қажет. Дарынды қыз өзіне ұқсайтын баланы табу үшін жүздеген баламен танысуы мүмкін, алайда осы жүзінші ұл бала болса, мәселе онымен бітпейді. Ата-аналарға барлық аймақты шарлап шығуға тура келеді, бұл баланы жалғыздықтың қоршауына қалдырғаннан гөрі жақсырақ.

Әдебиеттер

1. Карабанова О.А. Психология семейных отношений и основы семейного консультирования: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 2004. – 320 с.
2. Марковская И.М. Тренинг взаимодействия родителей с детьми. – СПб., 2002.
3. Рычкова В.В. Проблемы воспитания одаренных детей в семье // Молодой ученый. — 2011. — №10.

Айтпаева Ж.Ж.

Организация работы с родителями одаренных детей

В статье выделены основные направления работы с родителями одаренных детей: психологическое сопровождение семьи, создание информационной среды, организация совместной практической деятельности, поддержка и поощрение родителей, даны конкретные рекомендации.

Ключевые слова: родители, ребенок, одаренный, отдых, организация, психолог.

Aitpaeva Zh.Zh.

Work with parents of gifted children

The article highlights the main areas of work with parents of gifted children: psychological support families, create an information environment, the organization of joint practical activities, support and encouragement of parents, specific recommendations

Key words: parents, child gifted, rest, organization, psychologist

УДК 371.13:53

Сырым Ж.С. – п.г.к., профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Кажмуханова Г.Ш. – магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Мустакова Д.Ж. – магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Albert.konashov.83@mail.ru

ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада болашақ физика пәні мұғалімдерінің зертханалық жұмыстарды орындау үдерісінде кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: Педагогика, физика, мұғалімнің кәсіптік құзіреттілігі, зертханалық жұмыстар.

Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қоятын талаптары, қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз,



жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, теориялық білімін практикада жаңа педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын шебер болуы қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1].

Оқытудың дәстүрлі жүйесінде білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазіргі мақсат - әлемдік білім кеңестігіне ене отырып бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда адамның құзырлылық қабілетіне бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үдерісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың жолы ретінде қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды [2].


Кәсіптік құзіреттілікті жетілдіруде болашақ физика пәні мұғалімдерімен жүргізілетін зертханалық жұмыстардың рөлі зор.

Студенттер зертханалық жұмыстарды жеткілікті жасайды. Бірақ олардың бәрі дайын түрде беріледі. Студенттер қысқаша теориямен танысып, құрылғыны қосып, есептеулер жүргізеді. Бұл жағдайда құзіреттіліктің дамуы туралы айтуға болмайды. Сондықтан студенттердің зертханалық жұмыстарды орындау кезінде құзіреттілікті қалыптастыру есептерін шешетін әдістер мен формаларын табу қажет. Бұндай есептер эксперименттік және есептеуіш (эксперимент материалында тұрғызылған) тапсырмалар кешенін қолдануда шығарылады. Есептің негізгі талабы зерттеуді жүргізу қажеттілігі болып табылады.

Эксперименттік тапсырмаларды орындау үдерісінде әдістемемізде құзіреттілікті қалыптастыру қалай жүзеге асатындығын қарастырамыз.

Алдыңызда төрт түйіні бар «Қара жәшік», сонымен бірге қалта шамының батарейкасы және өлшеу шегі 6 В вольтметр бар. «Қара жәшікте» не орналасқан [3]?

Ескерту. Жәшікте 1-суретте көрсетілген тізбек, сұлба бар.



1-сурет. «Қара жәшік» сұлбасы.

Эксперименттік есепті шешу кезіндегі зерттеушілік қызметтің кезеңдері:

1. Есептің берілген мәндерін талдау.

2. ЭҚК көздерінің жасырын сұлбасындағы тексеру идеяларының пайда болуы. Ереже бойынша, тексеру вольтметрді қораптың шығысына сағат тілі бағыты (немесе қарама-қарсы) бойынша қосуға әкеледі. Бұл кезеңде студенттер қораптың ішінде ЭҚК-інің жоқ екеніне көз жеткізеді.

3. Қорапта қандай элементтер (резисторлар, диодтар, конденсаторлар) бар екенін анықтау. Мысалы, берілген элементтерді сұлбаның периметрі бойынша шығыс аралықтарын тексеру идеясы пайда болады.

Бұл үшін батареjkаны және вольтметрді 1 және 2 түйіндерге қосып, ток мәнін бақылаймыз, батареjkаның полярлығын ауыстырып, токтың мәні 1-2 бөліктерде жоқ екендігін бақылаймыз. Уақыт өте келе, ток күші өзгермейді, демек бұл бөлікте конденсатор да жоқ. Осыдан қара жәшіктің барлық шығыстарын жұп-жұбымен тексеріп, онда резисторлардың бар екеніне көз жеткіземіз.

4. Тізбектегі элементтер санын анықтау.

Жұмысты орындау барысында оқытушы жәшікте қарапайым сұлбаның бар екендігін туралы талқы жүргізеді. Студенттер өздігінен сұлбаның екі элементтен тұратындығы туралы қорытындыға келеміз.

5. Ұсынылған сұлбаға зерттеу жүргізу алгоритмі таңдалады.

Жәшікте екі резистордың орналасқаны анық болғаннан кейін зерттеу жүргізу алгоритмі мынадай әрекеттерден тұрады:

1) Батареjка 1-2 түйіндерге қосылады (1-сурет). Вольтметр жәшік түйіндеріне кезектесе қосылады, барлық мүмкін нұсқалар ұсынылады. Нәтижелерді талдай келе, орындаушылар кесте құрады (1-кесте).

2) Сосы батареjка 3-4 түйіндерге қосылады (1-сурет). Вольтметр жәшік түйіндеріне кезектесе қосылады, барлық мүмкін нұсқалар ұсынылады, зерттеу нәтижесінің екінші кестесі құрылады (2-кесте).

3) Батареjkаны 1-3 түйіндерге қосқан кезде вольтметрдің көрсетуі нөлге тең болады.

4) Батареjkаны 2-4 түйіндерге қосқанда да вольтметрдің көрсетуі нөлге тең.

1-кесте.

Байланыс нөмері	1	2	3	4
1		U_0	$U_0/2$	U_0
2	U_0		$U_0/2$	0
3	$U_0/2$	$U_0/2$		$U_0/2$
4	U_0	0	$U_0/2$	



6. Зерттеу нәтижелерін талдау.

Сұлбаның қарапайымдылығын ескере отырып, студенттер кара жәшіктегі резисторлардың бірдей екендігіне көз жеткізеді. Ары қарай кедергілер комбинациясын таңдап және кестедегі мәндерді салыстырып, тек дұрыс сұлба таңдалады.

7. Жалпы қорытынды: Шешімдерін қорғау үшін нәтижелерді безендіру маңызды болып табылады. Ол үшін оқытушы нәтижелерді безендіру қажеттіліктерінің шартын құруы қажет.

8. Есепті талқылау, жасаған жұмысты қорғау, мүмкін қателерді түзету.

Зерттеуді жүргізу кезіндегі әрекеттер кілттік құзіреттіліктің қалыптасуына алып келеді (2-кесте).

2-кесте.

Байланыс нөмері	1	2	3	4
1		$U_0/2$	0	$U_0/2$
2	$U_0/2$		U_0	0
3	0	U_0		U_0
4	$U_0/2$	0	U_0	

Кілттік құзіреттілікке ресурстар, технология, ақпарат, жүйелер, өзара қатынастар жатады.

Ресурстар:

- Зерттеу жұмысының тәсілдерін таңдайды.

- Экспериментті жүргізу үшін қандай материалдар қажеттігін жоспарлайды (есепті шешудің бір тәсілін таңдайды).

Технология:

- Әртүрлі технологиялармен жұмыс істейді, эксперимент кезінде оқушы технологияны өзі таңдайды; тапсырманы орындау үшін технологияны қолданады; құралдарды қолданып, ондағы кемшіліктерді түзетеді.

Ақпарат:

- Зерттеушілік қызмет кезінде ақпараттарды өндейді және қолданады (ақпаратты табады және бағалайды; ақпаратты ұйымдастырады және сақтайды).

Жүйелер:

- Кешенді өзара байланыстар (олардың әрекеттерін бақылайды және түзетеді, жүйелерді тудырады және жасайды). Алынған нәтижелерді талдайды.

Өзара қатынастар:

- Басқа адамдармен жұмыс жасайды (топқа қатысады; жаңа дағдыға оқытады; көшбасшылыққа алады; алынған нәтижелерді талқылайды, қателіктерді бақылайды) [4].

Жүргізілген талдаулардан оқушылар жаңа білімді бұрынғымен біріктіре отырып және ақпараттың жаңа мазмұнға қолданбалылығы мен қолайлылығын қарастыра отырып, белгісізден белгіліге қарай жүретін ақпарат пен идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдайды. Оқушылар



жаңа идеяны қабылдайды, ескі мен жаңаны ұштастырады, ойлау қабілетін кеңейтіп, не түсінгенін анықтайды.

Технологияны қолдану үдерісінде алынған нәтижелердің негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: эксперименттік есептер кешенін жүйелі қолдану болашақ ұстаздың құзіреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде әдістемені кеңінен қолдану мүмкіндіктері болып табылады. Құзіреттіліктің ара қарай танылуы жас маманға мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- кәсіптік оқыту;
- дарынды балалармен жұмыс жасау, мысалы олимпиадаға дайындау;
- оқытудың зерттеушілік әдісінде жұмыс жасайтын оқушылар үшін жағдай жасау;
- физикалық экспериментті модернизациялау;
- практикамен байланысты білім алумен бірге оқытудың продуктивті технологиясымен қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2. Крысанова О. А. Ситуационный подход к формированию профессиональной компетентности будущего учителя физики в инновационной деятельности // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). 2010. Вып. 1 (91). С. 28–34.

3. Слободещкий И.И., Орлов В.А. Всесоюзные олимпиады по физике: Пособие для учащихся 8-10 кл. сред. школы. М. 1982.

4. Скрипко З. А., Тютюрев В. Г., Бармашова А. С. Знание как основа формирования профессиональной компетентности // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). 2011. Вып. 13 (115). С. 174–177.

Ж.С. Сырым, Г.Ш. Кажмуханова, Д.Ж. Мустакова

Формирование компетентностей будущих учителей физики на основе исследовательских экспериментов

Рассматривается необходимость формирования профессиональной компетентности будущих учителей физики в процессе выполнения лабораторных работ по физике.

Ключевые слова: Педагогика, физика, профессиональная компетентность учителя, лабораторные работы.

ZH. Syrym, G. Kazhmuhanova, D. Mustakova

Formation of competence of future teachers of physics based research experiments

In the article the need of formation of professional competence of future teachers of physics in the laboratory work in physics.

Key words: Pedagogics, physics, professional competence of the teacher, laboratory works.



УДК 371.64/.69(045)

Сергеева А.М. – г.ғ.к., Қ. Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Тоқпенов Е.А. – г.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы

Жетісу мемлекеттік университеті

Шумақова Г.Ж. – педагогика және психология магистрі Қ. Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Калиева Ә. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: aiko-sm@mail.ru

«MACROMEDIA FLASH» ЖӘНЕ «3DS MAX» БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚҰРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСТАРЫ

Аннотация. Мақалада қазіргі заманға сай сапалы білім берудегі озық технология, оқытудың «Macromedia flash» және «3ds max» бағдарламаларымен электронды оқыту құралдарын құрудың әдістемелік астары баса назарға алынған.

Тірек сөздер: интербелсенділік, ақпарат, инновациялық технология, география пәнін оқыту, мультимедиа, географиялық ақпараттар жүйе, интербелсенді карталар.

Интербелсенділікті ұсыну мультимедиа – құралдардың ең маңызды артықшылықтарының бірі. Интербелсенділікті оқушы белгілі бір шекте, өзгерістер енгізу, жұмыс істеу барысында алынған нәтижелерді тексеру, пайдаланушының нақты тапсырысына сәйкес бағдарламаның сұранысына жауап беру сияқты ұсынылған ақпараттарды басқару мүмкінділігінің болуы дәлелдейді. Жеке пайдаланушылардың оқу материалдарын беру мерзімін, қайталаудың санын басқада өлшемдерін белгілей алуы мультимедиа-технологиялардың икемділігін көрсетеді. Мультимедиа-технологиялар ақпараттардың көптеген түрлерін ой елегінен өткізіп, үйлесімді құрамдасуына мүмкіндік береді. Олардың қатарына компьютердің көмегімен түрлендіріп ұсынылатын фотосуреттер мен карталар, дауысты дыбыстық жазулар, бейнефильмдер және күрделі бейненәтижелер, анимациялар мен анимациялық имитациялар жатады.

Мультимедиа – бұл графиктік кескінді бейнелі қозғалысқа келтіріп дыбыстық нәтиже берілген қарапайым ақпараттарды интеллектуалдық режимге біріктіруге мүмкіндік беретін оқыту құралы. Кейде оны интербелсенді бағдарламамен басқару арқылы жүретін визуальды және аудионәтиженің өзара әрекеті деп те атайды. «Мультимедиа» терминін (*multimedia*) қазақ тіліне «көп орта» кейде «көп тасымалдаушы» деп аударуға болады [1, 81 б.].

Мультимедиа-нысандар мен үрдістерді фотосуреттің, бейненің, графиктің, анимацияның дыбыстың дәстүрлі мәтіндік сипаттамамен үйлестіріп интербелсенді бағдарламамен басқару арқылы қазіргі кезде белгілі электронды көрсету құралдарымен ұсыну. Мультимедияның басқа оқыту құралдарынан сандық және сапалық артықшылығы бар. Жаңа сапалық артықшылығы мен мүмкіндіктеріне тікелей аудиовизуальды көрсету барысында кескінді бейнені қозғалысқа келтіріп, сөзбен көркемдеуді жатқызуға болады. Сандық артықшылығын мультимедиялық ортаның



ақпараттық тығыздығы біршама жоғары болуы айқындайды. Көптеген адамдар естіген сөздерінің 15%-ын және көргендерінің 25%-ын есте сақтай алатындықтан ақпаратқа қаныққан мультимедиялық оқыту құралдарын көру оқушылардың назарын аудартуға және көрген құбылыстар мен үрдістерді белсенді түрде талдау арқылы өтілетін оқу материалдарын есте сақтауға, терең меңгерулеріне мүмкіндік береді [2, 51 б.]. Міне осы мәселе ыңғайлы мәтіндік түрдегі бейнеақпараттардың интербелсенді элементтерін құрып, мультимедиа оқыту құралдарына енгізу ырғақты ақпараттар ағынын терең түсініп меңгертуге қолжеткізуге жағдай тудырады.

Мультимедиа технология ортасын пайдалану өрте зор дидактикалық мүмкіндігі бар виртуалды шындықта құрылған белсенді әрекеттетін болатын динамикалық күйдегі көрнекі құралдарды мультимедиа-технология ортасына енгізу мұқият психологиялық-педагогикалық сараптаулар жүргізуді қажет етеді. Бұл технологияның ерекшелігі бізді қоршаған әлемнің шындығын экранда бейнелеу мультимедиа өнімді пайдаланушы оқушылардың көз алдында жүреді.

Мультимедианы пайдалану оқушыларға оқу материалдарымен жұмыс істеу арқылы ақпараттық технологиялық құралдардың мүмкіндігіне сүйеніп, әріптестерімен бірлесе отырып білім беру үрдісіне белсене араласа алуына мүмкіндік туады. Мультимедиа құралдарды пайдалануға байланысты оқушылардың пән аралық ойлаулары белсенді дамиды. Атап айтсақ, 6 сыныпта «План және карта» тақырыбын өту барысында 180⁰ артық бұрыштарды дұрыс өлшеу, масштабты анықтау, графиктерді дұрыс сызу ережелері туралы жан-жақты түсінік берілген математика пәнінің электронды оқулығын пайдалануға болады. Аталған материалдар «Жергілікті жерді бағдарлау», «Азимут», «Көкжиектің негізгі және аралық тұстары» түсініктерін жақсы меңгертіп, «Климаттық диаграммаларды» құру мақсатын көздейтін сарамандық жұмысты орындауға көмектесетіндіктен оқу-танымдық маңызы зор.

Мультимедиа құралдары оқушылардың назарын географиялық нысандар мен құбылыстарды танып білуге олардың арасындағы бір ізді себеп-салдарлы байланыстарға аударуға, оқытылатын материалдарды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.

Электронды оқулықтар мен мультимедиа оқыту құралдарын пайдалану 9 сыныпта өтетін Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы пәнінде «Қазақстанның шаруашылығының салалық құрамы», «Отын-энергетика кешені», «Қара металлургияның энергия өндірістік циклы», «Географиялық еңбек бөлнісі», «Сала аралық және сала ішілік өндірістік байланыстар», «Табиғаттың адамдардың шаруашылық әрекетінен өзгеруі» сияқты шаруашылық салаларының технологиялық тізбектері мен табиғат пен адам қоғамында жүретін экологиялық мәселелердің туу себептерін ашып көрсетіп, шаруашылық салаларының өзара байланысын терең меңгертіп, мотивациясын оятуда маңызы зор.

Компьютерлік технологиялардың көмегімен әртүрлі дайын электронды қабықтарда өз бетімен дайындалған тест сұрақтары арқылы сабақта оқушылардың білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп бағалауға да болады.



Жеке презентациялар мен Web – сайттар құрып оларды сабақта пайдалану арқылы оқушылардың география пәніне деген қызығушылықтарын арттырып, ой-өрістерін кеңейтуге болады.

Сапалы мультимедиа-құралдарды пайдалану оқу үрдісінің бір қатар астарына жағымды әсер ете алады деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Осыған орай мультимедиа былай әсер етеді:

1. Ақпараттарды қабылдап, оларды түсіну сияқты оқытудың когнитивтік астарына;
2. Оқушылардың уәжін арттыруға;
3. Оқушылардың ұжымдық танымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін бірлесе оқу жұмыстарын атқару дағдыларын қалыптастыруға;
4. Оқушыларды оқуға тереңінен қарап, оқитын оқу материалдарын жақсы түсінуіне.

Сонымен қатар, жалпы білім беретін орта мектептерде мультимедиа-құралдарды пайдаланудың төменде көрсетілген артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- оқу үрдісінің барысында бірнеше сезім мүшелеріне әсер ететін құрамдасқан ақпараттарды ұсыну есебінен бірден оқушылардың бірнеше қабылдау арналарын пайдалану мүмкіндігінің болуы;
- табиғатта жүретін күрделі үрдістермен құбылыстарды шынайы уақыт жағдайында үлгілеу мүмкіндігі;
- үрдістерді динамикалық күйде ұсынудың есебінен абстрактілі ақпараттарды визуальдау арқылы;
- макро және микро әлемдегі нысандар мен үрдістерді визуальдау арқылы көрсету;
- оқылатын материалдарды оқу, қоғамдық және тарихи тұрғыдан кең көлемді қарастыру арқылы білімнің когнитивті құрылымы мен оқушылардың оны түрлендіру дағдыларын дамыту мүмкіндіктерінің болуы.

Қазіргі мультимедиа-құралдар әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жана деңгейдегі білім беру технология оларды енгізуге мүмкіндік береді. Солардың ішіндегі жалпыға бірдей орта білім беретін мектептерде қолданылатын жұмыс істеу бағыты «виртуальды шындық» технологиясына негізделген әр түрлі үлгілеу құралы жатады.

География пәнін оқыту барысында қолданылатын виртуальды нысандар мен үрдістерге нақты бар немесе нысандар мен құбылыстардың абстрактілі бейнесінің электронды үлгілері жатады. «Виртуальды шындық» – дыбыстық, көру, ақпараттың басқа да түрлерін ойша ұсынылатын пайдаланушының көлемді виртуальды кеңістікке кіріп, осы кеңістік шегіндегі шынайы уақытта нысанға қатысты қозғалуын қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалық ортада үлгіленген мультимедиа-құрал [3, 49 б.].

«Виртуальды шындық» жүйелері адамның ортамен «тікелей» тура байланысын қамтамасыз етеді. Олардың біршама жетілген түрлерінде пайдаланушы нысанды қолдарымен ұстап көру мүмкіндігі болады. Басқа жағдайда термометр, барометр, гигрометр, анемометр, тұсбағдар, флюгер сияқты приборлардың үш өлшемде құрылған үлгілерін төңкеріп, өлшеу жұмыстарын жүргізе алады. Мектептерде мұндай мультимедиа-құралдарды пайдалану алынатын ақпараттарды қабылдау, түсіну тетіктері мен оқу



үрдісіне сапалық өзгерістер енгізеді. Бұл жағдайда ақпараттарды қабылдау көру, есту ғана емес басқада сенсорлық жүйелердің көмегімен жүзеге асырылатындықтан, оқытудың көрнекілік қағидасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

«Виртуальды шындық» жүйесімен ақпараттар бейнелі, көрнекі іс-әрекетті түрде ұсынылатындықтан, оларды қабылдап ой елегінен өткізудің теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Динамикалық күйдегі символды бейнелі ақпараттарды қабылдау жеңіл болғандықтан, тәжірибелік ойлау теориялыққа қарағанда көп күш жұмсауды қажет етпейді. Сондықтан виртуальды шындық технологиясын пайдалана отырып құрылған компьютерлік технологиялық құралдар оқу үрдісі барысында оқу материалдарын жеңіл меңгертуді қамтамасыз етеді. Бірақ виртуальды шындық жүйесінің деңгейі артқан сайын оны қолданып, мультимедиа оқыту құралдарына жұмсалатын еңбектің мөлшері де артумен қатар ақпаратты мұғалімдер мен оқушыларға қолжетімді жетілдірілген техникалық құралдармен көрсету қажет болатынын ескеру керек. «Виртуальды шындық» жүйесімен құрылған мультимедиа оқыту құралдарын құру бағдарламалық ортаның мүмкіндіктерін ескерумен қатар оқытудың дидактикалық қағидаларына негізделеді [4, 2-3 б.].

Олар өздерінің зерттеулерінде компьютерді пайдалану тиімділігі мен бағдарламалық ортаның мультимедиа оқыту құралдарын құрудағы маңызын жан-жақты ашып көрсетіп, оларға талдау жасаған.

Ақпараттық-қатынастық технологияларды енгізу, оқу үрдісін ақпараттандыру саласы бойынша Ресейдің танымал ғалымдары И. Роберт, А. Кузнецов, Т. Сергеева өз зерттеулерінде төменде көрсетілген аса маңызды әдістемелік мақсаттарды ашып көрсетеді:

- ✓ оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп даралап немесе саралап оқыту;
- ✓ алған білім мен қалыптасқан іскерлік-дағдыларды бақылауды кері байланысы мен нәтижесін бағалауды болжау арқылы жүзеге асыру;
- ✓ өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету;
- ✓ материалды ұсынудың техникалық және графиктік кескіндері;
- ✓ зерттелетін үрдістерді үлгілеу;
- ✓ ақпараттық деректер қорын құру мен пайдалану, ақпарат желісіне қатынасу;
- ✓ оқушының логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін дамытуға негіз болатын оқытудың уәжін күшейту;
- ✓ оқушыларды оқу материалын игеру стратегиясымен қаруландыру.

Географиялық оқу материалдарын дәстүрлі ақпараттық-қатынастық технология құралдарын пайдаланып оқытудың төменде көрсетілген бірқатар артықшылығы бар:

- 1) ақпаратты кескінді-бейнелі түрде ұсынылуы;
- 2) бейнелердің динамикалық сипатта болуы;
- 3) әрекеттерді бірнеше рет қайталау және басқару;
- 4) оқыту барысында жеке жағдайлардың ескерілуі;
- 5) оқытудың репродуктивті ғана емес, өзекті әдістерін де пайдалану мүмкіндігі.



Өкінішке орай, компьютерлік оқытудың осы мүмкіндіктерінің көбі мұғалімдердің қолында бар көптеген бағдарламалық өнімдерде әлі де толық пайдаланылмай келеді. Көп жағдайда компьютер әлі де жаттықтырушы немесе жаңа материалды түсіндіргенде мұғалімнің «орынбасары» ретінде қолданылады. Бұл қорытындыны автордың 9 сыныпта оқытылатын Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы пәнінде «Қазақстанның табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтары», «Қазақстанның металлургия кешені», «Отын-энергетика кешені», «Химия өнеркәсібі» тақырыптарын оқыту барысында ақпараттық-қатынастық технологияны енгізуге мүмкіндік беретін мультимедиа оқыту құралдарын құрып оларды орта мектепте де іс жүзінде пайдалануы дәлелдейді.

Барлық дидактикалық ақпараттық құралдар оқу-танымдық, сонымен қатар, көркем-эстетикалық міндеттерді шешуді көздейтін екіжақты қызмет атқарады. Оның соңғысы оқу ортасында интербелсенді оқыту құралдарының дидактикалық қызметіне бағынады. Атап айтсақ, дидактикалық ақпараттық құралдарды құру барысында теориялық тұрғыдан жалпы дидактикалық және дыбыстық, фото, кино, бейне, мультимедиа материалдарды жасауға қойылатын көркем-эстетикалық талаптар ескеріледі.

Дидактикалық ақпараттық құралдарды құру барысында көрсетілетін құбылыстар мен үрдістерді бейнелеу барысында интербелсенді оқыту құралдарының қасиеті мен қызметі, сонымен қатар пайдалану жағдайы, кешенді пайдалану мүмкіндіктері мен басқа оқыту құралдарымен қарым-қатынаста болу ерекшеліктері ескеріледі.

Географияны оқытуда заман талабына сәйкес көрнекілікті пайдаланудың дидактикалық қағидаларын жүзеге асыру интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарымен жүйелі түрде жұмыс істеуді талап етеді.

Интербелсенді карталар мен мультимедиа құралдардың оқушыларды операциялық әрекетке жұмылдыруды қамтамасыз ету қызметі. Бұл қызмет мультимедиа оқу материалдарымен іс жүзінде жұмыс істеу, локальды климаттық кестелерді құрып, табиғат пен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үрдістерді көздерімен көріп талдау арқылы тәжірибелік іскерлік-дағдыларды қалыптастыру барысында көрініс табады. Аталған қызметті жүзеге асыру үшін оқушылардың электронды оқулықтың гипермәтінімен, мультимедиа оқу материалдарымен, алған білімді тексеріп бағалауға мүмкіндік беретін тест тапсырмаларымен жұмыс істету дағдыларын қалыптастыру мәселелеріне зор мән беру қажет [5, 81 б.].

Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарының тәрбиелік қызметі. Мұғалімнің интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарымен жұмысты дұрыс ұйымдастырып, оқушыларды ой әрекетіне жұмылдыру мәнерлі сөйлеуге үйретіп, олардың сезімі мен эмоциялық әрекеттерін арттырады. Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісіне интербелсенді оқыту құралдарымен жұмыс істеуге негізделген тапсырмаларды енгізу арқылы мұғалім экологиялық, эстетикалық тәрбие беріп, ұлттық байлықты тиімді пайдаланып үнемдеуге үйрету мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

ГАЗ негізделіп құрылған интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарымен жүргізілетін кешенді оқу жұмыстарының маңызды



міндеттерінің бірі қазіргі кездегі кәсіби білім беру арқылы оларды оқып түсінуге графиктік кестелер мен диаграммалар құру дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Мектеп географиясының мазмұны білім берумен қатар оқушылардың шығармашылық ой-әрекетін ынталандыратын іскерлік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін қамты тиіс. Оқушыларға эмоционалды ықпал ету арқылы оларды карталар мен көрнекі құралдарға негізделіп бағалау әрекеттеріне жұмылдыру қажет.

Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарының дамыту қызметі. Электронды оқулықтар мен мультимедиа оқыту құралдарын жүйелі түрде пайдаланып өзекті жағдайлар тудырып оларға талдау жасау оқушылардың ақыл ойларын дамытуға мүмкіндік береді. Дамыту қызметін мультимедиа оқыту құралдарымен тұрақты түрде белсеиді жұмыс істеу, берілетін тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру арқылы жүзеге асырылады. Интербелсеиді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарымен жүйелі түрде жұмыс істеу арқылы ақыл-ой әрекеттерін дамытудың нысандар мен құбылыстарды оқып-үйренудің бастапқы кезеңінде оқушылардың қызығушылығын ояту, олардың түзілуіне әсер ететін орта жағдайларын анықтау, екінші кезеңінде белгілі бір құбылыстарға бақылау жүргізу, нәтижелерін талдау, синтездеп ой қорытындыларын шығару тәсілдерін меңгертуді қажет етеді. Оқушылардың бұл кезеңдегі жұмысы тапсырмаларды белгілі бір алдын-ала жоспарланған үлгісі бойынша орындауды талап етеді. Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын меңгергеннен кейін ғана келесі үшінші кезеңде өз беттерімен шығармашылық ой әрекеттеріне жұмыла отырып алдыға қойған оқу міндетін өз беттерімен шешуге кіріседі.

Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарының ақпараттық қызметі. белгілі бір дәрежеде ақпараттар сақталған «Macromedia Flash», «3ds max» компьютерлік бағдарламаларымен құрылған динамикалық күйдегі шағын бейне фильмдер мен географиялық ақпараттар жүйесі (ГАЗ) негізінде жасалған интербелсенді тақырыптық карталарды жүйелі түрде пайдалану арқылы жүзеге асырылады [6, 41 б.].

Ақпараттық қызмет географиялық ақпараттарды еркін меңгеріп, төмендегі білім мен іскерлік-дағдылар кешенін оқушыларға меңгерту арқылы жүзеге асырылады: сипаттауды қажет ететін оқу материалдарын айқын, бейнелі, әрі тартымды жеткізе білу; күрделі географиялық үрдістер мен құбылыстарды нақты, дәлелді, анық түсіндіре отырып сипаттама беру; оқу материалдарының қажеттілерін іріктеп алып, теорияның негізгі ережелерін көрнекі құралдардың көмегімен дәйекті дәлелдемелер келтіру арқылы бір-бірімен тығыз байланысқан қатаң логикалық сызбаға негізделіп жеткізуі; оқу материалдарының мазмұнын ашып, ой қорытындыларын шығаруды білімді меңгертудің индуктивтік және дедуктивтік жолына сүйене отырып құрып, ой-әрекетінің бір ізділігін айқындау; оқытылатын нысандар мен құбылыстардың арасындағы басты байланыстар мен заңдылықтарды табу; географиялық картаны жан-жақты меңгеріп, ондағы кескінделген нысандарды көрсетіп, шартты белгілерінің көмегімен оқи білу; негізгі оқыту құралдарын біліп, оқу ақпараттарын жеткізу үшін оларды қолдана білу.

Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарының ұйымдастыру қызметі. Интербелсенді оқыту құралдарының ұйымдастыру



қызметін жүзеге асыру электронды оқулықтар мен интербелсенді мультимедиа оқыту құралдарында берілген ақпаратты талдап, география сабақтарында карталар мен мультимедиа оқыту құралдарын пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты олар өздік немесе сарамандық жұмыстарды, жаттығулар мен үй тапсырмасын орындау ролін атқаруы атқарады. Бұл рөлдердің барлығы табиғи және әлеуметтік-экономикалық нысандар мен құбылыстардың орналасуы жөніндегі кеңістіктік ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыруды көздейтін географияны оқытудың жалпы мақсатына бағынады (1-сурет).



1 сурет - Интербелсенді карталар мен мультимедиа оқыту құралдарының атқаратын қызметтеріне қарай жіктеу

Уваров А.Ю. интербелсенді карталар мен электронды мультимедиа оқыту құралдарының оқу қызметінің төмендегі түрлерін ашып көрсетті:

- оқып-үйренуді талан ететін белгілі бір оқу мәселелеріне шешуге бағытталған бағдарлы интербелсенді карталар мен электронды мультимедиа оқыту құралдары;

- мәтінді дайындау және ақпараттық-іздеу жүйелерін, деректер базаларын қамтитын нысандық ортамен жұмыс істеудің бірқатар әрекетін жүзеге асыруға бағытталған нысандық-бағдарлы интербелсенді карталар мен электронды мультимедиа оқыту құралдары;

- оқыту технологияларының барлық элементтерін қамтитын бірқатар пәндік ортамен жұмыс істеуге бағытталған пәндік-бағдарлы интербелсенді карталар мен электронды мультимедиа оқыту құралдары [7, 150 б.].

Жалпы білім беретін мектептерде оқу үрдісінде кеңінен қолданылатын «Macromedia Flash», «3ds max» компьютерлік бағдарламаларымен құрылған динамикалық күйдегі шағын бейне фильмдер мен географиялық ақпараттар жүйе (ГАЗ) негізінде жасалған интербелсенді тақырыптық карталарды жатқызуға болады. Жоғарыда аталған бағдарламалық құралдарды оқу мақсатында пайдаланудың көп жылдық тәжірибелерінің болуына қарамастан олардың мүмкіндіктері әліде толық игерілмей жатыр. Оның басты себептері географиялық құбылыстар мен үрдістердің түзілу заңдылықтарын жан-жақты ашу арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыратын ГАЗ-н, «Macromedia Flash» және «3ds max» компьютерлік бағдарламаларымен динамикалық күйдегі мультимедиа оқыту құралдары мен интербелсенді карталарды топтастыру, оларды құру жолдары мен оқу



мақсатында тиімді пайдалануға қойылатын талаптарды ашып көрсететін теориялық негіздерінің жасалмауымен түсіндіруге болады.

"Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы" пәнін оқыту барысында нысандардың, шаруашылық салаларының технологиялық үрдістерін динамикалық күйге келтірілген үш өлшемді үлгісін құруда 3D Studio MAX бағдарламасы негізінде құрылған электронды оқулықтардың кеңінен тарап келеді. Аталған бағдарламаның көмегімен жер қойнауында, атмосферада жүретін құбылыстарды табиғи қалпында көрсетуге, географиялық білімді меңгертуде ерекше орын алатын приборлар мен құралдардың жұмыс істеу қағидаларын, өлшеу әдістерін түсіндіруге оңтайлы үлгілер құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде үш өлшемді үлгілеу мен анимацияның кеңінен қолданылатын ең жақсы бағдарламалардың бірі 3D Studio MAX болып табылады. «3ds max» географиялық нысандар мен құбылыстарды «шынайы уақыт» жүйесіндегі үлгілерін құрып болған соң олардың текстурасына көптеген «материалдарды» енгізуге мүмкіндік береді.

Біріккен 3dmax және Flash MX бағдарламасы ақпараттандыру саласында дүннежүзілік стандартқа сәйкес келетін жаңа технологияларды енгізуге қолайлы оқыту бағдарламаларын құруға болады. «3ds max» пен құрылған үш өлшемді үлгілер мен Flash-тің қолайлы интерфейсы жаңа компьютерлік бағдарламалар көрікті әрі оқушылар үшін қызықты бола бастады. Қазір көрнекі көркем бейнелі және оқушылар үшін қызықты электронды оқулықтардың қабығы жасауға болатын кең тараған алуан бағдарламалар бар. Осыған орай 3ds max және Flash MX бағдарламалары ұсынылатын кең көлемді ақпараттардың жоғары деңгейдегі көрнекілігі мен интербелсенділігін қамтамасызететін гипермедия, виртуальды шындық элементтері енгізілген электронды оқулықтарда дәстүрлі оқулықтардың барлық мүмкіндіктері сақталып олар жаңа сапалық дәрежеде көрініс табуы тиіс.

Қазіргі кезеңдегі оқыту әдістемесінде танымның шынайы жағдайда немесе динамикалық күйдегі мультимедиа және статикалық көрнекі құралдарды көзбен көріп түйсінуге негізделген индуктивті және көзбен көру мүмкіндігі болмайтын нысандар мен құбылыстарды абстракциялық ойлау арқылы жүретін дедуктивті формалары белгілі. Танымның жоғарыда аталған екі формасы да бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Көрнекілік оқушылардың географиялық түсініктерінің ауқымын кеңейтумен қатар, оқытуды біршама қолжетімді етіп, байқампаздығын, ойлау қабілетін дамытып, оқу материалдарын терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Андресен, Бент. Б. Мультимедиа в образовании: специализированный учеб. курс: [пер. с англ] / Бент. Б. Андерсен, Катя Ван Ден Бринк. – 2 – е изд. испр. и доп. – М.: Дрофа, 2007. – 221 с.
2. Дронов В. Macromedia Flash MX. Экспресс курс. – СПб: БХВ-Петербург: 2006. – с. 157.
3. Крейдер О.А. Информационная среда использования ГИС-технологий // Геоинформатика, 2005, - №4. - 49-52 с.
4. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.К., Аблеева А.Г. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы // Электрондық оқулық. – Алматы: 2008.



5. Алдешов С.Е. Орта оқу орнында оқытудың ақпараттық-компьютерлік технологияларын қолданудың қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері // Салыстырмалы педагогика: Қазақстан және дүниежүзіндегі білім беру жүйелерінің даму тенденциялары II республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: 2009. - 80-83 б.

6. Нурбекова Ж., Даутова А.З. Технология проектирования мультимедийных обучающих систем. – Павлодар: 2003. – 59 с.

7. Уваров А.Ю. Кластерная модель преобразований школы в условиях информатизации образования. – М.: МИОО, 2008. – 380 с.

Сергеева А.М., Токпанов Е.А., Шумакова Г.Ж., Калиева А.

Методические основы создания электронного обучения по программе «Macromedia flash» и «3ds max»

В статье рассматриваются современные технологии обучения и составление электронного обучения по программам "Macromediya flush" и "3 ds max".

Ключевые слова: интерактивность, инновационные технологии, обучение географии, мультимедия, географическая информационная система, интерактивные карты.

Sergeyeva A.M., Tokpanov E.A., Shumakova G., Kalieva A.

Methodical bases of creation of e-learning program «Macromedia flash» and «3ds max»

The article deals with modern technology training and electronic structure tion training program "Macromediya flush" and "3 ds max".

Key words: Bearing the words: Interactivity, innovative technologies, learning geography, multimedia, geographic information system, interactive maps.

УДК 159.923

Муханбетчина А.Г. - п.ғ.к.,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,

Гайиназарова Б.Д. - М.Өтемісов атындағы

БҚМУ магистранты

E-mail: baggi_19.90@mail.ru

АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақалада «акмеологиялық мәдениет» түсінігінің мәні, құрылымы, мазмұны айқындалып, тұлғаның бойында акмеологиялық мәдениетті қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады.

Тірек сөздер: тұлға, акмеология, мәдениет, акме, акмеологиялық мәдениет, ересектік кезең, өзін-өзі жетілдіру

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн», - дей келе, қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыру мәселесіне үлкен көңіл бөледі [1, 1-3-б.б.].

Тұлғаның мәдени тұрғыда дамуы қазіргі таңда туындап отырған көптеген мәселелердің шешімі болмақ. Адами құндылықтар мен қарқынды



экономика еліміздің одан әрі көркеюіне септігін тигізеді. Бұл әрекет еңбек құралдары мен әдістерінің қарқынды өзгеруімен, инновациялық технологиялардың қолданылуымен жүзеге асады. Осыған орай, бүгінгі таңда жаңашылдыққа бейім, қарқынды дамып отыратын, өмір ағымына ілесе алатын, мәдени тұрғыда дамыған мамандарды даярлау қажеттігі артуда.

Қазіргі педагогика ғылымында қарастырылатын маңызды мәселелердің бірі - білікті мамандарды даярлау және олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мәселесі. Жоғары оқу орнын аяқтаған болашақ мамандар кәсіби тұрғыда білім, білік, дағдыларды меңгеріп шығады, бірақ еңбек жолында оларды жүзеге асырудың жолдарын іздестіріп, қиындықтарға тап болады. Бұл мәселелер болашақ мамандардың қоршаған ортасын, кәсібін, өзін-өзі тануына және кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге жағдай жасайтын акмеология ғылымының арқасында өз шешімін табады.

Акмеология - (көне грек сөзі: акме - биік, шың, табыс, logos - ілім) адамның шығармашылық ғұмырына, кәсібилік шыңына жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым. Ол жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндер тоғысында пайда болған, белгілі бір іс-әрекет аясында адамның жоғары дәрежеде акме дамуы жөніндегі ғылым саласы [2, 5-б.].

Акмеология ғылымы даму жолының басынан бастап жоғары білікті мамандарды даярлаудың технологиялары мен жоспарларын құрастыруда. Акмеологияда даму үдерісі тұлғаның сапалық тұрғыда дамуы және мәдени жетілуі ретінде қарастырылады.

«Мәдениет» түсінігі қазақ тіліне арабтың «мадавият», яғни, «қала, қалалық» деген сөзінен енген. Латын тілінде бұл термин «құру, өңдеу», «тәрбие, дамыту» деген мағыналарды білдіреді. Бұл түсінік ғылымның көптеген салаларында XIX – XX ғ.ғ. қолданыла бастады. Бірақ, Ежелгі Рим кезінде-ақ Цицерон мәдениет түсінігін: «Жан мен тәннің өзгерісі, құрметтеуге лайық адамның ақыл-ой қабілеттерінің дамуы», - деп көрсеткен. Ал, Платон мәдениет түсінігіне: «Бұл адамның түбегейлі өзгерісін өзіндік басқаруы», - деп анықтама береді.

«Мәдениет» ұғымы кең тараған, оның анықтамалары сан түрлі. Солардың арасынан ерекше атап кететін болсақ: біріншіден, мәдениет - қоғамның белгілі бір дәрежеде дамығандығын көрсететін материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Екіншіден, қоғамның адамдық және саналық жағдайы. Үшіншіден, мәдениет белгілі бір ғылым немесе кәсіп саласында жеткен дәрежесі, деңгейі (еңбек мәдениеті, тіл мәдениеті, т.б.). Төртіншіден, белгілі бір адамның әлеуметтік және саналық өзгерісіндегі жоғары дәрежесі [3, 374-б.].

Мәдениет – адамдардың әлеуметтік өміріндегі, олардың бірге өмір сүруінің белгілі бір құбылыстарының жиынтығы. Сонымен қатар, мәдениет құндылықтары адамның биологиялық белгілері және қажеттіліктері сияқты генетикалық тұрғыда ұрпақтан-ұрпаққа берілмейді, ол үйрету арқылы ұғындырылады.

Акмеологияға сүйенсек, тұлғаның мәдени қасиетінің айқындалуы, өзіндік бейнелеушілігі, өзін-өзі жетілдіруі белгілі бір уақыт аралығында іске асады. Бұл үрдіс ересектік кезеңде, немесе кейбір ғалымдардың көрсетуінше, тұлғаның кемелге жету кезеңінде жүреді. Ғалымдардың зерттеуінше, бұл



кезең адам ғұмырының 30 және 50 жас аралығын қамтиды. Ересектік кезеңге «акме» ұғымы сәйкес келеді. Акмеологиядағы «акме» (грек сөзі - биік, шың) - тұлғаның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік жағдайы, оның даму жолында кемелдік шыңына шығуы, шығармашылық және қызмет жолында жоғары көрсеткіштерге жетуі. Ежелгі гректердің түсінігінше, «акме» ұғымы даму психологиясында ересектік шақты зерттейтін сала болып табылған.

Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, А.А.Деркач, В.Г.Зазыкин, Е.А.Климов, Н.В.Кузьмина, А.К.Макарова және т.б. ғалымдардың анықтауы бойынша, кемелдік кезеңдегі «акме» – белгілі бір мамандықтың қас шебері ретінде қалыптасуы болып табылады. Кәсіби дамудағы акме – бұл белгілі бір уақыт аралығына сәйкес келетін, белгілі бір адамның кәсіби дамуындағы өзі үшін жоғары болып саналатын кәсіби шеберліктің шыңы. Кәсіби дамудағы акме адамның тұлға, индивид ретінде дамуындағы акмеге сәйкес келмеуі мүмкін. Себебі, адамның жеке тұлға, индивид және кәсіби қызметтің субъектісі ретінде дамуының шарықтау шегі әртүрлі уақытта жүруі мүмкін.

Қазіргі таңда ересектік кезең және бұл кезеңде «акменің» көрініс табуы туралы әртүрлі көзқарастар туындап отыр. Швейцарлық психолог Э.Клапаредтің пайымдауынша, ересектік кезеңдегі өзінің гүлдену-өсуіне, өзінің кәсіби шыңына жеткенде, адам өзінің дамуын баяулатады, жеткен нәтижесінде тоқтап, өзінің шығармашылық деңгейіне қанағаттанады.

Ал, Г. Кайктің анықтауы бойынша, ересектік кезең адамның отбасылық өмірдегі гүлденуі, өсуі ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде көптеген адамдарды өзінің шығармашылығын жүзеге асыру мәселелері, өзінен кейінгі ұрпаққа белгілі бір шеберлікті қалдыру қажеттілігі, сонымен қатар жүзеге аспай қалған жоспарлары мен назардан тыс қалған мүмкіндіктері де уайымдатады, өзінің туыстарымен жақын қатынастарды қалай сақтау мәселесі ойландырады.

Т.П.Фокинаның ойынша, акме-ашылу энергетикасы жеке тұлғаға жоғары дәрежеде шыңдалып, өз мақсатына жетуіне мүмкіндік береді, бірақ барлық салынған күштерге қарамастан, акме – ашылуға екінші рет қол жеткізу мүмкін емес [4, 22-б.].

В.П.Бранский, С.Д.Пожарскийлердің акме үлгісі құрылымдық негізде қарастырылады. Бұл бойынша локальды және глобальді (абсолюттік) акменің айырмашылығын түсіну ұсынылады, утилитарлық және рухани акмені атап өтеді. Авторлық көзқарас бойынша утилитарлық «акме» экономикалық немесе саяси аумақтың даму шыңы ретінде анықталады, ал рухани «акме» моральдық, дүниетанымдық және өнер аясының даму шыңы ретінде танылатындығын ерекше атап көрсеткен [5, 476-б.].

Ересектік кезең - бірқатар мамандықты меңгеруге қолайлы кезең, жас ерекшелік шыңы, өздерінің мінез-құлқына негізделген өнімді еңбекпен айналысу шағы. Барлық кәсіп иелерінде шеберлік, білім мен тәжірибе, физикалық және функционалды дайындықтың жоғары деңгейі ересектік кезеңде көрініс табатыны анықталған. Ғалымдардың анықтауынша, ұшқыштар, кәсіби спортшылар, әртістер өзінің «акмесіне» ересектік шақтың алғашқы кезеңінде жетеді, одан кейін біршама басылады. Басқа кәсіптерде, мәселен, хирург-дәрігерлер, авиадиспетчер және т. б. «акме» ересектік шақтың ортасында немесе соңына қарай жетуі мүмкін. Мұндай



жағдайлардың барлығында да кәсіптік өнімділік шыңы шеберлік, білім, тәжірибе деңгейлерінің жоғары дәрежеде үйлесімді болуына байланысты болады. Бір жағынан, адамның функциональдық дайындығына негізделсе, екінші жағынан, физикалық дайындығына байланысты болады.

Акмеге бағытталған өзін-өзі дамыту үрдісі, акмеге жету, өзін-өзі жүзеге асыру және тұтас тұлғалық қасиеттерді дамыту «акмеологиялық мәдениет» сынды тұлғалық мәдениеттің арқасында жүзеге асады.

«Акмеологиялық мәдениет» термині акмеологиялық зерттеулер саласында ертеден қолданылып келеді (В.Ф. Варуков, Н.Э. Вегерчук, А.А. Деркач, О.Г. Коломнец, Е.П. Кондратьева, П.Н. Кудельникова, Е.А. Суслова және т.б.). *Акмеологиялық мәдениет* – тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі жетілдіруде акмеге жетудің өзіндік жолы [2, 43-б.].

Е.П.Кондратьева акмеологиялық мәдениетті адамның тұлғалық және әрекеттік сипаттамасы, адамның қоғамдық мәні бар жетістігіне жетудегі тәсілдер (рефлексивтік, ұйымдастыру, технологиялық), оларды өз мақсатына жетуде қолдану әрекеті ретінде түсіндіреді [6, 86-б.]. Ал, Е.В.Селезнева акмеологиялық мәдениетті өмірлік тәжірибеде интегралдық білімді жинақтаудың жоғары деңгейі мен білімі ретінде анықтаған. Ол акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуын үш кезеңге бөліп көрсетеді: бірінші кезең - акмеологиялық сауаттылықтың қалыптасуы, екінші кезең - акмеологиялық құзырлылықтың қалыптасуы, үшінші кезең - акмеологиялық мәдениетте өзін-өзі жүзеге асыру және акме жетістікке жету механизмінің қалыптасуымен түсіндіреді [7, 389-б.].

Акмеологиялық мәдениетінің қалыптасуын интеллектуалды ұлттың қалыптасуының себепші факторы ретінде қарастыруға болады. Ал интеллектуалды ұлттың қалыптасуы – моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, ғылыми, мәдени, білімдік ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғамның қалыптасуына негіз болады. Ол - біздің еліміз үшін дамыған елдердің қатарына қосылуда жол ашатын көрсеткіштердің бірі.

Акмеологиялық мәдениетті жүйе ретінде меңгерген тұлғаның бойында өзін-өзі жүзеге асыру, сол үшін жеке жауапкершілікті сезіну, жекелік жүзеге асыру үрдісінде қажеттіліктерді қанағаттандарудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру арқылы өзін дамытуға және жаңартуға дайын болуы сынды қабілеттері қалыптасады.

Өзін-өзі жүзеге асыруға деген жауапкершілік – бұл тұлғаның шогырланған қасиеті. Ол тұлғаның жекелік даму үрдісінде нақты шешім қабылдауында және оны жүзеге асыруда жүрек қалауымен іске кірісіп, табандылықпен нәтижеге бағытталуында, жеткен нәтижесі, жетістігі үшін жауапкершілік танытуында көрінеді.

Жауапкершілік ұғымы субъектінің белгілі бір іс-әрекет жасауында белгілі бір ережелер мен заңдылықтарға байланысты әртүрлі формада жүзеге асырылатын бақылау. Бұндай бақылаудың екі түрі ажыратылады: сырттай және ішкі. Сырттай бақылау субъектінің басқа субъектіге міндетті жүктеу және сол іс-әрекеттің нәтижесі үшін жауапкершілікті талап етуі арқылы жүзеге асады. Ал, ішкі бақылау белгілі бір субъектінің қызметті атқаруда өзін реттеуі және сол қызметтің нәтижесі үшін іштей жауапкершілік сезінуі арқылы жүзеге асады.



Тұлғаның өзін-өзі дамытуға дайын болуы – бұл тұлғаның ішкі қарама-қайшылықтарды жеңіп, өзін дамыту үшін барлық мәселелерді оңтайлы шешуге құлшынысының болуы. Өзін-өзі дамытуға дайын болу деңгейі тұлғаның жалпы және акмеологиялық білім, білік, дағдылармен қарулануы, оның психикалық күйіне байланысты болады.

Бойында акмеологиялық мәдениеті дамыған адам тек қана дамудың тиімді тәсілдерін таңдау арқылы өзін-өзі жүзеге асырып қана қоймай, ол жеке тұлғалық тұрғыда өзгереді, психологиялық кедергілерді жояды, маңызды акмеологиялық қасиеттерді дамытудың оңтайлы жолдарын іздестіреді, акмеге жетудің және өзін-өзі жүзеге асырудың жеке жоспарын құрады.

Акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуы рухани тұрғыда білім берудің нәтижесі ретінде танылады. М.С.Каганның көрсетуінше, рухани белсенділік кәсіби іс-әрекеттің нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыз етеді [8, 122-б.]. Рухани белсенділіктің негізі адамның екіжақты ойлау үдерісі – сыртқы, яғни қоршаған ортаға бағытталған және ішкі, өзіне бағытталған ойы, яғни өзін-өзі тануға ұмтылуы. Руханилық адамның өзін-өзі дамыту қажеттілігінің туындауына негіз болады. Сол арқылы, өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін құрылым ретінде акмеологиялық мәдениетті қалыптастыру мен дамыту қажеттілігі туындайды.

Өз қызметін жүзеге асыру тұрғысынан қарастыратын болсақ, акмеологиялық мәдениетті психологиялық білім беруге жатқызуға және оны психологиялық мәдениеттің бір түрі ретінде айқындауға болады. Ғалымдар психологиялық мәдениетті жеке тұлға, индивид және субъект ретінде адамның белгілі бір психикалық жан дүниесінің қасиеті, оның барлық мәдениетінің негізі ретінде қарастырады. Олар психологиялық мәдениетті адамның жеке қажеттіліктерінің және қабілеттерінің кешені ретінде сипаттайды.

Акмеологиялық мәдениетті адамгершілік тұрғысынан білім беруге де жатқызуға болады. Себебі, адамгершілік еркін таңдауды қажет ететін жеке тұлғаның іс-әрекеті екендігі белгілі. Адамгершіліктің жоғары дәрежеде дамуы кез-келген мәселелердің шешімін өз қалауы бойынша таңдауға және өз шешімі үшін жауапкершілігінің артуына тәрбиелейді.

Акмеологиялық мәдениетті тұлғаның бойында қалыптастыру үшін жоғарыда аталған үш түрлі мәдениеттің, яғни, рухани, психологиялық және адамгершілік мәдениетінің өзара байланысын қамтамасыз ету қажет екендігі айқындалады. Бұл біртұтас жүйе, яғни акмеологиялық мәдениетті қалыптастыру жүйелі түрде ұйымдастырылған үрдіс және оның өз механизмі болады.

Тұлғаның бойында акмеологиялық мәдениеттің жоғары деңгейде дамуы: біріншіден, адамның тұтас дамуын, өзін-өзі дамытуының нәтижелі болуы үшін акмеге жетудің жекелік жоспарын құруға; екіншіден, акмеге бағытталған өзін-өзі дамыту үрдісін өмірлік құндылық ретінде танып, өзін-өзі жетілдірудің жолдарын іздестіруге; үшіншіден, акмеге жетудің жаңа баспалдақтарының пайда болуы, жаңа мәселелер мен жаңа өмірлік таңдаулардың туындауына негіз болады.

Қорыта келе, тұлғаның бойында акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуының өзін тұлғаның жеткен жетістігі ретінде есептеуге болады. Себебі, өз бойында акмеологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін тұлға



белсенді түрде еңбектенеді. Ең бастысы адам өз-өзін жан-жақты зерттеп, қоршаған ортасымен қоса өзін де тани бастайды. Қоғам талаптарына сай болуы үшін, оң жақтарын дамыта түсіп, теріс жақтарын жоюға тырысады.

Әдебиеттер

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
- Астана: Егемен Қазақстан, 18 қаңтар 2014 ж., №11 (28235) 1-3-б.б.
- Деркач А.А. Акмеологический словарь – М.: РАГС, 2004. – 164 с.
- Деркач А.А. Акмеология – М.: РАГС, 2006. – 424 с.
- Фокина Т.П. Экзистенциальные аспекты акмеологии // Вопросы акмеологии. – 1998. Вып. 2, С. 22-26.
- Бранский В.П., С.Д.Пожарский Социальная синергетика и акмеология – СПб.: Политехника, 2002. – 476 с.
- Кондратьева, В.П. Акмеологическая культура как научно-культурный феномен: Психологические проблемы профессиональной деятельности кадров государственной службы // Психолого-акмеологические чтения. - М., 1997.
- А. А. Деркач, Е. В. Селезнева. Акмеологическая культура личности. Содержание, закономерности, механизмы развития – М.: МПСИ / Воронеж: МОДЭК, 2006. – 496 с.
- Каган М.С. О духовном // Системный подход и гуманитарное знание: Избранные статьи. Л., 1991. С.122-136

А.Г.Муханбетчина, Б.Д. Гайпназарова

Акмеологическая культура как основа развития личности

В статье рассматривается значение, структура, содержание понятия «акмеологическая культура» и теоретические основы формирования акмеологической культуры личности.

Ключевые слова: личность, акмеология, культура, акме, акмеологическая культура, зрелость, самореализация.

A.G.Muhanbetchina, B.D. Gaypnazarova

The akmeological cultures as a basis development of personality

The article considers the meaning, essence, contents of the notion "acmeological culture" and the theoretical base of forming acmeological cultures to personalities.

Key words: personality, akmeology, culture, akme, acmeological culture, maturity, self-actualization



УДК №328.85:378

Жұмағалиева А.Е. – ф.-м.ғ.к., доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Жұмажанова И.А. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ
магистранты
E-mail: Z_indira84@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДӘРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ

Мақалада оқу сапасының арттырылуы мақсатында педагогикалық шеберліктің сан салалы бағытта дамуы және әдістемелік талаптың өзгеруіне орай белсенді оқыту әдістемесінің маңыздылығы мен тиімділігі, оның жаппай зерттеу нысанына алынуды жазылады. Сонымен қатар, математика сабағында ұйымдастырылатын дәрістердің белсенді формалары сараланып, дәріс барысындағы оқытушының ақпаратты жеткізудің педагогикалық байланыстары талданып, мысал арқылы көрсетіледі.

Тірек сөздер: дәстүрлі дәріс, дәстүрлі емес дәріс, белсенді дәрістер, педагогикалық үрдіс, педагогикалық байланыс, дәріс – шоу.

Қазіргі заманда ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігі білім дәрежесімен анықталатыны, сонымен қатар, білім халықтың өзіндік деңгейімен емес, дүниежүзілік деңгеймен салыстырылатыны айқын. Еліміздің әлеуметтік және экономикалық саясатының дамуы барысында тікелей әсер ететін факторлардың бірі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларының жетілдірілуі. Жаңа педагогикалық технологиялардың жетілдіріліп, толығымен игерілуі және оқу үрдісінде қолданылуы еуропалық стандартқа еркін ерудің алғы шарттары болып табылады. Соңғы жылдары білім беру саласында енгізіліп отырған өзгерістер мен жаңалықтар ғылым негіздері бойынша білімді меңгертумен қатар оқытуды дараландыруға жағдай жасау арқылы оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктер мен қызығушылығына сай білім беруге бағыттала отыр. Білім мен ғылым тек әлеуметтік жағдайды жақсартатын құрал ғана емес, болашақта бүкіл процесске апаратын жол. Осы жолды бағыттағанын да, жасайтын да мектептер мен жоғары оқу орындары.

Жыл қорытындысы бойынша Қазақстан жетекші 65 қатысушы елдің арасында 49 орынды математика сауаттылығынан иеленді. Аталмыш зерттеу мектептегі білім беру сапасының тәуелсіз бағасын алу және білім беру сапасының ұлттық жүйесін жетілдіру үшін қажет. PISA зерттеуі білім алушылардың академиялық білімдерін бағалауға емес, білімді өмірде (өмірлік дағды) тәжірибе жүзінде пайдалана алуға бағытталған. Қазақстан PISA-ға ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ЭЫДҰ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім негізінде (2009 жылғы желтоқсан) қатысады. PISA 2000 жылдан бастап әр 3 жыл ішінде өткізіледі. Әр кезеңде үш бағыттың біреуіне ерекше назар аударылады: 2009 жыл (оқу сауаттылығы), 2012 жыл (математика), 2015 жыл (жаратылыстану). PISA жобасына Қазақстанның қатысу мақсаты қандай? Ең алдымен біз мектептегі білімнің бәсекеге қабілеттілігінің объективті тәуелсіз бағасын аламыз. Екінші – білім бағдарламалары мазмұнының үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Үшінші – білім сапасын ұлттық бағалау жүйесін жетілдіру.



2013 жылдың 3 желтоқсанында ЭЫДҰ PISA-2012 халықаралық зерттеуінің нәтижелерін жариялады. Қазақстандық қатысушылар 65 елдің арасында 49 позицияны математикадан, 52 - жаратылыстану пәндерінен және 63 - оқу сауаттылығынан иеленді. PISA-2009 кезеңімен салыстырғанда білім алушылардың математика және жаратылыстану бағыттарындағы функционалдық сауаттылықтары айтарлықтай жақсарған, яғни 405 - 432 балға және 400 - 425 балға сәйкесінше. Зерттеу қатысушыларын таңдауды Халықаралық Консорциум жүзеге асырады. Халықаралық емтиханға Қазақстанның 218 білім беру ұйымынан (200 мектеп пен 18 колледж) 15 жастағы 5808 білім алушы қатысты [1].

Бұл көрсеткіш елімізде математика білім саясатының жақсы деңгейде екенін көрсетеді. Жыл өте мектептерде білім сапасын көтеру мақсатында жаңа инновациялық технологиялар енгізіліп, мектеп мұғалімдері шет елдерде біліктіліктерін арттыруда. Сонымен қатар, елімізде математика және жаратылыстану бағыты бойынша «Қазақ Түрік лицейі», «Назарбаев зияткерлік мектебі» секілді арнайы мектептер, гимназиялар да бар.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту нормасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің оқытушыларына, педагогтарына өзіне оңтайлы, лайық нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгісімен құруға мүмкіндік береді. Жаңа технологиялардың саны сан алуан. Тек оны дұрыс және тиімді қолдана білу керек. Себебі, жаңа технологиялар озық, тиімді идеяларға, мазмұндамалардың көпшілігі оқушының оқу үрдісінде дамуына негізделген. Қазіргі көптеген көзқарастар бойынша, оқытушы оқушыны оқытпау керек, оқушы өзі оқуы тиіс, ал оқытушы тек нұсқаушы [2].

Жоғары оқу орындарындағы оқылатын дәрістің дәстүрлі формасы заман талабына сай еместігін және ондай дәрістерде берілген мәліметтер көбіне теория түрінде қалатындығын күнделікті практикада байқаймыз. Дәрістің дәстүрлі формасында оқытушы мен студент арасындағы кері байланыстың деңгейі жоғары болмайды, яғни, студенттің тақырып мазмұнын, зертханалық, қолданбалы, ғылыми маңыздылығын меңгергендігін анықтау қиынға соғады, және де студенттің тақырып бойынша өз ойымен бөлісуге, тақырып мазмұнын кеңірек талқылауға мүмкіндігі болмайды, студент белсенділігі, шығармашылық қабілеті төмендейді, оқытушыға деген сенімі жоғалады.

Ендеше, қалайша аудиторияны жандандырып, өтіліп отырған материалды талқылауға мүмкіндік беруге болады, қарым-қатынас жасау және кәсіби тапсырмалар мен әр түрлі деңгейдегі ситуацияларды шешу қабілеттеріне тікелей байланысты шығармашылық элементтеріне және ұтымды ойлауға дағдыландыру т.с.с. мәселелері қалай шешімін табады?

Біз осы мақсаттарды жүзеге асыруда дәстүрлі емес дәрістерді ұйымдастыруды ойластырдық.



Дәріс сабақтары:

Дәріс	
Дәстүрлі - белгілі бір тақырып бойынша көлемді ақпаратты едәуір үлкен аудиторияға (топқа) оқытушының монологы түрінде жүйелі баяндау. ЖОО жаңа білімді хабарлаудың жетекші әдісі. • оқу-бағдарламалық лекция. Оның барысында оқу бағдарламасына сәйкес курс жүйелі баяндалады. • бағыт сілтейтін және шолу лекциялар болады. Олар көбінесе сырттан оқитын студенттерге оқылады.	Дәстүрлі емес- орнатылмаған құрылымы бар, студенттердің белсенді қатысуымен өткізілетін, жаңа материалды өз бетімен меңгеруге, ғылыми ізденіске ынталандыратын дәріс түрі. Мұндай дәрістің келелі мәселесі формасына және мағынасына байланысты ұйымдастырылады. • жұптық дәріс • жағдайлық дәріс • өршіту дәрісі • пресс – конференция дәрісі • дәріс - шоу (көркемдеу) • интервью дәрісі

Дәстүрлі емес дәрістерді ұйымдастыруда көп нәрсені қарастыруға болады. Алайда мақсатқа жету жолында, біздің ойымызша, тиімді және негізгі мәселеге тоқталуды жөн көрдік. Олар студенттерге қатысты қолданылатын психологиялық механизмдер. Соның бірі педагогикалық байланыс [3].

Байланыс үрдісі қарым-қатынастың белгілі бір бөлігі болып табылады (1-сурет), және де бірнеше негізгі элементтерден тұрады (2-сурет).



1-сурет.



Кері байланыс (КБ)

2-сурет.

Дәстүрлі емес дәрістерді қарқынды қолдану үшін педагогикалық байланыс типтерінің төмендегі классификациясын көрсетуге болады:




Схемадағы байланыс тармақшалары екі түрлі фигурамен бейнеленген, оның себебі, математика сабағындағы дәстүрлі емес дәрістерде оларды жеке дара қолданумен қатар көбіне әр түрінің комбинацияларын біріктіргенде жақсы нәтиже алуға болады.

Таңбалық жүйе типінің түрлері: ауызша, жазбаша, көзбен шолу (визуалды). Математикалық дәрістерді тек жазбаша, не тек ауызша, не тек визуалды түрде өткізе алмаймыз. Жазбаша берілген дәрістерді студент өз бетімен көпшілігін оқып түсіне бермейді. Олардың мағынасын, құрамындағы формулаларды, графиктердің нені білдіретінін ауызша түсіндіруге тура келеді. Сонымен қатар, бұл дәрістерді тек ауызша айтып беруге де болмайды. Өйткені, математикалық символдарды, формулаларды, графиктерді, суреттерді, схемаларды жазбаша көрсетпесе, студенттерге оларды түсіну қиынға соғады. Сіз математикалық белгілермен берілген формуланы ауызша оқып көріңізші, аудитория сізді қалай қабылдайды екен немесе дәптерлерінде жазулар қандай болады? Ал оқытушының дәріске қосымша дайындаған, презентациялар түрінде немесе басқаша, кестелері (дайын үлгілер), графиктері (қисықтар, беттер, т.б.) студенттердің мәліметтерді көзбен шолу түрде есте сақтау, жазықтықта, кеңістікте елестете білу қабілетін арттыру мақсатында қолданылады. Бұл жағдайда тыңдаушы естіген мәліметін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болады.

Айталық, қисықтың асимитотасын анықтайық: Қисықтың M нүктесі қисық бойымен шексіздікке ұмтылғанда осы нүктеден түзуге дейінгі δ қашықтығы 0 – ге ұмтылса, онда бұл түзу қисықтың асимитотасы деп аталады [4, 3456].

Анықтамаға қосымша келесі сурет көрсетілгені дұрыс, себебі тыңдаушы « M нүктесі қисық бойымен шексіздікке ұмтылғанда» ұғымын сурет арқылы дәл және тез қабылдайды, есінде сақтайды.



[4, 346 б.].

Педагогикалық байланыстың ауқымдылық типіне көпшілік, өзгешеліксіз, жеке тұлға аралық жатады. Біздер қарастырып отырған педагогикалық байланыс математика пәніне қатысты. Ал математикадағы дәрістер көбіне көпшілік түрде жүргізіледі, бірақ білім, біліктілік және дағды тексеру жеке тұлғалар арасындағы қатынастар немесе сұхбат түрінде, немесе топқа арналған тапсырмалар арқылы өтеді.


Педагогикалық қарым – қатынастың тағы бір тармағы ол делдал арқылы жүзеге асатын байланыс. Делдалдың бар болуы типінің түрлері: тікелей, тікелей емес (жанама). Оқудың күндізгі және сырттай бөлімдерінде (үзілісті) дәрістер көбінесе тікелей оқылады. Ал тікелей емес түрі аралық бақылау кезінде студенттің поштасына салынған жеке жұмысын тексеріп бағалау кезінде қолдануға болады. Қазірдің өзінде, практикадан көргеніміздей, кейбір жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып жатыр. Сонымен қатар, тікелей емес дәрістің түрі қашықтан оқыту бөлімінде, бағдарламада жоспарланған тақырыптарға қатысты видеолекцияларды, кинофильмдерді карағанда, студент өз бетімен әдебиетпен жұмыстану кезінде пайдаланылады.

Оқытушы сабақтың қай түрін болса да алдын ала жоспарлап, бағдарлап алады. Әрине сабақ дәл сол жоспармен отпеуі де мүмкін. Оған себептер көп: аудиторияның ақпараттық техникалармен тиісті деңгейде жабдықталмауы; топтың жаңа материалды қабылдау деңгейі; психологиялық ахуал; оқытушының педагогикалық шеберлігі; оқытушының дәл сол лездегі көңіл күйі; т.б. Жоспарланған педагогикалық байланыспен қатар тосын немесе кенеттен пайда болған ойларды қолдану дәріс сабағын «от шашу» кезіндегі әсер береді. Мысалы, нүктеде туындысы болатын функция сол нүктеде үзіліссіз, бірақ кері тұжырым дұрыс бола бермейді. Осы айтылған тұжырымды кері есеп арқылы дәлелдейміз. Ол үшін біржақты туынды ұғымын енгіземіз.



Егер қарастырылып отырған x мәні $y=f(x)$ функциясы анықталатын X аралығының шеттерінің бірі болса, онда $\frac{\Delta y}{\Delta x}$ қатынасының шегін есептеген кезде Δx – ң тек оң жағынан (аралықтың оң жақ шеті үшін) немесе тек сол жағынан (аралықтың сол жақ шеті үшін) 0 - ге жуықтауымен шектелуге тура келеді. Осы жағдайда біржақты туынды туралы, оң немесе сол жағынан, айтады. Функция графигінің сәйкес нүктелерде біржақты жанамасы болады.

Ішкі x нүктесі үшін де $\frac{\Delta y}{\Delta x}$ қатынасының $(\Delta x \rightarrow +0$ немесе $\Delta x \rightarrow -0)$ бір – біріне өзара тең емес біржақты шектері болуы мүмкін. Оларды да біржақты туындылар деп атайды. Функция графигі және сәйкес нүкте үшін бұрыш жасайтын біржақты жанамалары бар; нүкте бұрыштық болады [4, 234б].



Осы есеп нәтижесі бізге функцияның нүктеде бір жақты туындыларын анықтауға көмектеседі.

Мысал ретінде, $y = f(x) = |x|$ функциясын қарастырайық.

$x = 0$ мәнінде $\Delta y = f(0 + \Delta x) - f(0) = f(\Delta x) = |\Delta x|$ аламыз.

Егер $\Delta x > 0$ болса, онда $\Delta y = \Delta x$, $\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta x} = 1$.

Ал егер $\Delta x < 0$ болса, онда $\Delta y = -\Delta x$, $\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta x} = -1$.

Координаталар бас нүктесі бұл функция графигі үшін бұрыштық нүкте болады. Ол I - ші және II - ші координаталық бұрыш биссектрисаларынан тұрады. Функция $x = 0$ нүктесінде үзіліссіз, бірақ ол нүктеде функцияның бір біріне тең емес оң және сол жақ туындылары бар екенін көрдік.

Тасымалдаушыға нақты жазылған дәстүрлі емес дәрістер формальді не формальді емес болуы мүмкін. Кредиттік оқу жүйесі болсын, бұрынғы дәстүрлі оқу жүйесі болсын әр пәннің оқу-әдістемелік кешені болады. Оқу үрдісінде дәрістер мемлекеттік стандарттағы тиітін оқу жоспары нұсқауымен құрылған дәріс кешені бойынша жүргізіледі. Бұны формальды дәріс деп ажыратамыз. Ал формальды емес дәрістер жоспардан тыс оқылатын, тарау соңындағы шолу, қорытындылау, емтихан алдындағы кеңес дәрістері.

Жоғарыда айтқанымыздай бір дәрісте педагогикалық байланыс түрлері аралас қолданылады.

Дәрістің белсенді формаларына дәстүрлі емес дәрістерді жатқызамыз. Олар: «жұптық дәріс», «жағдайлық дәріс», «өршіту дәрісі», «пресс – конференция дәрісі», «дәріс - шоу» (көркемдеу), «интервью дәрісі». Дәріс формасы төмендегі белгілерге байланысты таңдалады:

1. студенттердің білім деңгейіне;



2. аудиторияның белсенділігіне;
3. оқу материалына;
4. оқытушы шеберлігіне;
5. математиканың әр түрлі бөлімдеріне;
6. аудиторияның жас ерекшеліктеріне;
7. тарау бөлігіне (тарау басы, ортасы, аяғы).


«Дәріс – шоудың» (көркемдеу) математика сабағындағы қолданысына тоқталайық.


Бұл дәрістің негізіне педагогикалық байланыста ақпаратты жеткізудің екінші каналы қолданылады: ауызша ақпаратты жеткізу кезінде визуалды бейнелермен, схемалармен, белгілермен және т.б. көрнекіліктермен сүйемелденеді. Дәріс – шоу кезінде визуалды схемалар, бейнелер, графиктер, бейнематериалдар негізгі элементтер болады.

Кез келген жағдайда ауызша мағлұмат пен визуалды бейнелер, оқытушы сөздеріне қандай да бір ашықтық, бейнелілік, кейде дерексіздік (абстрактность), ал кейде нақтылық беріп, бір-бірін толықтырып отырады. Бұл оқу материалының ақпараттылығын, оны қабылдау және есте сақтау деңгейін арттырады.

Белсенді дәріс сабағының бір түрі ол дәріс – шоу. Ол дәрістің негізгі заңы – оқытушының материалдың көрнекілік жағына көп көңіл бөлуінде. Тақырыптың мазмұнын ашуда оқытушы графиктер, суреттер, схемалар, белгілер, бейнелер және т.б. арқылы оқытудың техникалық құралдары, компьютерлер немесе басқа жаңа оқыту техникаларының көмегімен тыңдаушыны осы материалды терең меңгеріп, жадында сақтауға мәжбүрлейді.

Мысал ретінде, «Сан қатары» тақырыбына арналған шолу дәрісінің «дәріс - шоу» формасында жүргізілуіне тоқталайық. Аталған тақырып бойынша қайталау материалдары схема түрінде дайындалып, студенттерге қайталау мақсатында ұсынылды [5], [6].







5. Кошидің радикалдық белгісі:

$$\left(a_n \geq 0 \ (n = 1, 2, \dots) \right) \left(\lim_{n \rightarrow \infty} \sqrt[n]{a_n} = p \right) = \\ \Rightarrow \begin{cases} p < 1, \text{ж} - \text{ты} \\ p > 1, \text{ж} - \text{с} \\ p = 1, \text{бег} - \text{з} \end{cases}$$

4. Салыстырудың III белгісі (Коши):

$$\left(\sum a_n, a_n \geq 0, n \rightarrow \infty, a_n \rightarrow -\infty \right) \Rightarrow$$

Мына қатарлар қандай теорема көмегімен жинақтылыққа зерттеледі:

1. $\sum_{n=0}^{\infty} \frac{2n-1}{3n+2}$

2. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{2n-1}$

3. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{\sqrt{n}}$

4. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{n}{(n+1)3^n}$

5. $\sum_{n=2}^{\infty} \frac{1}{n \ln n}$

6. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{n!}{5^n}$

7. $\sum_{n=2}^{\infty} \frac{1}{n \ln^3 n}$

8. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{n^n}$

9. $\sum_{n=1}^{\infty} \frac{3^{n(n)!}}{11 \cdot 84 \cdot \dots \cdot (3n^4 + 4n^3 + 4)}$

10. $\sum_{n=1}^{\infty} \left[\frac{(2n-1)!}{(2n)!} \right]^p, p \in \mathbb{R}$

Бұл дәрістің ақпарат жеткізу негізі таблицалар мен схемалар. Мұндағы мақсат студенттердің «Сан қатары» тақырыбы материалын қорытындылау болды. Дәріс барысында көрнекілік көмегімен студенттер ойындағы шашыраңқы материалдарды жүйелеп, әр жинақтылық теоремаларын ажыратып, осы тақырыптың теориялық мәліметтерін толығымен меңгергенін байқадық. Қорытындысында шолу дәрісін «дәріс – шоу» формасында жүргізу тиімді, нәтижелі болатынына көзіміз жетті.

Әдебиеттер

1. <http://www.ablaikhan.kz/ru/index>.
2. Торекеев Б. А. Педагогикалық оқыту технологиясындағы «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды» дамыту мен дұрыс қолданудағы тиімді шарттар // Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы. - Тараз: ТарМПИ, 2011. - №6. - 94-99бб.
3. Мухина С. А., Соловьева А. А. Современные инновационные технологии обучения. - Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 360 с.
4. Фихтенгольц Г. М. Курс дифференциального и интегрального исчисления. В 3 т. Т. 1. / Пред. и прем. А. А. Флоринского. - 8-е изд. - М.: ФИЗМАТЛИТ, 2003. - 680 с.
5. Запорожец Г. И. Руководство к решению задач по математическому анализу. - 4-ое изд. М.: Высшая школа, 1966. - 464 с.
6. Демидович Б. П. Сборник задач и упражнений по математическому анализу. - 3-е изд. М.: Техничко-теоретическая литература, 1956. - 511 с.



Жумагалиева А.Е., Жумажанова И.А.

Организация активных форм лекций на занятиях математики в высшей школе

В связи с тем, что с целью повышения качества обучения развивается в нескольких направлениях педагогическое мастерство и меняются методические условия, в статье рассматривается значительность и эффективность методов активного обучения, а также дифференцированы активные формы лекций, которые организуются на уроках математики, анализированы педагогические коммуникации, которые являются частью общения преподавателя со студентами, приводятся примеры.

Ключевые слова: традиционная лекция, нетрадиционная лекция, активные лекции, педагогический процесс, педагогическая коммуникация, лекция – шоу.

Zhumagalieva A.E., Zhumazhanova I.A.

The organization active lectures on mathematics classes in higher schools

In this article tells about the tendency of math teaching methodology which based on student's active learning and the purposes of using new teaching techniques during the lesson. Additionally, active forms of lectures which will be organized at mathematics lessons are differentiated, are analyzed pedagogical communications which are part of communication of the teacher with students, examples are carried out.

Key words: the traditional lecture, not traditional lecture, active lectures, pedagogical process, pedagogical communication, lecture – show.

УДК: 517.91:378.2

Кульжумиева А.А. - к. ф.-м. н.,
доцент кафедры физики и математики
ЗКГУ им. М. Утемисова
Лукьянов С.А. - магистрант
E-mail: aiman-80@mail.ru

**ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ
В ОБУЧЕНИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ РЕШЕНИЮ
ЗАДАЧ, ПРИВОДЯЩИХ К ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫМ УРАВНЕНИЯМ**

Аннотация. В статье рассматривается возможность использования метода проектов при решении задач, требующих составления дифференциальных уравнений. Внедрение данной технологии направлено на повышение уровня профессиональной компетентности будущего учителя.

Ключевые слова: обыкновенные дифференциальные уравнения, метод проектов, результаты обучения, математическое исследование задачи.

Современная система образования ориентирована на формирование ключевых компетенций, предусмотренных ГОСО РК 6.08.065-2010 [1, с. 11], при этом ставится задача развития функциональной грамотности школьников, способствующей развитию соответствующих компетентностей, которые позволяют обучаемым эффективно применять усвоенные знания в практических ситуациях. В математике это – решение прикладных задач.

В терминах М. Ламперт [2, с. 306], при подготовке будущего учителя должны приобретаться не только *принципиальные знания*, т.е. теоретические, формирующие общие представления о предмете, но и *процедурные*, необходимые для решения конкретных прикладных задач, входящих в содержание школьной математики.



Прикладные задачи входят в содержание различных математических дисциплин, в том числе математического анализа, разделами которого является дифференциальное и интегральное исчисления, решение дифференциальных уравнений. С самого начала создания аппарата дифференциального и интегрального исчисления дифференциальные уравнения (ДУ) выступали одним из самых мощных средств для математического решения прикладных задач. Особенно широкое использование они нашли в механике и физике. Сам термин «дифференциальное уравнение» для обозначения отношений между дифференциалами dx и dy двух переменных x и y был предложен в 1676 г. Г. В. Лейбницем, что было связано с изучением геометрических задач, таких как обратная задача касательной: найти кривую, тангенс угла наклона касательной прямой к которой удовлетворяет определенным условиям. Например, если расстояние между любой точки $P(x, y)$ на кривой $y(x)$ и точкой, где касательная к точке P пересекает ось x (длина касательной) является константой, то $y(x)$ должна удовлетворять нелинейному обыкновенному ДУ (ОДУ) первого порядка:

$$y' = -\frac{y}{\sqrt{a^2 - y^2}}$$

Математическое исследование задачи практического содержания идет в три основных этапа [3, с. 38]:

- построение математической модели явления;
- изучение этой математической модели и получение решения соответствующей математической задачи;
- приложение полученных результатов к практическому вопросу, из решения которого возникла данная математическая модель, и отыскание других вопросов, к которым она приложима.

Наглядное представление о таком исследовании в рамках моделирования процессов в биологических системах, дает Ален Паве в своей работе [4, с. 7-11].

Этапы моделирования физических процессов при освоении курса ОДУ представлены в учебном пособии Дж. Бранна и В. Бойца [5, с. 52-65]. Ю.П. Дубенский полагает, что моделирование может выступать как синоним проектирования – в смысле выработки идеальной модели изучаемого явления. Он отмечает, что при рассмотрении «проектирования», как организованной человеческой деятельности, моделирование является только частью проектирования [6, с. 16]. Таким образом, математическое исследование задачи выступает как составная часть проектной деятельности.

Проектная деятельность, метод проектов, является одной из технологий, внедряемых в образовательную систему РК в последние десятилетия. В педагогической литературе даются различные определения понятий «метод», «проект», «технология проектного обучения». В конечном счете они сводятся к тому, что технология проектного обучения предполагает *завершенную форму самостоятельной работы обучаемых*. Обратим внимание, что речь идет об учебных проектах. Примем определение учебного проекта, данное Н.Ю. Пахомовой как деятельность, направленную на решение поставленной перед обучаемым задачи, в случае, если проблема носит практический характер и имеет прикладное значение. Сопоставляя



структуру учебного проекта по Н.Ю. Пахомовой [6, с. 17 - 19] с этапами математического моделирования задачи [5, с. 52 - 53], мы видим, что большинство этапов, за исключением иницилирующего, совпадает. Результаты проведенного нами сравнения этапов проектной деятельности и математического моделирования приведены в таб. 1.

Проект			Моделирование	
Этап	Задачи		Этап	Задачи
1. Иницилирующий	Определение конкретной, социально значимой проблемы.		1	Определение независимых и зависимых переменных, констант, присвоение им буквенных обозначений.
2. Основополагающий	Планирование. Пооперационная разработка проекта. Определение вида продукта и сроков презентации.		2	Выбор единиц измерения для каждой переменной. В некотором смысле выбор единиц произволен, но некоторые могут быть гораздо удобнее, чем другие.
3. Прагматический	Исследование. Поиск обрабатываемой, осмысливаемой участниками проектной группы информации.		3	Формирование основных принципов, что лежат в основе исследуемой задачи. Это может быть широкое применение физический закон, или более спекулятивные предположения на основе своего собственного опыта или наблюдений.
4. Заключительный	Создание продукта в ходе решения проблемы		4	Запись используемых принцип или закон в терминах выбранных переменных. Это может потребовать введение физических констант или параметров и определения соответствующих значений для них, а также включать в себя использование вспомогательных или промежуточных переменных, которые должны затем быть связаны с первичными переменными. Убедиться в правильности использования физических величин.
5. Итоговый	Представление продукта		5	Представить уравнение, описывающее данную физическую ситуацию.

Таб. 1. Сравнение этапов проектной деятельности [6] и математического моделирования [5]



Проектная деятельности имеет большое значение в формировании различного вида компетентностей, так как в результате ее выполнения обучаемые приобретают способности к формулированию проблемы, обработки и анализа информации, что составляет суть соответствующих компетенций. Формируются функциональные качества личности, необходимые будущему педагогу. Проектная деятельность, имеющая сходную с математическим моделированием структуру, может быть использована для обучения математическому исследованию прикладных задач, связанных с решением дифференциальных уравнений.

Нами исследована такая деятельность при решении некоторых дифференциальных уравнений. Умение работать с числом, числовой информацией, т.е. владение математическими умениями рассматривается как математическая компетентность, относящаяся к ключевым суперкомпетентностям [7, с. 11]. Технология проектной деятельности может способствовать эффективному формированию этого вида компетентностей при математическом исследовании задач практического содержания. Работа проводилась со студентами III курса бакалавриата специальности «Математика», которым предлагались темы учебного проекта прикладного содержания. Студенты были разделены на две группы, каждая из которых работала над выбранной темой. Группа А выбрала тему проекта «Исследование системы двух сосудов под давлением», группа Б – «Исследование колебаний пружинной системы с одним грузом». С целью недопущения сильной разнородности подгрупп по показателям успеваемости, их состав корректировался таким образом, чтобы в каждой группе были студенты, равноценные по успеваемости, активности, инициативности. Приведем пример содержания предлагавшихся заданий для проектной работы.

Тема проекта: «Система обогрева парника с каменной камерой»

Рассмотрим принципиальную схему системы «парник – камера». Камера, состоящая из камней размером от 2 до 15 см, свободно уложены таким образом, чтобы воздух мог легко проходить через пустое пространство между камнями. Камера и подземная часть воздухопроводов, используемых для циркуляции воздуха через систему — теплоизолированные от окружающей почвы. Камни являются хорошим материалом для хранения тепла, так как они имеют высокую теплоемкость, стоят недорого и имеют длительный срок службы.

В течение дня воздух в теплице нагревают в основном за счет солнечной радиации. Всякий раз, когда температура воздуха в теплице превышает верхнее пороговое значение термостат, включается вентиляция, и воздух циркулирует через систему, передавая тепло каменной камере. Ночью, когда температура воздуха в теплице опускается ниже порогового значения, вентилятор снова включается, и тепло, сохраненное в камне, вентилируется обратно на поверхность.

Будем рассматривать систему из двух компонентов – теплица и каменная камера. Задание: изучить изменение температуры в системе в ночной фазе цикла. Дополнительное условие: воздух в системе хорошо перемешивается, т.е. температура воздуха в теплице и камере – функции от времени.



Вместе с обучаемыми анализируется задание и вырабатывается план его выполнения.

- Ввести необходимые переменные. Согласовать единицы измерения.
- Использовать закон сохранения энергии, последовательно рассматривая поглощение и выделение тепла.
- Составить итоговую систему уравнений, описывающую изменение температуры в системе.
- Введя начальные условия, решить систему.

Студенты обращали внимание на то, что особое решение системы дифференциальных уравнений может быть получено только при наличии начального условия. В данной задаче это – начальная температура. После обсуждения со студентами было принято, что за реальную температуру в начальный момент времени можно принять 16°C . Для решения задачи необходимо так же знание теплоёмкости камней, их масса, а так же масса воздуха, площади и другие параметры:

m_1, m_2 — общая масса воздуха и камня соответственно,

C_1, C_2 — теплоёмкость воздуха и камня соответственно.

S_1, S_2 — площадь надземного парникового корпуса и площадь поверхности раздела двух сред (воздуха и камня) соответственно.

a_1, a_2 — коэффициенты теплообмена через площади S_1 и S_2 соответственно

$T_{\text{в}}$ — температура воздуха снаружи

Температура воздуха в теплице обозначалась $x=x(t)$, температура в каменной основе $y=y(t)$. Тогда

$$m_1 C_1 \frac{dx}{dt} = -a_1 S_1 (x - T_{\text{в}}) - a_2 S_2 (x - y), \quad m_2 C_2 \frac{dy}{dt} = -a_2 S_2 (y - x)$$

Эти функции находятся как решение системы ОДУ. Чтобы получить однозначное решение, необходимы дополнительные условия. Они берутся из параметров установки, таблиц, некоторых измерений и расчета. Одним из таких параметров от которых зависит однозначность решения, является $T_{\text{в}}$. Она оценивается совместно со студентами на основе знаний суточных температурных изменениях. В итоге для решения задачи получается система.

$$\begin{aligned} \frac{dx}{dt} &= -\left(\frac{13}{8}\right)x + \left(\frac{3}{4}\right)y + 14 \\ \frac{dy}{dt} &= \left(\frac{1}{4}\right)x - \left(\frac{1}{4}\right)y \end{aligned}$$

Рассмотрим проекты, выбранные обучаемыми.

Тема проекта: «Исследование системы двух сосудов под давлением»

Опыт проведения самостоятельных работ со студентами специальности «5В090700 - Кадастр» показывает, что использование компетентного подхода в значительной мере усиливает и стимулирует познавательный интерес студентов к предмету, поднимает их активность на практических занятиях, что способствует повышению эффективности процесса обучения.

Литература:

1. Берлянт А.М. Картография: Учебник для вузов. - М.: Аспект Пресс, 2002. - 336 с.
2. Курошев Г.Д. Геодезия и география: Учебник. - СПб.: Изд-во СПГУ, 1999. - 372 с.
3. Протопопова И. В. Основы картографии: Учебное пособие. -Улан-Удэ: ВСГАКИ, 2002. - 57 с.
4. Южанинов В.С. Картография с основами топографии: Учебное пособие. - М.: Высш. шк., 2001. - 302 с.
5. Пасько О.А., Дикин Э.К. Практикум по картографии, 2012г.- 65с.
6. Фокина Л.А. Картография с основами топографии: практикум – М. Илекса, 2009.-223 с.

В.И. Амельченко, Б.Б. Орынбасарова, С.Ю. Степаненко

«5В090700-Кадастар» мамандығы студенттерімен картографияның оқып білуі

Аталған мақалада дәстүрлі және замануи әдістер арқылы жалпы географиялық және тақырыптық карталарды құрастыру пәнінде «5В090700 – Кадастр» студенттері үшін, картография пәнін оқыту барысында картографиялық құзыреттілікті дамыту барысы қарастырылған.

Тірек сөздер: құзыреттілік, өзіндік менеджмент, ақпараттық құзыреттілік, кілті құзыреттілік, картография, масштаб, студент, оқыту

V.I. Ameichenko, B.B. Orinbasarova, S.U. Stepanenko

Studying of cartography by the students of specialty «5В090700-Kadastr»

In article is studying the questions connected with formation at students of the specialty "5В090700-the Inventory" of communicative cartographical competence, which is shown as ability to make all-geographical and thematic cards classical and modern methods.

Key words: competence, self-management, information competence, key competence, cartography, scale, student

УДК № 371.39

Муханбетчина А.Г. - п.ғ.к., М.Өтемісов ат. БҚМУ, доцент
Шамуратова К.Ш. - магистрант, М.Өтемісов атандағы БҚМУ
E-mail: shamur_k@mail.ru

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Педагогикада қолданысқа енген педагогикалық құзыреттілік ұғымының теориялық аспектілері, кәсіби құзыреттіліктің өлшемдері, классификациясы, модельдері және даму сатылары назарға алынған.

Тірек сөздер: Құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік, педагогикалық категория, кәсіптік білім, үдеріс, субъектілер, мотивация.



Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы сапалы педагогикалық іс-әрекетке қажетті кәсіби және тұлғалық қасиеттер жиынтығын білдіреді. Кәсіби құзыретті педагог бұл педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асырып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижеге көрсетіп жүрген педагогтар.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту- жеке шығармашылықты дамыту, педагогикалық инновацияларды қабылдауды, өзгеріп жатқан педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру. Педагогтардың кәсіби деңгейіне қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы тікелей байланысты.

Педагогикада қолданысқа енген құзыреттілік –латын тілінен аударғанда «compete»- лайықты сәйкес, «competens»-қабілетті, білікті, өз ісін жетік білу дегенді білдіреді. Орыс тілінің «Түсіндірме сөздігінде»: «Құзыреттілік- 1) адам жақсы хабардар мәселе, 2) бәр нәрсеге өкілетті, құқылу болу», -деп анықталған. [1, 228-б]. Құзыреттілікті С.Е.Шишов: «Тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, білік, дағдысы мен іс-әрекетінің өзара байланысқан жиынтығы», -деп түсіндірсе, Н.В.Кузнецова «Құзыреттілік дегеніміз-педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен беделі»-десе, ал А. В. Хуторской құзыреттілік тұрғыдан білім берудің мазмұнында синонимді түрде жиі қолданылып жүрген «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын жалпы және жекеше ажыратып қарау керектігін ұсына отырып, былайша айқындайды:

Құзырет-тұлғаның өзара байланысты (білімділік, біліктілік, дағды, әрекет қабілеттілігі) қасиеттерінің белгілі бір заттар мен процестерге қатысты сапалы өнімділік әрекеті. Құзыреттілік –тісті құзыреттілікке сәйкес келетін адамға ие болу, басшылық жасау деп көрсетеді [2, 58-64 бб].

С.М.Вишнякованың «Кәсіптік білім» сөздігінде «құзыреттілік» ұғымына төмендегідей анықтама береді. Әлеуметтік-кәсіпн мәртебесіне оның нақты орындалатын және шешетін мәселелерінің күрделілік деңгейіне сай білімінің, біліктілігінің және тәжірнбесінің өлшемі. Автор, бірінші мағынасында, «құзыреттілік» ұғымының «мамандық» ұғымынан айырмасы мамандықты сипаттайтын кәсіпн білім және біліктіліктен басқа ынтымақтастық, бастамашылық, оқу біліктілігі, топтағы жұмысқа қыбілеттілігі, қарым-қатынас жасау қабілеттілігі, бағалау, қисынды ойлау, ақпаратты таңдау және қолдану секілді сапаларды біріктіруі; екінші мағынасында, билік орнындағы адамның, басқару органдарының бнлігі, қандай да бір сұрақтар төңірегінде шешім қабылдау құқы деп көрсетеді [3, 364 бб].

Сөздіктерде берілген «құзырет» ұғымының мәні уәкілетті, бнлігі атаулары арқылы ашылады. Әйтсе де, білім беру ұйымдары түлектерінің және олардың білім алу жолындағы күш жігерінің «заң бойынша бағыныштылығын негізге ала отырып, С.И.Ожегов сөздігіндегі «кімнің болмаса да, жақсы хабардар болған сұрақтар төңірегі» және С.М.Вишнякова сөздігіндегі «адамның бір сұрақтар төңірегіндегі танымы, тәжірнбесі» мағынасындағы түсіндірмелері арқылы құзыреттіліктің мәнін ашуға болады.

Қазақ тілі термнндерінің сапалық ғылымп түсіндірме сөздігінде құзыр, білік (компетенция)- 1) жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау; 2) тіл мен психолнгвнстнкада тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру; 3) сот психиатриясында сот отырысына қатысуга пспхпкалық тұрғыдан қабілетті деп есептелетін адамды белгілеуге қолданылады [4, 115-118 бб].



Құзыреттілік ғылыми әдебиеттерде әр түрлі анықтамамен: көп жағдайда психологиялық сапалары мен психологиялық жағдайын, өз бетімен әрекет жасау, жауапкершілікті өзіне алу, адамның қандай да бір іс-әрекетті орындаудағы біліктілігі мен қабілеті ретінде беріледі, қойылған мақсатқа жетудегі үдерістер мен құбылыстар арасындағы байланысты, тәсілдер мен құралдарды жетік біледі деген мағынада қолданады.

Құзыреттіліктер – адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері.

Әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер). Әлеуметтік педагогиканың термині.

Құзыреттілік – мамандық талаптарына сәйкес келетін дәреженің жеке сипаттамасы.

Құзыреттілік – белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, пайда болған проблемалар мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті.

Құзыреттілік – тұлғаның оқу-танымдық үрдісіне өз бетімен қатысуына және оны еңбек іс-әрекетіне дұрыс ендіруге даярлауға бағытталған оқыту барысында меңгерілетін білім мен тәжірибеге негізделген тұлғаның іс-әрекет жасау қабілеті және даярлығы.

Құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекетті сапалы және өнімді түрде орындауда қажет болатын белгілі бір заттар мен процестерге қатысты белгіленетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының (білімі, іскерлігі, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы [5, 35-41 бб].

Кәсіби құзыреттілікті тереңінен зерттеген ғалымдардың бірі К.М.Левитан, кәсіби құзыреттілікті классик педагогтар: Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов, К.Д.Ушинский еңбектерінде назар аудара отырып, педагогикалық деонтология тұрғысынан аша білген.

Құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұнын зерттеумен айналысып жүрген ғылым салалары: әлеуметтану (А.И.Пригожин, И.И.Лапин және т.б.), педагогикалық психология (Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская және т.б.), педагогика (Э.Д.Днепров, Т.Г.Браже, Ю.Г.Татур, Дж.Равен, И.А.Зимняя, А.А.Маркова, О.А.Булаченко, Н.Г.Милованова, М.А.Чошанов және т.б.).

Дж.Равен, Р.Джонсонның құзыреттіліктің үш өлшемді үлгісіндегі мінез-құлықты берілген үш айнымалының (мотивация, қабілет, жағдаят) нәтижесі деген көзқарасын ерекше бағалағанымен, үлгі кемшіліктері ретінде төмендегідей ескерусіз қалған сәттеріне ерекше тоқталады:

- Құзыреттілік компоненттері адамның өзін қызықтыратын қызметті орындау барысында көрінеді, дамиды. Қабілет пен ортаны мотивациядан бөліп, жеке қарастыруға болмайды;

- Кез-келген жеке қабілет немесе мотивацияны жинақтаушы көрсеткіштердің мәні жоқ;

- Тұрақты қабілет пен мотивация жағдайында ортаның өзінен-өзі дамыту немесе өсіру мүмкіндігі жоқ;



• Құзыреттілік сырттан берілген тапсырмаларды еріксіз орындау барысында, бұл тапсырмаға қатысты құзырлылықтарының маңызды көрсеткіші бола алмайды.

И.А.Зимняя, М.Б.Челышкова жіктеулерінде авторлар құзыреттілікті бес түрлі құрамдас бөліктеріне ажыратады:

-адам мінез-құлқының қызмет арқылы тұлғалық қасиеттерін көрсетуге дайындығы;

-білім, білік, дағдысын жүзеге асыру тәжірибесі;

-құзырет мазмұнының құндылық-мәндік қатынасы, оның тұлғалық маңыздылығы;

-құзырет мазмұнын әлеуметтік, кәсіби әрекеттерді білім құралы, тәсілдері, бағдарламалары арқылы орындау, мінез-құлық нормасы мен ережелерін жүзеге асыру;

-әлеуметтік және кәсіби өзара әрекеттерге бара бар жағдаяттарда байқалатын құзыреттілікті эмоционалдық ерік арқылы реттеу қабілеті [6, 34-37 бб].

«Құзыреттілік» ұғымының тағы бір ерекшелігін О.А.Булаченко: «қолданыстағы түсінік деңгейінде бұл ұғым, қабылдауға жеңіл де тнмді немесе маманның жоғары деңгейін белгілеу, бағалау мағынасында қолданылады» деп атап көрсетеді. Автор құзыреттілік түсінігіне талдау жасай тырып, мамандықты куәләндірудің жаңа әдістері, құзыреттілік деңгейлерін шектеулі түрде қарайды деген сенімсіздік аңғарта отырып, құзырлылықты бір нәрсенің сипаты түрінде емес, жағдай ретінде қарай жөн деп ұсынады [7, 40-44 бб.]

Ә.М.Мұханбетжанова құзыреттіліктің төмендегі сипаттарын жіктеп көрсетеді: интегративтік сипатының болуы, яғни өзіне біртекті немесе жақын келетін білім мен іскерліктерді, мәдениет пен іс-әрекеттің ауқымын өзіне қамтып алады, көпқызметтік, яғни оны меңгеру күнделікті өмірде әртүрлі проблемаларды шешуге мүмкіндік береді; пәнүстілік және пәнаралық сипаттың болуы, яғни әр түрлі жағдаяттарда қолданылады; белгілі бір дәрежеде интеллектуалдық дамуды талап етеді, көп өлшемдік, яғни әртүрлі ойлау үдерістері мен интеллектуалдық нкемдіктерді қамтиды [8, 9-15 бб.]

Кәсіби құзыреттілік ұғымы Б.С. Гершунский еңбектерінде сауаттылықтан басталып, менталитетпен аяқталатын даму сатысының қандай-да бір деңгейін белгілейді. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысы, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады делінген. Автор құзыреттілікті кәсіби білімімен, базалық мамандықпен ғана шектелмей, ауқымды сұрақтар төңірегінде бағытталуын, кәсіби жинақылығын, өзгерістерге ашықтығын, өз білімін дамытуға дайындығын қамтамасыз етеді дейді [9, 64б].

С.Я.Батышев анықтамаларында: «Кәсіби мамандығы, құзыреттілігі, әртүрлі тнмді кәсіби біліктіліктер мен дағдылардың, соның ішінде шығармашылық шешімдерге негізделген кәсіби тапсырмаларды жоғары тұрақты өніммен шешу тәсілдерін және алгоритмдерін меңгерген еңбек субъектісінің сапалық сипаттамасы іс-әрекеттің кәсіптілігі болып табылады», -делінген.



Осылайша, берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «құзыреттілік» ұғымын субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Түйінді құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

Құзыреттіліктер пәндік (пәнаралық және т.б.) және түйінді болып көрсетіледі. Еуропа Кеңесі түйінді құзыреттіліктердің бес тобын айқындаған, соларға ерекше мән беріледі.

1) Саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер: өзіне жауапкершілікті ала білу қабілеті, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, дау-жанжалды зорлық-зомбылықсыз жолмен реттеу, демократиялық институттардың қызмет етуіне қатысу және оны жақсарту.

2) Көпмәдениетті қоғамда өмір сүру қабілетіне қатысты құзыреттіліктер: расизм мен ксенофобиялар тууына, таралуына жол бермеу, білім беру жастарды өзгешелікті түсіну, бірін-бірі сыйлау, басқа мәдениет тілдері және діндегі адамдармен бірге өмір сүру қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттермен қаруландыруы керек.

3) Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формаларын меңгеруге қатысты құзыреттіліктер, соңғысының жұмыста және қоғамдық өмірдегі маңыздылығы соншалық, оны меңгермеген адамға қоғамнан аластау қаупі төнеді. Осы топқа бүгінгі күні маңызы артып отырған бірнеше тілді білу де жатады.

4) Қоғамдық ақпаратты пайдалану және мойындаумен байланысты құзыреттіліктер жаңа технологияны меңгеру, оны қолдануды түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын айқындау, БАҚ тарататын ақпараттар мен жарнамаларға сыни көзқарас.

5) Өмір бойы оқуға қабілеттілік - үздіксіз даярлықтың және кәсіби даярлықтың, сонымен қатар жеке және қоғамдық өмірдің негізі ретінде.

Құзыреттілік табиғаты бағдарлы мақсат контекстіндегі өзіндік дамуының, қызметтік, тұлғалық тәжірибені жинақтауға бағытталған құзыр ұғымы негізінде ашылады [10, 35-36 бб]. Құзыреттіліктің негізгі белгілері:

- тұлғаралық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;
- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да әдістерді пайдалану біліктілігі;
- тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Кәсіби құзыреттіліктің дамуы- кәсіби тәжірибесін меңгеру және жетілдіру, ол жеке кәсіби қасиеттерін дамытуға, үздіксіз даму мен өзін-өзі жетілдіруге әкелетін қарқынды үдеріс.



Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын келесі сатыларға бөлуге болады:

- Өзіндік талдау және қажеттілікті ұғыну;
- Өзіндік дамуды жоспарлау;
- Өзін-өзі көрсету, талдау, өзін-өзі түзету.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанады, бірақ жаңа сапада қайталанады. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет.

Бүгінде педагогтың кәсіби құзыреттілігін бағалаудың көптеген классификациясы бар. З.М.Цветкова төмендегі моделді ұсынады:

- Мұғалім өзін түсінбейтінін көре бастайды.
- Мұғалім нені түсінбейтінін көреді.
- Мұғалім оны неге түсінбейтінін түсінеді.
- Мұғалім не істеу керектігін біледі, оны түсінетіндей әрекет жасайды.
- Қысқа уақыт ішінде түсінуге қол жеткізеді.
- Аз уақытта түсінуге қол жеткізе отырып, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады.

Т.Н.Лобанов, Ю.А.Тнхомровтың құзыреттілік теориясының негізінде басты құзыреттіліктердің төмендегідей құрылымын ұсынады:

1) Ойлау жүйесі мен процестерінің дамуы: мәселені шешудегі жүйелілік және құрылымдық тұрғы; тұрғыларды және тапсырмаларды стандарттау және жүйелеу тәсілі, құзыреттілікті түсіну, альтернативаны талдау және шешімнің тиімді нұсқасын таба білу; қабылданған шешімге жауапкершілікпен қарау; бизнестің даму бағытын көре білу және нарықтың даму бағытын дәл болжамдау.

2) Талдау қабілеттері: мәселені шешудегі қисындылық, шешім қабылдау әдістемесін білуі, ұқыптылық, ұтымдылық, реттілік, бөлшектерді есепке алудағы алдын ала болжау; ойды дұрыс байланыстыру іскерлігі, бірізділікпен және жүйелі түрде ойлау және әрекет ету; өз болашағына әсер ететін факторларды дәл және жүйелі талдау.

3) Жаңашылдық (инновациялық): жаңаны қабылдай алу және ұсына білу іскерлігі, шығармашылықты басқару; ішкі қарсылықсыз алуан түрлі идеяларды, позицияларды, ұсыныстарды қабылдай алу іскерлігі.

4) Икемділік: өзгерістерге дайындық; түрлі оқыс ситуацияларда тез және сәйкесті жауап қайтара алу қабілеті, мәселені көру және анықтай алу, оны шешудің жолдарын таба білу, нәтижесіне баға беру.

5) Жүйелі дамуга бағдарлану: жаңа технология және әдістерді қабылдауда ашықтық, үйренушілік, практикада жаңаны қолдана білу, өз жетістіктерін және кемшіліктерін талдай алу мүмкіндігі, өзгелердің тәжірибесін саналы түрде пайдалана білу.

6) Ұйымдастырушылық қабілеттер: адамдарды басқара білу, тапсырманы орындауда ұжымды және өзін ұйымдастыра алу іскерлігі, құзыреттіліктерді орын орнына қою, маңыздысына мән беру, жоспарлау, бақылау; жоспарды орындауға қажетті ресурстарды тиімді жинап, бағыттау



алу; әңгімені мақсатты түрде жүргізе білу, телефонмен әңгімелесу, корреспонденцияны, құжатнаманы жүргізу.

7) Уақытты игере білу іскерлігі: ситуациялық талдау жасай алу іскерлігі, мақсатты анықтау және құрылымдау, апталық, айлық жылдық жоспарларды жүзеге асыру, күнді жоспарлау; уақытша менеджмент ұстанымдарін білу; құзыреттіліктерді дұрыс қоя білу іскерлігі; ұжымның тәртібін, күнделікті жұмыс жоспарын орындау; қойылған мақсаттарға жету мақсатында бақылау жүргізу, күннің қорытындысын жүргізу.

8) Топта жұмыс жасау: топты құра білу және онда жұмыс жасау; тністі топтың ерекшеліктерін білу; ынтымақтастық ахуалын ұстай білу, топ мүшелерінің қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін орындауы, топ мүшелерінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзету; мәселені шешу мақсатында тнімді талдау және келіссөз жүргізу; «мнға шабуыл» ережесін білу.

9) Коммуникативтік-іскерлік қабілет: өз пікірін, құқығын қарым-қатынасты бұзбай қорғай білу; жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білу; дұрыс сұрақтар қоя білу және әңгімелесушінің эмоционалды және ақпараттық деңгейін анықтау; екіжақты коммуникация бағытын құра білу, әңгімелесушінің сөздеріне зейінді шоғырландыра алу; өзге адамдарды дұрыс сынай және қолдай білу.

10) Келіссөз жүргізе білу іскерлігі: презентацияның міндеттерін және мақсаттарын, аудиторияның қызығушылығын анықтай білу; сөз сөйлеуді ұйымдастыру, презентацияның байланыстырушы сөйлемдерін, негізгі бөлімін, қорытындысын ұйымдастыру; сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болу. Қиын сұрақтарды және келіспеушілікті жеңе білу; презентацияның техникалық аспектілерін игеру (аудио- бейне және компьютерлік аппараттар, презентациялық бағдарламалар); қатысушылардың қызығушылықтарын анықтай алу және тиімді альтернативаны таңдай алу; пікірталасты мәдени түрде жүргізе білу; иозициялық саудаласуды талдай алу, ұсыну, жүргізе білу іскерлігі.

11) Оқушыға бағдарлану: оқушымен жұмыс жасау саласында стандарт пен саясатты білу; оқытушы мен оқушының перспективті ағымдағы қажеттіліктеріне бағдарлану; «қиын» оқушымен қарым-қатынас кезінде әңгімелесуді тиімді жүргізе білу, іс-әрекетті басым және пайдалы жағынан презентациялау; оқушымен жағымды қарым-қатынас орнату және кеңес бере білу.

Қорыта айтқанда, құзыреттілік біріншіден, нақты, ол тұлғаға тән және ол адамның өзінің ынта жігеріне байланысты, екіншіден, ол қандай да бір қасиеттерге иелік ретінде қарастырылады және белгілі алғышарттары арқылы адамның іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, құзырет: әрекет ретінде, білімділік дайындыққа алдын-ала салынған талап, құзырлылықтың «анатомиясын» құрастырушы болып табылады. Сондықтан да құзыреттілік, адамның кім екендігін, оның категория ретіндегі мазмұнын толық аша алады, сол себепті де, құзырлылық мазмұны кенеттен болған жағдайдағы іс-әрекеттер жүйесі, қызметке араласудағы беделділігі (танымал, таңдаулы), нақты жағдаятқа мінез-құлқын сәйкестендіру, субъект еңбегінің сапалық сипаттамасы деп айта аламыз.



Әдебиеттер

1. Ожегов С.И. Шведова Н.Ю. «Толковый словарь русского языка». Москва 2004 г., 456 с.
2. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г». 76-83с.
3. Вишнякова С.М. Профессиональное образование: словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика.-М:НМЦ СПО, 1999.-538с.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері.-2012.-337 б.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетенции-новая парадигма результата образования//Высшее образование сегодня.-2003.-№ 5.-35-41.
6. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании (методолого-теоретический аспект). Проблемы качества образования. – М., Уфа:Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.-С.34-38.
7. Булавенко о.А. Сущностные характеристики профессиональной компетентности //Школьные технологии.-2005. - № 4. –С. 40-44
8. Мұханбетжанова Ә.М. Болашақ педагогты құзыреттілік тұрғыдан кәсіби даярлау мәселесі. //12 жылдық орта білім берудің жүзеге асуын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету:халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2007. –Б.18-22
9. Гершунский Б.С. Философия образования. – М.:Московский психолого-социальный институт, «Флинта», 1998. – 432 с.
10. Мектептегі психология, 2012 жыл, №2 35-36 бб.

Муханбетчина А.Г., Шамуратова К.Ш.

Теоритические аспекты профессиональной компетентности педагога

В статье рассматриваются теоретические основы понятия "педагогическая компетентность", измерители профессиональной компетентности, классификация, модели и стадии развития.

Ключевые слова: Компетентность, педагогическая компетентность, педагогическая категория, профессиональное образование, процесс, субъекты, мотивация.

Muhanbetshina A.G., Shamuratova K.Sh.

Theoretical foundations of professional competence of the teacher

Importance of concept of pedagogical competence that came to the pedagogical stay it was open all-round and be overcame in the article as sizes of professional competence, classification, models and stages of development.

Keywords: Competence, pedagogics competence, pedagogical category, trade education, process, subjects, motivation.



УДК 394/395 (075)

Молдагалиев Б.А. - п.ғ.к., доцент
Рамазанова А.П. - 2 курс магистранты
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Lovme_83@mail.ru

СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада студент жастарда этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мәселелері қарастырылады. Оқыту процесінде «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» элективті курсын қолданудың әдістемесі талданған.

Тірек сөздер. Ұлт, этнос, қарым-қатынас, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті, оқыту процесі, студент жастар.

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында шетелдерде жаңа танымал болып келе жатқан Тәуелсіз Қазақстан үшін этносаралық қатынастар елдің тұрақты және демократиялық дамуының негізгі факторы болып, бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудағы маңызды шарттардың бірі екені баса көрсетілген [1].

Қазіргі дүние жүзінде этникалық және этносаралық процестер ғаламдастыру сипатына ие болып отыр. Саясатқа, экономикаға, мәдениетке және дінге байланысты ірілі де кіші де жағдайлар этникалық сарынға ие. Көп этносты қазақстандық қоғамдағы этносаралық қатынастардың бүкіл кешенін жақсартпай және жетілдірмей оның әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, ел қорғанысын, толық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге болмайды.

Әрине, оқу орындары саяси, экономикалық, этникалық және талданған басқа да тартыстар мен мәселелерді шеше алмайды, бірақ ол оқушы жастарда этносаралық қарым-қатынастың қарапайым нормалары мен әдеттерін, әртүрлі этностың өкілдерімен, өздерінің құрдастарымен достықта өмір сүру іскерлігін тәрбиелеуде қомақты үлес қоса алады. Оқу орындары ғаламдық сананы қалыптастыруда еңбек етіп, сөйтіп оқушы жастар өзін адамзаттың бөлігі ретінде сезінеді; ол көптүрліліктің құндылығын түсінеді және әртүрлі «Дүниенің суреттеріне» және «дүниені түсінудің» әртүрлі формаларына сыйлаушылықпен және қызығушылықпен қатынас жасайды.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды өрістетуге қажеттерін, ғылым мен техника алға қойған талаптарды ескере отырып, халыққа білім беру жүйесін құру, студент жастарды оқу мен еңбектің сапасы үшін жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеу, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін кеңінен қолдану – біздің еліміздің алдына қойып отырған негізгі міндеттері [1].

Өзіндік даму жағынан студенттік жас ерекше кезең болып табылады, ол 18 ден 23-25 жас аралығын қамтиды, яғни жас адамдардың ерекше оқу ортасында дамып, шағын уақыт аралық бойында оларда байыпты әлеуметтік, психологиялық және денелік өзгерістердің болатын кезі.



Осыған орай, студент тұлға ретінде былайша сипатталады:

- 1) әлеуметтік жағынан, яғни белгілі таптар, ұлттар, топтардың қатыстылығында пайда болатын қасиеттерді жүзеге асырады;
- 2) психологиялық жағынан, ол психикалық үрдістер, күйлер, тұлға қасиеттерінің бірлігін көрсетеді;
- 3) биологиялық жағынан, жоғары жүйке іс-әрекетінің түрі, талдағыштардың құрылымы, дене бітімі, бет әлпеті, тері түсі ескеріледі.

Б. Ананьевтің пікірінше, ЖОО-да оқу кезеңінде келесі реттегі жаңа құрылымдар болады:

- кәсіби бағыттылықты нығайту, қажетті қабілеттіліктерді дамыту;
- өмірлік басымды жағдайларды ұғыну, өмірлік ұстанымдардың қалыптастырылуы;
- психикалық үрдістерді, күйлерді толық жетілдіру;
- жауапкершілікті, тұлғалық кемелденуді, тұрақтылықты дамытуы[2].

Жоғары оқу орындарында тәрбиелеу жұмысындағы негізгі мәселе – студенттердің «субъект-субъект» аралық қатынасын дамыту, әрбір адамның құндылығын, даралығын, ерекшеліктерін, сезімін және өзіндік баға беруін қалыптастыру. Мұнда студент жастардың назарын өз өміріндегі елеулі өзгерістерге бұрып, оны саналы түсінуіне, теориялық алған білімдерін өз өмірлерінде, тәжірибеде қолдана білуіне – қасиет сапаларына баулу көзделеді. Осы орайда, әртүрлі ұлттан тұратын ұжымда жұмыс істеу үшін, осындай ұжымды басқару үшін студент жастарда этносаралық қарам-қатынас мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда кезек күттірмес мәселе.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты студенттердің этносаралық қарым-қатынасының субъект ретінде қалыптасуына тоқталып өту. Ең басты ерекшелігі – студент жастар бұл процестің әрі субъектісі, әрі объектісі болып табылады. Бұл жердегі шешуші ұғым – әлеуметтену. Әлеуметтену процесінде адамды жай ғана объект, тетік, қоғамдық ықпалды қарапайым қабылдаушы деп түсіну дұрыс емес. Этносаралық қарым-қатынас әлеуметтену процестеріне педагогика-психология ғалымдары үлкен көңіл бөледі. Бұл ғылым саласының тұжырымдары бойынша этносаралық қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу не стихиялық жолмен (саяси мода, елігу, тылсымдық ұмтылу, құрдастарына және атақты тұлғаларға ұқсау, т.т.), не саяси партиялар мен мемлекеттік ұжымдардың, қозғалыстардың, ата-аналарының арнаулы тәрбиелеу мен насихаттау, не адамның ішкі дүниесінен туындайтын бейсаналық ұмтылыстар жолдарымен жүруі мүмкін.

Студенттердің этносаралық қарым-қатынасының субъект ретінде қалыптасу процесінің төмендегідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бұл процесс басқа әлеуметтік топтағыдай ұзақ мерзімді әрі біртұтас сипатта болмайды. Өйткені ол қысқа мерзімді (4-5 жыл), әрі маргиналдық түпнұсқада жүзеге асады. «Маргиналдық» ұғымын біз студенттердің шыққан тектерінің әр түрлілігін және есею процесіне қатысты қолданып отырмыз. Саяси қалыптасу студент мамандық алғаннан кейін бітпейді. Қайта басқа қоршаған ортада енді басталады.

2. Студент өзінің әлеуметтік уақытында екі түрлі адаптациядан (икемделуден) өтуі қажет: ата-аналық және мектеп бақылауынан салыстырмалы дербестілік жағдайындағы өзін-өзі бақылау жүйесіне және болашақ мамандығына сәйкес өмір салтына алдын-ала икемделу.



3. Болашақтағы мамандығы қаншама беделді, абыройлы болғанымен, студенттік уақытында ол аз қорғалған, материалдық жағынан ата-анасынан, оқу процесінде ұстаздардан көп тәуелді. Сондықтан болар сайлау кезінде оқу орындарында 90 пайыздан асатын біреуге керек нәтижелер алынып жүр.

4. Студент әлеуметтік қалыптасу процесінде теріс қоғамдық бағыттарға түсіп кетуі мүмкін. Жастарға тән максимализм және балалық шақтан қалған инфантильдік жас адамда психикалық үйлесімсіздік туғызуы мүмкін. Қойылған мақсаттарға тез жете алмау, ересек өмірдің романтикалық қырларынан катал «прозасының» басым болуы кейбір студенттерге өмірден түңілу, тынымсыздық, сенімсіздік, ызалану, қорлану сияқты көңіл-күйді тудырып, оларды жеңу үшін басбұзарлық, эгоистік, маскүнемдік, нашақорлық, тұрпайылық сияқты девианттық әрекеттермен тежелуі мүмкін.

Зерттеу барысында студенттердің этносаралық қарым-қатынас аясында мынадай кемшіліктер анықталды:

- этносаралық қарым-қатынас мәдениеті туралы теориялық білімдерінің деңгейінің төмендігі;
- этносаралық қарым-қатынас мәдениетіне студенттердің қызығушылығының төмен деңгейі;
- басқа ұлттардың өкілдеріне қатысты саналы әрекетке және қылықтарға қабілетті студенттердің аздығы.

Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінде этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтаудың интеллектуалдық өлшемін сипаттауда олардың білімдері және негізгі ұғымдарды меңгеруі ескерілді.

Интеллектуалдық өлшем бойынша этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу көрсеткіштері мыналар болып табылады:

- этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізгі ұғымдарын меңгеру сипаты;
- этносаралық қарым-қатынас мәдениеті бойынша білімдердің толықтығы және оны саналы ұғыну.

Студент жастарда этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатын орындау үшін Орал қаласындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика факультетінде кеңейтілген интеграцияланған «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» элективті курсының сабақтарын жүргіздік.

Курс алдына мынадай міндеттер қойылды: студенттерді этносаралық қарым – қатынас мәдениеті туралы теориялық білімдермен қаруландыру, байыту, әртүрлі ұлттардың өкілдерімен қарым-қатынастың практикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, ұлтаралық қарым – қатынас аясында студенттердің практикалық әрекет тәжірибесін кеңейту. Кәсіптік білім беру жүйесінде бұл элективтік курстың алатын орны, оның міндетін анықтады, яғни студенттерде бар ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін сәйкесті білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды интеграциялау.

Бұл арнаулы курс университеттің мұғалімдер даярлайтын күндізгі және сырттай бөлімінің студенттеріне арналған. Элективті курс 30 сағат (15 сағат -дәріс, 15 сағат – семинар,өздік жұмыс) бойы дәрістер мен семинарларды, өздік жұмыс жүргізуге есептелген. Мұнда студенттер этносаралық қарым – қатынас мәдениеті бойынша, өздерінің теориялық



білімдерін тереңдетіп қана қоймай, сонымен бірге практикалық сабақ процесінде, зерттеушілік жұмыстарда алған білімдерді практикада бекітуге жағдай тугызылады. Барлық арнаулы курстың 2/3 уақытын студенттердің практикалық жұмысына бөлінуі қажет, яғни мәселелік әңгімелер, семинарлар, жағдайлық және ролдік ойындар, практикумдар, студенттік конференциялар және т.б.

Студенттердің этносаралық білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды меңгеру процесін ұйымдастыру үшін, біз жоғары оқу орнында «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» элективті курсын жүргізудің әдістемесін жасадық, оған дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту әдістерін, басқа ұлттың өкілдерімен өзіндік қарым-қатынасына, бақылаудың нәтижесіне, зерттеушілік жұмыс сияқты эмпирикалық жадыгаттарға негізделген бірқатар оқу міндеттерін енгіздік.

Студенттерге дәрістің жадыгаттары мәселелік дәріс түрінде берілді. Арнаулы курстың дәрістік бөлімі студенттерді ұлтаралық қарым – қатынас мәдениеті аясындағы теориялық білімдермен қаруландырды.

«Елдегі этносаралық қатынастар: тарихи тәжірибе және қазіргі мәселелер» дәрісінің жадыгаттары студенттерге белгілі бір дәрежеде таныс болғандықтан біз оны мәселелік дәріс түрінде өткізуге жоспарладық. Дәріс алдында студенттерге бірқатар сұрақтарға жауап беруді өтіндік. Атап айтқанда, «әртүрлі халықтардың қандай салт-дәстүрлерін білесіздер?», «Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың ерекшелігі неде?», «Елімізде қандай жолдармен толеранттылық қалыптастырылуда?» т.б.

Дәріс-әңгімелер пікірлердің ауқымын кеңейтуге, тыңдаушыларды кеңінен қатыстыруға, қарастырып отырған мәселе бойынша студенттердің білімін және тәжірибесін қолдануға септігін тигізді.

Курстың дәрістік бөлімі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің теориялық негіздерімен қаруландырды, дегенмен жұмыстың көптеген бөлімі семинар сабақтарында жүзеге асырылды, себебі біз жасаған арнаулы курстың бағдарламасы практикалық бағыттталып, сабақтарының едәуір санына есептелінді.

«Этносаралық қарым – қатынас мәдениеті» элективті курсының аясында мәселелік пікірталастар, диспуттар, конференциялар өткізілді. Сабақтарда өмірден алынған жағдаяттар талданылды, шығармашылық тапсырмалар шығарылды.

Зерттеушілік жұмыспен айналысуына жағдай жасалды. Бұл сабақтардың процесінде студенттермен бірлесе отырып мына сұрақтарды қарастырдық: басқа ұлттың өкілдерімен қарым-қатынасқа түсу іскерлігі, басқа ұлттың адамымен өзін қалай ұстай білу керек, ұлтаралық тартыстарды шеше білу іскерлігі және т.б.

Студенттерге өздігінен практикалық сабақтарды өткізуге мүмкіндік берілді. Бұл студенттерде ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің қалыптасқандығының деңгейін де байқатты. Арнаулы курсты жүргізу барысында әдебиеттерді пайдаланып, басқа ұлттың адамдарымен қарым-қатынасының тәжірибесіне сүйене отырып студенттер бақылау жұмысын орындады.

Сабақтарды жүргізу барысында көрнекілік кеңінен қолданылды, яғни кестелер, сызбалар, диаграммалар, географиялық карталар.



Біздің пікірімізше, оқыту жұмысының әдеттегі формалары (дәріс, семинарлар, бақылау және практикалық тапсырмалар) студенттерде ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруда мүмкіншіліктері шектеулі. Сондықтан біз білім беру процесінде дәстүрлі емес оқыту формаларын қолдану арқылы ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру процесінің сапасын арттырдық. Біздің пікірімізше, жұмыстың мұндай формалары мыналарға септігін тигізді:

- студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға;
- ұлтаралық қарым – қатынас мәдениеті мәселесіне қызығушылығын арттыруға;
- басқа ұлттың өкілдерімен қарым-қатынаста практикалық дағдыларын дамытуға;

Бұл арнаулы курстың сабақтары көпұлтты студенттік ұжымдардағы коммуникативтік мәселелерді шешуге, студенттердің қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталды. Студенттерде ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруда «дөңгелек үстелде» өткізілген әңгімелердің маңызы зор болды. Олардың тақырыптары мынадай болды: «Бірге өмір сүрудің өнері», «Қарым-қатынас мәдениеті», «Ұлттық сана-сезім және мәдениет», «Студенттер ұжымындағы ұлтаралық тартыстарды шешудің жолдары», «Көпұлтты ұжымның адамдарының өмірлік әрекетінде коммуникативтік іскерліктердің ролі», «Ұлтаралық келісім болу үшін елде не істеу керек?»

Бақылау, әңгімелеу, анкеталау әдістері элективті курстың студенттерде этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы екенін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан 2012.

2. Концепция высшего педагогического образования Республики Казахстан. Астана, 2005.

3. Ананьев Б. К психофизиологии студенческого возраста. // Современные психолого-педагогические проблемы высшей школы. Под редакцией Н.В. Кузьминой. СПб., 1974.

Б.А. Молдағалиев, А.П. Рамазанова

Формирование культуры межэтнического общения студенческой молодежи в процессе обучения

В статье рассматривается опыт применения элективного курса «Культура межэтнического общения» в учебном процессе высшего учебного заведения для формирования культуры межэтнического общения студентов.

Ключевые слова. Нация, этнос, общение, культура межэтнического общения, учебный процесс, студенческая молодежь.

B.A. Moldagaliev, A.P. Ramazanova.

Building a culture of interethnic communication students in the learning process

In article is considered an experience apply of elective course "Culture of interethnic communication" in educational process of higher academy for forming culture of interethnic students communication.

Key words: Nation, ethnos, communication, culture of interethnic communication, the learning process, student's youth



УДК 78:371,48

Назымова М.М. - п.ғ.к., доцент
Кисметов К.Л. - 2-курс магистранты
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Kuaku090677@mail.ru

«ЭЛЕКТРОНДЫ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫН СТУДЕНТТЕРІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ»

Аннотация. Ақпараттық–коммуникативтік технологияны жетік меңгерген жастар үшін электрондық музыка арқылы шығармашылыққа тәрбиелеудің маңызы зор. Электронды-компьютерлік музыканың сан түрлі бағдарламаларымен жұмыс жасаудың әдіс- тәсілдерін меңгерген, күзінетті музыка мамандарын қалыптастыруда, сапалы кадрларды дайындауда, арнайы әдістемелік құралдар мен арнайы пәндердің жоқтығы біздің осы проблеманы тандауымызға себеп болды.

Болашақта музыкалық білім беретін ЖОО-да элективті тандау курстары немесе музыка пәндерінің қатарына «Электронды- компьютерлік музыка арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу» пән ретінде енгізуді қажет етеді. Бүгінгі қоғамда электрондық музыка шығармашылығының алатын орны ерекше екені байқалады.

«Электронды- компьютерлік музыка шығармашылығы» пәнін енгізу үшін отандық музыкалық білімге сүйене отырып, арнайы құрастырылған жұмыс оқу бағдарламасымен жұмыс жасатуы керек. Қазіргі білім сұранысы педагог- музыкант дайындап қана қоймай, бәсекеге қабілетті компьютерлік музыканы жетік меңгерген құзыретті маман дайындауды талап етеді. «Электронды- компьютерлік музыка шығармашылығы» жаңа музыка мәдениетіндегі сауатты музыканттар, композиторлар, дыбыс өңдеушілер, орындаушылар, дыбыс режиссерлар және педагогтар үшін де керекті оқу түрі.

Тірек сөздер: Электронды- компьютерлік музыка, «Компьютерлік өңдеу», «Finale Song Writer» музыкалық редактор, «Cubase» музыкалық мәтінді теру және кәсіби өңдеуші музыкалық редактор.

Жедел дамып отырған ғылым, қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Білім берудегі ақпараттық- коммуникативтік технологиялық даму барысына адамдардың тұрмыс деңгейі, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылымның негізгі белгісі – білім беруді ақпараттандыруға болатын жаңа кезеңіне еніп келеді. Жоғарғы оқу орын студенттеріне сапалы білім берудің тиімді жолы білім беруді ақпараттандыру. Музыкалық білімді ақпараттандыру - мәдениеттің дамуына негіз болады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиясы – педагогикалық іс-әрекетті өзгерту арқылы жаңа білімді қабылдау, білім сапасын арттыру, бағалау, студенттің жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыруда, оқу-тәрбие үрдісін қызықтыра түсетін қосымша білім деп түсіну керек. Ақпараттық- коммуникативтік технологиялар – бұл музыкалық білім берудегі жаңаша жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері, тиімді педагогикалық технологиялары, түрлі электрондық-музыкалық бағдарламалар мен техникалық құралдар. (дыбыс жазу студиясының техникалық құралдары, түрлі музыкалық бағдарламаларға арналған компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Музыкалық арнайы пәндерді ақпараттандыру:

- керекті білім алудың тиімді жолын таңдауға мүмкіндік береді;



- білім берудің ашық жүйесін орнатады;
- оқыту үрдісінде студенттердің танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады;
- Электрондық- музыкалық білімді пайдаланудағы ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың басымдылығын түсіндіреді;
- Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдана білуге тәрбиелейді.

Қазіргі кезде студенттерге білім беруде белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Жоғарғы оқу орын студенттерін толық музыкалық білім алуға, музыкалық аспапты меңгеруіне, теориялық және практикалық жетілуіне көп мән берілуі тиіс. Студенттердің кәсіби білім алуымен қатар, электронды- компьютерлік музыка шығармашылығын меңгерген саналы ұрпақ тәрбиелеу басты міндетіміз болып отыр.

Жаңа заман электрондық музыка шығармашылығының белсенді даму кезеңі. Электронды- музыка шығармашылығы Қазақстанда 2000 жылдардан бастау алады. Осы бағытта қол жеткен жетістіктерге «Компьютерлік музыка студиясы», электрондық музыка аспаптарының кең таралуын атап өтуге болады.

Өкінішке орай, электрондық музыка шығармашылығының даму перспективасында, оқытудың арнайы пәндері мен таңдау курстары қолданысқа аз енгізілген болатынды. Бірақ, жоғары оқу орындарының оқыту үрдісінде бұл пән «Компьютерлік өңдеу» ретінде енгізіліп, «Finale Song Writer» музыкалық редактор, «Cubase» музыкалық мәтінді теру және кәсіби өңдеуші музыкалық редакторы, сияқты бағдарламалармен оқытудың алғашқы әдіс - тәсілдері ретінде қолданылуда. Бұл Қазақстандағы электрондық музыка шығармашылығының төменгі көрсеткішін көрсетеді. Осындай өзекті мәселелерден кейін біздің көкейімізде **«Электрондық музыка шығармашылығы» не үшін керек?** - деген сұрақтар туындай бастайды. «Electronic music» ағылшын тілінен аударғанда, «Электрондық музыка шығармашылығы» ұғымы компьютерлік технологиялардың көмегімен «Электрондық музыкалық аспап» ойластырып, музыканы қалыптастыру дегенді білдіреді.

«Электрондық музыка» шығармашылығының тарихы ХХ ғасырдың 2-ші жартысымен –ХХІ ғасырдың басынан бастау алады. Бұл саланың негізін салушылардың бірі, француз кітап баспашысы Эдвард Леон Скотт де Мартинвилль 1857 жылы дыбыс жазу «Фоноавтограф» құрылғысын алғаш ойлап тапты. 1878 жылы «Фонограф Эдисона» дыбыс жазу және дыбыс жүргізу құрылғысын ойластырушы Томас А. Эдисон болса, 1887 жылы американдық Эмиль Берлинер «Дискілік Фонографты» ойлап тапты. Сондай-ақ, 1906 жылы американдық Ли де Форест электрондық музыканы жандандыру бағытында «Триод лампылық дыбыс күшейткішін (аудион)» ойластырды. 1898-1912 жылдар аралығында американдық Тадеуш Кахилль «Telharmonium- теллармониум» электромеханикалық аспап құратырса, 1920 жылдары орыстың ғалымы Лев Термин алғашқы «Электрондық музыкалық аспап» жасады. Музыканың қалыптасуына үлес қосқан ұлы адамдардың ізін жалғастырушы Ресей композиторы, пианист, педагогика ғылымдарының докторы (2007), профессор Игорь Михайлович Красильниковтың осы тақырыпта қорғаған ғылыми еңбектерінде қаншалықты бұл пәннің қазіргі білім сұранысында қажет екені көрсетілген болатын. Оның ғылыми



еңбектерінде «Электрондық музыкалық аспап», «Басқышты синтезаторлар ансамблі» бір сөзбен өрнектегенде «Компьютерлік музыка студиясы» сияқты сабақтары, болашақ жастарды музыкаға тәрбиелеу жолында көптеген жетістіктерге қол жеткізетінін дәлелдеді.

Қазіргі заман музыкасында түбегейлі өзгерістер орын алып, ескі заманның салмақты музыка шығармашылығын, жеңіл музыка түрлері орын алмастырып келуде. Ақпараттық – коммуникативтік технологияны жетік меңгерген жастар үшін электрондық музыка шығармашылығына оқыту көп қиындық туғызбайтыны сөзсіз. Керісінше музыкалық білім беруде, музыкаға деген қызығушылығын арттыруда ең қажетті озық технологиялардың бірі болар еді. Бірақ, жоғарыда көрсеткендей осы мәселені зерттеген ғалымдардың еңбектеріне жасаған талдау жастарға заманауи білім нәрін меңгертуде, электронды- компьютерлік музыка шығармашылығын жетік меңгерген, пәнге кепіл бола алатын оқытушылар аздық етеді. Мәселен, электронды- компьютерлік музыканың сан түрлі бағдарламаларымен жұмыс жасаудың әдіс- тәсілдерін меңгерген, құзіретті музыка мамандарын қалыптастыруда, сапалы кадрларды дайындауда, арнайы әдістемелік құралдар мен арнайы пәндердің жоқтығы байқалады. Сондықтан музыкалық білім беретін ЖОО-да элективті таңдау курстары немесе музыка пәндерінің қатарына «Электронды- компьютерлік музыка шығармашылығы» пән ретінде енгізуді қажет етеді деген пікірге келдім. Себебі, күнделікті ақпараттық құралдарда «Электрондық музыка шығармашылығы» үстем алып келеді. Яғни, қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда электрондық музыка шығармашылығының алатын орны ерекше екені байқалады.

Біздің пайымдауымызша «Электронды- компьютерлік музыка шығармашылығы» пәнін енгізу үшін отандық музыкалық білімге сүйене отырып, арнайы құрастырылған жұмыс оқу бағдарламасымен жұмыс жасалуы керек. Қазіргі білім сұранысы педагог- музыкант дайындап қана қоймай, бәсекеге қабілетті компьютерлік музыканы жетік меңгерген құзыретті маман дайындау болып отыр. «Электронды- компьютерлік музыка шығармашылығы» жаңа музыка мәдениетіндегі сауатты музыканттар, композиторлар, дыбыс өңдеушілер, орындаушылар, дыбыс режиссерлар және педагогтар үшін де керекті оқу түрі.

Қорытында айтқанда электронды- музыка шығармашылығы - жаңаша музыкалық білім беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын арттыру, оқу тәрбиесі үрдісінде, студент жеке тұлғасын жан-жақты қамтамасыз ететін кәсіби білім түрі.

Сол себептен музыкалық білім беруде жаңа технологияны үнемі қолдану арқылы болашақ мұғалімнің интелектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптастыра отырып, шығармашылыққа тәрбиелеу білім сапасын арттыруда алға қойылған басты мақсат болып отыр.

Әдебиеттер

1. Дмитрюкова Ю. Г. Компьютерная музыка: методы и средства. Дипл. работа. МГК, 1997.
2. Красильников И.М. Примерные программы по учебным дисциплинам «клавишный синтезатор», «ансамбль клавишных



синтезаторов», «студия компьютерной музыки» для детских музыкальных школ, музыкальных отделений школ искусств. – М.: Министерство культуры Российской Федерации. Научно-методический центр по художественному образованию, 2002.

3. Название: Musical Instruments. Описание: электронная энциклопедия музыкальных инструментов для учащихся 1-6 классов. Разработчик: Microsoft. Год создания: 2005.

4. Название: Cubase. Описание: музыкальный редактор, с мощными средствами создания и редактирования музыкального текста. Разработчик: Steinberg. Год создания: 2008.

5. Программа развития компьютеризации музыкального образования. Екатеринбург, 1992.

6. Рабин Д. М. Музыка и компьютер: настольная студия / Пер. с англ. Минск, 1998.

M.M. Nagimova, K.L. Kismetov

The perspective work of the creative educating the students through using the electronic music.

This article is given to the teachers who wants to educate students to stimulate electronic musical interests in students. Educating with electronic music is very important for our youth who mastered the informatic and communicative technology.

Creative electronic music takes a special place in today's life.

Introducing the subject "Electronic musical creativeness" depends the native musical educating and special study curriculum.

Today's education demands not only preparing teachers of music also demands capable, competent specialists of music.

"Electronic musical creative work" is one of the studying for the musicians, composers, singers, producers, executive-producers and the teachers.

Key words: Electronic music, "computer correction", "Final song writer," music producer, typing the music text and professional music producer.

М.М. Нагимова, К.Л. Кисметов

Перспективы творческого воспитания студентов ВУЗа с помощью Электронной музыки.

Воспитание творческой личности через электронную музыку играет важную роль в освоении молодежью информационно коммуникативных технологий. Основной проблематикой исследования данной темы является отсутствие квалифицированных кадров, специальной методической литературы, специального предмета.

В будущем, в вузах, дающих музыкальное образование, в ряды элективных дисциплин требуется ввести предмет «Воспитание творчества через электронно-компьютерную музыку». В современном обществе электронная музыка занимает важную роль.

Ключевые слова: Электронно-компьютерная музыка, «компьютерная обработка», музыкальный редактор «Finale Song Writer », набор музыкального текста и профессионально обрабатывающий музыкальный редактор «Cubase».



УДК 796. 015. 52

Испулова Р.Н. – п.ғ.к.,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті
Турдалиев Р.М. - дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін
оқыту кафедрасының магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
E-mail: Rauan_Turdaly@mail.ru

БОДИБИЛДИНГПЕН АЙНАЛЫСУШЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Өзектілігі. Осы кезге дейінгі ұсынылған бағдарла-малардың күш төзімділігін арттырудың тиімділігі төмендегідей болып отыр.

Мақсаты. Зерттеудің негізінде күш төзімділігін арттыру әдістемесінің рациональды жүйелілігін ғылыми негіздеу.

Тірек сөздер: Бодибилдинг, бұлшықеттің күш төзімділігі, максимал салмақ, жақындау.

Бодибилдинг. Бодибилдинг термині ағылшын тілінен енген сөз, қазақша мағынасы дене бұлшықетін құру, нығайту деген ұғымды береді. Бодибилдингпен айналысу кезінде штанга, гантель және тренажерларды пайдаланылады. Нәтижесінде, дене бұлшықетінің шыңдалуы, бұлшықет салмағының өсуі және күш-төзімділік қабілеттілігі артады. Бодибилдингпен айналысудың ерекшелігі бұл спорт түрімен барлық жастағы, жыныстағы және денсаулығы әртүрлі деңгейдегі адамдар айналыса алады. Бүгінгі таңда бұл спорт түрін атлетизм, культуризм және күштік гимнастика деп басқа да атаулармен атайды.

Жасөспірімдердің әртүрлі аспектідегі бодибилдинг дайындығы жайлы ақпараттарды алу және талдау нәтижесінде алдын-ала зерттеулер жүргізу қарастырылды.

Бұл жұмыстың мақсаты жүргізілген зерттеулердің негізінде күш-төзімділігін арттыру әдістемесінің рациональді жүйелілігін ғылыми негіздеу.

Зерттеуді жүргізу бағыттарын таңдауда теориялық алғышарттары ретінде бодибилдинг түсінігіндегі маңызды негізі болып – қойылған мақсатқа арнайы бейімделу алынды.

Бұл бұлшықет күш-төзімділігінің дамуы үшін жаттығу әдістемесін таңдау қойылған мақсатқа байланысты екенін білдіреді.

қатып қалды – шөп шегіп алған адам, пышаққа отырғызу - өлтіру, малып алу – пышақтау, ешкілер, менттер, қызылдар, қоқыстар – милиция қызметкерлерін айтады. Балықтар деп нашақорларды, есірткімен ұсталып түрмеге түскендерді айтады. Жиналысты – «прикол», торды – «маймылша», шанышқыны – «шаншық», үстелді «баркас», 1-2 адамды қамап қоятын жерді «стаканша», кісенді – «браслет», сотталуды – «үйлену» деп қолданылады. Кейбір сөздерге мағыналық түсінік берер болсақ, балықтар есірткімен ұсталып түрмеге қамауға алынғандар. Яғни, балық сияқты еркін жүзіп жүріп әп-сәтте торға, ауға түскендер деген мағынада көрініс тапқан, өмірлері балыққа ұқсап өткен жандар. Сол секілді «майдан» сөзі де түрмеде қолданылады, яғни түрменің маханы не паханының жаңадан қатарға қосылған қылмыскерлерге қатаң түрде жиналыс ашуы, оны ұрып-соғуы, мұны майдан жасау деп те айтады.

Енді *қылмыстық арголарды* топтастырып көрсек: шоха, стукач, токылдақ, терпила – айтуға болмайтын нәрсені біреуге жеткізіп баратын адам, айтып қойушы адам, дух - әскердегі бірінші жыл, черпак - әскердегі екінші жыл, дембель - әскердегі соңғы , бітіруші жыл, дед - әскердегі үшінші жыл не әскерді аяқтаушы соңғы жылындағы адам, жүлік – ұры-қары, шпана – банда, бандит, крыса – ұры, стрелка – төбелес, бакланить – төбелесу, қыр көрсету, редиска – нашар, шамалы адам, абдаста – пистолет, ажур – бәрі жақсы, бәрі дұрыс, эзер - әзірбайжан ұлтының адамы, аққұлақ – орыс ұлтының адамы, айда – кеттік, академик – тәжірибелі қылмыскер, авторитет, академия – түрме, ұрылар мектебі, аквариум – сотқа дейінгі қылмыскерлер жататын камера, алик – мас, алты – қауіпті жағдай, тығыл, шестерка – екі ортадағы шауып жүретін, сатқындық жасайтын адам, амара – жезөкше, амаска – ұрланған заттарды сатуға көмектесетін адам, пятак – үйреншікті кездесетін жер, еныфер – дүкенге, дүңгіршектерге түсетін ұры, обезьянник – милицияға ұсталған жағдайда күдіктіні бір күнге уақытша отырғызатын камера, мент – милиция, полиция қызметкерлері, избач – пәтер тонаушы, лапша - қылмыстық іс, лебжатник – мастарды тонайтын ұры, левак, левый – жұмыстан тыс, заңсыз ақша табу, леғавый – милиционер, полицей, лисак – түнде ұрлық жасайтын ұры адам, белый лебедь – тәртібі қатаң, ерекше түрмелер, қызылдар – қолына қызыл белгі байлап, «дубактарға» қызмет еткендер, дубактар – түрме сақшылары, баклан – бұзақылығы үшін сотталғандар, макрушник – кісі өлтіргендер, фуфлыжник – картадан ұтылғандар, труба – ұялы телефон, кустари – түрме қолөнерімен айналысатындар, пахан, положенец – түрмедегі басты адам.



Нашақорлар аргосы да өз алдына бөлек топтастырылуы қажет: балық қарау – шөп немесе наша шегу, нарик – нашақор, кайф ұстау – рахаттану, кош, коша – нашақор, куряга – көп темекі шегетін немесе есірткі пайдаланатын адам, барыга – есірткі сатушылар, наркоша – нашақор, жаңалық бар ма – шөп бар ма?, тема – шөп, кітап оқып алу, қатайып алу – шөп шегіп алу.

Техниканың, компьютердің дамуына байланысты тілімізге *компьютерге қатысты жаргондар* да көптеп енуде. Енді соларды топтастыратын болсақ: комп – компьютер, құрт – вирус, қатып қалу – компьютердегі жұмыстың тоқтап қалуы (зависать), құйып алу – компьютерден немесе компьютерге бір нәрсе жазып алу, темір – жалпы компьютерлік қондырғылар, жұмсақ – компьютерлік бағдарлама, ноут – ноутбук, клави – клавиатура, мозг – процессор, евро – Европада өндірілген компьютер немесе оның жабдығы, сел – селерон процессоры бар компьютер, мыло – электрондық пошта, батон – клавиатура пернесі, батник – bat. кеңейтілуі бар файл, бизя – телефон желісінің немесе модемнің бос болмауы, болванка – таза CD матрица, домен – Интернеттегі адрес, мысалы www.semsk.kz, емеля – электронды пошта, мышка – тышқан, ковер – тышқанға арналған кілемше, компач – компакт-диск, хакер – компьютерді өте жақсы білетін адам, кряка – бағдарламаларды бұзушы, логин – жүйеге кіруге арналған идентификатор, пассворд – пароль, рояль – клавиатура, смайлик – эмоцияны білдіру мақсатында қолданылатын адам жүзінің схемалы бейнесі, софт – бағдарламалық қамтамасыздандыру, веба – Web Camera, компьютердің камералық құрылғысы т.б.

Мұндағы байқалатын бір құбылыс – компьютерлік жаргондардың көбі басқа тілден енген сөздерден болып тұр (смайлик – ағылшын тіліндегі smile, пароль – Password, мессага – message, т.б.). Әрине, олай болуы заңды да. Себебі, техника мен компьютердің дамуы біздің елде емес, ол сонау «батыс» елдерден басталатыны белгілі. Ғылым мен техника, әсіресе компьютерлік технология біздің елдің жемісі емес екені белгілі. Сондықтан да бұл компьютерлік технологияға байланысты көптеген сөздер шет тілдерінен, европа елдерінен енген.

Шоферлар аргосы да тілде көп кездесетін құбылыстардың бірі: резинчик, резина – қалалық көлік-тасымалдау орындарында айтылады, өз кестесіне сай жүрмейтін, артында келе жатқан автобуспен немесе таксимен ара қашықтығын дұрыс сақтамайтын көлік автобус немесе такси, - сүйреу - алдыңғы автобустың немесе таксидің өзінен кейінгі автобуска қиянат жасап, кестесінен кешігіп жүруі, жатып алу - автобустың аялдамада ұзақ тұрып алуы, сыпырып шығу – аялдамадағы жолаушылардың бірін қалдырмай алып кетуі, сипап кету – түк қалдырмау, қаймақ – автобус көп жолаушыларды тасымалдағанда айтылатын сөз, порожняк келу – автобус немесе таксидің жолаушысыз, адамдарсыз бос жүруі, чайник – жаңадан машина жүргізіп жүрген адам, шумахер – машинаны қатты жүргізетін адам, летчик – машинаны ұшырып айдайтын адам, гонщик – машинаны қатты жүргізетін адам, гоблин – МАИ қызметкері, запор – запорожец машинасы, мерс – мерседес машинасы, хомяк – хаммер машинасы, мотор – машина, колеса – көлік, кама – камаз көлігі, бежа – БМВ көлігі, комба – комбайн т.б.



Жалпы аргоның жаргонға ұқсас жері де, айырмашылығы да бар. Аргода жаргон сияқты жалпыхалықтық сөздер шартты түрде әдейі бұрмаланып айтылады, солай бола тұрса да аргоны жаргонмен шатастыруға болмайды. Жаргон үстем таптың жоғарғы топтарына тән болса, арго төменгі әлеуметтік топтарға, адамдарға тән. Арго жасырын әрекетті, құпия сырды бүркемелеу мақсатынан туған. Сол үшін халық тіліндегі жалпыға түсінікті сөздер басқа мағынада әдейі бұрмаланған. [2]. Аргода қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды әлдеқайда айқын көрсететін сөздер бар. Міне сондықтан көптеген арготнзмдер жалпыхалықтық тілге, тіпті әдеби тілге ауысқан. Жаргон мен арголар әдеби нормаланған тілімізге ене алмайды, көркем шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерінде снрек те болса кездесуі мүмкін.

Жалпы алғанда, дөрекі былапыт сөздер - әдеби тілдің, жалпы лингвистика, тіл мәдениетінің ата жауы, олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қорынан орын алуы мүмкін емес. Сондай - ақ тілдегі кәсіби сөздерден жаргондық сипаты бар сөздерді де айыра білу қажет. Екеуі де қоршаған ортадағы, қоғамдағы әлеуметтік топтарға қызмет еткенімен, пайда болуы, қолданылуы және әдеби тілге қатысы жағынан бір - біріне ұқсамайды.

Кәсіп, мамандыққа байланысты сөздер – жаргон сөздердей жұртқа түсініксіз болу үшін, әдейі бұрмаланған жасанды сөздер емес, белгілі кәсіптің ұзақ уақыт бойы дамып, қалыптасуы нәтижесінде пайда болған сөздер. Ал жаргон сөздер жалпыхалыққа түсініксіз болу үшін, әдейі жасанды түрде бұрмаланып жасалған сөздер. Кәсіби сөздердің қолданушысы - жергілікті халық. Сол себепті олардың халықтық сипаты, қоғамдық мәні бар. Ал жаргондық сөздердің ешқандай келешегі жоқ, халықтың қарым - қатынас құралы бола алмайды. Сол себептен жаргон сөздердің халықтық, қоғамдық маңызы жоқ десе де болады. Оларды халықтың белгілі бір топ өкілдері, мен топтары ғана қолданады. Жаргондар әдеби тіліміздің лексикасындағы көптеген сөз топтарынан әлдеқайда өзгешелеу болады. Олар жалпы халыққа түсініксіз, кейбір топ өкілдеріне ғана, сол ортада ғана қолданылатын, жасанды, әдейі бұрмаланған сөздер іспетті. Олардың тіліміздегі сөздерден басты айырмашылығы жаргондар – жалпыхалықтық тілдегі сөздерді өз мақсаттарына қарай мән-мағынасын өзгертіп, басқаша түрде қолданады. Тіліміздің сөздік қорында, яғни лексикологиямызда шын мәнінде жасанды «тіл» дәрежесіне жеткен жаргон, арго сөздер болған емес. Бірақ әр кезде белгілі бір қоғамдық, әлеуметтік ортада пайда болып, қазірде азайып, біржола жоғалып бара жатқан кейбір жаргондық, арголық сипаты бар сөз бен сөз тіркестері, сөйлемдер болды. Ондай көптеген жаргондық элементтерге, мысалы, бұрынғы үстем тап өкілдерінің, қожа - молдалар т.б. тілінде кездесетін халықтық сипаты жоқ, түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін жатқызуға болады. Жаргондар жалпыхалықтық бола алмағанына, сөздерінің бүкілхалыққа түсініксіздігіне қарасақ, кітаби - әдеби тілге жақызылып жүрген бірсыпыра шығармалардың да белгілі мөлшерде жаргондық сипаты болған. Олар араб, парсы, шағатай сияқты т.б. тілдері элементтерімен шұбарланып, халыққа түсініксіз жазылған. Негізінен олар мұсылман - түркі кітаби жаргонда жазылып, онымен қазақ, башқұрт, қырғыз т.б. ғалымдардың бәрі де пайдаланды. Жалпы жаргон мен арголар жалпыхалықтық әдеби тілімізге ене алмайды, лексикамыздың пассив қабатына жататын бұл топтағы сөздер кейбір әлеуметтік орта мен шағын топтардың тілінде кездеседі. Мұнда жалпыхалықтық сөздер шартты түрде әдейі мақсатты бұрмаланып алынады.



Жаргон үстем таптың жоғарғы топтарына тән болса, арго төменгі әлеуметтік топтарға тән болады. Жастар тіліндегі фраземалар, көбінесе, ауызекі тілде, сөйлеу тілінде қолданылады. Тілімізде жалпы аз да болса жаргон - арго сөздер кездесіп, қолданылып отырады. Әсіресе қазіргі жаңа кезде барынша жастар тілінде қолданылып, кездесіп отырады. Студент жастар тіліндегі жаргондық сөздер мен фразеологизмдер жастар тіліндегі жаргондық лексиканың негізін құрайды, олар қазақ тілінің сөзжасам жүйесімен түрленеді, олардың сөйлеу тілінде барынша ұшырасып отырады.

Орыс тілі және орыс тілі арқылы енген шетел лексикасы жаргондық фразеологизмдердің пайда болуына ықпал етеді. Тілдік единицалар яғни тілдік бірліктердің тоғысуы нәтижесінде «гибрид» (аралас) сөздер мен сөз тіркестері қалыптасады. Жоғарыда көрсетілген факторлар қазіргі кездегі қазақ жастарының тіліндегі жаргондық лексика мен фразеологизмдердің түрлі формаларының пайда болуына септігін тигізуде. Тілдік факт, дерек болып табылатын жаргондық лексиканы зерттеп қарастыру олардың пайда болу көздері мен қолданыс аясын анықтау қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері болмақ. [5] Яғни тілдік дерек болып табылатын, өз тіліміздің жемісі болмаса да, орыс тілі арқылы, не орыс тілі арқылы басқа да шет тілдерінің жаргондық сипаты бар сөздері әсіресе кейінгі жастар тілінде кездеседі, соларды зерттеп, қарастырудың тіл білімі үшін маңызы зор болмақ. Тіліміздің лексикасының пассив қабатына жататын жаргон - арго құбылыстары халық тілінде аз да болса кездесіп, өмірдің сан алуан кезеңдерінде де қолданылып, тілде өз ізін қалдырып, қолданыс тауып отырады.

Әдебиеттер

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: «Санат», 1996.
2. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. – Алматы, 1958. – вып. 1.
3. Қазақ тілі сөздігі. – Алматы, 1998.
4. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Справочник лингвистических терминов. - Москва: «Просвещение», 1972.
5. Авакова Р.А. Қазақ тіліндегі жаргондық фразеологизмдер // Психолінгвистика және әлеуметтік тіл білімі: Қазіргі күйі және болашағы. Халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы, 2003.

Ж.И.Мұхамбетов

Жаргонизмы и арго в казахском языке.

В данной статье рассматриваются жаргонизмы и арго в казахском языке, их применение, значение, тематические группы и особенности.

Ключевые слова: Жаргон, арго, сленг, лингвистика, лексика, диалект, фразеологизм, креоль, фразема, слово.

Z.I.Mukhambetov

Jargon and slang in the Kazakh language.

This article is considered jargon and slang in the Kazakh language, their use, meaning, thematic groups and features.

Keywords: jargon, slang, Linguistics, vocabulary, dialect, idiom, phrase, word.



УДК: 81*282.4

Мұхамбетов Ж.И. – Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университетінің доценті

E-mail: Mukhambetov72 @ mail.ru

Шаймарданова А.М. - Х.Досмұхамедов атындағы АМУ

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы-ның II курс магистранты

E-mail: aiaulym_91_25 @ mail.ru

БАТЫС ӨңІРІНЕ ТӘН ЭТНОМӘДЕНИ ДИАЛЕКТИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ-ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Тілде адамзат тарихында, жергілікті бір өңірге тән дүниетанымдық ұғымдар мен тілдік атаулар, тіркестер болады, олардың тілдік, яғни лингвомәдени-дүниетанымдық сипаты мен сол жерге тән өзіндік ерекшеліктері бар. Тілдегі әр жекелеген этнодиалектизмдерден халқымыздың тіліне тән мол мәдени тілдік жүйенің белгісі мен іздерін көреміз. Бұл мақалада батыс өңіріне тән этномәдени диалектизмдердің лингвомәдени-дүниетанымдық жақтары мен ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: Диалект, сөйленіс, этномәдени диалектизм, лингво- мәдениет, лингвистика, этнолингвистика, этнос, тіл, концепт, тілдік тұлға, дүниетаным, аймақтық тіл.

Тіл қоғамда күрделі де сан қырлы қасиеттерге ие, өзіндік ұлттық ерекшелігі мен күрделі құрылымдары бар жүйе десек те болады. Тілдің өзіндік ерекшелігі мен оның табиғи құрылымын, тілдің сол халықпен тығыз тарихи-әлеуметтік байланыстары мен ұлттық құндылықтары жақтарынан қарастыру тілде маңызды мәселе болып табылады.

Тілдің табиғатын дұрыс танып – зерделеу үшін оны сол ұлттың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салтымен байланыстыра қарастырудың тіл білімінде мәні зор. Осыған байланысты соңғы жылдары тіл білімінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.с.с. тіл білімінің жаңа салалалары қалыптасып, дамып келеді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы идея В.Фон Гумбольд, Ф.де Соссюр, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Уәли, А.Ислам, Ж.Абдрахманова т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

XX ғасырдың аяқ кезінен бастап тіл білімінде құрылымдық-жүйелік және статистикалық парадигмалардың орнын антропоцентристік, когнитивтік, динамикалық бағыттағы зерттеулер басып, бұл сала қарқынды дами бастады. Антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде адам проблемасы басты назарға алынып, адамның сөзқолданысы, тілдегі адам бейнесі мәселелері ерекше маңызға ие болды. Бұл мәселе лингвомәдениеттану, психолінгвистика, этнолингвистика, когнитивті лингвистикада сөз болып, бұл салалар соңғы жылдары тілімізде қарқынды дамып келеді. Этнолингвистикамен сабақтас этнос болмысының сан түрлі қырын зерттейтін ғылымдарды академик Ә.Қайдар екіге бөледі: 1) Этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәселен, мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрономия, педагогика, дидактика т.б.) ғылымдар. 2) Этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты ғылымдар (мәселен, этимология,



диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография, соңолингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика т.б. [1].

Тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Тілдің маңызды қызметтерінің қатарында ақпарат жеткізу, ақпарат сақтау қызметін атауға болады. Қоғамдағы, тарихтағы болып өткен оқиғалар, тұтынған заттар-бәрі де тілде көрініс тауып, атадан балаға мирас болып қалып отырады. Соңғы жылдары этнолингвистикадан лингвомәдениеттану саласы жеке бөлініп шықты. В.А.Маслова лингвомәдениеттануға былайша анықтама береді:

«Лингвокультуроология – комплексная научная дисциплина синтезирующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структуру единич в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (системы норм и общечеловеческих ценностей)» [2]. Лингвомәдениеттанудың міндеті – тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерделеу болып табылады. Зерттеу еңбегімізде Батыс Қазақстан өңіріне тән жергілікті ерекшеліктердің этнолингвистикалық сипатын сөз етуге талпыныс жасаймыз. Бұл бағыттағы зерттеулер үшін ең алдымен, лингвомәдениеттану теориясының негізгі ұғымдарын анықтап алу қажет. Лингвомәдениеттану нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен арақатынасы, ондағы рухани және материалдық құндылықтардың көрнісі, яғни адам еңбегінің нәтижесінде пайда болған құндылықтар. Бұлардың бәрі жинақтала келе әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Профессор Ж.Манкеева тіл мен мәдениеттің арақатынасы туралы: «Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», - дейді [3].

Лингвомәдениеттануда «тілдік тұлға» мәселесі «әлемнің тілдік бейнесі», «тілдік таным», «мәдени концепт» мәселелерімен тығыз байланыста сөз болады. Тілдік танымның қалыптасуына белгілі дәрежеде тарих әсер етіп отырады. Тіл мен мәдениет болып табылатын салалардың қатарына «лингвоәлеттану», «лингвоәлеттаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» салаларында зерттелетіні белгілі. Тіл мен мәдениет өркениетті өзара байланыста, сабақтастықта зерттегенде ғана зерттеулер оң нәтиже беріп, тілдің көпқырлы қызметі ашыла түседі. Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулерде әлемнің концептуалдық және тілдік бейнесінің арақатынасы мәселесіне ерекше назар аударыла бастады. Адам санасында ұғымдар мен түсініктер түрінде көрініс табатын әлемнің концептуалдық бейнесімен қатар әлемнің вербалды немесе тілдік бейнесі де қатар дамиды. Жалпы алғанда, әлемнің концептуалды бейнесі дегеніміз – қандай да бір таңбалар жүйесіне түспеген әлемнің бейнесі де, әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – тілде көрініс тапқан, тілде бейнеленген концептуалды әлем. Түрлі мәдениет өкілдерінің санасындағы, танымындағы әлемнің бейнесі әртүрлі. Әр халықтың өмірді тануы, қабылдауында өзіне тән ұқсастықтар, ортақ, жалпы жақтары болумен қатар өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары да болатыны белгілі.



Халықтың белгілі бір ортада, белгілі бір аймақта өмір сүруі оның ұлттық сипатына, болмысына әсер етеді. Ұлттық сипаттағы өзіндік ерекшеліктер мен менталитет этностың мәдениетінде, тұрмысында, күнделікті өмірінде көрініс табады. Олар тілде бейнеленіп, көрінеді. Қоғамда болып жатқан құбылыстар, өзгерістер тілде үнемі ізін, таңбасын қалдырып отыратындықтан, тілді тарихпен, этнографиямен тығыз байланыста зерттеу қажет. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымының негізін қалаған ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі: коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. ...Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен, содан іздеуіміз керек» [1], - деп көрсетеді.

Ұлттық болмысты, ұлттың өзіндік ерекшелігін танытатын нәрсе – көркем әдебиет дейтін болсақ, академик Р.Сыздықтың сөзімен айтқанда: «Көркемдік дегеніміз – өлең тілінің жылтырақтығы емес. Көркемдік ең алдымен, мазмұн мен қалыптың сәйкестігі, яғни ой мен тілдің ғармониясы: ақын идеясын білдірген сөздердің оқырман сезіміне әсер ететін экспрессиялылығы мен эмоциялылығы» [4]. Яғни көркем шығарма авторы суреткер тілінің бейнелі, көркем әсерлі болуымен қатар суреттеп отырған кезеңнің тарихи ерекшелігін, кейіпкерлерінің болмыс-бітімін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, ділін, сол жердің табиғи сипатын толық түсініп, туындысында бұл айқын сезіліп тұруы тиіс.

Тілде адамзат тарихына тән дүниетанымдық ұғымдар мен атаулар, тіркестер бар екені белгілі. Мәселен, жақсылық, жамандық, алыс, қашық, қысқы, жоғары, төмен, дәуір, кезең т.с.с. сөздер қазақ халқына ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ ұғымдар. Олар әр тілде түрліше дыбысталғанмен, бұл туралы ұғым, түсінік барлық тілде бірдей. Сонымен қатар белгілі бір ұлттың дүниетанымына, ұғымдық көқарасына ғана тән сөздер, ұғымдар бар.

Қазақ халқының тарихына тұрмыс-салтына, менталитет яғни діліне қатысты атаулар ұлттың болмысын, табиғатын танытады. Осыған байланысты ғалым, Ж.Манкеева: «Ұлттың рухани дүниесі, сонымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс-күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасқан жалпы халықтық құбылыс. Оның негізі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Сол себепті әр түрлі ұрпақ болғанымен, бірін-бірі түсініп, бір ұлтқа жатады» - дейді [5]. Тұтас ұлтқа тән дүниетанымдық ұғымдар кейде ұлттық сипатын сақтай отырып, белгілі бір аймақтық үрдіс алатын тұстар да кезігіп отырады. Мысалы: «Көрісу» сөзінің әуел бастағы мағынасы кездесу, жүздесу; амандасу, сәлемдесу; ұзатылған қыздың төркін жұртымен



қоштасып, жылауы [6] болса, кейінірек мағынасы сараланып, Қазақстан-ның оңтүстік аймақтарында негізінен көрісу сөзі қайтыс болған адамның жақын-жұрағатымен, қаралы адаммен кездескендегі жылап-сықтау мәнінде жұмсалады. Ал батыс өңірінде бұл сөз бастапқы мәнін сақтап, «амандасу, жүздесу» мәнінде жұмсалады. Батыс өңірлерінде он төртінші наурыздан бастап, жастар үлкен кісілермен, үлкен адамдар да бір-бірімен амандасып, «бір жасыңмен», «жастан жасқа жете бер», «жасың құтты болсын» - деген сияқты ізгі ннет, бата-тілектер айтылады. Әрі батыс өңірде қайтыс болған адамның туыстары дауыс шығарып, келген адамдармен құшақтасып, көріспейді, сабыр сақтауға тырысады. Белгілі бір аймаққа тән дүннетаным тұрғындардың бітім-болмысымен, табиғат құбылыстарымен, қоршаған ортамен, халықтардың шаруашылық жүйесімен де тығыз байланысты болады.

Атырау өңірі ежелден балық өнеркәсібі мен аты шыққан аймақ екені белгілі. Бекіре тұқымдасына жататын ірі балықтарды бұл жақта «шоқыр» не «қызыл балық» деп, уылдырығын (икра) «қара тары» деп те атайды. Оның етін, бір бөлшегін сол өңірде «кеспе» деп те атайды. Жайық өзені жылда арнасы тасып, көтерілген сайын көктем кезінде және судың қайтуы кезінде балық аулаушылардың немесе суға шомылушылардың суға кететін жәйттері жиі кездеседі. Сондай жағдайда суға кеткен адамды іздестіруде сол жердің тұрғындарының әдетінде «қазан жіберу» әдісі қолданылады. Бұл тіркес Қазақстанның басқа аймақтарында екі сөз де түсінікті болғанымен, қатар қолданылмайды. Ал батыс өңірінде бұл тіркес еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін түсінікті. Мәселен, 1957 жылы Гурьев облысы, Новобогат ауданының Амангелді орта мектебінде оқытушы болып қызмет етіп жүрген Құсекен Шаукеновтың айтуы бойынша, өз көзімен көргені былай баяндалады. Бақсай өзені кемерінен асып, тасыған кезде Қаналин Қабдығали деген кісінің суға кеткенін, кейін ол кісіні ау салып, қармақ салып іздегенмен еш нәтиже болмағаны, суға кеткен адам табылмағаны туралы сөз болады. Сонан соң ауыл ақсақалдарының айтуы бойынша, қазанның қақпағын алып, сол жерге суға жібергенде, қазан қанша салмақты болғанымен суға батпай, суға батып кеткен адам жатқан жерге барып, сол жерге қазан дөңгелене үйіріліп, қанша судың ағыс, толқынына қарамай, сол жерден үйіріліп кетпегенін, сол жерге ау салғанда, мәйітті тапқанын хабарлайды.

Жалпы қазан қазақ дүниетанымында ежелден-ақ өте қасиетті, қадірлі де киелі екені мәлім. Осыған байланысты «қазанды теппе», «қазанды аттама», «киелі қазан», «тай қазан» т.б. сияқты тиым, таным сөздер қазақта көп сақталған. Сонымен қатар қазанды таза ұстап (құлағына дейін таза ұстаған, құлағын жумаса онда шайтан отырып, ырыс, нәсіпті шайтан ішіп қояды деп түсінген). Оны ешкімге бермеуге тырысқан. Сондай-ақ, батыста жасы жетіп, үлкейіп қартайған адамдар қайтыс болғанда, бейітінің басына қазан төңкеріп тастайды. Яғни қазан-ошағымен бірге болсын, ешкімге зияны тимей өзімен-өзі жатсын, артынан ешкімді шақырмасын деген мақсатпен қазан төңкерген. Қазақ халқында ежелден-ақ құт-береке иесі, киелі нәрсе деп қасиет тұтқан. Мәселен, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Ленинградтағы эрмитаждан тайқазанның оралуын көпшілік енді елге құт, береке келеді деп қуанғаны белгілі. Алайда қазанды киелі санағанмен, «қазан жіберу» тіркесі көбінесе батыс өңірінде қолданылады, бірақ қазан мен суға кеткен кісінің арасында



қандай байланыс бары, батыста әрине беймәлім, ол құпия сыр, тылысым дүние. Әрине «қазан жіберу» тіркесі батыста ата-бабамыздан ғасырлар бойғы келе жатқан дәстүр, бір-екі жылдың нәтижесі емес.

Осы орайда академик Ә.Қайдар: «Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек», - дейді [1].

Тіл ұлттың мәдениетінің өзегі, түп қазығы, негізі. Тілде халықтың бүкіл тыныс – тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы сақталады. Тілдің қызметі көркем шығарма тіліне тән. Осы көркем шығармалардағы, жалпыхалықтық тілдегі жергілікті ерекшеліктер ішіндегі дүниетанымдық маңызы бар сөздер, тіліміз үшін, ғылым үшін өте қажет-ақ. Көркем шығармалардағы халықтың тілінде бар дүниетанымдық жергілікті ерекшеліктерді халықтың мәдениетімен, тұрмыс тіршілігімен, табиғатымен, кәсібімен байланыстыра зерттеу, мән-мағынасын ашу бүгінгі күннің талабы. Қазіргі толыққанды мәдениетті игеру үшін міндетті түрде тілді, тіл тарихын, тілдегі жергілікті ерекшеліктерді білу, тілді басты құрал деп санау, оның құдіретін, ролін сәулелендіру-ақ керек. Жалпы қазақ ұлтының ділі, салт-дәстүр мен ұлттың дүниетанымын жан-жақты ашу керек. Бұл дүниетанымдық бағыттағы зерттеулер соңғы жылдары қолға алынып келеді. Белгілі бір ұлттың болмысын, табиғатын білдіретін ұғымдарды өзге тілге аударуда бірқатар қиындықтар кездесетіні белгілі. Дүниетанымы бөлек, ол халықтың жаратылысын, болмысын білмейтін басқа ұлт өкілдеріне мұндай ұғым, түйсіктерді аударып беру мүмкін емес.

Махамбет өлеңдерін орыс тіліне тәржімалаған А.Никольский ақынның «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлеңіндегі:

Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,

Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

деген жолдарын аудармашы А.Никольский:

Не к ладя тебеньки другой стороной,
Кол железный подушкой не подложив,
Слово череп, голову не искушив,
Не достигнет успеха в деле герой! –

деп тәржімалаған. Әрине, бұл жерде аудармашының Махамбет өлеңдерін сөзбе-сөз аударуға бой алдырғаны байқалады. Яғни темірқазық жұлдызына аудармашы калька әдісімен аударып, ақынның айтайын деген ойынан мүлде алшақтап кеткен. Ал 1989 жылы Альберт Устиновтың аударуымен жарық көрген «Песни воина» атты жинақта аудармашы көбінесе қазақ тұрмысын, табиғатын, болмысын, дүниетанымын бейнелейтін мұндай сөздерді аудармай, сол күйінде беріп, ескерту ретінде өлеңнен кейін түсіндірмелер беріп отырған. Алайда мұнда да кейбір алшақтықтар кездеседі. Мәселен, «күдері» сөзін аудармашы төзімді нәрседен жасалған тері деп түсіндіреді [7].

Ал, «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде академик Р.Сыздық Н.Ильминский, К.Юдахин сөздіктеріне, Қырғыз, Монғол тілдерінің деректеріне сүйене отырып, бұл «күдері» сөзінің «төзімді нәрсе» мағынасында емес, «жұмсақ иленген тері» мәнінде қолданылатынын айтады [8].



Лингвомәдениеттануда мәдениеттің объективті элементі ретінде дәстүрлі түрде қалыптасқан тілдік бірліктер, атап айтқанда, сөздер, фразеологиялық тіркестер, мәтіндер т.б. көрінеді. Тілде көрініс тапқан мәдениеттің субъективті элементтері лингвомәдениеттаным концептілері деген атауға ие болған. Лингвистика мәдени концепт тіл мен мәдениеттің өзара бірлікте, сабақтастықта алатын негізгі бірлігі болып табылады. Концепт бірнеше мағыналар жиынтығынан құралған тілдік таңба болып табылады. Тілде ұлттық болмыстың, менталитеттің көрініс табуы нәтижесінде өзек сөздер, концептілер туындайды. Әр тілдің өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігін, дүниетанымдық ерекшеліктерін білдіретін концептілер қалыптасады. Тіл мен мәдениеттің арасындағы байланысты бүтін мен бөлшектің арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі әрі құралы бола алады. Солай бола тұрса да, тілді жалпы мәдениеттен тыс, тәуелсіз, дербес семиотикалық жүйе ретінде қарастыруға болады. Яғни оны дәстүрлі лингвистикада сөз болып жүргендей, мәдениеттен тыс та қарастыруға болады. Белгілі бір тілде сөйлейтін сөйлермен сол мәдениеттің тұтынушысы да бола береді. Сол себепті тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде қызмет атқарып, мәдениетті танытатын негізгі құрылымдардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл сөйлермендердің мәдени-ұлттық ментальдылығын бейнелей алады. Мәдениет тіл мен кеңістік концептісі негізінде қатынаста болады. Әрбір тіл әлемді өзінше бейнелейді, яғни оны концептуал-изациялайтын тәсілдері әртүрлі болады. Сол себепті әрбір тілдің өзіне ғана тән ғаламдық бейнесі болады, тілдік тұлғаның тілінде осы ғаламның тілдік бейнесі арқылы көрініс табады. Сол арқылы адамзаттың ғаламды қабылдау, пайымдау ерекшелігі де тілде бейнеленеді. Мәдениет тілі аударуға, тәржімалауға көнбейді. Бұған мысал ретінде көркем шығармалардағы этнографизмдердің берілуін жатқызуға болады.

Енесі үй-үйге кіріп, құдайы нан таратты. (Ә.Кекілбаев. Ең бақыт. күн. 43-б.)

Өлілерге иіс қылмақ. (Ә.Кекілбаев. Құс қанаты. 49-б.)

Келгесін әуелі өлілерге иіс болсын деп жеті шелпек пісірді. (Ә.Кекілбаев. Құс қанаты. 49-б.)

Қазақтың жанын қинайтын қара жұрт, қара шаңырақ, қара қазан еді. (Ә.Кекілбаев. Құс қанаты. 38-б.)

Болашақ құданың атақ-дәулетін, болашақ келіннің тәрбиесі мен мінезін, дене бітімі мен ажарын сарапқа салғанда болашақ ұрпақтың ырзығы мен денсаулығын, болашақ отаудың мәпақасы мен ынтымағын түгел ойлайды екен ғой. (Ә.Кекілбаев. Құс қанаты. 37-б.)

Лингвомәдениеттануда мәдениеттің объективті элементі ретінде дәстүрлі түрде қалыптасқан тілдік бірліктер, атап айтқанда, сөздер, фразеологиялық тіркестер, мәтіндер т.б. көрінеді. Лингвомәдениеттанымдық бағыт бойынша, белгілі бір этномәдениетке жататын тілдік тұлғаның менталитетін білдіретін лингвомәдени ерекшелікке ие семантикалық түзілімді концептілер ғана концепт қатарына енеді.

Сонымен, этнодиалектизмдер:

1) белгілі бір ұлттық мәдени-ұлттық дүниетанымы әлемнің тілдік бейнесі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, атадан балаға мирас болып отырады;



2) әлем бейнесінің фундаменталды негізгі менталды лексиконның дискретті мазмұндық бірліктері ретінде танылатын этнодиалектизмдер арқылы беріледі. Ол сөйлермендер тілінде көрініс тауып, қоршаған орта туралы ақпарат жеткізуде басты орын алады да әлемнің тілдік бейнесінде ұлттық болмысты танытатын негізгі белгілердің бірі болып табылады.

3) тіл этнодиалектизмдердің берілуінің ең негізгі жолы болып табылады;

4) этнодиалектизмдер тілдік құралдар арқылы берілуі, сондай-ақ прагматика, әлеуметтік, мәдени, психологиялық құралдар арқылы берілуі мүмкін. Яғни екінші сөзбен айтқанда, этнодиалектизмдер тілде сан қырлы тілдік құралдар арқылы беріле алады;

5) әрбір этнодиалектизмде өзі қалыптасып, пайда болған мәдени жүйенің белгісі, өзіндік қолтаңбасы қалып отырады.

Тіліміздегі этномәдени мәні бар этнодиалектизмдерді зерттеп, тіл білімінде қарастырудың зор мәні бар. Солар арқылы халық тілінің бай мұралары мен тілдік деректерін, халқымыздың ұлттық мәдени ерекшеліктерін, тарихи тілдік мол қазыналарын танып білеміз. Тілдегі әр жекелеген этнодиалектизмдерден халқымыздың тіліне тән мол мәдени тілдік жүйенің белгісі мен іздері, деректері табылып отыратынын естен шығармауымыз керек. Дүниетаным жалпы адамзатқа, белгілі бір ұлтқа тән болуымен қатар тілде белгілі бір аймақтық та сипат алып отады.

Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. - № 10. -18-22 б.
2. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. - М., 1997. - С. 208.
3. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Фил. ғыл. докт. дисс. автореф. - Алматы, 1997.
4. Сыздық Р. «Абайдың сөз өрнегі». - Алматы, 1995.
5. Манкеева Ж. «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты». - Алматы, 1997.
6. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: «Дайк – Пресс», 1999 ж.
7. Махамбет. «Песни воина». Перевод с казахского Альберта Устинова. - Алма-Ата: Жазушы», 1989. - 72 б.
8. Сыздық Р. «Сөздер сөйлейді». – Алматы: «Арыс», 2004. - 231 б.

А.М.Шаймарданова

Лингвокультурные и мировоззренческие особенности этнокультурных диалектизмов Западного региона

В языке существуют мировоззренческие и языковые понятия, характерные для определенной местности, которые имеют лингвокультурные и мировоззренческие особенности. В данной статье рассматриваются лингвокультурные и мировоззренческие аспекты и особенности этнокультурных диалектизмов Западного региона.

Ключевые слова: Диалекты, говор, этнокультурные диалектизмы, лингвокультурология, лингвистика, этнолингвистика, этнос, язык, концепт, языковая личность, мировоззрение, региональный язык.

A.M.Shaimardanova

Linguo-cultural and ideological features of ethno-cultural dialect in the western region

There are ideological and linguistic concepts in this language, characterized for particular locality, which are linguo-cultural and ideological features. This article is considered linguo-cultural and ideological aspects and features of the ethno-cultural dialect of the Western region.

Key words: Dialects, speech, ethnic and cultural dialect, cultural linguistics, linguistics, ethno-linguistics, ethnic, language, concept, language personality, outlook, regional language.



УДК: 81'371

Хасанов *Ғ.Қ.* – ф.ғ.д.,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры
E-mail: hasan.gabit@mail.ru

УЗУАЛДЫ ЖӘНЕ ОККАЗИОНАЛДЫ КОННОТАТТЫҚ СЕМАЛАРДЫҢ АКТИВТЕНУ ДӘРЕЖЕСІ

Аннотация. Бұл мақала лексикалық мағынаның коннотациялық семаларының қазіргі қазақ тіліндегі ерекшеліктерін көркем әдебиеттерден алынған мысалдар бойынша талдауға арналған. Мақалада лексикалық мағынаның коннотациялық компонентіндегі узуралды және окказионалды семалардың көркем әдебиеттегі активтену дәрежесі қарастырылады.

Тірек сөздер: Лексикалық семантика, лексикалық мағына, коннотаттық компонент, узуралды сема, окказионалды сема, эмоция, экспрессия, жағымды сема, жағымсыз сема, сезімдік-бағалау белгілері.

Лексикалық мағына құрылымының үшінші бір бөлігін эмоционалды-экспрессивті мағына, яғни коннотаттық мағына бөлігі құрайды. Адамзат айналадағы дүниені, құбылыстарды қабылдап қана қоймайды, оған өзінің көзқарастарын үстейді, яғни мағына модальдық белгіге ие болады.

Белгілі семантист Д.Н. Шмелев бұған «Сөздің экспрессивтік-статистикалық мағына реңкі дыбыстық комплекс болып саналатын сөздің мағынасы емес, белгілі бір дыбыстың комплексті қабылдағанда пайда болатын мағыналық реңкі» деген анықтама береді [1, б.29]. Автор осы еңбегінде К.О. Эрманның сөз мағынасын 1) ұғымдық мағына, 2) контекстік мағына, 3) эмоционалды мағына деп бөлгенін айтады. Бұдан К.О. Эрманның коннотаттық мағына бөлігіне екі бөлікті қосқанын байқаймыз, яғни бұл пікір мағына бөлігінің күрделі екенін байқатады.

Коннотаттық макрокомпоненттің ең кіші бөлшегін әр ғалым әртүрлі атап жүр. В. Говердовский коннотаттық макрокомпоненттің мағыналық бөлшегі «коннотема» деп атаса, В. Григорьев «экспрессема» деп атайды.

Коннотаттық макрокомпонентте баға, экспрессивтілік эмоция бар. *Эмоция* «emotion», яғни «возбуждение, волновать» деген мағына берсе, «экспрессия» да латынның «выразительность» деген сөзі. Баға – сөйлеушінің көзқарасы, яғни сөз мағынасының модальдық белгісі. Орыс тіл білімінде алғаш рет эмоционалды-экспрессивті сөздер жүйелі түрде Е.М.Галкина-Федоруктың «Об экспрессивности и эмоциональности в языке» деген еңбегінде толық түрде талданған болатын. Міне, осыдан бастап, бұл мәселе көптеген зерттеушілер еңбектерінде сөз бола бастады. Коннотацияны адамның танымдық қызметінің квалификативті сферасы деп ұғына отырып, А.А.Уфимцева оларға мыналарды енгізеді: «а) Эмоционалды-сезімдік қабылдау және реалды шындық болмысты объектілерінің квалификациясы, оның негізінде адамның тікелей толғанысы жатады (мысалы: үйшік, мәстек т.б.), зат есімдер, субъектілі-бағалаушы сын есімдер, эмоционалды-күшейткіш үстеулер, одағайлар т.б.; б) рационалды-бағалау квалификациясы, яғни интеллектуалды бағаға ие қоршаған өмірдің объектілерін квалификациялау (мынадай сөздер «контробандист», «стиляга» т.б.); в) сезімді-бейнелік қабылдау және тілдік емес объектілерді квалификациялау,



интеллектуалды және сезімді салыстыру арқылы (әртүрлі құрылымындағы тілдік және сөйлеу метафоралары)» [2, б.95].

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені арнайы қараған М.Оразов эмоциялық мағынаны (компонентті) жеке алып қарастырып, коннотаттық мағына әлі зерттелмей жатқан деп есептейді, сезімдік-бағалау, қабылдау белгілерін эмоциялық мағына аясында қарастырады [3, б.107].

Ә.Болғанбаев, С.Төлекова, Х.Нұрмұқанов бұндай сөздерді эмоционалдық лексика деп санап, мағына құрылымындағы бұл компоненттерді жеке қарастырмайды. Бұл мәселені арнайы зерттеген Х.М.Нұрмұқанов мағынаның эмоционалдылығы мен экспрессиялығын екіге бөліп зерттейді [4, б.26]. Сондай-ақ, эмоциялық-экспрессивті сөздер жасауда интонацияның үлкен рөлі бар екенін есте ұстау қажет.

Мысалы: «Арақ құйылды. Ат басты Тәшкенбай стаканды қолына алып:

– Қоныс құтты болсын! – деді ыржиып.

– Иттер, – деді Есіркеп еріксіз езу тартып» [Исабеков, б.408] деген сөйлемдегі *иттер* сөзінің құрылымында жағымды сема болса, ал

– Иттер-ай, – деді ағам, – Кімді асырап отырмын? Кімді? [Сонда] деген сөйлемде *опасыз, оңбаған* дегенде жағымсыз сема айқын көрініп тұр.

Коннотаттық, эмоциялық-экспрессивті семалар мазмұндық сипатына қарай тұрақты, ықтималды, тілдік қатынасына қарай узуалды, окказионалды сема болып, эмоциялық мағынасына қарай жағымды, жағымсыз болып бөлінеді.

Узуалды семалы коннотаттық мағына бөлшегі тілдік қолданысқа түспей тұрып эмоциялы-экспрессивті мәнде болады..

– Оңбаған! Намыссыз! – деп Ботпай күйіп кетіп жерге бір түкірді [Исабеков, б.391] немесе:

– Тоқтаңдар! Өңшең боркемік жылауықтар! – деп кіжінді Ардақ [Исабеков, б.256] деген сөйлемдердегі «оңбаған, намыссыз, боркемік, жылауық» сөздері тура мағына күйінде-ақ эмоциялы-экспрессивті семаға ие.

Нақтылай айтқанда, узуалды эмоциялы-экспрессивті сема тіл жүйесіндегі сөздің мағына құрылымындағы болады.

Узуалды эмоциалы семалар тән деп таныған кейбір кірме сөздер мүлде басқа мағына беретін де жағдайлар бар. Мысалы, «момын» – көп нәрсемен ісі жоқ, үндемейтін, жуас адам деген мағыналық семаға ие. Дегенмен, ол араб сөзі, екі вариантын ұсынуга болады. «Момын-1» – «Аллаға жүрегін бекіткен, иланушы», «момын-2» – «жуас» дегенді білдіреді. Бұдан басқа қазақ тілі диалектісінде «тазайын» сөзі кездеседі. Бұл сөз қазақ тілі қолданысында таза, ұқыпты деген мағынаны білдірсе, араб тілінде «әшекейлеу, әрлеу» етістігінің масдары ретінде «тазайын» болып қолданысқа түскен. Тура аудармасы – «әшекей, декорация». Сондай-ақ, «бейшара, байгүс» сөзіне синоним болып табылатын «мүсәпір» сөзі бар. Егер ол сөзді де араб сөзі деп танысақ, онда ол етістігінің (сапар шегу) жолаушы (мусафирун) деген негізгі есімшесі болған болар еді. «Жолаушы үйінен қырық қадам ұзаса, мүсәпір» деген мақалда «мүсәпір» шарасыз, байгүс деген емес, жолаушы деген мағынаға ие болады екен. Узуалды эмоциялы семаға ие деп таныған сөздердің этимологиясына үңілсек, осындай мағына ауытқуларын байқауға болады.



Окказионалды эмоциялы сема, бұдан керісінше, тек ауызекі сөйлеу кезінде ғана эмоциялы-экспрессивті мағынаға ие болады. Зат есім, сын есімдер де қолданыс ерекшелігіне қарай окказионалды эмоциялы семаға ие болады.

Зат есімдер соның ішінде зооморфизмдер яғни жан-жануар атаулары, соматизмдер – адам ағзалары және дене мүшелері атаулары қолданыс ерекшелігіне қарай эмоциялы-экспрессивті мағына үстей алу қабілетіне ие.

1. Зооморфизмдер жағымды да жағымсыз эмоциялы семаларға ие бола алады. *Арыстан, барыс, қабылан* сөздерінде *ер жүрек, батыр* деген семаларға ие болса, *қасқыр, ит* сөздері контекстке байланысты кейде жағымсыз, кейде жағымды семаларға ие болады. *Елік, құралай, марал* сөздерінде *сұлулық, әдемілік* леген окказионалды эмоцияла семалар байқалады. Төрт түлік атаулары соның ішінде түлік төлдері (лақ, қозы, бота, құлын) «жақсы көру, ұнату, сүйкімді» деген окказионалды эмоциялы семаларға ие болса, ешкі, сиыр *ешкідей ежірейін, сиығанды білмейтін сиырмысың* деп қолданысқа түсіп, жағымсыз семаға ие болады.

– *Шошқашылын мұның! Шошқа болғың келсе өзің бол, менде нең бар? Ой, сүмелек, ынжық! Көрсетейін саған шошқа болуды!*

– *Шошқа болмақ түгілі, өзін есек десін, кесіртке, жылан, құрт-құмырсқа, маса-шіркей, бақа-шаян десін. Бірақ, мені қоспасын* [Исабеков, 390 б.] деген сөйлемдердегі *шошқа, қоңыз, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, маса-шіркей* деген сөздердің мағыналарында жағымсыз окказионалды жағымсыз семалар бар.

2. Ботаморфизмдерде қолдану аясына, мақсатына қарай жағымды, жағымсыз семаларға ие бола алады. Мысалы, *емен, қарағай, бәйтерек* сөздерінде *күшті, берік, мықты* деген сема, *шынар, ақ қайың* дегенде *сымбаттылық, әдемілікті* білдіретін семаларды негіз еткен. *Гүл, қызғалдақ, бәйшешек, сұлулық, нәзіктік* жағымды семаға ие болып тұр.

Б. Қалиев *қаңбақ* сөзінде «қаңғыбас, жеңілтек, аумалы-төкпелі» деген үш-төрт семаға ие болатынын айтады. *Жаңғақ* сөзі «ол оңай шығатын жаңғақ емес» деген қолданысқа түсіп «*мықты, шешімін тез өзгертпейтін адам*» деген семаға ие болып тұр. Ғалым *балдырған «жас, жасөспірім, балғын», бәйтерек, «сүйеніш», «мықты», бәйшешек «алғашқы», жасауқазын «жас», шоңайна «жабысқақ»* деген окказионалды эмоциялы семалары бар екенін көрсеткен. Сондай-ақ, «қоғадай жыпырылды, жуадай солды, алма бет, алма мойын, қарақат көз, тобылғы торы, бидай өнді, ебелек қақты» деген тіркестерді мысалға ала отырып ботаморфизмдер эмоциялы семаға ие болып тұрғанын талдап көрсетеді [5, б.30].

«– Бекбол, Бекбол емес уын ішіне бүккен *итсигек* екен ғой» деген сөйлемдегі *итсигек* ботаморфизм *айлакер, арам* деген окказионалды семаға ие. «Итсигек» тамырын терекке тартқан, гүлді, сұрғылт түсті өсімдік.

3. Сомаморфизмдер де окказионалды эмоциялы семалар арқылы коннотаттық мағына бере алады. Мысалы, *бас* сөзінен *қаңғыбас, шүйкебас, қылжаңбас, маубас, соқабас, басбұзар* деген эмоциялы-экспрессивті мағына тараса, *ашкөз, бұқа көз, бадырақ көз, адырақ көз, күлім көз, шегір көз, қарақат көз, ұры көз, балық көз, сүк көз, суық көз, оқты көз, сұғанақ көз* деген эмоциялы-экспрессивті мағыналы сөздер, мәселен, сөз зергері Б.Майлин шығармаларында кеңінен қолданыс тапқан.



Сондай-ақ, *тас бауыр, желөкпе, шикіөкпе, саржамбас болу, ақсүйек* деген эмоциялы-экспрессивті мағына беретін сомоморфизмдер М.Серғалиев, Ш.Нұрғожина еңбектерінде көрсетілген [6, б.54].

Бұдан басқа *тар жерге талақ болу, талақтай, талағы тарс айырылу, жабысу* деген тіркестерде талақ сомоморфизмі эмоциялы-экспрессивті мағынаға ие болып тұр.

4. Эмоциялы экспрессивті мағынаға беру қабілеті зор сөз табының бірі – сын есімдер.

Жақсы, жаман деген сапалық сын есімдер қолданысқа түскенде жағымды, жағымсыз семаларға ие бола алады.

– *Әй, сен жаман неме, осы біздің туысқан екенімізді білесің бе?* – деген сөйлемде жаман неме жас балаға, айтушының өзінен жасы кіші біреуге бағытталған, өзімсінген мағынаны білдіреді.

«– *Жаман жездеңнің айтқанын тыңдасаң әлі талай жетістікке жетесің. Айтпады деме!* – деді Рақым арқадан қағып» деген сөйлемде «жаман жезде» тіркесіндегі жағымсыз сапалық белгі масаттану, мақтанышты білдіретін окказионалды эмоциялы семаға ауысып тұр.

Түр-түс атаулары да қолдану аясына қарай эмоциялы мағына үстей алу қабілетіне ие.

Қара шал кетті...

Өткіздік сонау күзді аман.

Жарадан жаным жазылып, қайта сыздаған...

Өзіне мені тірі ескерткіш қып қалдырып,

Қара шал маған қара ошақ-мұра сыйлаған [Ақдәулетұлы, б.18] деген өлең жолдарындағы қара сын есімінде сапалық белгі емес, «*қасиетті, қадірлі, киелі*» деген эмоциялы сема басым.

Алдыңда сенің қалайша ақтала аламын,

*Аңсатқан менің ақ кеудем, ақ самал-әнім?!
Тентек жүрегім тепсініп, төзімім тозғанда*

Екеуіміз үнсіз қоштасқан жаққа барамын [Ақдәулетұлы, б.155] деген шумақта ақ сын есімі кеудем, самал әнім деген зат есімдермен тіркес құрап «*сәби жүректі, арам ойдан ада жүрек, сезімге толы, нәк сезімді ән*» деген окказионалды эмоциялы семаға ауысып тұр. Осындай жағымды семамен қатар ақсүйек, қара ниет деген жағымсыз семаларға да ие.

Қызыл тілім сөйлесе,

Қызыл қанмен жазамын [Нәжімеденов, б.98],

Немесе:

Қызыл сөзден басқаның

Қызылдығын ұнатамын [Нәжімеденов, б.98] дегенде қызыл тіл шешен, бай тіл деген жағымды семаға қызыл сөз дегенде бос, мылжың көпірме сөз деген жағымсыз семаға ие болып тұр.

Ал, *сұр, сұрғылт* деген түс семантикасы *салқындықты қатігездік* деген эмоциялық мағына үстейді. Мысалы:

Темір қақпа, темір төсек-сұр бәрі

Ертеңгі-кеш сустанып кеп тұрғаны!

Сұп-сұр ұшқын төгіп қалды сұр жанар,

Сұр жұдырық түйімді ұрғалы [Нәжімеденов, б.86]. Ал *сары* түс семантикасының эмоциялық мағына беруі басқа түр-түс атауларына өте аз.



Сарғайып кеткен сап-сары жырмен хат жолдап,

Арымды аппақ жаямын сенің алдыңа – деген өлең үзіктерінде сағыныш сөзімен тіркесіп келіп, «көптен көріспеу» деген семаға мағыналық реңк қосып тұр. «Рас, сары уайым, сары дала» деген тіркестер бар. «Сары алтын» деген сын есім – зат есімдік тіркес құраған анықтауышты сөз тіркесінің құрамындағы «сары» сөзін Р. Сыздықова сын есім емес, парсы тіліндегі қоспасыз, таза деген сөзі екенін және «сары уайым» деген тіркестегі «сары» да парсының «уайым, қайғы» деген сөзі екенін айтады [7, б.106].

Қазақ тілі топонимдерін зерттеуші Е. Қойшыбаев «сары бел, сары дала» дегендегі «сары» «кең, айқын-анық көрінетін, байтақ» деген мағына беретінін айтады.

Бірақ, жанса да да жап-жас Ноян, сұм сұлу қыз

Көп заман жүрді, бірақ, көзде салмай, – деген өлең жолында «сұм» сөзі «сұмпайы, жауыз» деген мағына емес, «сұңғыла, айлалы, ақылды» деген мағыналық семаға ие болып тұр.

Ал «Алпамыс» жырындағы Ұлтан Құлдың:

Өлтіремін алып кел,

Жәдігер сұм баланы, – дегендегі

Немесе:

Ақ ешкі сен де мұңды, мен де мұңды,

Жаратты Алла неге біздей сұмды,

Келгенде елу беске сұмырай Бетен

Айырылып жалғзынан аңырап қалды, – дегенде сұм сөзі мүлде басқа мағыналық семаға ие. Р. Сыздықова «сұм» сөзін парсының «шум» – бақытсыз деген сөзі деп таниды [7, б.111].

«Сұм» сөзі М. Жұмабаев өлеңдерінде кең қолданыс тапқан.

«...Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз

...Сұм дүние сылаң етіп көптен өтер,

...Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді,

...Тартқанда сынбадың-ау сұм садағым» т.б. өлең шумақтарында қатігез жек көрушілік байқалады.

Қорыта келгенде, коннотаттық семалардың жасалу жолдары өз алдына жеке бір күрделі тақырып екенін айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

1. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М.: Наука, 1973.
 2. Уфимцева А.А. Лексическое значение. – М.: Наука, 1986.
 3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Ғылым, 1991.
 4. Нұрмұқанов Х. Шығармалар. 1 том. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.
 5. Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура. Названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996.
 6. Серғалиев М., Нургожина Ш. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка. – Алматы, 1995.
 7. Сыздықова Р.Ғ. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1980.
- Көркем әдебиеттер
- Ақдәулетұлы М. Дәруішнама. – Алматы, 1996.
- Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1993.
- Нәжімеденов Ж. Таңдамалы. 2 т., – Алматы, 1996.



Хасанов Г.К.

Степень активизации узуальных и окказиональных коннотативных сем.

Данная статья посвящена анализу особенностей коннотативных сем лексического значения в современном казахском языке по примерам взятым из художественной литературы. В статье рассматривается степень активизации узуальных и окказиональных коннотативных сем лексического значения слова в художественной литературе.

Ключевые слова: лексическая семантика, лексическое значение, коннотативный компонент, узуальная сема, окказиональная сема, эмоция, экспрессия, положительная сема, отрицательная сема, чувственно-оценочные признаки.

Khassanov G.K.

Degree of activation of usual and occasional connotative sem.

This article analyzes the features of this and connotative lexical meaning in the modern Kazakh language of examples taken from the literature. This article discusses the degree of activation of usual and occasional seed connotative lexical meaning of the word in literature.

Key words: lexical semantics, lexical meaning, connotative component of usual sema, sema occasional, emotion, expression, positive sema, sema negative, chuvsvенno-evaluation features.

УДК № 81.373

Хасанов Г.К. – ф.ғ.д.,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры

E-mail: hasan.gabit@mail.ru

Жұмашева К.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: kama0186@mail.ru

**М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ЕЛДІК КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ӨРІСІ**

Аннотация. Бұл мақалада тіл біліміндегі когнитивті лингвистика бағыты, оның ішінде концепт ұғымы қарастырылады. Мақала М.Шаханов поэзиясын концептілік тұрғыдан зерделеуге арналған.

Тірек сөздер: концепт, сана, психология, философия, концептуалдық жүйе, өріс, елдік концептілер, таным, сема.

Тіл білімінде пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. «Концептінің» «ұғымнан» басты айырмашылығы соңғысында энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни «концепт» «ұғымнан» кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздіктегі мағынамен қатар, «алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып өте ықшам формасын, қазіргі заман ассоциациясын, бағалау модусын» жинақтаған [1, 41-б.].

Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер объектінің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір аса ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілермен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет.



Когнитологтар белгілеген концептіні анықтаудың жолдары мынадай ретте жүргізіледі: концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді өзара ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайды. Бұл білім санада сақталып, субъектінің тәжірибесі ретінде оның концептуалдық жүйесінің құрылымдық элементтеріне айналады. Екі не одан да көп әр түрлі объектілердің (бейне, дүние) әрқайсысы бір элемент ретінде категорияның құрамына ене алады. Әрбір класс топтаса келіп, категорияны құрайды немесе маңызды концептілер кодталады.

Концептіге осы күнге дейін түрлі анықтамалар беріліп келе жатыр. Концептіге берілген біртұтас анықтаманың болмауы оның көпөлшемді құрылым болып табылатынымен байланысты. Себебі концептіге ұғымдық негізбен бірге тілді тұтынушы арқылы ой елегінен өткізіліп қана қоймай, сонымен қатар түрлі сезімдер туғызатын әлеуметтік-психо-мәденн бөлім де, яғни белгілі бір мәдениетке қатысты эмоциялар, ассоциациялар, бағалар, ұлттық бейнелер сияқты түрлі коннотациялар енеді.

Әр ұлттың, этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, тұжырымдау өрісі кең әрі өзгеше. Мұндай таным үрдісі тарихи шығармаларда, халық ауыз әдебиеті мұралары мен белгілі ақын-жазушылардың көркем шығармаларында, түрлі сөздіктерде аңғарылады. Ғаламның тілдік бейнесіне жол сілтейтін концептінің табығатын ашу этнос санасындағы ментальдық даралықты тілдік деректер негізінде танып-түсінуге ықпал етеді. Танымдық тұрғыдан зерделенетін тілдік-философиялық тұжырымдар мол. Солардың арасында ерекше орын алатын мәселе - елдік туралы толғаныстар. Елдік ұғымның концептілік аясын ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лингвомәденн, когнитивтік-концептуалдық аспектілерін тіл заңдылықтары негізінде саралау қазіргі өзекті мәселелер қатарына жата келіп, белгілі бір ақын-жазушы танымын немесе ұлтты танып-білуге көмектеседі. Сонымен, «концепт – сананың менталдық немесе психикалық қырын, адамның білімі мен тәжірибесін жеткізетін, әлеуметтік, философиялық менталды ақпараттар мазмұнын түсіндіруге қызмет ететін категория» [2, 205-б.].

Елдік концептілердің ауқымы өте кең. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде елдік сөзіне төмендегідей анықтамалар беріледі:

Сын есім. *Елге тән; халықтық, бұқаралық*. Егер қазақ халқының талай ғасыр, талай белге созылған *елдік* күрестерінің қандайын алсаң да ақын сөзі – өлең, соның бәрінің басы-қасында болып келді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер). Бұл сөз ағайынның сөзі – «У ішсең көппен бірге іш, бал жесең бөліп же» деген ежелгі *елдік* сөз (Х.есенжанов. Тар кезең). «*Елдік* намыс жыртылады, дәстүрін аяққа бастыдан» басқа пәлендей лаң көрдік дей аламады (Д.Әбілов, Арман).

Зат есім. *Халыққа елег тән жақсы қасиет; татулық, бірлік ынтымақтастық*. Елдің *елдігін*, ердің *ерлігін* көрсететін заман енді туды (І.Есенбирлин, Алмас). Ел баласы алдымен елдің *елдігін* ойлар (С.Бақбергенов, Адам). Мадақтасақ *елдікті*, *бірлікті*, халықтар достығын мадақтайық та! (С.Сейтов, Жылдар).

Елдігін істеді (жасады). А) *Шапағатты пейіл білдірді, қайырымдылық көрсетті*. Сендер қаңғыған итке мені талатпай әйтеуір *елдіктеріңді істедіңдер*. Ризамын, Аңдабек (Ш.Құсайынов, Үкілі). Тоқтапты сол көш,



Түргенге жетіп құлапты, Қарсы алған елден бір жайлы қоныс сұрапты. Ел деген ел ғой *елдігін істеп* бағыпты, Сол ауыл сөйтіп бір жайлы қоныс тауыпты (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). Ә) *Көп болып көмектесті, жәрдем етті.* – Екі баласы бірдей елдің қамын ойлап, жауға ататнса, *ел елдігін істемес* деймісің? – деп Сәрсен болмады (Ж.Тәшенов, Алғашқы).

Елдіктен кетті. А) *Ел болудан қалды; тоз-тоз болды. Елдіктен әбден кеткенде,* Сүйекке зардап жеткеде. Шыққамыз бүгін жарыққа, Лағынет айтып өткенге (І.Жансүгіров, Шығ.). Ә) *Ауыс. Араздасты, жауласты, қастасты, өштесті.* Тойда таяқ жедім деп, бүкіл ауылмен елдіктен кетпекпісің (Ауызекі тіл) [3, 310-б.].

Елдік концептілердің құрылымы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халық атауларымен бірге ел болу, тіл, азаттық, еркіндік, тарих, тәуелсіздік, ұлт сияқты атаулармен толыға келіп, ұлт мүддесі, күрес, рух, бейбіт өмір, ұлттық діл, бірігу, теңдік, рухани мұра, ұлттық болмыс, намыс, ар-ождан, сенім, патриотизм, мәдениет сияқты семалармен де этностық ұғымын кеңейте түседі. Бұл ұғымдардың күрделі семиотикалық жүйеге енуі әр түрлі концептілерде сипат алып, өз ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ұлт болмысымен немесе жеке автор танымымен түсіндіре алады.

М.Шаханов поэзиясын саралай отырып, елдік концептілерді келесі топтарға бөліп қарастыруға болады: ұлт, халық, ар-намыс, рух, туған жер, ерлік, адалдық, бірлік, достық, ұрпақ концептілері.

Ұлт, халық концептісі. Автор ұлт ұғымын жан-жақты танытуда концептілік құрылымдарды кеңінен қолданады. Мысалы: Ұлттың даналығы ғасырлармен өрелес. Мінезсіз ұлт айналмайды ұлы елге. Ұлт жолы шиыр. Қайта оянған ұлт намысы. Ғасырды асар әдебиеті болмаса, Ұлт даралық таба алмайды, Және ұлт боп саналмайды ешқашан. Поэтикалық үзінділерде ақын ұлт ұғымын даралық, даналық, ұлылық, намыс эталонымен танытып, фреймдік тармағын кеңейтеді.

Ұрпақ концептісі. Когнитивтік санада ұрпақ концептісі жалғастық, сабақтастық семасында кең тараған. Бұл ұғым М.Шаханов поэзиясында санатты ұрпақ, соңымыздан асау ұрпақ, арынды ұрпақ келеді, сүйеніш, албырт ұрпақ тіркестерімен репрезентацияланған.

Өмір мынау, толған дау, толған егес

Ұрпақ жоқта тарланың тарлан емес,

Арманың арман емес...

Өйтені ұрпақ тағдырынан маңызды

Бізге дейін ештеңе болған емес,

Және бізден кейін де болмақ емес!!! Поэтикалық үзіндіде ұрпақ ұғымы сценарийлік құрылымда танылған. Себебі санада адамның өмір сүру, бала тәрбиелеу әрекеті туындайды.

Рух концептісі. Рух – бұл метафизикалық концепт. Рух ұғымы түсінілуі күңгірт, танылуы қиын ұғым. Дегенмен автордың рух концептісін танытатын көркемдік бейнесі ұғымның мәнін өзінше айқындайды: Рух, сана жалғыздығы – ең азапты жалғыздық. Пәс кеудеге асқақ рух қонар ма? Рух ердің өзегі ғой қайда да. Қайсар рух. Өз ұлтының сан ғасырлық рухы. Рухымыз еңкейген жоқ. Сорласа жұрт рухсыздан сорлайды. Автор танымында рух тау, мектеп



бейнесімен дәріптеледі: Пенделігін жыққан жандар – Рух тауға шыққандар. Оймен, мұңмен көз тастайды Рух атты мектепке .

Туған жер концептісі. Логикалық танымда туған жер концептісі дүниеге келу, балалық шақ, ер жету сияқты ұғымдармен өлшенеді. Автордың когнитивтік стилінде туған жер концептісі түп қазық, айбын, кіндік кескен өлке, туған ошақ, Жер-Ана, дарқан ана, арман, мұң тіркестері арқылы танылады: Туған жер қырқасында, Қап қойды бұл балалық. Ал сен туған мекеніңе терең тамыр жайдың да, Айналдың зор айбынға, Міне содан өрбіп жатыр бақытың да, қайғың да. Көкірегім туған жермен бір соғады қайда да. Көзіме ыстық көрінеді туған ауыл бейнесі. Туған жерім – арман, мұным, Енді сені жетелейді жол қалай? Менің бассыз қалғандығым, Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Автор төмендегі үзіндіде туған жерді тіл қадірін, ел қадірін білу эталонымен танытып, фреймдік тарамғын кеңейтеді:

«Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер қадірін,
Ел қадірін,
Ең бастысы тіл қадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылығына
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балаң ойдың желкенін,
Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол,
Өзін туған қасиетті өлкенің
Ауасымен дем алуға тиісті ол!»

Жоғарыда келтірілген елдік концептілердің басты мазмұны автордың өмірлік тәжірибелеріндегі фрагменттерді көрсетеді. «Тілдегі концептілер ұлттың, халықтың, мәдениетіне, әдебиетіне, ғылымына, тарихына, тәжірибесіне, дініне тікелей тәуелді. Ол қатып қалған семиотикалық жүйе емес, белгілі бір ұлттың мәдениеті негізінде уақыт пен кеңістікте өзгеріп отырады. Концептілер адамға берілген ақпараттың концептуалдану – адамның танымдық әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі. Ол адамға берілген ақпаратты өңдеп, адам санасында (психикасында) жаңа концептілердің, концептілік құрылымдар мен концептуалдық жүйенің жасалуына жол ашады» [4, 58-б.]. Демек, М.Шаханов поэзиясындағы елдік концептілердің жоғарыда аталып өткеніміздей кең өрісі қаламгердің бейнелі ойлауының нәтижесі.

Әдебиеттер

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. - Москва.: Наука, 2001.
2. Жылқыбаева А. Тағам атауларындағы «бірлік» концептісінің өрісі. - Ұлт тағылымы. 1/2010.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, - Алматы: Ғылым, 1978.
4. Бияздықова Ә. Концеп ұғымының зерттелуі. - Қазақ тілі мен әдебиеті, 4/2012.

Көркем әдебиеттер:

1. Шаханов М. Дара талғам қасіреті: Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер. – Алматы: Раритет, 2007.



2. Шаханов М. Эверестке шығу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар.- Алматы: Атамұра, 2003.

Хасанов Г.К., Жумашева К.Б.
Народные концепты в поэзии М.Шаханова

В этой статье рассматривается когнитивная лингвистика как направление языкознания, в частности, понятие концепта. Статья посвящена исследованию народных концептов в поэзии М.Шаханова.

Ключевые слова: концепт, сознание, психология, философия, концептуальная система, поле, народные концепты, познание, сема.

Khassanov G.K., Zhumasheva K.B.
Folk concepts in poetry of M.Shahanov.

Cognitive linguistics as an area of science of language is studied in this article, in particular a concept. The article is devoted to the study of folk concepts in poetry of M.Shahanov.

Key words: concept, consciousness, psychology, philosophy, conceptual system, field, national concepts, cognition, seme.

УДК 821. 512. 122 (091)

Күләш Ахмет – Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.д.
Күнімжан Әбдіқалық – ф.ғ.к., ҚазмемқызПУ-дің доценті,
E-mail: akhmet2013@list.ru

ҒҰМАР ҚАРАШ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Бұл мақалада Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) кітабындағы Ғұмар Қараш мұрасы туралы зерттеуі сөз етіледі. Акынның тұңғыш рет монографиялық портреті жасалып, өмірі мен шығармашылығы толығырақ баяндалған С.Мұқановтың еңбегі алғашқы көлемді зерттеу ретінде бағаланады. Еңбектегі «Өрнекке» шейін, «Өрнек», «Тұлпарлар», «Тұрымтай», «Мұғалімде» деген бөлімдердің ішінде Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» мен «Аға тұлпар» жинағы қарастырылған «Тұлпарлар» бөлімі арнайы зерделенеді. Акынның өзіне тән өзгешеліктерін екінеп қарастырған зерттеуші пікірінің құндылығы сараланады. Екі жинақтағы өлеңдерді салыстыра талдап, шығармаларының идеялық мазмұны мен тіл ерекшелігі туралы өзіндік ой-тұжырымдар жасаған С.Мұқанов зерттеуінің қазіргі уақыттағы маңыздылығы айқындалады.

Тірек сөздері: зерттеу, ақын, заман, қазақ хандығы, ой-толғам, философиялық лирика, дін, тұспал, мәдени-ағарту, өнер-білім.

Орыс отаршылдығының қанауы күшейген тұсында өмір сүрген ақындардың бірі Ғұмар Қараш болатын. Оның көзі тірісінде «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Тұмыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) деп аталатын бес поэзиялық жинағы мен «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бедел һажы» (Қазан, 1913) дейтін үш зерттеу кітабының жарық көруі акынның XX ғасыр басында-ақ өзіндік орны бар тұлға ретінде танылуына және шығармаларының зерттелуіне зор мүмкіндік әкелген еді. Тіпті, Ғұмар Қараштың шығармалары туралы алғашқы көлемді зерттеуді Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) кітабынан кездестіруіміздің өзі осының айғағы болар.



Ғұмар Қараш туралы ең алғаш көзі тірісінде 1919 жылы «Киргизская правда» (Қазақ дұрыстығы) газетінің 20-санында «Киргизская литература и тамырлар» деген мақалада жазылып, редакция тарапынан ақынның қызметі мен шығармалары жайында пікірлер берілген. Бұдан кейін 1921 жылы Семейдегі облыстық «Қазақ тілі» газетінің 1-санында Ғ.Қараштың қазасына қатысты жазылған шағын мақала жарық көріп, мұнда да ақынның өмірі мен шығармаларына қысқаша шолу жасалған. Бұл мақалаларға қарағанда Ғұмар Қараштың тұңғыш рет монографиялық портреті жасалып, өмірі мен шығармашылығы толығырақ баяндалған С.Мұқановтың еңбегі алғашқы көлемді зерттеу ретінде бағаланатыны белгілі.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында монографиялық портреттердің ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлынан кейін Ғұмар Қараштың қарастырылуы да тегін емес. Өйткені С.Мұқанов үшін Ғұмар Қараш «жазу әлемінен Ахмет, Міржақыптармен шендес» [1, 132б.] ақын еді.

С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде ақынның алдымен өміріне тоқталады, содан соң шығармашылығын «Өрнекке» шейін», «Өрнек», «Тұлпарлар», «Тұрымтай», «Мұғалімде» деген бөлімдерге бөліп, әрқайсысына талдау жасайды. Өмірі баяндалған бөлімде «Қарлығаш» дейтін өлеңдер жинағын шығарып, одан кейін «Өрнек», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Тумыш» деген кітаптар шығарады. «Шайыр», «Көкшілдер» деген халық әдебиет жинағын бастырады. Бірнеше пәлсафа мақалалар жазады...» [1, 132б.] деп Ғ.Қараш еңбектерінен жалпылама хабардар етсе, зерттеудің соңында «Қарлығаш», «Қырғи», «Тумыш» дейтін шығармалары (кітаптары) қанша іздегенімізбен қолға түспеді. Оларды түсіргенде, Омар туралы берген материалымыз толығырақ болар еді. Өйткенмен олардың негізгі сарындары біз көрсеткен шығармадағылар. Сондықтан шамалы түрде Омарды тануға осылар да жарайды-ау дейміз. Толықтыруды алдағы өмір тағы да көрсетеді» [1,172б.] деп монографиялық портретті тәмамдау арқылы ақынның поэзиялық жинақтарының басты-бастысына талдау жасағанын аңғартып өтеді. Енді С.Мұқанов зерттеуіндегі Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» мен «Аға тұлпар» жинағы қарастырылған «Тұлпарлар» бөліміне тоқталамыз.

С.Мұқанов бұл бөлімді «Омардың 1911-1913 жылдары ұдайымен «Бала тұлпар», «Аға тұлпар» деген екі өлеңдер жинағы шықты. Мазмұн жағын тексергенде, Омар бұл шығармаларына атты тауып қойған. Өйткені бастапқы «тұлпардағы» Омардың пікірі екінші «тұлпарда» өрбіген, өскен. Екі «тұлпарда» жазылған пікір біреу. Бірақ бастапқы «тұлпарда» айтылған сөздер екінші «тұлпарда» толықтырылған және қорытылған» [1,138-139 бб.] деген пікірімен бастайды да, өз сөзінің дәлелі ретінде екі жинақтан үзінді, яғни, ақынның «Бала тұлпар» жинағынан жиырма төрт, «Аға тұлпар» жинағынан он үш өлең жолының мәтінін қатар береді. Зерттеуші алдымен жинақтардың атауына мән беріп, оның дәл тауып қойылғанын сөз еткенде «Аға тұлпардың» алдыңғы жинаққа қарағанда «өрбіген, өскен» деу арқылы ілгерілеу екенін атап өтеді. Шынымен де бұл жинақ Ғ.Қарашты ақынның өз сөзімен айтқанда «Замана жайын көзге алар» шын азамат-ақын ретінде танытқан еді. Сондай-ақ көлемдісімен де ерекшеленген «Аға тұлпар» жинағы Орынборда жер ауып жүрген Ахмет Байтұрсыновтың бастырумен жарық



көрген еді. С.Мұқановтың Ғ.Қарашты А.Байтұрсыновтармен «араласқан ақын» деуінің бір ұшы да осыдан болар.

Зерттеуде берілген қазақтың бұрынғы хандары, билері мен байлары, батырлары мен арулары сипатталатын ақынның екі жинақтағы өлең жолдарын салыстыра зерделесек, ғалымның «бастапқы «тұлпарда» айтылған сөздер екінші «тұлпарда» толықтырылған және қорытылған» деген пікірінің нақтылығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ «Бұл өлеңде мазмұн жағынан да, түр жағынан да түк айырма жоқ, бар айырмасы, сөздердің орны ауыстырылып, үйлесі басқалау...» [1,140 б.] деген ой-тұжырымдары да негізсіз емес. Мәселен, «Бала тұлпарда»:

«Хан бар еді асылдан,
Жарлығы халыққа шашылған.
Әділдік етіп, басқарып,
Ел билеген жасынан.
Ақсақал билер бар еді,
Шешілген шешіп түйінді,
Атқарған істі басынан...»,—
деп сипатталып жатса, «Аға тұлпарда»:
«Хан бар еді сол күнде,
Ақсұңқарға ұқсаған,
Билер, жүйрік бар еді,
Хас тұлпарға ұқсаған...» [1,139 б.],—

деген жолдармен өріледі. Жалпы, салыстыру үшін берілген зерттеудегі бұл өлеңдер екі жинақта да кездесетін ақынның «Замана жайынан» деген тақырыптағы өлеңінен алынып отырған соң да осылай ұйқасып жатқан болар.

С.Мұқанов Ғ.Қараштың өзіне тән қырларын ашып көрсетуде «...хандық дәуірді суреттеуінде өзгешелік бар. Ол өзгешелік: Омармен тұстас ұлтшыл ақындардың ешқайсысы хандық дәуірді Омар сияқты қып жырлай алған жоқ, шет-пұшпақтап, аздап қана жырлады. Омар олай істеген жоқ. Оның екі «тұлпарының» екеуі де түгелге жақын хандық өмірді сипаттауға арналған» [1,140 б.] деп ақынның тақырыпты кеңінен толғайтын артықшылығын баса айтады. Тіпті, өз пікірін дәлелдеуде «Омар ескі хандық өмірді жырлағанда өзге ақындарда:

«Қазақтың қандай еді мақсаты,
Бір күнде көшіп-қонған рахаты»
(Міржақып)

деп қана, болмаса:

«Ертедегі еркін қайда,
Ерте күнгі көркін қайда»
(Ахмет)

деп, аз сөзбен өте шыққан жоқ. Хандық дәуірдің әр көрінісін толықтай тоқтады» [1,140 б.] деп А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың өлеңдерін мысалға ала отырып ойын түйіндейді. Мұның өзі зерттеушінің Ғ.Қараш мұрасына аса ыждағатпен қарағандығын аңғартса керек.

«Омардың тілінде де өзгелерден «Тұлпарларында» өскен өзгешелік бар. Ол қазақтың жортуылшыл кезіне сәйкестелген шұбыртпалы өлең түрімен жазған. Бұл түр қазақтың ұғымына өзге тез қонатын түр. Оның үстіне тілі ашық қазақ тілі.



«Тұлпарларда» Омар тіл жағынан, құрылыс жағынан Махамбет, Шәңгерей, Мұрат сияқты атақты халық ақындарына көп еліктеген. Солардың сөз құрылысын, пернелеуді көп қолданған. Сондықтан оның сіңімділігі өте күшті» [1,140 б.] деп ақын өлеңдерінің құрылысы мен тілі, түрі жағынан да өзгешілігін тауып, бағасын береді.

Ғ.Қараш өлеңдерін осылайша зерделегенде «Ол күндікке, бақсылыққа, надандыққа, қадімшілікке қатты қарсы бола тұра, хандық дәуірін айтқанда өте қызып кетіп, өзінің қай таптың ақыны екендігін көп жерде ұмытып кетті» [1,141 б.] деп зерттеуші ақындарды тапшылдыққа бөлетін әдетіне де басып, кей жерлерде еске салып отырады. Осы пікірін өрбіту үшін «Бала тұлпар» жинағындағы «Сырым батыр» өлеңіне біршама тоқталады. С.Мұқанов Сырымнің кім екенін, оның Хиуаға не себепті барғандығы жайында алдымен әңгімелеп алады да, «Осы Сырымды Омар Хиуада мынадай істерге жолықтырады» деп әрі қарай шығарма мазмұнын өлеңнен үзінді келтіре отырып баяндайды. Соңынан «Дәуіріне қарай Сырымның ісі тентек, ханның жазасы дұрыс» деген көзқарасын білдіргенде «Егер де Хиуаның бір өзбегі тілін тигізсе, қазақтың ханы да өзбекті дарға асар еді. Бізше Омардың бұл арада Сырымға сүйінуі орынсыз сүйіну» [1,143 б.] деп өз дәлелдерін алға тарту арқылы батыр өліміне өкінген ақынның соңғы өлең жолдарына келіспеушілігін де ашық жеткізіп отырады.

Одан әрі зерттеуші «Тұлпарлар» бөлімінің соңына дейін ақынның «Аға тұлпар» жинағына кеңінен тоқталып, хандық дәуір мен өз заманын сипаттаған және өнер-білім, жастар туралы толғауларын қарастырады. Хандық дәуірді сипаттаған толғауларынан алдымен «Аға тұлпарда» Омар өткен дәуірді былай деп келеді» деп ақынның қырық жеті жол, «Жер жағына кеткенде Омардың ақындығы тіпті аласұрып кетеді» деп отыз төрт жол, «Хандық дәуірді, оның салтанатын осылай жырлап келеді де, сөзін былай деп қорытады» деп он жол өлең мәтінін береді. Негізінен бұл өлең жолдарының бәрі де ақынның «Замана жайынан» деген бес бөліктен тұратын ұзақ толғауынан алынған. Осы шығармасын «Замана» кітабынан (1994) толық оқығанда, олардың барлығында да ақынның замана, замана адамы жайында бағзы жыраулар үлгісімен өзінше жырлайтыны байқалады. С.Мұқанов осы ұзақ толғауды үшке топтап алып, мәтінін береді де, мазмұндық жағынан талдау жасамай, оқырманның өзіне қалдырады.

Сонымен өткен дәуірді сипаттағанда ақын қазақтың бар асылын тізбектеп жырлап қана қоймай, «Алтынды тақ үстінде, Олар хандық сүргенде, Қой үстінде боз торғай, Жұмыртқалап тұр еді» деп қазақтың осыншалықты байлығы да, бар асылы да хандық дәуірде болғандығына сендіреді. Ал жер туралы айтқанда «Кешегі өткен заманның, Жер сипатын сұрасан» деп қазақ қонысының өте бай, құнарлы болғанын ауыз толтыра суреттей келіп, соларың «Қайда кетті, қане енді» деген сауал тастайды. Ақынның ең басты қайғысы да патша отаршыларының қазақты ата қонысынан айыруы еді. «Қазақ» газетіндегі «Астрахан жері» деген ұжымдық хат-мақалада «Қазақ жерінің отарлануын және қазақ даласының талануының тарихын мақсатына, уақытына, отарлаған еліне қарай екі дәуірге бөлуге болады. Әуелгі дәуір – орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл – атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. Екінші дәуір – өткен ғасырдың



80-жылдарының аяғынан патшашыл өкімет құлағанға шейінгі дәуір. Бұл – қара шекпендер үшін жер алу дәуірі. Осы дәуірлеу тұрғысынан көз салсақ, әсіресе Ішкі Орда /Бөкей/ қазақтарына берілген жер 7 миллион десятина шамасында болып, мұның жартысы пайдалы, жартысы құм, сор саналады... Закон жолында Ішкі Орда қазағына берілген жер қазына жері болып, уақытша ғана пайдалануға берілген. «Жер қазынанікі» деген законға таянып, үкімет түрлі сылтау көрсетіп, Ішкі Орда жерін тілкімдеп алып отыр...» [2] деп жазады Ғұмар Қараш, Нығметолла Ибрахимұлы, Сейіткали Мендешұлы, Ғабидолла Ахмедұлы. Осылайша, қазақ жерін қалағанынша тәркілеу, яғни, отаршылдық саясаттың шегіне жеткен осындай күрделі мәселелерді Ғұмар Қараш қара сөзбен де, өлеңмен де жырлады. «Бала тұлпар» жинағындағы «Замана жайынан» деген өлеңінде де қазақ жерін талан-таражға салған патша өкіметінің осы аграрлық саясатын ашына толғаған:

Шағаладай, шаңқан боз үйлер,
Бетегелі бұйра, ну жерлер
Бәрі кетті қазақтан,
Не дерге мұны болады? [3,47 б.]

Ақын «Қайда кетті, қане енді» деген сауалын да жауапсыз қалдырмайды. Зерттеудегі соңғы он жол өлең мәтінінде ол былайша түсіндірілген:

Жұрдай болу мәнісі,
Бұл халықтың бұл күнде,
Алтын тақты ханы жоқ,
Хансыз елдің сәні жоқ,
Қазысы жоқ, биі жоқ,
Бисіз елдің күйі жоқ,
Батыры жоқ, байы жоқ,
Дәулетсіз жұрттың жайы жоқ.
Күні қараң малсыздың,
Жұлдызы жоқ, айы жоқ [1,145 б.].

С.Мұқанов зерттеуде хандық дәуірді сипатаудағы ақынның арнау өлеңін де қарастырады. «Жәңгір ханның немересі Жангерей Сейіткерейұлына арнаған» ұзақ өлеңінің мәтінін беріп, толғауда кездесетін хандардың кім екендігі, олардың тарихтағы орны туралы егжей-тегжей түсіндіреді. Ақынның оларды мадақтағанын құптамайтынын дәлелдеу үшін бірнеше мәліметтерді тілге тиек етеді. Сөйтіп, С.Мұқанов осы еңбегінде шығарманы тарихпен байланыстыра талдаудың алғашқы үлгісін жасады.

Зерттеуші ақынның өз заманы туралы толғаған өлеңдерінен де біршама мысалдар келтіріп, талдау жасайды.

«Ел адасып, азған соң,
Ақылынан тозған соң,
Ес аударған сиқыршы,
Ала қағаз пұл шықты (19-бет)», –

деген ақынның өлең жолдарын ала отырып, «Ала қағаз» деп отырғаны ақша. Ақша капиталистерінің есін аударатын сиқыршы екені рас» [1,149 б.] десе, «ел ағасының» «ар-иманы мал болды» деген ақын сынына «байлардың досы мал екені рас» дей келіп, Гогольдің «Мертвые души» поэмасындағы бас кейіпкер Чичиковті тілге тиек етеді. «Ала қағазды» дос көреді деп,



Омардың ұрысып отырғандары қазақтан шығып келе жатқан Чичиковтар» [1,149 б.] екенін айтып Ғұмар Қараш сөзін толықтыра түседі.

Сонымен ақынның «халықтың күні қараған жамандарды» жеке-жеке кейіптеген «Асыл ер» өлеңінен отыз алты жол, «Халықты өнер-білімге шақырады» [1,150 б.] деп білім мен ғылым туралы отыз бес жол, жастар туралы отыз бес жол өлең мәтінін енгізе отырып, осы жинақ туралы қорытынды пікірін айтуға ойысқанда С.Мұқанов «Аға тұлпар» Омардың ақындық күшін көрсететін шығармасының біреуі» деген негізгі түйінін айтады.

Осы зерттеуінің соңында «Аға тұлпардың» ең аяғында жазылған «Қиял», «Ақиқат» деген өлеңі» деп Ғұмар Қараш дүниетанымының мәйегі іспеттес философиялық лирика жанрында жазылған ұзақ толғауының мәтінін бере отырып, «діншілдіктің, тағдыршылдықтың, тәңірге табынушылықтың ең жоғарғы дәрежесі» [1,157 б.] деген тұжырым жасайды. Алайда, мұндай пікірлерді кейінгі кеңес заманындағы зерттеушілер де аңғартып отырды. Мәселен, ғалым Е.Ысмайылов «Ол кейде ескішілік сарынға беріліп, өткен ескі өмірді аңсайды... Кейде бұқаршылдық бағытқа жақындап, ескі феодалдық дүниенің кертартпашылдық жолына батыл қарсы шығады... Кейде ишан, молдаларды батыл сынап әшкерлесе, сонымен бірге өзі тағдыр алдына бас иіп тәңірге жалынғандай жырлар жазды» [4, 259-260 бб.] деген пікір білдірген еді.

Жалпы, зерттеуші осы жинақтағы өлеңдерін зерделей келіп, «Ақындық күші тіл, бейне жағынан алғанда, ол кездегі қазақ поэзиясының ең шебер жазылғанына қосылатын поэзия осы «Аға тұлпар». Омардың өзі өз боп қолынан жазылып шыққан шығармаларының ішінде, көркемдік жағынан бұдан күштісі жоқ. Көркемдік жағынан «Аға тұлпар» өзімен тетелес, басқа ақындардың шығармаларына ағалық істей алады.

Түр жағынан «Аға тұлпардың» қасиеті осындай. «Аға тұлпардың» түрінен пролетариат жазушылары да үлгі алуға болады» [1,154 б.] деп шығармаларының көркемдігі мен түрі жағынан жоғары бағалайды. Ал «Мазмұн жағынан келгенде, «Аға тұлпарда» Омар феодалдық идеологиямен байшылдық идеологиясының екі арасында көп толқығандығы көрінеді» [1,154 б.] деп осындай тапшылдық пікірін алға тартып отыратын әдетінен бір сәтте айнымайтындығына салады.

Түйіп айтқанда, С.Мұқановтың Ғұмар Қараш туралы еңбегі ақынның тұңғыш рет монографиялық портреті жасалып, өмірі мен шығармашылығы баяндалған алғашқы көлемді зерттеу ретінде бағаланатыны, сондай-ақ «Тұлпарлар» бөліміндегі өзіндік ой-тұжырымдарының қазіргі уақыттағы ақын мұрасын зерттеушілер үшін де қажет екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім. 1932 // Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.– Алматы: Атамұра, 2008.
2. Қазақ.– 1916.– №189.
3. Қараш Ғ. Замана. Алматы: Ғылым, 1994.– 240 б.
4. Ысмайылов Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті/Канд. дисс. Қолжазба. Алматы, 1943. ҚРОМА, 1286-қор, 1-іс.



Ахметова К., Әбдіқалық К.
Первое исследование наследия Гумара Караша

В данной статье речь идет об изучении наследия Гумара Караша в книге Сабита Муканова «Казахская литература XX века» (1932). Впервые труд С.Муканова получил свою высокую оценку как объемное исследование, где создан монографический портрет акына, воссозданы его жизнь и творчество. В статье специально рассмотрен раздел «Тулпарлар», посвященный изучению таких сборников Гумара Караша, как «Бала тулпар» и «Ага тулпар». Требуется отдельного рассмотрения и излагаемое исследователем мнение. Значимость исследования С.Муканова заключается в сопоставительном изучении наследия акына, исследовании идейного содержания и языковых особенностей сборников.

Ключевые слова: Исследование, поэт, эпоха, казахское ханство, размышление, философская лирика, религия, скрытом текстом, просветительство, познания.

Ahmetova K., Abdikalik K.
The first studies of the heritage of Gumar Karash

This article focuses on the study of heritage of Gumar Karash in "Kazakh literature of the twentieth century" (1932) by Sabit Mukanov. S.Mukanov's work is highly valued for its diversity. He created a monographic portrait of poet, investigated the life and creation of Gumar Karash. In this article are considered investigator S.Mukanov's thoughts about linguistic features and the ideological content Gumar Karash's collections "Bala Tulpar" and "Aga Tulpar".

Key words: Investigation, poet, era, the Kazakh Khanate, thinking, philosophical poetry, religion, hidden text, enlightenment, art and education.

УДК: 811.512.122:81373.422

Жұмабекова А.Қ. - ф.ғ.д., Абай ат.
ҚазҰПУ профессоры
E-mail: aigzhum@mail.ru,
Султаниязова И.С. - PhD докторанты,
Абай ат. ҚазҰПУ

АНТОНИМДІК ОППОЗИЦИЯ ТЕРМИНІ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада антонимдік оппозиция термині қарастырылған. Сондай-ақ, антонимдік оппозиция түрлері қазақ көркем әдебиеті мәтіндері негізінде талданған.

Тірек сөздер: антонимдер, антонимдік оппозиция

Антонимия негізінде қоршаған заттар мен құбылыстар туралы ұғымдардың адам санасында салыстырылу мен қарама-қарсы қойылу қасиеті жатыр. Антонимия логикалық-танымдық табиғатқа ие тілдік категория болып табылады. Бұл жерде логика мен семасиология ғылымдарының зерттеу объектілері тоғысады, тек зерттеу мақсаттарына қарай бұл ғылымдарда бір құбылыс әр түрлі қырынан қарастырылады. Тілшілер де, ойшылдар да "қарама-қарсылық" ұғымын басшылыққа алғанымен, әр түрлі мағынада жұмсайды. Біз "логикалық қарама-қарсылық" пен "тілдік қарама-қарсылық" ұғымдарының ара жігін ажырату қажет деп есептейміз. Бұл тілдегі антонимдік оппозициялар мен логикадағы бір-біріне қабыспайтын ұғымдар арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік берер еді. Қисынды (логикалық) қарама-қарсылық бір-біріне қабыспайтын ұғымдардың қарым-қатынастарын сипаттайды, бұл қатарға контрарлық (қарама-қарсы) және контрадикторлық (қарама-қайшы) қарама-қарсылық енеді [2, 13].



Лоғикалық және тілдік қарама-қарсылық категориялары арасындағы қатынастың екі түрін белгілеуге болады:

1. Контрарлық қарама-қарсылық – тілдік қарама-қарсылық.
2. Контрадикторлық қарама-қарсылық – тілдік қарама-қарсылық.

Контрарлық қарама-қарсылық / лат. *Contrarius* "қарама-қарсы" [3, 305], Қарама-қарсы ұғымдар арасында аралық ұғым болады. Кестемен берсек: X- Z- Y /жас – орта жастағы - қарт, ерте - уақытында - кеш, тар - шақ - кең/.

50-жылдардағы логика оқулықтарында қарама-қарсылық "бір-бірін жоққа шығарып қана қоймайды, жоққа шығарғанның орнына жаңа жағымды ұғым береді" /"ақ – қара", "әдемі - көріксіз" деп анықтама берілсе/ [4, 317], соңғы жылдардағы оқулықтарда былайша нақтыланады: мұндай ұғымдар "бірі-бірінің белгілерін жоққа шығарады" [5, 34; 6, 37]. В.Я.Свинцов еңбегінде анықтама өзгертіліп, нақты беріледі: контрарлық ұғымдар "бағалау шкаласы бойынша ... бір-бірімен мүлдем қайшы белгілер". Яғни, "бір тізбектің бойындағы қасиет, әрекет, күйдің ең шеткі екі мүшесі, мысалы, "қарттық - жастық", "ыссы - салқын" және т.б." [7, 46].

Антонимдік қатынасты оппозиция әдісі бойынша талдауда Н.С.Трубенкойдің зерттеуінің негізінде келесі түрлерге жіктеуге болады: градуалды, привативті, эквивалентті оппозициялар[1].

«Антонимдік оппозиция» термині кең ұғымда қолданылып, лексикадағы қарама-қарсылықты зерттеу барысында қарастырылмайтын тілдік құбылыстарды да қамтиды. Антонимдік оппозиция түрлеріне жеке-жеке тоқталуды жөн көрдік.

Градуалды антонимдік оппозиция белгі мен қасиеттердің қарама-қайшылығының арасында аралық мүшелердің болуымен ерекшеленеді. Аралық мүше градиациялық шкалада қарқындылық белгісі бойынша екі шеткі қарсы мәннің арасында орналасады. Мысалы,

Қиыншылық атаулы бізбен кетті, сендерге қалғаны рахат тұрмыс, сейіл серуен дегенді айтуға неге құштар екен сол үлкендер [8, 48]. Бұл сөйлемде берілген «қиыншылық» пен «рахат тұрмыстың» ортасында қалыпты өмір тұрғаны, оның екі қарама-қайшы ұғымынан тең ара қашықтықта тұрғаны белгілі.

Градуалды антонимдік оппозиция сапалық сын есімдерден, соған сай зат есімдер мен үстеулерден жасалады. Мұндай лексемалар сапалық-сандық сипатқа ие және белгілердің бір-біріне қарама-қайшылығы тұрғысынан қарқындылық парадигмасын құрады. Олар симметриялы градуалды оппозиция және ассиметриялы градуалды оппозицияға бөлінеді.

Симметриялы градуалды оппозиция мүшелері қарқындылық белгісі шкаласында аралық элементтен бірдей ара қашықтықта орналасады. Бұл дәстүрлі антонимдер болып келеді:

X (Z) Y

Бұл арада (Z) аралық мүше болып табылады.

Рамазан әкенің ыстық, суық қабағында көріп өсті[9, 251].

Келтірілген мысалдарда кездесетін антонимдердің ортасында аралық мүшенің бар екені айқын және аралық мүше антоним сөздерден бірдей ара қашықта тұрғанын ұғамыз. Бұл сөйлемдерде аралық мүше жасырын тұрса, келесі мысалдарда аралық мүше көрініс тапқан:



Адам өмірі: балалық, жастық, егделік, қарттық деген тарауларға бөлінетін болса, өзінің сол соңғы бөлікке қарай қадам басқанын біржолата мойындаған қалпы бар [10, 141].

Ассиметриялы градуалды оппозиция семантикалық және грамматикалық дәрежеде жүзеге асады. Қарама-қарсы мәнді тілдік бірліктер орталық мүшеден әр түрлі арақашықтықта болады:

Айырмасы – концерт залдарында бағасы сәл қымбаттау, мұнда су тегін арзан [10, 266].

X (X) (Z) Y (Y)

Сызбада (X), (Y) белгілерімен берілген аралық мүшеден(Z) бірдей қашықтықта орналасатын антонимдер арзан және қымбат ұғымдары, X арзаннан кішірейтілген сөйлемдегі су тегін арзан сөзі болса, Y қымбатқа жетіңкіремейтін қымбаттау сөзі болып келеді.

Бас сүйегі быт-шыт болған қартаңдау солдат пен нақ бір жорықтан кейінгі қатты ұйқыда жатқандай сұлап жатқан жас солдаттың өлігі оған басқа ой салды [9, 225].

X (Z) Y (Y)

Бұл сызбадан сөздердің бірі қарама-қарсы мүшесіне қарағанда симметриялы антонимнен белгісі кем дәрежеде тұрғанын көреміз.

Градуалды оппозициядағы ассиметрия шкалада кішірейту мен үлкейтудің екі жағына да созылуы мүмкін. Мәселен: Мың жылқы айдаған бай да, жалғыз атты қу кедей де, тіпті тігерге тұяғы жоқ тұлдыр бейбақ та, қазынасы мол алпауыт ақсүйек те өзінше күн көреді, өз несібесін місе етеді [9, 244].

X (X) (Z) (Y) Y

Мұнда (Z) – аралық мүше болса, (X),(Y) – кедей және бай ұғымдары. Ал X сөйлемдегі жалғыз атты қу кедей, тұяғы жоқ тұлдыр бейбақ болса, Y мың жылқы айдаған бай, қазынасы мол алпауыт ақсүйек.

Ал келесі сызба ассиметриялы градуалды оппозиция мүшесінің кішірейіп қана қоймай, нөлге жақындайтынын көрсетеді:

O X (X) (Z) (Y) Y

Таразының бір басында жалғыз жазушы, екінші басында мыңдаған оқушы тұрған сияқтанады [10, 171]. Мұнда аз және көп антонимдерімен салыстырамыз. Бір мүшесі аз ғана емес, жоққа жақын жалғыз болса, екінші мүшесі тым көп, яғни мыңдаған.

Жоғарыда келтірілген мысалдардаи семаитикалық ассиметрия градуалды оппозиция мүшелерінің дәстүрлі шкалада үлкею-кішірею тұрғысында қарама-қарсы бағытпен қозғала алуымен ерекшеленетінін көреміз.

Ассиметриялы градуалды оппозиция морфологиялық сатыда сөз табы аралық антонимдер арқылы көрініс табады. Мысалы: Жұмысының нәтижесіне қарай, кейде жайдары, кейде қабағынан қар жауып түйіліп шығады [8, 32].



Привативті антонимдік оппозиция градуалды оппозиция сияқты бірінің белгілерін бірі жоққа шығарады, тек олардың арасында аралық элемент болмайды. Привативті оппозиция элементтері ұғымдық жағынан бір-біріне тең:

Барды-жосын әкесінің алдына тосып, қолдарынан келгенше күтіп-ақ жатыр [10, 298].

Өзін де, өзгені де шыбын құрлы көрмейтін, шектен шыққан өзімшіл қатыгездік [8, 27].

Қолдан билік, бастан ырық кеткен соң өкіндің не, өкінбедің не? [10, 293].

Болымсыздық жұрнақтары арқылы берілген сөздерде аралық ұғым болуы мүмкін де емес. Сондықтан да олар привативті оппозицияға тікелей мысал бола алады:

Адамның бақытсыз болуы да, бақытты болуы да қандай тез [13, 27].

Таңертеңнен бергі саналы-санасыз түрде көкейінде сан мәрте қайталанғанымен, бірақ жауабы белгісіз сұрақ тағы да шанишудай қадалып шыға келді [13, 79].

Олардың арасындағы қарама-қарсылық мағына әр түбірлі антонимдердегі қарама-қарсылықпен тең:

Бәрі бітті деген, жоқ бітпепті [13, 70].

Көптеген зерттеушілер антонимінің көрсеткіші ретінде сөздердің бір-бірі жоққа шығаруын көрсетеді. Ал, ол антонимдік оппозициялардың басты белгісі болып табылады. А.Қ.Жұмабекова ұғымдардың бір-бірін жоққа шығаруы қандай формада берілгені маңызды емес деп санайды [14, 62].

Привативті оппозицияға бір түбірден болып, болымсыздық жұрнағы арқылы алдыңғы сөзді жоққа шығаратын қарсы мәнді сөздер де жатады:

Айттың не, айтпадың не, өтті-кетті... [13, 151].

Орынды, орынсыз, әділетті, әділетсізін де көргенбіз [9, 264].

Бұған керексіздің бәрі бар, ал керектісінің бірі жоқ [12, 57].

Сондай-ақ, болымсыздық жұрнағы жалғанған әр түбірлі сөздер де привативті оппозиция мүшесі бола алады. Мысалы,

Тырнақты мен тістінің, әлсіз бен күштінің мәңгілік шайқасы [10, 187].

Бұл мысалда *әлсіз* сөзі *күшті* сөзімен ұғымдық жағынан тең дәрежеде, сонымен қатар олар бір-бірін жоққа шығарып тұр.

Қазіргі ғылым бұрын тең дәрежелі қарама-қарсы мағынада көрінген сөздердің ортасынан жаңа ұғымдар табуымен ерекшеленеді [15, 58].

Өлім мен өмірдің екі ортасында кеудеден шыбын жаны шықпай кемпірдің жанталасып жатқанын сезді ме, болмаса иесінің уағында тамақ бермегеніне ызаланғандары ма, алақөлеңке бөлмені бастарына көшіріп төрт кәнден үрді-ай [13, 81]. Бұл сөйлемде кездесетін өмір мен өлім сөздері арасында не өлі емес, не тірі емес күй (кома) тұрады.

Бірақ бір кезде арулардың көз құрты болған, әйел тұр ғой, ерлердің өзі сұқтана қарайтын сұлу жүз нұрлы келбет көзден ғайып болғанын іші сезеді [10, 287]. Ал әйел мен еркек ұғымдарына аралық мүше ретінде екі жыныстың да белгілеріне не гермофродит сөзі алынады.

Сондықтан да, ортасында аралық мүше жоқ деп танылатын привативті оппозицияға жатқызылып жүрген ұғымдарды шартты деп есептеген жөн.



Эквивалентті антонимдік оппозиция мүшелері арасында тілдік тәжірибеге сүйенген ассоциативті қарама-қайшылық бар. Лексикографиялық оқулық көздері мен психолінгвистика тәжірибелер нәтижесіне сүйенсек, мұндай қарама-қайшылық бинарлы деп аталады.

Эквивалентті антонимдік оппозиция келесі тілдік бірліктерден жасалады:

1. Қарама-қайшы бағыттағы әрекеттерді білдіретін лексемалар / кіру - шығу, қашу - қуу, келу - кету /, көңіл-күй жағдайы, қалып / қуану - ренжу, ұмыту - еске түсіру, ұйықтау - ояну /, үстеулер / өңінде - түсінде /. Заттанған етістіктерді де осы топқа жатқызамыз: барыс - келіс, кіріс - шығыс.

Мұнда қарама-қарсы мән сөздердің бір-біріне үнемі қарсы қою арқылы көрінеді:

Ол қашады, біз қуамыз [9, 135].

Өздері жұмыс арасында келіп-кетіп тұратын болса керек [10, 241].

Осындағы кеңсеге кіріп-шығатын шаруам бар еді [10, 306 б].

Сөйтіп бірі бердім, бірі алдым деп құдай атымен уәделеспесе де, емеуріндесіп тоқтапты [12, 69].

Алыс-беріс қалыңмалы төленіп бітсе де, ұзатудың сәті түспей жүрген талай қыз осы биыл құтты орнына қонып жатыр [13, 78].

2. Лексикалық конверсивтер: ұту - ұтылу, сату - сатып алу, жығу - жығылу.

Бұл жолда ұтты ма? Ұтылды ма? [10, 170]

– Бірімізді біріміз не өлтіріп, не өліп, не жеңіп шығуға тиіспіз [9, 225].

3. Бағыттық ұғымдарды білдіретін сөздер: алды - арты, алға - артқа, солтүстік - оңтүстік, оң - сол, үсті - асты.

Асты-үстін қосып есептегенде, әй, жеті-сегіз бөлме бар шығар-ау! Алдыңғы шепте, қан майданда жүретін көзсіз батырларға құдай қуат берсін! Мұның міндеті – артқы шепте солардан қалғанды талғажасу етіп, жер бетін артық-ауыстан тазарту ғана [10, 192].

Бұл өзі – түстікте Ерентау мен Алатаудың арасын, терістікте Барқытбел мен Барлықты емін-еркін жайлаған жасамыс кәрі құзғын еді [10, 185].

Элементтері кеңістік қатынастағы оппозициялар тарихын тереңнен алады.

Орданың сырты қандай еңселі, көрікті болса, іші де сондай жасаулы, сәнді екен [16, 66].

Бергі жакта жал-жал боп жарылған ағаштар үюлі тұр. Арғы жакта – мал қорасы [11, 114].

Бұлай алды-артына қарамай асығыс жолға шығуында да мән бар еді [13, 23].

Ерте кезден адамдардың санасында «жер - көк», «мұз - от», «су - от» сияқты бекіген оппозициялар қалды. Көбіне олар ауыспалы мағынада қолданылады:

Жер де өрт, көк те өрт [13, 24].

Інісінің қыз табылмағандай жер-көктен іздеп жүріп осындай кемтар әйелге үйленгенін ар көре ме, әлде басқа себебі бар ма, мүмкін әдепкі қарсы алғандағы сөзіне кектенгені ме екен, әйтеуір, Төлеутай келген жерден келінін тұқыртып қалудан тайынған емес [12, 388].



Мусават пен екеуінің арасы жер мен көктей[17, 14].

4. Коррелятивті жұптар: адамның жынысы, туыстық қатынастары /әкешеше, аға-апа/, жыл мезгілдері мен тәулік мезгілдері /күн-түн, қыс-жаз, күндіз-түн/, әлеуметтік қатынастар /мырза-құл, ұжымдық-жеке/бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Күндіз-түні жорық сап, шеру тартып, үдере де, үрдіс те келеміз [9, 187].

Соғыста түн мен күн деген болмайды. Кезі келгенде ұйықтайсың, демаласың, ал кезі келмесе, күн-түн демей жортасың, жорықта боласың [9, 37].

Жазда жайлауда, қыста қыстауда мал бағатын қойшының мекен-жайы жылдың екі мезгілінде – жаз бен қыста қаңырап бос тұрады [17, 198].

Осылайша, Н.С.Трубецкойдің оппозициялық әдісі тілдік бірліктерді қарама-қарсы қойылған ұғымдар арасындағы қарама-қайшылық түрлерінің логикалық, психологиялық және лингвистикалық негізіне сүйене отырып кешенді талдау болып табылады. «Антонимдік оппозиция» термині антонимияны кең ұғымда түсіндіреді, ол қалыптасқан тілдік дәстүрде қазақ тілі лексикасындағы қарама-қайшы қатынастардың зерттеу пәніне енген тілдік құбылыстардың кең ауқымын қамтуға мүмкіндік береді. Сандық жағынан талдау қазақ тілінде эквиволенттік оппозицияға қарағанда градуалды оппозиция өнімдірек қолданылатындығын көрсетті. Тілдік бірліктердің қарама-қарсы қатынасының семаитикалық және грамматикалық асимметриясы бар.

Әдебиеттер

1. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М., 1960. - 372 с.
2. Жұмабекова А. Антонимдер сөздігі. – Алматы, 2000.
3. Современный словарь иностранных слов. – Москва, 1992.
4. Горский Д.П. Логика. – Москва, 1955.
5. Гетманова А.Д. Логика. – Москва, 1982.
6. Кирилов В.И., Старченко А.Л. Логика. – Москва, 1982.
7. Свинцов В.Л. Логика. – Москва, 1987.
8. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. I том. Көкейкесті. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 464 б.
9. Бақбергенов С. Қарға тамған қан. Роман. – Астана: «Елорда», 2000. – 352 б.
10. Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 352 б.
11. Ахметжан Т. Ақиқат жолы. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 240 б.
12. Ахметбеков К. Қасірет. Роман. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2010. – 408 б.
13. Ахметжан Т. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Әңгімелер мен пьесалар. - Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2007. – 288 б.
14. Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языков. Дис. ... канд. филол. наук. - Алматы, 1995. – 161 с.



15. Михайлов В.А. Генезис антонимических оппозиций /антонимия и отрицание/. Учебное пособие – Ленинград, 1987. - 80 с.

16. Жұмаділов Қ. Дарабоз. Тарихи роман-диалогия. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. 1-кітап. – 416 б.

17. Батыр Д. Жарсыз өткен ғұмыр: Роман, әңгімелер. – Алматы: «Құс жолы», 2008. – 336 б.

А.К. Жумабекова, И.С. Султаниязова

О термине антонимическая оппозиция

В статье рассматривается термин антонимическая оппозиция. А также на материале текстов из казахской художественной литературы анализируются виды антонимических оппозиций.

Ключевые слова: антонимы, антонимическая оппозиция

A.K. Zhumabekova, I.S. Sultaniyazova

About the term of antonymic opposition

The term of antonymic opposition is discussed in the article as well as text materials from Kazakh imaginative literature review the type of antonymic oppositions.

Key words: antonyms, antonymic opposition

УДК-028.46 К70

Тымболова А.О. - ф.ғ.д., доцент,

E-mail: tymbolova@mail.ru

Кушкимбаева А.С. - докторант

Абай ат. Қазақ ұлттық пед. университеті

E-mail: Alitok@mail.ru

ПЬЕСАЛАР ТІЛІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Қазіргі тілтанымдық адамтану (антропологистика) бағытына сәйкес ұлттық санасы жоғары, ұлттың рухани мұрасын меңгеріп, ұлттық әдебиетті жаңа сапаға көтеруге өзіндік үлес қосқан М. Әуезовтің тілін ұлттық құндылық ретінде зерттеу – ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын танытуға қатысты көкейтесті мәселе. Мақалада М.Әуезовтің «Бекет» пьесасы поэтикасының құрылымына тән негізгі ерекшеліктерді көрсету мақсат етілген. Жалпы пьеса туралы мәліметтерді оқырманға таныстыра отырып, оның поэтикалық ерекшелігіне арнайы тоқталған. Поэтикалық тілде тілдік элементтердің аспектісі, біріншіден, грамматикалық және синтаксистік тұрғыдан ғана емес, шығарманың ішкі дүниесін көру арқылы танылатындығына пьесадан нақты мысалдар келтіріле отырып, дәлелденген. Мақалада сондай-ақ жазушының тілдік бірліктерге жаңа қатысымдық мән бере отырып, шынайы болмыстың бейнесін жасайтындығы сөз болады. Жалпы суреткердің поэтикалық әлемі (танымы) жеке поэтикалық тілдің белгіленген құралы және автордың мәтіндегі поэтикалық көзқарасына негізделеді десек, автордың осы пьесадағы негізгі айтпақ ойы, идеясы мақалада ғылыми тұрғыда анықталған. Сонымен қатар мақалада автордың өзіне ғана тән идеолектілерге, жаңа қолданыстарға пьесадан мысалдар барынша мол келтірілген. Бұл жерде поэтикалық тіл – ұлттық тілдің функционалдық жақтан күрделенген бір формасы екені айтылады. Поэтикалық тілде ұлттық тілдегі потенциалдық мән көркем мәнге айналатындығы да мақалада айрықша сөз болып, пьесадан мысалдар келтіру арқылы дәлелденеді.

Тірек сөздер: поэтика, мәтін, лингвопоэтика, идеолектілер, мәнмәтін, прецедент

«Поэтика» термині поэтикалық өнер деген кең ұғымды қамтиды. 1987 жылғы жарық көрген «Литературный энциклопедический словарь» есбегінде поэтика ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Поэтика - әдебиеттің



құрылымын, жанрлар мен түрлерді, ағымдар мен бағыттарды, стиль мен әдістерді, көркемдік тұтастықтың түрлі дәрежедегі қатынастары мен ішкі байланысының заңдарын зерттейді. Әдебиеттегі көркемдік құралдар тілге байланысты болғандықтан, поэтика тілдік құралдардың көркем қолданысы туралы ғылым болып табылады. Поэтиканың мақсаты - мәтіндегі эстетикалық әсер туғызатын элементтерді жүйелеу және айрықша көрсету» [1, 79]. Ал әдеби терминдердің үлкен энциклопедиясының анықтауы бойынша, бұл терминнің екі түрлі мағынасы бар, «согласно которому он может представлять совокупность художественно-эстетических и стилистических качеств, определяющих своеобразие того или иного явления литературы, кино, театра, любого вида искусства и характеризовать его внутреннее строение, специфическую систему его компонентов и их взаимосвязи» [2. 461 б.]. Мұндай жағдайда біз кино, драма, роман поэтикасын құрылымдық жанр ретінде қарастыра отырып, әдебиеттегі тұтас ағымның поэтикасы туралы, мысалы – экзистенциализмнің поэтикасы туралы айта аламыз. Сондай-ақ мұнда нақты автордың поэтикасы туралы бөліп көрсетуге, басқаша айтсақ, автор стилінің жеке ерекшелігі немесе автордың жеке шығармасы туралы сөз етуге болады. Міне, мұндай шығарма поэтикасының құрылымына тән негізгі ерекшеліктерді көрсету біздің зерттеуіміздің негізгі мақсатына сәйкеседі.

М.Әуезовтің «Бекет» аталатын күйлі пьесасы өлеңмен жазылған. Пьеса сахнада қойылмай, әдеби нұсқа ретінде қалған. Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1956 жылы шығарған жазушының алты томдық таңдамалы шығармаларының V томында «Бекет» пьесасы жарық көреді. Пьесаның қолжазба нұсқасы сақталмаған. Драматурғ «Бекет» сияқты пьесасын тарихи жырдың негізінде жазған. Мұнда автор бірыңғай оқиға жетегімен кетпей, оның идеялық мазмұнын ұштап, сахна заңына лайық көркем туындылар жасап шығарған. Тарихи жыр – тарихтың өзі болмаса да көзі. Шығарма қаһармандары Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжалыұлы – Есет Көгібарұлы басқарған 1847-1858 жылдары Ақтөбе облысында өткен ұлт-азаттық көтерілістің батырлары 1857жылы Сібірге айдалған.

Жырға айрықша мән беріліп, кең таралуы, халқымыздың «тәуелсіз ел болу» мұратынан туындаған «мемлекеттік мүддеге» байланысты. «Бекет батыр» осы уақытқа дейін де талай ғалымдардың назарына ілінген. А.Байтұрсынов оны тарихи жырға жатқызса, М.Әуезов арнайы зерттеу жазып, 1927 жылы Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» атты монографиясына енгізді. Бұлардан кейін С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Шалабаев, Н.Төрекұлов еңбектерін атап өту лазым. Тарихи жыр Кеңес үкіметіне дейін 1896 жылы Қазан қаласында «Киргизская былина о героях Ирьназара и Бекете» деген атпен, «Ученые записки Казанского университета» дейтін еңбектің 1897 жылғы 11-санында, «Сборник материалов для статистики Сыр-Даринской области» деген еңбектің 1897 жылғы 6-санында жария көрген. «Түркістан жинағының» 568-томында басылған. Одан соң 1922 жылы «Әбубәкір Диваевтың жинаған сөздері» ішінде Ташкентте жарияланған.

Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толу мерейтойына орай 1922 жылы Орынборда актер Н.П.Анинкова-Бернар «Бекет» атты пьеса қойғаны, оның сыншылар тарапынан өнер туындысы ретінде жоғары баға алғаны мәлім. Он



жеті жылдан соң, 1939 жылы М.Әуезов «Бекет» пьесасын жазып, ол пьеса 1940 жылы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қойылғаны тағы белгілі. Заманында ел-жұрттың назарын өзіне аударған, кейінгі білікті ғалымдардың зерттеу нысанасына ілінген, М.Әуезовтей ғұламаға ғылыми зерттеумен шектелмей, пьеса жазуға ықпал еткен әйгілі жырдың архатиптік нұсқасы «Ерназар-Бекет» деп аталады [3].

Сондай-ақ «Бекет» пьесаның опера нұсқасы да бар. Пьесаның түпнұсқасы мұражай-үйдің қолжазба қорында сақтаулы, көлемі - 79 бет. Соңына «1938 жыл» деп белгі қойылған. «Төрт актілі, бес суретті күйлі (музыкалық) пьеса» алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналының 1939 жылғы №2 санында жарияланған. Әуезовтің таңдамалы шығармаларының 6 томдық жинағының 5-томында (1956), 12 томдық шығармалар жинағының 10-томында (1982) қайталанып басылды. Пьеса ақ өлеңмен жазылған. Оқиға 19-ғасырдың ортасында Жем өзенінің бойында өтеді. Бекет пен Зеренің үйлену тойы үстінде Арыстан сұлтан келіп, елдің шырқын бұзады. Оларды туған жерінен көшуге бұйырады. Батыр Бекет қарсылық көрсетіп, ақыры итжеккенге жер аударылады. Одан достарының көмегінің арқасында Қашып шығып, дұшпанынан кегін алады. «Бекет» операсы 1940ж. 29 ақпан күні Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында қойылды. Композиторы - А. Зильбер, оркестрге түсірген - Р.Глиэр, режиссері - К. Байсейітов, дирижері - Ф. Кузьмич (кейіннен Б. Врана), суретшісі - А. Ненашев, биді қойған - Ю.Ковалев, хордың жетекшісі - Г. Петров. Би көріністерінде Шара Жандарбекова мен Е. Лифанова өнер көрсетті. Музыкалық шығарманың бұл қойылымы мамандардың арасында екіұдай пікір тудырды. «Бекет» операсы туралы: «Қазақ операсының ұйымшыл ұжымы табанды ізденістің нәтижесінде қызықты спектакльді сахнаға шығарды. «Бекет» операсы, әрине, қазақ опера өнерінің шыңы емес, алайда бұл оның даму жолындағы ілгері басқан қадамы» (Ғ. Шарипова, «Бекет»); «Театр ұжымы үлкен жеңіске жетті» (Д. Прянишников, «қазақтың жаңа операсы «Бекет»); «Бекеттегі» мәніссіз, мазмұнсыз айғайдың мұнда да жүргенін көреміз» (А. Жұбанов, «Тұтқын қыз») - деген қарама-қарсы пікірлер білдірілді. Әсіресе, қазақтың халық әндерін өңдеусіз пайдаланған композитор А. Зильбердің атына көптеген ескертулер мен сын айтылды. Қалай дегенмен «Бекет» операсы өзінің тарихи міндетін орындаған сахналық музыкалық қойылым болып табылады. Мұнда тұңғыш рет орыс әншілері (С. Колтон, О. Хан) қазақ операсында өнер көрсетті.[4].

Осылайша жалпы пьеса туралы мәліметтерді оқырманға таныстыра отырып, біз енді оның поэтикалық ерекшелігіне арнайы тоқталмақпыз. Поэтикалық тілде тілдік элементтердің аспектісі, біріншіден, грамматикалық және синтаксистік тұрғыдан ғана емес, шығарманың ішкі дүниесін көру арқылы да танылады. Мысалы, пьесаның басталуы қазақтың ұлттық өнері жар-жар айтумен басталып, әрі қарай Шынасыл мен Сержанның айтысына ұласады.

Сержан (*айтысты бастап жөнеліп*).

Мыңнан бір, шыңнан шынар шықпай ма екен,

Жезқанат сұңқар бар деп ықтай ма екен.

Қарсы ұш деп көппен бірге тілек етсем



Мұнымды асылзада жақтай ма екен? *(Пауза.)*

Сен кеткен талайларға, талай мекен

Шынымен бір орайы болмай ма екен.

Көз тартты шұғыласы күн құшқанда

Айдынның жалғыз қуы болжай ма екен?

Шынасыл *(іле жөнеліп)*.

Әнім бар шырқағанда шарқ ұратын

Шаттықта, зарлықта да жан суатым

Өз әнім, қолқасыз – ақ өзім айтам

Жасымнан қос қанатым, әл – қуатым.

Шалқыған көк жайқында аққу қандай!

Талайлар тек тұра алмас назар салмай.

Телмірген сол талай көз бос қалатын

Аққуды кім күналар жазық бардай [5. 290-б.].

Мұнда Сержан мен Шынасылдың айтысы арқылы бұлбұл құс пен аққудың өмірі салыстырыла отырылып, қазақ қызының басында еркі жоқ, «қапастағы бұлбұл» болып отырғандығы прецедент етіп алынып, әйел теңдігі идеясы көтеріледі. Суреткер пьесада жастардың аузымен сол бір адамды малға теңгерген заманға лағынет айтқызады, оны өзіндік дүннетанымы сүзгісінен өткізіп баға береді, өзіндік ой қорытады, өзіндік идеясы арқылы өрбітеді.

Күнделікті қолданыстағы тілде грамматикалық ережелерге, тілдік нормаға сай келмейтін фактілер, поэтикалық тілде өзгеше сипат иеленеді. Күнделікті сөйлеу тілінен ерекшеленіп, поэтикалық тілде барлық элементтер эстетикалық жақтан жүйеленіп, көркем мәнге, белгілі бір міндетке бағынады. Мысалы,

Шернияз *(биікке шығып, нұсқап тұрады. Босқан ел, кәрі-жасы жылау, күңіренумен шұбырып сахнаға шыға береді. Өтіп кетіп жатқандар да бар)*.

Көріңдер мынау жатқан сор даласын

Арыстан қан жылатты ел баласын.

Жемді алып, жерден қуып, шөлге айдады

Көрсенші сел боп аққан көздің жасын...

Босқандар. *(Бекеттерге)*.

Кім табар бізге келген дерт аяласын

Ер болса елдің қамын тез ойласын.

Хан-төре қастық етті аямады,

Қайдасың, ара түсер, ер қайдасың?!

Кемпір-шал, күңіренеді, бала боздай,

Бармысың, адам туған ер қайдасың...

Жастар

Ойпыр-ай, неткен сұмдық, неткен қорлық!

Жұрт көрген аз боп па еді өзге зорлық!

Адыра бұл тіршілік, берген қор қып... [5, 293-б.].

Бұл ел басына туған қара күнді автор босқындар арқылы көрсетіп, елге қамқор болған Бекеттей азаматтың аузына «Қайран ел, алтын бесік ішінде өстім, танымас қадірінді мен емеспін», «Ал, найза, ерлер қайда, ер соңымнан, теңселтер қан ордасын бізбіз көшкін!» деген сөз салып, қиын-қыстау шақта жұдырықтай жұмылып, бірлесе тізе қосу керектігін міндеттеп тұр. Бұл арада



поэтикалық ерекшеліктің бірі - ұлттың өзіне тән ерекшелігі қазақтың бата беру дәстүрі де көрініп қалады, мысалы,

Халық:

Бағын аш, батыр ердің бата бердік,

Бағын аш, ақ тілеумен соңына ердік.

Бағын аш, жас жолбарыс жорытқанда

Бағын аш, келген керді бірге көрдік... [5, 295 б.]. – деп ел де батырымен бірге екендіктерін меңзейді.

Поэтикалық тілдің тағы бір құрылымдық өзгешелігі тілдің сыртқы мазмұны бойынша стереотиптік түрде қабылданбайды. Оның шынайы мазмұнын, семантикалық жақтан өзгерулерін, көркем маңызын қарастырады. Оған дәлел ретінде пьесадағы өлең жолдарының бірде қара өлең түрінде, бірде шұбыртпалы ұйқас түрінде келуін айтуға болады. Мысалы,

Халық өкілдері (*Шеменге*).

Ей, төрелер, төрелер,

Арыз айта ел келер

Тыңдайды деп ол келер,

Тыңдамасаң тілегін

Жанашыр деп келгенде

Тілгілесек жүрегін

Қайсы сенің білгенің?

Қан жылатып халықты,

Қара орнынан айырған,

Асқақ төре бір күні,

Жерге тығар желегін...[5, 296 б.];

Шемен:

Ендеше мен көрейін ер немені,

Байқайын жерді ханға бермегенін

Қайын ене, қалың жұртын шұбыртайын

Тұтқынға ал нөкерімен қыз Зерені, - [5, 300 б.]. Бұл жерде автор өлең жолдарының көркем маңызына назар аударып отыр. Мұндағы түйдек өлеңмен берілген тілдік бірліктер бір-бірімен тығыз байланысқа түскен. Тілдік бірліктер – автор санасында лексика-семантикалық, грамматикалық, коммуникативтік тұрғыдан кодталған және оқырман түсінігіне де ортақ болып табылатын қатысымдық мазмұнға ие жүйелі тұтастық. Қолданыста мұндай қатысымдық бірліктер арқылы бейнеленген ой тұтастығы мәдениеті ортақ ұлт өкілдеріне түсінікті болады, әрі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Сондықтан автор өзіндік қолтанбасына қарай жаңа, тың қолданыстар іздейді. Бұл жөнінде С.Аманжолов: «Адам баласының ой-өрісі қанашама кеңейсе, соншама ойын беру жолы көбейіп, әр түрлі құрал іздейді, көркем әдебиет, өнер осындай жолдарының көптігімен өз алдына өнер, өз алды білім саналады» деген пікір айтады [6, 12 б.]. Бұл пікірді пьесадағы мына мысалдар растай түседі.

Жанғазы.

Ей Арыстан, асарсың,

Асып барып бір күні

Аптығыңды басарсың,

Талай-талай күн өткен



Хан Жәңгір де алдында
Ұлы, қызын халықтың
Обалсынбай күң еткен,
Қалың елін күңіrentкен,
Елдің зары ақыры
Ер ұлдарын тебіrentкен
Есінде шығар Исатай?
Бүгін Бекет қарсыңда
Белін бекем буып тұр,
Ел бағына туып тұр,
Елдің кеңін қуып тұр.
Есінде болсын жалғыз –ақ
Бекет тиер бекемірек
Хан баласы әрдайым

Құтыла бермес жабылып! [5, 304 б.] Мұнда да драматург халыққа бұрыннан таныс оқиғаны еске сала отырып, Исатайдай батырдың орнына Бекеттей батырдың халықтың жоғын қуып тұрғанын хабарлайды. Жазушы тілдік бірліктерге жаңа қатысымдық мән бере отырып, шынайы болмыстың бейнесін жасайды. Көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің авторлық қолданысын Р.Сыздық былайша түсіндіреді: «Көркем шығармада көріктеу құралдарының қай-қайсының да авторлық түрлері басым болып келеді. Бұл – жазушының дүниетанымына, содан кейін алатын ой түйініне тікелей байланысты құбылыс» [7, 31 б.]. Тілдік қатынас барысында *тілдік сана* мен *когнитивтік сана* арасында байланыс пайда болады. *Тілдік сана* тілге дейін қалыптасатын саналық тәжірибенің ерекше деңгейінде кодтар түрінде ұйымдастырылған, қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылатын тілдік ережелер мен нормалар жүйесі болып табылады. Когнитивтік сана тұлғаның жалпы өмірлік түсінігін, тұжырымы мен пайымдауын көрсететін білімдердің жиынтығын құрайды. Тілдік бірліктердің санада қатысымдық құралға айналуына ықпал ететін бірден-бір жағдай – *танымдық түсінік*.

Танымдық түсінік тілдік сана мен когнитивтік сананың бір-бірімен тоғысуынан туындай отырып, тілдік бірліктердің таным деңгейіндегі қатысымдық мәнін айқындайды. Сананың дамуына байланысты ұғымның мағыналық өрісі ұлғаяды. Бұл процесс сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Дегенмен, мағына айтушыға да, тыңдаушыға да бұрыннан белгілі білімдер жиынтығынан құралады. Әрбір жеке адам үшін сөз мағынасы белгілі дәрежеде субъективті десек те, көптеген жағдайларда тілдік бірліктердің бұрыннан қалыптасқан аталымдық мағынасы басты орын алады. Сондықтан, тілдік бірліктер қолданыс барысында грамматикалық ережелерге бағына отырып, қатысым үдерісін туындатады. Осы тұрғыдан келгенде санадағы тілдің кодталу құрылымына қарай негізгі үш көрсеткішті бөліп көрсетуге болады:

- 1) тілдік бірліктердің коммуникативтік қарым-қатынасқа негізделген мағыналарының тұтастық жүйесі;
- 2) грамматикалық қағидаларды дұрыс қолдануға негізделген айтылымдардың құрылымдық жүйесі;
- 3) қатысым барысындағы жағдаяттарға сәйкес хабарламаның ұйымдастырылу аясы. Мысалы:



Сержан. Асылым-ай, не болдың?
Шыққыр көзім не көрдің?
Майысқан гүл шын солдың?
Не болдым, ай-хай, не болдым... (*Бұлқынады, жсынданады*)

[5, 321 б.].

Біріншіден, сөйлем құрамындағы тілдік бірліктер қатысымдық қызметіне қарай толық мағыналық тұтастық сипатында көрінеді. Мәселен, сөйлемдегі *майысқан гүл* тіркесіндегі сөз тура мағынада қолданылмай, «*нәзік қыз*» мағынасын береді. Екіншіден, *Асылым-ай, не болдың, Шыққыр көзім не көрдің? Майысқан гүл шын солдың? Не болдым, ай-хай не болдым* сияқты тілдік бірліктер өзара грамматикалық ережеге сай байланыса келіп, бір әрекетті екінші әрекетке ұластыра отырып, іске асырылған амалдардың коммуникативтік сипатын тұтас іс-қимылмен білдіреді. Үшіншіден, көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті хабарламаның ұйымдастырылу аясына қарай белгілі бір жағдаятты баяндап тұр, яғни әділетсіздікке шыдамай Шынасылдың үзіліп кеткенін хабарлап тұр. Бесіншіден, поэтикалық тіл әдебиетте сипатталынбайтын фактілерді де қарастырады. Поэтикалық тіл дүннені образ арқылы суреттейтін, адам санасына сурет салу арқылы әсер ететін, сезімдік-танымдық болмысты қамтитын айрықша күрделі құбылыс. Демек, поэтикалық тіл тұнып тұрған тұтас бір эстетикалық дүнне [8, 18-19 бб]. Мысалы,

Каторжандар:
Өмір өгей анадай
Ашулы зарын аямай
Тас қабағын түйіп тұр
Арман айтар адам жоқ
Айнала меңіреу қарағай
Күні боран, киім сұр...
Шылдыр-шылдыр қу шынжыр...
Тас қапас та ашылмас
Жан жанады шырақтай
Қыстың зәрі қайту жоқ
Барыңды алмай басылмас
Қнял ғана пырақтай
Жалғыз жары тұтқынның
Ұйқысын бөліп оятса
Бір қалыпты тас қамау

Шылдыр, шылдыр қу шынжыр [5, 323-б.]. Автордың қыс, каторга, тіпті адамдардың киімдеріне дейін сұп-суық етіп суреттеу шеберлігіне таң қаласыз. Осы бір ауыз өлеңнен шынжырдың шылдыры құлағыңызға анық естілгендей болады. Айнала қоршаған қарағайлардың өзі ашулана қабағын тас түйіп тұрғаны каторганың сонау Сібірде, қалың қар құрсап жатқан жерде екенінен хабар береді.

Поэтикалық тілде ойдың нәтижесіне құрылуы, сөйлемдердің логикалық қайшылықтарға толы болуы, ойды қиялдағы көркем бейнелер арқылы суреттеу, сөйлемдердің синтаксистік тұрғыдан қыспауы оның өзіндік ерекшелігі болып табылады. Яғни поэтикалық тіл драмалық шығармалардағы



кейіпкерлердің ішкі рухани дүниесін танытудағы таптырмайтын құрал болып табылады. Мысалы,

Шернияз:
Айналайын аузыңнан,
Ел тілегі бұл тілек.
Батырды көріп аман, сау,
Бой жасадым бір түлеп.
Бекетжан, жалғыз хауібім
Жау ниеті түн-түнек
Сақтана жүр, батырым,
Жабылсам деп жау жүред...
Ал бұл жерде хауіп жоқ
Оған кепілмін,
Ойнақ, сауық салайық

Соны тұрмыз біз тілеп! [5, 318-319 б.] – деген Шернияздың негізгі түпкі ойы -Бекетті жау қолына ұстап беру. Автор оның Бекетті үйіне алдап шақырып алып, «Баста сауық сайранды» дей тұра, оны жауларының қолына ұстап берген екіжүзді, сатқындығын әшкерелейді. Сондай-ақ осы пьесадағы Бекеттің жары Зере бейнесіне тоқталар болса, сондай нәзік жанды, жолы жіңішке әйелдің асыл жарын іздеп сонау Сібірге баруы пьесада былайша Зеренің өз аузынан суреттеледі:

Ата, тыңда шерімді
Ерім ердің сойы еді.
Қатарға қосар елімді
Сахараны сарғайған

Сан қайғыдан арылтар [5, 325 б.] деген жолдардан автордың нағыз қазақ қызы осындай ер қадірін білетін, ері үшін отқа да, суға да төзе білетін, нағыз адал жар болуы керектігін талап ететін ішкі ойын көруге болады.

Жалпы суреткердің поэтикалық әлемі (танымы) жеке поэтикалық тілдің белгіленген құралы және автордың мәтіндегі поэтикалық көзқарасына негізделеді десек, автордың осы пьесадағы негізгі айтпақ ойы, идеясы - патша өкіметінің қазақ жерін талан-таражға салуына қарсылығы. Кешегі өткен Исатай, Махамбет сынды батырлардың ізінен ерген, ісін жалғастырған Бекет сынды батырлардың халқы үшін істеген жан қиярлық ерлігі келер ұрпақ санасынан өшіріліп кетпесе екен, келер ұрпаққа олардың ерлігі жетсе екен деген тілектен туған ой болса керек.

Лингвопоэтика мәтіннің құрылымдық жағын қарастырып, ұлттық тілді танытатын поэтикалық идеолект тұрғысынан де зерттейді. Мысалы, «*Жеріңе жерік қамал бар*», деп қазақ жеріне көз алартып отырған патша өкіметінің әр облыстарда қамалдар сала бастағанын көрсету автордың өзіне ғана тән идеолект түрінде берілгендігін байқаймыз. Әдетте, «қанқұмар» деп айтылатын бұл сөз М.Әуезовте «қанқор», «қанқор Арыстан» болып жаңа қолданыс тудырып тұр. Сондай-ақ «*тұсау түсті тілімнен*» деген тіркес те тек авторға ғана тән тіркес. Бұл жерде поэтикалық тіл – ұлттық тілдің функционалдық жақтан күрделенген бір формасы екеніне көз жеткіземіз.

Поэтикалық тілдің маңызын түзетін негізгі қасиеті оның ішкі формасында. Тіл жүйесіндегі сөздердің барлығы бірдей ішкі формаға ие емес. Поэтикалық тілде ол барлық бірліктерге тиесілі. Поэтикалық тілде ұлттық



тілдегі потенциалдық мән көркем мәнге айналады. Мысалы, «Бәйтеректей батырды Ұстап беріп ит болар, Мен емеспін, Арыстан...», «шенге сатсаң, өзін сат, ата-ананды, тегінді...», «Қақ жарылып, қара аспан, От төккендей нажағай, құтырып құйын келеді, алды-артына қарамай...» т.б. Бұл поэтикалық тілдің базасын, маңызын түзетін өзіндік өзгешелігі болып табылады.

Сонымен, поэтикалық мәтін дегеніміз – тілдің феномені болып табылады. Поэтикалық тілде барлық элементтер эстетикалық жақтан жүйеленіп, қандай да бір көркем міндетке бағынады. Сондай-ақ күнделікті қолданыстағы тілдің элементі стереотиптік негізде автоматты түрде қабылданса, поэтикалық тілде автоматты түрде қабылданумен қатар оның нағыз бастапқы мәніне, семантикалық жылысулары мен көркем маңызына мән беріледі. Сонымен қатар, күнделікті қолданыстағы тілде лексика-семантикалық, грамматикалық мән жағынан байланыс түзу мүмкіндігіне ие болмайтын тілдік құралдар, поэтикалық тілде тығыз байланысқа ие болып, әдеби тілде сипаттауға алынбай қалатын көріністер де оның міндетіне кіреді.

Әдебиеттер

1. Литературный энциклопедический словарь. - М.: Советской энциклопедии, 1987. - 752 с.
2. Стариченок В.Д. Большой лингвистический словарь. Ростов н /Д: Феникс, 2008.-811[1] с.- (Словари.)
3. <http://Kazaitvs.kz/ar/>;
4. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
5. Әуезов М. Шығармалар Он екі томдық. 9-том. Пьесалар. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1969.
6. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 368 б.
7. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
8. Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. - Алматы, 2013. - 328 бет.

Тымболова А.О., Кушкимбаева А.С.

Поэтические особенности языка пьес

В данной статье рассматриваются поэтические особенности в пьесе М.Ауезова «Бекет». И как лингвопоэтика интенсифицирована языковыми средствами и приемами лексической и грамматической актуализации, принципами наррации, известными в той или иной степени литературной традиции.

Ключевые слова: поэтика, текст, лингвопоэтика, идеолекты, контекст, прецедент

Timbolova A.O., Kushkimbaeva A.S.

Poetic peculiarities of plays language

The article deals with poetic peculiarities of play by M.Auezov "Becket." Within the literary tradition of linguopoetics different language tools and techniques of lexical and grammatical actualization, principles of narrative organization are widely used in it.

Key words: poetics, text, lingvopoetika, ideolekty, context, precedent



УДК:28(574)-09

Тасмагамбетов А.С. - д.и.н.,
первый проректор ЗКГУ им. М. Утемисова
E-mail: t.asset63@mail.ru

ИСЛАМ В КАЗАХСТАНЕ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ: ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ

Аннотация. В статье описываются особенности распространения и развития ислама на территории Казахстана. Характеризуются процессы его развития в отдельные периоды истории нашей страны. Обосновывается отсутствие исторических предпосылок для религиозного экстремизма на территории нашей республики, в то же время показаны объективные условия формирования толерантности нашего народа.

Ключевые слова: религия, история, ислам, особенности, толерантность.

Для того чтобы полнее понять характер и особенности той или иной религии на определенной территории, понять процессы, которые происходят в ней в данное время, надо знать его историю, особенности его развития. Как правило, исторические предпосылки оказывают влияние на процессы, происходящие в религиозной сфере в современный период. Так, знания по истории ислама в Казахстане могут помочь нам понять особенности в его развитии в нашей стране сегодня.

Берущий начало с VIII века процесс распространения ислама на территории Казахстана в каждый из своих этапов имел свои особенности. Ислам проникал в казахские земли постепенно не только по временным показателям, но и по территориальным.

До XVIII века проникновение ислама на территорию Казахстана шло в основном из Средней Азии. Отсюда в средние века шли на окраины мусульманского мира проповедники. Скорее всего, из них и из их потомков в традиционном казахском обществе сложилась социальная прослойка "кожа", которую образный язык кочевников именовал «асыл суйек» («благородная кость»).

Проникновение и распространение ислама на территории Казахстана постепенно приводило к изменениям в социальной жизни степняков. Но надо сразу отметить, что религия в истории казахского народа не занимала существенного места в политической жизни общества и, тем более, в его государственной структуре. В традиционном казахском обществе она, как бы, естественным образом была отделена от государства. Это во многом объективно предопределялось особенностями кочевого общества. Условия кочевого общества, а также политическая самодостаточность родоплеменных объединений, способствовали неполитизированности религиозной сферы жизни и тому, что кочевники были привержены к, своего рода, «естественной свободе совести». Специфика кочевой цивилизации предполагала природную толерантность казахов. История нашего народа не знала религиозных войн, как внешних так и внутренних, и религиозного



противостояния в обществе. Сама логика развития традиционного казахского общества не предполагала появления здесь условий для сложения той или иной формы религиозного экстремизма. Более того, наш народ всегда выделялся своей толерантностью и гостеприимством, что отмечается в источниках практически всех исторических периодов. Это одна из важных особенностей в развитии социумов на территории нашей страны. Другими словами, мы не можем говорить о каких-либо исторических предпосылках зарождения и распространения в Казахстане религиозного экстремизма.

Тем не менее, проникновение в традиционное казахское общество такой монотеистической религии как ислам, естественно, приводило к изменениям в нем. Так, данный процесс, как уже отмечалось, привел к сложению в традиционном обществе казахов помимо «торе» еще одной надродовой и надплеменной социальной прослойки – «кожа». Дело в том, что такие монотеистические религии как ислам и христианство в истории, как правило, способствовали сложению более крупных социальных образований. Так и ислам наряду с другими факторами способствовал процессу сложения казахской народности с единой духовной культурой. В основном в казахском обществе мусульманство влияло на духовную сферу и на нормы поведения. Так, можно отметить его влияние на нормы «Жеты жаргы».

Как показывает история, распространение и укрепление на определенной территории монотеистических религий, каковым является ислам, идет быстрее и интенсивнее при наличии нахождения этой территории в рамках одного политического объединения, с достаточно централизованной системой управления. Но, как известно, кочевая цивилизация, в силу своих специфических особенностей, не предрасполагала к возникновению крупных централизованных политических объединений на долговременной основе.

Только в отдельные периоды истории кочевых обществ, когда образовывались достаточно крупные и относительно централизованные политические объединения, религиозные вопросы начинали приобретать в них некоторый политический оттенок. Что касается тюркских кочевников, в том числе казахов, примером вышесказанного по отношению к ним является Золотая Орда.

Как свидетельствуют источники, именно период существования Золотой Орды был одним из благоприятных периодов для укрепления ислама на территориях, входивших в ее состав. При этом, несмотря на значительное укрепление своих позиций в этом государстве, одной из особенностей ислама здесь являлась его терпимость к другим верованиям.

В Золотой Орде это проявлялось как в отношении ислама к другим религиям, так и в отношении к внутримусульманским различиям. Как считает Чарльз Дж. Гальперин жители Золотой Орды «не жили в религиозно враждебном окружении, религиозное различие не создавало реальной угрозы для их гегемонии или общественного порядка... Тюркизация и принятие ислама не угрожали кочевническому образу жизни, лежавшему в основе военных возможностей Золотой Орды» [1, с.29]. Действительно, в столице этой державы жили ученые-богословы разных мазхабов (шафииты, маликиты) и различные суфийские общины.

Тем не менее, логика развития централизованного государства вела к постепенному упрочению в данной державе одной религии, в данном случае -



ислама. И при могущественном Узбек – хане (1312-1342) в Золотой Орде за исламом было признано ведущее положение. Наверное, неслучайно, что данный процесс совпадает по времени с периодом наибольшего могущества и расцвета этого государства.

В целом, в Степи ислам во многом утверждался через личное почитание проповедников [2, с.129]. В этом плане можно привести высказывание В. Бартольда о том, что под влиянием суфийских проповедников «кочевники становились не столько мусульманами в смысле принятия догматов и обрядов ислама, сколько личными почитателями шейхов, в которых они видели подвижников и чудотворцев» [3, с.29]. И, действительно, во многом через почитание ишанов основная масса казахов и других центрально-азиатских кочевых народов усваивала моральные нормы ислама, его мировоззрение и постепенно приходила к внутреннему осознанию канонов этой религии.

С распадом Золотой Орды у кочевого казахского общества несколько ослабли связи с мусульманскими центрами Средней Азии. Ослаблению влияния крупных мусульманских центров также способствовал упадок Евразийских торговых маршрутов, вызванный началом открытия морских торговых путей между Европой и Азией. Поэтому центрально-азиатские кочевники на какое-то время «отдались» от региональных и континентальных процессов, происходивших в тот период, в том числе религиозного характера.

Но, тем не менее, ислам уже присутствовал на территории Казахстана и в последующие периоды его истории он только укреплял здесь свои позиции. Казахские ханы – Касым, Хакк-Назар, Таукель, Есим, Тауке, Аблай и другие – старались поддерживать традиции мусульманских правителей Золотой Орды. Они были образованны, знали коран, арабский, персидский языки, следовали нормам шариата [4, с.6].

Одним из важных периодов истории ислама на территории Казахстана является период его присоединения к Российской империи. В отмеченный период мусульманство в Казахстане начинает занимать значительное место во многих сферах общественной жизни, а в конце XIX – начале XX веков становится и одним из важных факторов общественно-политической жизни. И, как это не кажется противоречивым - ведь Казахстан включался в состав в основном православного государства - в это время ислам закрепляется здесь основательно.

Воздействие «татарского» мусульманства, распространение в это время среди казахов в основном так называемого «книжного» ислама, способствовали организационному развитию здешнего мусульманства, формированию новых конфессиональных институтов.

В повседневной жизни степняков все большее распространение стали получать также и «внешние» конфессиональные атрибуты мусульманства (пятикратный намаз, посещение мечети, наличие «указных» мулл, хадж, зякет и др.). Значительное место в этом принадлежало Оренбургскому мусульманскому духовному собранию (ОМДС) и татарскому духовенству, способствовавших введению организационных начал в отправление мусульманского культа в Казахстане. Среднеазиатские купцы также при возможности строили здесь мечети (в торговых центрах, в местах ярмарок),



создавая при этом религиозные объединения при них и ведя там организационную работу.

Деятельность национальной интеллигенции в конце XIX - начале XX веков также способствовала укреплению позиций и роли мусульманства в среде казахов. Так, к примеру, А. Букейханов участвовал в работах мусульманских съездов, где отстаивались интересы мусульман [5, С.278]. М. Тынышпаев в своем обращении к правительству подвергал критике законоположения империи, касающиеся мусульманства и его институтов в Казахстане [6, С.16]. Они выступали за создание для казахов отдельного духовного правления со своим муфтием, отмену запретов и квот на строительство мечетей, цензуры на духовные книги, передачу метрических книг в ведение мусульманского духовенства и ряд других мер. Они ратовали за просветительскую деятельность мусульманства, которая в тот период на окраинах Российской империи стала оформляться в форму джадидизма.

Но в данный период организационное развитие ислама в нашей стране не получило полной завершенности по тем формам, какие были характерны для других мусульманских регионов империи. Создание здесь отдельных мусульманских организационных институтов не закончилось образованием собственного духовного правления, хотя требования к этому были [7, С.290-313].

Судьба религии, в том числе и ислама в советский период истории нашей страны хорошо известна. Вытеснение религии из общественной жизни и из сознания людей было одной из программных задач атеистического государства. И это по своему отразилось на состоянии и развитии современного ислама в нашей республике. После распада СССР и краха марксистско-ленинской идеологии в духовной сфере постсоветских обществ образовался вакуум, что вызвало к жизни, особенно в первой половине 90-х годов, деятельность многочисленных, сомнительного толка религиозных сект, в том числе радикального характера, активизацию деятельности различных миссионеров нетрадиционных конфессий, пропагандистскую компанию новоявленных «спасителей и пророков».

К тому же, 70 лет антирелигиозной политики привели не только к духовному вакууму в обществе, но, вместе с тем, прервали естественный ход развития ислама на территории нашей страны. Это привело к тому, что наше общество не было подготовлено к радикальным изменениям в духовной сфере, которые стали происходить в нем в конце прошлого века. Радикальная атеистическая политика привела к забвению многих сторон традиционной культуры, к утрате нравственных ориентиров, к потере нынешними поколениями духовных связей с прошлым. Произошла колоссальная трансформация в подходах и принципах оценки духовных ценностей. У людей был потерян иммунитет, защищавший их от негативных процессов в духовной сфере.

К тому же за это время в мире произошло много изменений в плане религиозного и конфессионального развития, от которых в стороне оставались народы бывшего Союза. И когда они в конце XX века оказались в водовороте глобальных и геополитических процессов, в том числе религиозного характера, они оказались к ним не готовы. Это мы сейчас понимаем на собственном опыте. К примеру, в советский период было



прервано организационное конфессиональное развитие ислама в Казахстане, что, безусловно, отразилось на процессе сложения и качестве деятельности мусульманского духовенства в нашей стране в современный период.

Процесс возрождения ислама в постсоветском пространстве происходит в обстановке обострения напряженности в мусульманском мире, частью которого вновь начинают осознавать себя последователи ислама на этой территории. Мусульманский мир, отброшенный вспять в эпоху колониальных захватов и мучительно переживавший свое зависимое положение, стремится обрести себя и занять свое место в мировом сообществе народов и культур. И в этих условиях определенная часть постсоветского общества вполне восприимчива к влияниям внешнего мусульманского мира как позитивного, так и негативного характера.

Такова вкратце некоторая предыстория к сегодняшним реалиям развития ислама в Казахстане. Она показывает, что распространение и развитие данной религии на территории нашей страны имеет многовековую историю. Этот процесс был длительным и постепенным, что предполагало его эволюционный характер, когда количественные показатели постепенно перерастали в качественные. Но данный естественный процесс был насильственно прерван в начале XX века, что негативно отразилось на многих процессах в духовной сфере нашего общества уже в наши дни, в том числе и на проявлениях экстремистского характера.

Но, наверное, не будет объективным подходом искать причины сегодняшних проблем в сфере религии только в атеистическом периоде прошлого нашей страны. Есть и объективные причины современного плана вышеотмеченных процессов. К ним, в частности, можно отнести геополитические факторы, вызванные противодействием различных сил в мире в борьбе за экономические ресурсы и политическое влияние в том или ином регионе. В этих случаях та часть населения этих регионов, которая может быть подвержена радикальным и экстремистским идеям, нередко под благовидными целями, становится слепым орудием в руках так называемых "мировых игроков". К этому надо добавить, что для этих целей, как правило, привлекаются большие финансовые средства. Примеров тому на сегодня масса. Это и Северная Африка и Ближний Восток и Латинская Америка и др. Противостоять этому могут только духовно и политически сплоченные сообщества.

Еще нужно иметь в виду, что сегодня наша страна уже является частью мировой системы, в котором невозможно полностью отгородиться от различных информационных потоков и от глобальных процессов. А глобальный мир в наше время подвержен не только кризисам экономического характера, он также все больше подвергается кризисам идейно-политического и духовного порядка. В современный период в значительной мере не оправдала себя не только марксистско-ленинская теория общественного развития, но все больше признаков того, что начинается глубинный кризис и Западной либеральной теории капиталистического развития, основанной на индивидуализме и потребительстве, порождающей проблемы не только материального характера для значительных масс населения, но и духовного, ведущих, в свою очередь, к культурному кризису в широком смысле этого слова.



И сейчас мы являемся свидетелями зарождения в мире различных общественно-политических движений по поиску так называемого "третьего пути" развития. Все это создает реальные предпосылки для использования религии, в том числе и ислама, радикальными и экстремистскими силами.

Как видим, хотя в Казахстане нет исторических предпосылок для развития здесь религиозного экстремизма, если не считать атеистическую политику в советский период с ее негативными последствиями, тем не менее современные реалии региональных и мировых процессов, создают такие предпосылки. Поэтому работа по предотвращению религиозного экстремизма должна вестись постоянно и она ведется. Нужно отметить, что общество и государство у нас уже имеет определенный опыт в этом отношении. Данный опыт уже учит реально оценивать ситуацию и вести адекватную деятельность в том или ином направлении. В обществе ведется комплексная работа по предотвращению процессов экстремистского характера. Безусловно, важнейшим из них остается просветительская и образовательная деятельность различных институтов, особенно среди подрастающего поколения. Только разносторонне образованный и грамотный человек способен совершать обдуманные и взвешенные шаги при принятии решений в вопросах религиозного плана. В этом плане на данное время одним из важных направлений должна стать работа по грамотному ознакомлению, прежде всего молодого поколения, с историей и культурным содержанием различных религий.

Естественный процесс возрождения религии в нашем обществе будет социально безболезненным если он будет проходить в рамках возрождения традиционных религий и традиционной культуры. Все это будет способствовать выработке социального иммунитета не только против религиозного экстремизма, но и против других вызовов современного все более глобализирующегося мира.

Нужно отметить, что в постсоветских странах процесс возрождения традиционных религий идет. В условиях глобализации и до конца не сформировавшихся новых идеологических ориентиров духовные поиски в них в основном сопровождаются, как правило, социальными процессами по самоидентификации и поиском своих культурно-исторических корней. А стержнем любой традиционной культуры, как известно, является религия. И, соответственно, отчасти в силу этих причин в отмеченных обществах растет интерес к традиционным религиям. Процесс возрождения той или иной религии - явление сложное и противоречивое, но это явление объективное.

Ученые обществоведы сейчас все чаще высказывают мысль о том, что XXI век будет веком борьбы культур. Если так, то вопросам культуры, в том числе духовной, должно уделяться в общественной жизни приоритетное внимание. А опыт прошлого показывает, что деградация культуры происходит одновременно с деградацией религии. Причем, под деградацией религии можно понимать как гонение на религию, так и ее искусственную политизацию, то есть превращение в некое политическое орудие для манипуляции массами.

Подытоживая, думается, уместно будет процитировать высказывание известного исламоведа А. Малашенко: «Там, где под угрозой оказываются основы цивилизации, где происходит процесс распада автохтонной культуры,



где в силу тех или иных обстоятельств (как правило, под давлением извне) рушатся устойчивые, освященные религией традиционные связи, то есть ломается цивилизованный образ жизни, наблюдаются самые крайние социальные и политические эксцессы» [8, С.22].

Литература

1. Мухаметшин Р.М. Ислам в России: историко-методологические предпосылки исследования // Россия и мусульманский мир. – 2001, № 7
2. Стюарт Дана. Религия казахов в ХУ-ХУІІІ веках. Автореферат диссертации на степень кандидата исторических наук. – Алматы, 2002
3. Абашин С.Н. Ислам и культ святых в Средней Азии // Этнографическое обозрение. – М., 2001, № 3
4. Нуртазина Н.Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже ХІХ-ХХ вв. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 1993
5. Букейхан А. Избранное. - Алматы, 1995
6. Тынышпаев М. История казахского народа. - Санат, 1998
7. Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика).- М.: "Академкнига", 2001
8. Азия и Африка сегодня. – 1991. - №8

Тасмагамбетов А.С.

Қазақстандағы исламның кешегісі мен бүгіні: даму ерекшеліктері

Мақалада Қазақстан территориясында исламның таралуы мен даму ерекшеліктері қарастырылған. Біздің еліміздің тарихының жеке кезеңдерінде оның даму ерекшеліктері сипатталады.

Біздің Республика аумағында діни экстремизм үшін алғышарттардың жоқ екендігін нақтылайды.

Тірек сөздер: дін, тарих, ислам ерекшеліктер, толерантность

Tasmagambetov A.S.

Islam in Kazakhstan in the past and nowadays: features of development

Article described features of distribution and development of Islam in the territory of Kazakhstan. It's characterized features of its development during the separate periods of history of our country. Locate absence of historical prerequisites for religious extremism in the territory of our republic. In the same time there are shown objective conditions on formation of tolerance of our people.

Key words: religion, history, Islam, features, tolerance.



УДК. 28:94 (574)

Мұқтар Ә.Қ. – т.ғ.д.,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры
E-mail: Muktar64@mail.ru
Аханов Ж.И. - М.Өтемісов атындағы БҚМУ
тарих және құқық факультетінің II-курс магистранты
E-mail: Akanovzharas@mail.ru

РЕСЕЙ ҮКІМЕТІНІҢ БӨКЕЙ ОРДАСЫНА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫ (1801-1917 ЖЖ.)

Аннотация. Мақалада XIX ғасырдағы Бөкей Ордасындағы Ресей үкіметінің діни саясаты зерделенген. Үкімет тарапынан тағайындалған молдалардың жұмыстары сараланып, Жәңгір хан мен Ресей өкіметі арасындағы діни-саяси байланысы ашып көрсетіледі.

Тірек сөздер: Бөкей Ордасы, Ресей үкіметі, қазақ халқының рухани мәселесі, Орынбор мұфтилігі, тағайындалған молдалар, мешіт, ахун.

Патшалы Ресей қазақ жерін отарлауды бірнеше тарапта жүргізді. Соның бірі діни саясаты. Мұсылман дінін қолдаған сипатта болып, ел ішіне ылаң салу XIX ғасырда патшалы Ресейдің басты саясатына айналды. Ресей үкіметінің қазақ халқының діни саясатына жүргізген реформаларында татар ұлтын таңдап алуындағы басты себеп қазақ халқының бұл ұлтқа туысқандығы мен сол уақыттарда ағайын халқымыздың арасынан ислам ғұламаларының ролінің жоғарлығында болатын. Татар молдаларынан жасақталған топ қазақ жазирасында тыңшылық қызметтерді де атқарған болатын. Ислам дінін отарлық езгі саясатына ыңғайластыра қолданған осы істердің бәрінде де патша үкіметі қазақ халқының діни саласын өз уысында ұстады. Мәселен, 1868 жылғы Ережедегі “Қазақтың құқы”, “Қазақтың діни істерін басқару” бөлімдерінде: “қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мұфтиіне қарайды. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін тағайындалған молдалар жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. Қазақтардың арасында бір болысқа бір тағайындалған молда бекітіледі. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернаторлардың шешімімен бекітіледі не босатылады. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек”, – деп жазылған. Сырт қарағанда мұнда дін таратушы молдалар санын көбейтіп, мұсылмандыққа жол берілгендей еркіндік танылғанымен, осы істің өзін зорлықшыл империя қасақана халық мүддесіне қарсы бағытта жүргізді [1]. Аталмыш діни саясаттың шырмайынан Бөкей Ордасы да шет қалған емес. Бұл саясат Ордада тағайындалған молдалар арқылы жүргізіледі. Жәңгір хан Ордаға аталмыш саясаттың шеңберінде білімді татар молдаларын шақырып, оларға қазақтарды дін іліміне оқытуды тапсырады. Ахунның емтиханынан лайықты болған оқығандарды молда жасады, оның белгісі ретінде ашық татар тіліндегі өзінің және ахун мөрі басылған үкімдерін берді. Сонымен қатар, Орданың молдалары үкіметтен өз



міндеттері бойынша өзіндік нұсқауды алды. Бұл Жәңгірдің өз хандығын нығайтудың бір сатысы еді[2, С.24-32]. Ал жоғарыдан тағайындалған татар дін басылары іс жүзінде мемлекеттік қызметкер болды. Орынбор губерниялық басқармасының діни мәселелердегі қызметі қазақ ақсүйектері мен ауылдарындағы татар молдаларын қанағаттандырды. Арнайы ұйғарыммен жіберілген татар молдалары Бөкей Ордасына көптеп келе бастады. Ал, Бөкей Ордасына келген татар молдаларының санын анықтау әрқашан мүмкін бола бермеді[3]. XIX ғасырға дейін Қазақ жерінде молдалар көп болмады. Патша үкіметінің қазақтар арасында татар молдаларын қоныстандыруы арқасында, сонымен қатар Хиуа және Қоқан хандықтарының Ресеймен шиеленістері және олардың халықтың діни сенімін пайдаланып антиресейлік үгіт-насихат жүргізуге тырысуы арқасында XIX ғасырдан бастап Қазақ жерінде молдалар саны артты. Қазақ хандары мен сұлтандары өздерінің саяси жағдайларының тұрақсыздығын сезіп, бірігіп уезде халықты ұстап қалу үшін дін басыларына жиі жүгінді. Аталмыш жүйе Бөкей Ордасында да өрбіген болатын. Мұны Жәңгірдің саяси бағытынан аңғаруға болады [4].

1838 жылы Сенаттың мұсылман тұрғындарына метрикалық кітаптарды енгізу жүйесін тарату туралы жарлығы жарияланды. Жарлыққа сәйкес, метрикалық кітапқа туу, өлім, неке туралы мәліметтерді енгізу жатқызылды. Хан діни салада Сенаттың жарлығын орындауға тырысты. Бөкей хандығының билеушісінде өзіне бағынышты далалықтарды өзінің қол астында жоғарғы діни істерді шоғырландыру арқылы ұстауға тырысу ниеті анық байқалады. Ресей үкіметінен діни саладағы Жәңгірдің өз дербестігін де аңғаруға болады. Мысалы, Жәңгір хан XIX ғасырдың 30 жылдарына дейін мешіт салу істерінде Орынбор губернаторлығынан рұқсат сұрап келсе, 30 жылдардан кейін Мешітті салуға рұқсат алудың бюрократиялық созуының қиындығынан, бұдан әрі мұндай рұқсаттарды өздігінен бере бастады. 1833 жылы хан К.Аткелтіров молдаға Бұқсақ өзенінің сол жағалауынан мешіт салуға куәлік берді. Сонымен қатар Жәңгір хан жеке өзі қазақ рулары мен бөлімдеріне молданы тағайындады[5]. 1850 жылғы 23 желтоқсандағы Орынбор шекаралық комиссиясына Ішкі орда жөніндегі уақытша басқарманың Хабарламасында 113 мұсылман дін басыларының тізімі және олардың Жәңгір ханмен бекітілген мерзімі қоса көрсетілген. Бұл құжатқа сәйкес ең алғашқы бекітілген уақыт 1840 жылдың 26 мамырына жатады, ал ең соңғысы – 1845 жылдың 25 маусымы [6]. Ресей империясында қалыптасқан дәстүр бойынша молдаларды тағайындау үшін әкімшілік өлкенің (бұл кезде - Орынбор) рұқсаты қажет және үміткерлер Уфадағы ислам Дін басылары жиналысында сынақтан сәтті өтуі қажет болды. Егер Орынбор және Самара генерал-губернаторы В.П.Перовский мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке Ордадағы жағдайды Жәңгір ханның қызметіне сыни-жағымсыз жағынан төмендегідей баяндады: «Такого рода распоряжения нисколько не сообразны с характером ревностного мусульманина, если бы даже усилия Джангера к распространению магометанства в Орде предположить проистекавшими из религиозного убеждения. Но ближайшее рассмотрение его действий по этому предмету показывает, что источником их была не бескорыстная ревность благостного человека к исповедуемой им религии, а скорее расчет. Как человек умный и



дальновидный Джангер, без сомнения, рассчитывал, между прочим, и на то, что муллы, им созданные и посвященные, могли служить в руках его для укоренения в народе к особе хана уважения и покорности еще лучшим орудием, чем другая опора его владычества - состоявший при хане сотенный отряд русских казаков и русские пушки, являвшиеся в случае нужды для внушения киргизам должного повиновения к правителю» [5]. Сонымен айтылгандардан қорытынды шығара келе, бөкей қазақтарының ханы олардың арасында ислам дінінің кең етек жаюына септігін тигізді және бұл ресми үкіметтік діни саясаттың көрінісі болды. Кейбір шенеуніктер жақтаған христиандыққа келетін болсақ, оны тарату жүзеге асырылмады. Оны, христиан шіркеуінің құрылысының тарихы дәлелдейді. 1842 жылы Астрахан архиепископы Енотаевский Астрахан губернаторына Жәңгір ханның Сарайында тұрақты түрде православиелік дін қызметшісінің қажеттілігі мен қазынаның есебінен шағын шіркеу салу қажеттілігі туралы баяндады. Бұл жағдай туралы мәлімет Орынбор әскери губернаторы В.А.Обручевке жіберіледі. В.А.Обручевке өз кезегінде ханнан Ордада тұрақты тұратын және көктем мен күзгі жәрмеңкелерде Ордаға келетін православиелік дінге сенуші адамдардың саны туралы мәліметті беруін талап етті. Губернаторға берілген мәліметтер бойынша Ордада тұрақты тұратын православиелік христиандардың саны 269 адамға жетті, тұрақты келушілер – 300 адам. Бұл мәліметтер 1843 жылғы 16 ақпандағы В.А.Обручевтің мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке қатынасында келтірілген. Жәңгір хан шіркеу құрылысына қарсы емес екендігін, бірақ ол бұл туралы халыққа жариялағанда бұл хабар наразылықпен және сенімсіздікпен қабылданғандығын хабарлайды. Осыған байланысты құжаттың қорытындысында В.А.Обручевтен Жәңгір ханға төмендегідей хат жолданады: «...я полагал бы постройку неркви при Ставке хана Джангера Букеева отложить до времени, так как это действительно могло бы показаться киргизам подозрительным и поселить в них недоверчивость к нашему правительству» [5]. 3-ші наурызда граф П.Д.Киселев Орынбор губернаторына І Николайдың бұйрығымен хан Ордасында уақытша жорық шіркеуінің құрылысы туралы қатынасты жіберді. Онда ол императордың келесідей сөздерін келтіреді: «Принужденно не делать, но убедить, что всякий должен отправлять религиозные обряды по своему закону, и что если инородцы сие делают без всякого воспреещения, то и православные не должны быть лишены этого права. Посему и пригласить хана Джангера избрать удобное время к исполнению сего, хотя и не в виде постоянной, но временной меры, учреждением при Ставке его походной неркви» [5]. Бұл қатынас хаттан кейін Жәңгір хан әскери-жорық шіркеуін салу жобасын қолдады және 1844 жылға 23 наурыздағы генерал В.А.Обручевке хатында келесідей дәлелді негіздер келтірді: «Таковое устройство православного храма божия, соответствуя в настоящее время местным здешним обстоятельствам и вполне удовлетворяя потребности православного населения в исполнении обрядов религиозных, не тронет глубоких убеждений народа, еще дико мыслящего и дико чувствующего, ибо в нем он увидит необходимое для православных христиан и нисколько до него не касающееся введение»[5]. Бұл шіркеудің құрылысына қаражатты хан жәрмеңкелерде болатын көпестердің немесе православие дінінің басқа да



Своими успехами Казахстан обязан политике стабильности и согласия. Согласно социологическим опросам, большинство граждан страны считают независимость и стабильность самыми большими достижениями Казахстана. Построенная в сердце Евразии столица – Астана - стала символом Независимости казахстанского народа и зримым воплощением государственного успеха Первого Президента Республики Казахстан.

Независимость предоставила нам колоссальные, прежде невиданные возможности, сегодня казахстанцы являются хозяевами своей судьбы. В обществе повысился интерес к собственной истории, являющейся одним из важнейших факторов развития национальной идентичности и духовности. И здесь нельзя не отметить роль Главы государства в формировании идентичности и исторического сознания казахстанцев и общенациональных ценностей. Н.А. Назарбаев писал в одной из своих работ, что без огромного сознательного труда миллионов людей, без осознания своей собственной роли в тысячелетней истории этноса, тем более столь сложной и драматичной, как история казахов, нельзя выстроить национальной идеи. Казахстанскому обществу удалось сохранить и приумножить позитивные идеалы развития. Необходимо дальнейшее **укрепление идейных скрепов казахстанского общества**: национальной истории, языка, самобытной культуры и традиций народа как генетического кода нации, казахстанского патриотизма, толерантности, межэтнического и межконфессионального согласия.

В современных условиях особенно важна роль истории в формировании всеказахстанской идентичности, укреплении исторического и национального самосознания и казахстанских ценностей. Конструирование коллективной идентичности является важной составляющей внутренней политики современных государств. Все государства мира в той или иной мере проводят политику идентичности, а также **историческую политику**, направленные на интеграцию различных сообществ, консолидацию общества, формирование и утверждение определенных представлений, символов, составляющих коллективный автопортрет и опирающихся на те или иные интерпретации истории, конструирование своего прошлого и будущего. Инструментами этой политики являются государственный язык, школьные и вузовские учебные программы и учебники истории, требования, связанные с приобретением гражданства, со знанием государственного языка при устройстве на работу трудовых мигрантов, национальные символы и праздники, ономастическая работа и т.п.

Сегодня важно видеть новые задачи, стоящие перед народом, в контексте развития всего мира, в контексте Стратегии-2050. Данная Стратегия – это серьезный экзамен, требующий незыблемого единства и высокой ответственности всего народа, особенно молодого поколения,



которому предстоит укреплять завоевания независимости государства, мир и согласие в стране. В Стратегии «Казахстан-2050» в числе первостепенных приоритетов особое внимание уделено формированию нового казахстанского патриотизма, роли интеллигенции в укреплении общенациональных ценностей, необходимости продолжения работы по формированию исторического сознания общества.

В известной программной статье Главы государства «Социальная модернизация Казахстана. Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» важное значение, как известно, придавалось необходимости построения учебно-воспитательного процесса на инновационных методиках и особой роли исторических знаний в решении задач становления личности, гражданина и патриота. Ученые Института истории государства, созданного пять лет назад для изучения новейшего периода в истории страны, участвуют в разработке и экспертизе учебников и учебных программ по истории Казахстана для вузов и средних общеобразовательных школ. Подготовлена Типовая программа по истории Казахстана для неисторических специальностей вузов. За 5 лет учеными Института изданы более 50 книг по новейшему периоду истории Казахстана, памятным историческим событиям XX в., а также истории казахской государственности.

Ныне перед историками Казахстана выдвигается целый ряд задач, обусловленных особенностями нынешнего этапа развития государства. Современные историки осуществляют научное творчество в совершенно иных реалиях, чем их предшественники: изменении самого темпа и структуры исторического времени, стремительных изменений, не имевших аналога в прошлом. Те, кто пишут сегодня историю современного Казахстана, являются участниками и творцами новейшей истории страны. Новые стимулы для исторических исследований придают задачи, обозначенные в приоритетных направлениях Стратегии-2050.

Казахстанский опыт построения сильного государства и роль в этом Первого Президента, теоретические и методологические основы нового политического курса, осуществляемые в стране реформы во всех сферах – все это становится предметом межотраслевых научных исследований, в том числе и исторического анализа. Разработан проект программы исторических исследований «Народ в потоке истории». Поступило свыше сотни заявок на проведение исследований по древней, средневековой, истории нового и новейшего времени, по всем историческим направлениям: в том числе вновь созданным лабораториям, а также краеведению.

Особенно выдвигается прогностическая функция современной исторической науки наравне со смежными общественными науками. От исторической науки сегодня общество и государство ожидают эффективного выполнения *новых функций*: проектирования новой мировоззренческой модели, ментального образа будущего Казахстана, о чем говорил Глава государства в Стратегии «Казахстан-2050». Историческое моделирование, прогнозирование, конструирование, разнообразный исследовательский инструментарий других социально-гуманитарных дисциплин предоставляют новые возможности для качественной реализации исследований.

В условиях глобализации и цивилизационных вызовов XXI века при прогнозировании моделей будущего развития, как страны, так и мира в



целом, важное место отводится и духовно-идеологической составляющей общественного развития. Отечественный и мировой исторический опыт дают возможность возродить ценности и идеалы предшествующих поколений, что особенно актуально сегодня в свете проблем гуманизации общества. Нравственность и духовность, знание истории, культуры, языка и традиций народа по-настоящему внутренне обогащают и мотивируют человека к новым высотам, к созидательной активности и осмысленной жизни. Для модернизационного прорыва страны и нации необходимо качественное изменение сознания общества.

Основным субъектом исторической политики выступает государство, однако деятельность других акторов – научного сообщества, представителей гражданского общества – также является существенной. На нынешнее поколение возложена особая историческая ответственность — сохранить и укрепить завоевания Независимости. Потому предстоит большая консолидированная работа объединенными усилиями всех государственных и общественных институтов по популяризации исторических знаний среди широкой аудитории и формированию исторического сознания казахстанцев.

Ученым еще предстоит по-настоящему оценить роль Нурсултана Назарбаева в становлении государственности Казахстана. Мы, современники, можем назвать эту роль крупномасштабной и многогранной. Разъяснять значение и суть исторического прошлого и происходящих ныне масштабных перемен в жизни Казахстана - долг и высокая задача, стоящая перед отечественными историками.

Қыдыралина Ж.У.

Қазақстандықтың тарихи сана-сезімін қалыптастырудағы елбасының рөлі

Мақалада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасуы мен жалпы ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы ролі, сонымен қатар, «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарының жаһандық дамуы аясында халықтың алдына қойған міндеттері туралы баяндалған.

Кілтті сөздер: Н.Ә.Назарбаев, тарихи таным, жалпыұлттық құндылықтар, Қазақстанның тәуелсіздігі, «Қазақстан-2050» стратегиясы.

Kydyralina Zh.U.

Role of the Head of State in formation of historical consciousness of Kazakhstan citizens

In article is considered the role of the Head of state N. A. Nazarbayev in formation of identity and historical consciousness of Kazakhstan citizens and the national values, new tasks facing the people, in a context of development of the whole world, in the Strategy-2050 context.

Keywords: N.A. Nazarbayev, historical self-consciousness, general national value, Independence of Kazakhstan, Strategy-2050



УДК 94 (574)

Жақсығалиев Ж.Ж. – т.ғ.к.,
ҚР білім беру ісінің үздігі М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Zhaksugaliyev.zh.zh@mail.ru

ҰБТ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН БАЛЛ НЕГЕ ТӨМЕН?

Аннотация. Сараптамалық мақалада ҰБТ тапсырмаларындағы олқылықтар нақты мысалдар негізінде сараланған. Мақала мазмұны әр сынып бойынша келтірілген бұлтартпас дәлелдермен ерекше.

Тірек сөздер: Алтын белгі, оқулық, сынып, тест сұрақтары.

Биылғы оқу жылыныңда үш тоқсаны түгесіліп, тәмамдалар тұсы жақындай түсті. Өткен сынақтан тәжірибе мен тағылым алып, алға ұмтылу уақыт талабы. Былтырғы ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі осыған дейінгі жылдармен салыстырғанда талапкерлердің білім деңгейі төмен деген қорытындыға келді.

Үстіміздегі жылы елімізде 116 550 талапкер ҰБТ-ға қатысқан. Олардың орташа балы 70,9 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 16 пайызға төмен. Жоғары оқу орнына түсуге қажетті минималды (шекте) өту баллын 43 163 (36,8%) түлек ала алмаса, 125 баллды тек республика бойынша 3-ақ оқушы иеленген. 6000-ға жуық «Алтын белгіге» үміткердің 1400-і ғана өз білімдерін дәлелдей алды. Облысымызда да осы межені бағындыра алмаған «Алтын белгі» үміткерлері аз болған жоқ. Әсіресе, мүмкіншілігі мол, әлеуеті жеткілікті деген әр мектептің үкілеген үміттері неліктен мәреге жетпей сүрінді?

ҰБТ қорытындысының тым төмен болуын сала мамандары былтырғы ұйымдастыру жұмысының аса жоғары деңгейде болуымен және тест қорының жаңа сұрақтармен толығымен байланыстырды. Кеште болса қолға алынған қатаң тәртіп аталған мәселедегі келеңсіздіктерге құзырлы мекемелердің белгілі дәрежеде «ызғарын» сездіргені рас. Осы сынақтағы талапкерлерге кездескен қиындықтардың көпшілікке байқалмаған басқа да сырларына Қазақстан тарихы мысалында барлау жасамақпыз.

Аңызға айналған сұрақтар

ҰБТ-дағы Қазақстан тарихының орны мен маңызын оқырманға тәптіштеп түсіндіріп жатудың өзі артық, аталған пән талапкер қай мамандықты таңдаса да алдынан шығатын «қабырғалы қамалға» айналған негізгі пәндердің бірі. Соңғы жылдары Қазақстан тарихы сұрақтары төңірегіндегі дау толастағандай болып еді, былтыр аталмыш пән бойынша дайындалған тест тапсырмалары алдымен ауызға ілікті. Тест сұрақтарының «сын көтермейтіндігі» туралы аңыз халық арасына лезде тарады. Оның үстіне ҰБТ басталғалы болмаған жағдай сұрақ кітапшаларының сынақтан кейін іле-шала республика бойынша жаппай өртеліп-жойылуы, соған сәйкес қоғам тарапынан тест тапсырмаларын талдауға еш мүмкіндіктің қалмауы, қолданылған сұрақтардың сапалық деңгейіне деген күмәнді күшейте түсті. Қалың көпшілік мұны бұл тапсырмалар болашақта да қолданыста болатындықтан оның құпияларын сақтау мақсатында жүзеге асырылып жатырған шара деп қабылдады. *Абылай ханның қаниша аты болған? Абылай*



ханның бешпетінде неше түйме бар? Роза Рымбаеваның қанша концерттік көйлегі бар? Рымбаеваның сүйікті көйлегі қандай? Райымбек батыр қандай түсті киім киген? деген мағынасыз сауалдардың болғаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында шу көтерілді. ҰБТ-да кездескен осындай «қызық» сұрақтарға байланысты талапкерлер сауалына Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов мырза «Мен бұл фактіні тексеремін. Егер шынында да, мұндай сұрақ болса, мен сол сұрақты әзірлегендер үшін кешірім сұрауға дайынмын» [1] деп мәселенің ақиқатын іздейтінін айтты. Аталған сұрақтарды көзімізбен көріп, қолымызбен ұстамағаннан кейін бұл жерде шынайы сараптама жасау өте қиын. Ал болған жайға сенбейін десең, қала мектептерінің біріндегі өз ісінің шебері саналатын әріптесіміз шәкіртіне «Ш.Уәлхановтың бешпетінде неше түйме болған?» деген сұрақтың келгенін, кейін оның жауабын оқулықта берілген тақырыптан қайта-қайта қарап таба алмағасын, амалсыздан сол сыныпқа арналған Ж.Қасымбаев (Алматы: Мектеп, 2004. – 248 б.) пен З.Е.Қабылдинов, А.Т.Қайыпбаева (Алматы: Атамұра, 2008. – 352 б.) оқулықтарында берілген Ш.Уәлханов суретінің бешпетіндегі түймелерді санағанын тілге тиек етті. Бір қызығы, аталған бірінші оқулықтағы суретте (179-бетте) бес түйме көрініп тұрса, ал екіншісінде (314-бет) оның саны алтау екен. Апелляциялық комиссияда жұмыс жасаған тағы бір әріптесіміз керісінше жоғарыдағыдай сұрақтардың болмағанын, оның жай дабыра екеніне назар аударды. Мұндай жағдайда көбіне пәтуәлі сөзден гөрі әжуаға жақын әңгімелердің алға шығатыны белгілі. Рас-өтірігі белгісіз мысалдарды тізе бергеннен көтерілген тақырыптың түйіні шешілмейді, осымен доғармасақ аңызға айналып үлгерген сұрақтар тізімі жалғаса береді және мәселеге бұлай келу проблеманы шешудің тиімді жолы емес.

Облысымыздағы жаңа үлгідегі инновациялық мектептердің түлектері, әсіресе, «Алтын белгіге» үміткер кейбір талантты талапкерлер сынақ барысында өздеріне келген «қиын» сұрақтар туралы өз ойларын кейін ортаға салды. Оқушылардың айтқанына сеніп, оларға берілген нұсқаларды және сол тапсырмалар негізінде дайындалған биылғы түлектерге арналған байқау сынақтарын байыппен сараласақ, былтырғы тестілеудегі төменгі нәтиженің сыры тереңде жатқан сияқты. Науқастың сырқаты дәл анықталмай оған дұрыс ем қонбайтыны сияқты, қай нәрседе де кеткен кемшіліктер мен жіберілген жаңсақтықтар дер кезінде нақтыланбаса дйттеген нәтижеге жету қиын. Енді нақты фактілер негізінде ойымызды әрі қарай сабақтайық.

Тест тапсырмаларындағы түйткілдер

Ұлттық бірыңғай тестілеу талаптарына сәйкес Қазақстан тарихы бойынша талапкерге келетін нұсқадағы 25 сұрақтың екеуі – 6, жетеуі – 7, сегізі – 8, сегізі – 9 сыныптардың оқулықтары негізінде дайындалады.

Бірінші. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулығы [2] бойынша ҰТО дайындап жүрген тест тапсырмаларында айтарлықтай кемшіліктер бар деп айта алмаймыз. Мұны мойындамау – аққатқа қиянат.

Екінші. Негізгі мазмұнында анағұрлым өзгеріс болмағанына қарамастан таяу жылдарда жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық екі авторлық редакцияда басылып шықты [3]. Аталған оқулықтың қайта басылуындағы келеңсіздіктер хақында белгілі әдіскер-ғалым Тотай Тұрлығұлдың жанайқайы тарихшылардың төл басылымында жарияланды [4]. Аталған екі оқулықта бүгінгі таңда орта мектептерде қатар



қолданыста жүргендіктен, соңғы оқулыққа енген ішінара өзгерістердің өзі талапкерге ҰБТ-ға қос оқулықпен де тиянақты дайындалу қажеттігін көрсетеді. Шын мәнінде, бұл назар аударарлық нәрсе, ойымызды тарқатып, түлектерге едәуір салмақ салатын жәйтті нақтылай түссек, талапкер 7-сынып оқулығының 2007 жылғы басылымынан төмендегі тест тапсырмалары туралы мәліметті таба алмайды. 1. XVII ғасырдың ортасында Жоңғар мемлекетінің күш-қуатын біршама арттырған қонтайшы: А) Қалдан-Серен В) Болат С) Әмірсана Д) **Батыр** Е) Себан-Рабдан (2003 жылғы басылымы.184- бет). 2. 1603-1624 жылдары Қазақ хандығымен шайқасқа түсті: А) Жоңғар хандығы В) Моғолстан С) Сібір хандығы Д) Хиуа хандығы Е) **Бұхар хандығы** (Бұл да сонда.162-бет.). 3. Қасым ханның билігі жүрген жоқ: А) **Қырғыздарға** В) Қыпшақтарға С) Үйсіндерге Д) Дулаттарға Е) Наймандарға (Сонда.154-бет.). 4. Сібір елін монғолдар жаулап алғаннан кейін Жошы ұлысына кіргенін жазған шежіреші: А) Қ. Жалаири В) А.Йасауи С) Рубрук Д) Бартольд Е) **Рашид ад-Дин** (Сонда.186-бет.). Әлі де көптеген мысалдар келтіруге болады, бірақ оны тізе бергеннен мәселенің мәні өзгермейді. Сөздің қысқасы, екі оқулықтағы мәліметтерді «мидай араластырып», талапкерді әбігерге салудың кімге қажеті бар? Ойланарлық нәрсе?!

Үшінші. Былтырғы жылғы тест сұрақтарындағы айтарлықтай өзгеріс 8-сынып шеңберінде болды. ҰБТ басталған тоғыз жыл ішінде осы сынып бағдарламасы бойынша талапкерлерге келетін тест сұрақтары негізінен Ж.Қасымбаев оқулығы бойынша дайындалып келсе, былтырғы жылы орта мектептерде балама ретінде оқытылып жүрген З.Е. Қабылдинов, А.Т. Қайыпбаева оқулығынан келген санаулы сұрақтардың өзі ҰБТ-ға әзірлігі тастүйін деп есептелген талай талапкерді «теңселтіп» кетті. Мектептегі әріптестеріміздің айтқанына сенсек, Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырмаларының қандай оқулықтардан болатыны туралы жыл сайын дәстүрлі түрде облыс мектептеріне «жоғарыдан» һәм министрліктен түсетін арнайы бұйрықта былтыр «төменге» жетпей қалыпты. Сөзімізге дәлел, төмендегі мысалдар.1. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары қазақ жеріне басқыншылық жасаған жоңғар қонтайшысы: А) Батыр В) Қалдан-Бошокту С) Қалдан-Церен Д) **Цеван-Рабдан** Е) Әмірсана (Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. А., 2008. 22-бет). 2. Жекпе-жек ұрыста Абылайдың қолынан қаза тапқан жоңғардың атақты батыры: А) Аюке В) **Шарыш** С) Убаши Д) Әмірсана Е) Лама Доржы (Бұл да сонда. 57-бет.). 3. Орынбор қаласын қоршауда көзге түскен Досалы сұлтанның сарбаздар саны: А) 1000 В) 500 С) 400 Д) **200** Е) 2000 (Сонда. 65-б.). 4. Атақты жырау, мемлекет қайраткері, қазіргі Павлодар облысының тумасы: А) Ақтамберді В) Тәтіқара С) **Бұқар** Д) Қазтуған Е) Үмбетей (Сонда. 87-б.). 5. Қоқандықтардың Таушүбек бекінісін басып алуға қатысқан экспедиция басшысы: А) Колпаковский В) Крыжановский С) Бутков Д) **Карбышев** Е) Гасфорт (Сонда. 153-б.). 6. XIX ғасырда Ресейде шаруалардың басыбайлы езгісінің жойылған мерзімі: А) 1891 жылы В) 1863 жылы С) 1867 жылы Д) 1868жылы Е) **1861 жылы** (Сонда. 216-б.) немесе Абылай хан құқығын шектеген кеңес? Билер кеңесі (Бұл да сонда.57-бет). Келтірілген сұрақтарға қатысты мәліметтер Ж.Қасымбаев оқулығында жалпылама қамтылғанымен, берілген сұрақтардың нақты жауабы



З.Е.Қабылдинов, А.Т.Қайыпбаевада «соқырға таяқ ұстатқандай» анық және дәлдікпен баяндалған.

8 сынып оқулығы төңірегіндегі «жыр» мұнымен бітпейді. Биылғы 11-сынып оқушыларына байқау сынағы ретінде ұсынылған 4171-нұсқаның 24-ші сұрағын мысалға алайық. XX ғ. басында Орынбор-Ташкент шойын жолына жұмысқа тартылғандардың саны: А) 30-40 мыңға жуық В) 15-20 мыңға жуық С) 20-25 мыңға жуық Д) 25-30 мыңға жуық Е) 10-15 мыңға жуық. Осы сұрақ туралы мәлімет Ж.Қасымбаевтың оқулығында 30 мыңға жуық деп көрсетілсе (215-б.), З.Е.Қабылдинов, А.Т.Қайыпбаевада 40 мыңға жуық қазақ қатысқаны (246-б.) жазылған. Сөзімізге тұздық ретінде тағы бір мысал. 1789 жылы Омбыда ашылған: А) Түземдік мектеп В) Артилерия училищесі С) Кадет корпусы Д) Үш сыныпты мектеп Е) **Азия мектебі**. Көрсетілген сұрақтың жауабы Ж.Қасымбаев оқулығында «қазақ жерінде 1789 жылы ашылған Азиялық училищені атап көрсетуге болады» (131-б.) деп жазылса, З. Е. Қабылдинов, А. Т. Қайыпбаевадан «1786 жылы Омбыда азиялықтарға арналған мектеп ашылды» деген мәліметті оқисыз. Байқасаңыз, мәліметтер бір-біріне тым қиғаш. Алғашқы оқулықта Азия мектебі ашылған қаланың аты берілмесе, соңғысында азиялық мектептің ашылған жылы қате берілген.

Оқырманға түсінікті болу үшін көтерілген мәселені анықтай түсейік. Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпы білім беретін 8-сыныпқа арналған екі оқулықта күні бүгін оқу үдерісінде қатар пайдалануда жүргенімен, мектептердің дені ұзақ жылдардан бері өздеріне әбден сіңісті болған Ж.Қасымбаевтың оқулығын басшылыққа алатын. Бір сыныптың бағдарламасы бойынша жазылған оқулықтар болғанымен, араларында анағұрлым айырмашылықтар бар екеніне жоғарыдағы мысалдар дәлел. Қысқа қайырғанда, жылдар бойы Ж.Қасымбаевпен дайындалған оқушы З.Е. Қабылдинов, А.Т. Қайыпбаеваның оқулығынан дайындалған сұрақтарға қаншалықты жоғары деңгейде жауап беруі мүмкін?!

Төртінші. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулықтың (Қара: Қозыбаев М., Нұрпейіс К., Жүкешев Қ. Қазақстан тарихы (1914-2004 жж.). – Алматы: «Мектеп» баспасы) 2005 және 2009 жылғы басылымы күні бүгін қатар пайдаланылуда. Соңғысы өңделіп, толықтырылған жаңа басылымы болғандықтан алдыңғысынан бірқатар өзгешеліктердің болуы қалыпты жағдай. Оның үстіне соңғы жылдары Б.Ғ. Аяған мен М.Ж. Шәймерденованың [5] оқулығы жарық көрді. Аталған сыныптың тест сұрақтары негізінен М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Қ.Жүкешев оқулығы бойынша дайындалып жүргенін баса көрсетеміз. Бұл сынып сұрақтарындағы мәселеде жоғарыдағы жайларға ұқсас. Мысалы: 1. 2004 жылы Президент бастамасымен қабылданған мемлекеттік бағдарлама: А) Дарын В) Дағдарыстан дамуға С) Балапан Д) Ауылды дамыту Е) **Мәдени мұра** (2009 ж., 220-б.). 2. Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының алғашқы съезі өтті: А) 2007 В) 2006 С) 2005 Д) **2003** Е) 2004 (2009 ж., 214-б.). 3. 2009 жылғы халық санағы бойынша республика тұрғындарының арасындағы қазақ халқының үлесі: А) 35,5% В) 41,5% С) 45,5% Д) 75,5 % Е) **67%** (2009 ж., 205-б.) т.б. сұрақтардың жауаптарын талапкер 9-сыныптың 2005 жылғы басылымынан таба алмайды.



Техникалық қателіктерге байланысты талапкерді шатастыратын сұрақтарда ішінара кездеседі. Биылғы 11-сыныпқа арналған байқау сынағындағы нұсқалардың бірінде 1927 жылы Ә.Қашаубаев өнер көрсеткен ел: А) Дания В) Франция С) Англия Д) Испания Е) Германия деген сұрақ кездессе, келесі бір нұсқада сұрақ былай берілген: 1927 жылы Париж қаласында өткен концертке қатысып ән салған қазақ халқының әйгілі әншісі: А) С.Қожамқұлов В) Ә.Қашаубаев С) Ж.Мұса Д) К.Байсейітова Е) Қ.Байжанов. Бұл сұрақтағы қайшылық мынада, сонда Ә.Қашаубаев 1927 жылы қай қалада өнер көрсеткен, Германия әлде Франция? Ал мектеп оқулығында: «1925 жылы КСРО халықтары шығармашылығының Парижде өткен дүниежүзілік қолданбалы өнер көрмесінің және 1927 жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен дүниежүзілік музыка көрмесінің концерттеріне қатысқан қазақтың үздік әншісі Әміре Қашаубаев өзінің таңғажайып дарынымен Еуропаның талғампаз көрермендерін тәнті етті» (93-б.), - делінген.

Тобықтай түйін

Оқырман өзі байқағандай мектеп оқулықтарының жиі-жиі өзгеріп отыруы көңілге қаяу ұялатады және бар қайшылықтың төркіні де осында жатыр. Былтырғы жағдай алда да қайталанбайтынына ешкім кепілдік бере алмайды. Баса назар аударатын нәрсе – былтырғы талапкерлер балама оқулықтардан тест сұрақтары келетінін ескермеді. Әсіресе әлеуеті мықты, мүмкіншілігі зор, білім деңгейі әжептәуір делінген талапкерлер басқа пәндерден емес Қазақстан тарихынан сүрінді. Белгілі тарихшы Ж.Артықбаевша айтсақ «Қазақстан тарихын біз тарихшы дайындаймыз деп оқытпаймыз, ұлт азаматын, отаншыл жасты тәрбиелейміз деп оқытамыз» [6]. Қалай десек те, «білім – асыл қазыналы сандық, оны ашатын кілт тек еңбек» екенін талапкер ұмытпауы тиіс.

Әдебиеттер

1. KlassTime №20,13 маусым, 2012 жыл
2. Ежелгі Қазақстан тарихы. Т.С.Садықов, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Халидуллин, Б.Сәрсекеев. – Алматы: Атамұра, 2006. -160 бет.
3. Жолдасбаев С., Бабаев Д. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 224 б., Садықов Т.С., Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы.-Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.
4. Тұрлығұл Т. Тарихты оқытудағы кемшіліктерге кімдер кінәлі? // Қазақ тарихы. – Алматы. 2007. – № 6. – 85-93 бб.
5. Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. – Алматы: Атамұра, 2005. – 384 б.
6. Ж.Артықбаев. Қазақ тарихының даулы мәселелері // Қазақ тарихы. – 2010. – № 6. – 2-6 бб.

Жағсығалиев Ж.Ж.

ЕНТ: Почему низкие баллы по Истории Казахстана?

В экспертной статье недочеты в заданиях ЕНТ анализируются на основе конкретных примеров. Содержание статьи исключительно тем, что приведены достоверные доказательства по каждому классу.

Ключевые слова: Алтын белгі, учебник, класс, тестовые задания.

Zhaksugaliy Zh.Zh.

UNT: Why low balls on the history of Kazakhstan?

In expert article shortcomings job UNT analyzed on the basis of precise examples. Article content solely that given credible evidence for each class.

Key words: Altyn belgi, textbook, class, tests.



**ҒЫЛЫМИ
ӨМІР**

**НАУЧНАЯ
ЖИЗНЬ**

**ACADEMIC
LIFE**

2014 жылдың 27 ақпанда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғалымдары Фраунгофер атындағы қолданбалы зерттеулерге ықпалдастық өнеркәсіптік өндірістік қоғамының Ұйымдастыру және автоматтандыру институтының өкілдерімен кездесті.

Кездесудің басты мақсаты - Германия мемлекетіндегі Фраунгофер атындағы қолданбалы зерттеулерге ықпалдастық өнеркәсіптік өндірістік қоғамының Ұйымдастыру және автоматтандыру институты ғалымдарының университетіміздің ғалымдарымен пікір алмасуы. Кездесу барысында біріге жаңару мақсатында болашақтағы даму мәселелері және осы мәселелер барысындағы университет ғалымдарының негізгі жобалары талқыланды.

Кездесудің негізгі қонақтары Фраунгофер атындағы қолданбалы зерттеулерге ықпалдастық өнеркәсіптік өндірістік қоғамының Ұйымдастыру және автоматтандыру институтының өкілі - Серебрянский Сергей Семенович және де «Орал әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Ұлттық комианиясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары - Әлжанов Исабек Қанатұлы.

Кездесудің алғы сөзін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы ашты. Кездесудің модераторы ГЖ және ХБ жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы ғалымдарға және кездесуге қатысушыларға кездесудің мақсатын түсіндіріп, қонақтарға сөз берді.

Германиядан келген қонағымыз Серебрянский Сергей Семенович өз баяндамасын оқып, Фраунгофер атындағы қолданбалы зерттеулерге ықпалдастық өнеркәсіптік өндірістік қоғамының Ұйымдастыру және автоматтандыру институтының жаңалықтарымен бөлісті. Кейін халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Құлмағамбетова Светлана Сатжанқызы университетіміздің Германиямен қарым-қатынас жасап отырғанын және атқарылып жатқан мәселелерді баяндады, ал Серебрянский Сергей Семенович Германияда университетіміздің атынан оқып жатқан студенттермен кездескісі келетіндігін және де Фраунгофер атындағы қолданбалы зерттеулерге ықпалдастық өнеркәсіптік өндірістік қоғамының Ұйымдастыру және автоматтандыру институтында тәжірибеден өтуге болатындығын білдірді. Кейін университетіміздің ғалымдары өздерінің жобаларын баяндап талқыға салды. Серебрянский Сергей Семенович талқыланған жобаларға қызығушылығын білдіріп, қолынан келгенше қолдау көрсететінін айтты.



**БІЗДІҢ
МЕРЕЙТОЙ**

**НАШИ
ЮБИЛЯРЫ**

**OUR
JUBILEES**

Мұрат Әбілсейіт Қапизұлы



1986 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих-филология факультетін үздік бітіріп, Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, еңбек жолын 1987 жылы желтоқсан айында Сарытоғай орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болудан бастаған. 1988 жылы Гурьев педагогикалық институтына оқытушылық қызметке шақырылған. 1990-1993 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасында оқып, 1993 жылы «Жайық-Жем мұнайлы ауданының дамуы (1920-1940 жж.)» тақырыбында кандидаттық, кейін 2002 жылы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Диссертациялық кеңесінде

«Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық-саяси өмір (XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. бірінші ширегі)» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғады.

Әбілсейіт Қапизұлы «Азаттық таңы жолында», «Нұралы хан және Сырым батыр», «Қазақ мұнайының тарихы» монографиялары мен «Тарих тұңғығындағы тұлғалар», «Тарих айдынындағы тұлғалар. 2-ші кітап» атты мақалалар жинағы мен Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған 200-ге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Өзін XVIII-XIX ғасырлардың маманы ретінде танытқан ғалым, сол ғасырлардың алыптары Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай, Уәли хандар, Бөкенбай, Сырым, Жоламан, Исатай-Махамбет батырлар туралы мақалаларын «Егемен Қазақстан» газетінде тұрақты жариялап келеді.

Қазіргі таңда Ш.Уәлиханов атындағы тарих, этнология институтының «Отан тарихы», М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университетінің «БҚМУ хабаршысы», «Қазақ тарихы» секілді ғылыми және ғылыми-әдістемелік журналдарының редакциялық алқа мүшесі. Профессор Әбілсейіт Қапизұлы білікті ғылыми мамандар дайындау ісіне зор көңіл бөліп келеді. Оның ғылыми жетекшілігімен 7 кандидаттық, 6 магистрлік диссертация қорғалды.

Өзінің қайрат-жігерін ғылымға арнап келе жатқан Әбілсейіт Қапизұлының еңбегі бағаланып, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының мақтау қағазы, 1986 жылы «За трудовую доблесть» медалі, 2007 жылы Білім мен ғылым министрінің мақтау қағазы, 2012 жылы Ресей Федерациясының университеттерімен тығыз ғылыми-мәдени байланыстары



үшін, Ресей Федерациясы Қалмақ Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мақтау қағазымен марапатталды.

Әбілсейіт Қапизұлы – өз саласының кәсіби шебері, университеттің ғылыми әлеуетін жоғары дәрежеге көтерілуіне өзіндік үлес қосып келе жатқан білікті маман. Әріптес жолдастары арасында беделді, ұжымды ұйымдастыра білетін қабілеті жоғары. Бүгінгі таңда университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры.

Құрметті Әбілсейіт Қапизұлы, мерейтойыңыз құтты болсын! Отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толағай табыс, шығармашылық шалқар шабыт тілейміз. Ғылым мен білім атты биіктен орын алған жұлдызыңыздың одан әрі жарқырауына тілектеспіз.

Тарих және құқық факультеті

Уважаемая Гульнара Сидегадиевна!



В день юбилея примите искренние, сердечные поздравления.

Ваша трудовая деятельность началась с должности учителя начальных классов в восьмилетней школе, затем была продолжена в педагогическом колледже им.Ж.Досмухамедова, а с 2004 года – в Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова. За этот период Вы были и ученым секретарем, и заведующей кафедрой. В настоящее время Вы руководите кафедрой русской филологии, умело объединив две кафедры в единый творческий коллектив.

В 2007 году в Саратовском государственном университете им.Н.Г.Чернышевского Вы успешно защитили кандидатскую диссертацию по

теме «Мир казахского этноса в документальной и художественной прозе В.И.Даля.

Являясь автором более пятидесяти научных, научно-методических статей, Вы обобщили свой опыт в замечательных учебниках «Мир казахской литературы», «Абай», «Мастера словесности в Приуралье».

Вы успешно преподаете не только в ЗКГУ им.М.Утемисова, но и в Астраханском государственном университете, проводите семинары-тренинги для учителей казахского языка и литературы СОШ Володарского района Астраханской области.

Вас отличает огромная целеустремленность, стремление к творческому совершенству, поиски новых путей преподавания языка и литературы.



Большое внимание Вы уделяете воспитательной работе со студентами. Под Вашим руководством на филологическом факультете успешно проводились Неделя славянской культуры, Неделя казахской культуры, интересные литературные вечера. Воспитательная работа кафедры активно отражалась в публикациях СМИ университета, города и области.

Вы умеете быть строгой и доброй, требовательной и снисходительной, серьезной и веселой. Вы любите преподавателей и студентов – и они тянутся к Вам. С Вами интересно дискутировать и работать, в трудную минуту Вы всегда протянете руку помощи.

В наше непростое время Вы всегда воспитываете в студентах толерантность, внимание к культуре разных народов, живущих в суверенном Казахстане, умение оценивать человека прежде всего по его нравственным качествам. Вы пользуетесь большим авторитетом у Ваших коллег и студентов.

В этот светлый мартовский день мы дарим Вам тепло своих сердец. Желаем свершения всего задуманного, молодости, сил и энергии: счастья Вам, вашим родным и близким!

Филологический факультет

Құрметті Татьяна Александровна!



Сізді М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Жаратылыстану-география факультетінің ұжымы еңселі 60 жылдық мерекелі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқорлық қолын ұсынып жүретін аяулы жан ретінде жақсы танимыз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен ілтипатты парасат Сізді зор құрметке бөледі.

Сіз 1970 жылы Ванновка ауылының М. Ломоносов атындағы орта мектебін бітіріп, Шымкент педагогикалық училищесінің мектеп бөліміне оқуға түсіп, 1972 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ география факультетіне оқуға түсіп, оны 1977 жылы аяқтап, жолдама бойынша А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында еңбек жолыңызды бастадыңыз.

География кафедрасында 1977 жылдан еңбек атқарып келесіз. Осы уақыттар аралығында жоғары білікті мамандар даярлауда ерен еңбегіңіз мол. Болашақ география мұғалімдеріне «Дүние жүзі елдерінің экономикалық,



әлеуметтік және саяси географиясы», «Халықтар географиясы», «Аймақтану географиясы» курстарын жоғарғы әдістемелік негізде құрып тиянақты білім негіздерін беруге көмектесудесіз.

Сіздің оқытушылық іс-әрекетіңіз студенттерге терең білімді меңгертіп, географ-зерттеушілер үшін дағдылар мен ұжымдық қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

1984 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің География факультетінің Арнайы Ғылыми Кеңесінде «Экономико-географические аспекты формирования кадров промышленности Южного Казахстана» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғап, 1985 жылы география ғылымдарының кандидаты атандыңыз.

2003-2005 жылы география кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, қазіргі уақытта М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің география кафедрасының доценті.

Зерттеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша 77-дан астам ғылыми жұмыстарыңыз жарық көрді. Доцент Т.А.Терещенконың жетекшілігімен 6 магистрлік диссертация қорғалды.

Сіздің абыройыңыз бүгінгі таңдағы еліміздің білімі мен ғылымы, тәрбие беру саласындағы жемісті еңбегіңіздің, қажырлы қайрат пен шебер іскерлігіңіздің заңды нәтижесі деп білеміз. Жоғары зияткерлік деңгей мен терең білім, қоғамның әр түрлі салаларында қол жеткізген табыстарыңыз бен білім, ғылым салаларын дамытуда сіңірген зор еңбегіңізді әріптестеріңіз әркез мақтан тұтады.

Сіз қазақ елінің дамып, өркендеуі үшін бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу, жан-жақты дайындауда ерен еңбек атқардыңыз.

Қадірлі Татьяна Александровна! Сізге зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ гұмыр тілейміз! Қуанышты мерейтойыңызбен факультет ұжымы атынан ізгі көңілден құттықтай отырып, шығармашылық табыс, баянды бақыт тілейміз!

*Ізгі тілекпен,
Жаратылыстану-география факультеті*



МАЗМҮНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ПЕДАГОГИКА PEDAGOGICS

Сардарова Ж.И., Курмангазиева Г.Е. ТӘРБИЕСІ ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	3
Сардарова Ж.И., Тлепбергенова Г.Е. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	8
Кузьмичева А.Е., Кабиева А.Н. ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА В ШКОЛЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ВОПРОСОВ КОСМОНАВТИКИ.....	14
Серикова Р.М., Кузьмичева А.Е. РОЛЬ ЗАДАЧ В РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ.....	20
Күшеккалиев А.Н., Ашикпаева С. И. АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИРТУАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРИЙ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ КУРСА ФИЗИКИ В ВУЗЕ.....	28
Батыров М.Е. Жамитова А.С. КУРСАНТТАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МӨН- МАҢЫЗЫ.....	33
Айтпаева Ж.Ж. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	38
Сырым Ж.С., Кажмуханова Г.Ш., Мустакова Д.Ж. ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	45
Сергеева А.М., Токианов Е.А., Шумакова Г.Ж., Калиева Ә. «MACROMEDIA FLASH» ЖӘНЕ «3DS MAX» БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚҰРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСТАРЫ.....	50
Мухайбетчиия А.Г., Гайиназарова Б.Д. АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ МӨДЕНИЕТ ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....	58
Жұмажанова И.А., Жұмағалиева А.Е. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДӘРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ	64
Кульжумиева А.А., Лукьянов С.А. ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ В ОБУЧЕНИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ, ПРИВОДЯЩИХ К ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫМ УРАВНЕНИЯМ.....	73
Марков П.В., Амельченко В.И. РОЛЬ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ФОРМИРОВАНИИ ГЕОГРАФИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ-ГЕОГРАФОВ	84
Орынбасарова Б.Б., Степаненко С.Ю., Амельченко В.И. ИЗУЧЕНИЕ КАРТОГРАФИИ СТУДЕНТАМИ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «5В090700 - КАДАСТР»	93



Мұханбетчина А.Г., Шамуратова К.Ш. ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	98
Молдағалиев Б.А., Рамазанова А.И. СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	106
Кисметов К.Л., Иағымова М.М. «ЭЛЕКТРОНДЫ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫН СТУДЕНТТЕРІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ».....	111
Испулова Р.Н., Турдалиев Р.М. БОДИБИЛДИНГПЕН АЙНАЛЫСУШЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ	115
Медешова А.Б. «МЕКТЕП-ЖОО» САБАҚТАСТЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ТҮЛҒА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	119
Капленко В.П., Туякова Б.К. ПРОБЛЕМА «ИНТЕРНЕТ – ЗАВИСИМОСТИ» ПОДРОСТКОВ.....	122
Чудрова В.У., Садыкова Г.А. ЛАБОРАТОРНЫЕ РАБОТЫ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИМ ДИСЦИПЛИНАМ	130
Бальков Б.А. РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ НА ПРОБЛЕМУ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ.....	135
Темиргалиева М.Х., Демченко Л.В. ИЗУЧЕНИЕ СВЯЗИ СВОЙСТВ НЕРВНОЙ СИСТЕМЫ И ТЕМПЕРАМЕНТА С ОСОБЕННОСТЯМИ ПОВЕДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ.....	146
Джумағалиев А.Х., Темешев Т.Т. ПРЕДМЕТНО-РЕФЛЕКСИВНЫЙ АНАЛИЗ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УМЕНИЙ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ.....	155
Тургумбаев А.А. ТАБИҒАТТАНУ ЭКСКУРСИЯСЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	161

ФИЛОЛОГИЯ ФИЛОЛОГИЯ PHILOLOGY

Gabidullina A., Patlach G. THE ROLE OF THE PARTITIVE AND SUBSUMPTION RELATIONSHIPS IN CREATING THE PUN.....	168
Гармаш Е.Н. ПОВЕДЕНЧЕСКИЙ РЕЧЕВОЙ ЖАНР «ФЛИРТ»: ЛЮДИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	173
Мұхамбетов Ж.И. ТІЛІМІЗДЕГІ ЖАРҒОН МЕН АРҒО ҚҰБЫЛЫСТАРЫ ТУРАЛЫ.....	178
Шаймарданова А.М., Мұхамбетов Ж.И. БАТЫС Өңіріне Тән этномәдени диалектизмдердің лингвомәдени-дүниетанымдық сипаты мен ерекшелігі.....	187
Хасанов Ғ.Қ. УЗУАЛДЫ ЖӘНЕ ОККАЗИОНАЛДЫ КОННОТАТТЫҚ СЕМАЛАРДЫҢ АКТИВТЕНУ ДӨРЕЖЕСІ.....	195
Жұмашева К.Б., Хасанов Ғ.Қ. М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛДІК КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ӨРІСІ.....	199



Күнімжан Әбдіқалық, Күләш Ахмет ҒҰМАР ҚАРАШ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУ	203
Султаниязова И.С., Жұмабекова А.Қ. АНТОНИМДІК ОППОЗИЦИЯ ТЕРМИНІ ТУРАЛЫ	209
Қушқимбаева А.С., Тымболова А.О. ПЬЕСАЛАР ТІЛІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	215

ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

Тасмағамбетов А.С. ИСЛАМ В КАЗАХСТАНЕ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ: ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ	224
Мұқтар Ә.Қ., Аханов Ж.И. РЕСЕЙ ҮКІМЕТІНІҢ БӨКЕЙ ОРДАСЫНА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫ (1801-1917 ЖЖ.)	231
Nurgaliyeva A.M. JAPAN IN THE TOKUGAWA PERIOD (XVII - MIDDLE OF THE XIX CENTURIES)	235
Мусағалиева Қ.А., Айталиев Е.Е., Айталиев Е.С. АЛҒАШҚЫ МҰҒАЛІМДЕР СЪЕЗІ	243
Балькова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ПРОЦЕССТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1959-1989ЖЖ.)	250
Қыдыралына Ж.Ү. РОЛЬ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ	256
Жақсығалиев Ж.Ж. ҰБТ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН БАЛЛ НЕГЕ ТОМЕН?	260
<u>ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ</u>	265
<u>БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ</u>	266



АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 11 шрифтсінен кем емес, және бір данасы A4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, электрондық почтасы, тел.), ƏЖЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек); аңдатпа, мақала тіліндегі түйін сөз (10 сөзден артық); Т.А.Ә., мақаланың атауы, түйіндемесі, түйін сөз (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға эксперттік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің эксперттік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 11, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате A4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (Ф.И.О. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, электронная почта, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами); аннотация, ключевые слова на языке статьи (более 10 слов); Ф.И.О., название статьи, резюме, ключевые слова (статья, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках; статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском или английском языках); наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается экспертной комиссией научно-технического Совета актом экспертного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.



АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:

Р.Р. Құжасалиева

Корректоры-Корректор:

С.А. Бекқұжасиева

Материалдарды

компьютерде беттеген:

Верстка и изготовление

оригинал-макета:

В.М. Миликеева,

С.К. Сахметова, Ж.З. Есимғалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан

мемлекеттік университеті, 2013

090000, Орал, Достық даңғылы, 162

Басуға 13.03.2014 ж. қол қойылды.

Көлемі 34,2 б.т. Таралымы 350 дана.

Тапсырыс № 42

Подписано в печать 13.03.2014 г.

Объем 34,2 п.л. Тираж 350 экз.

Заказ № 42

Западно-Казахстанский государственный

университет им. М. Утемисова, 2013

090000, Уральск, пр. Достык, 162